

84157234
T-86



Еркінбек ТҰРЫСОВ

Құрамындағы кітаптар



84/5Қаз/6
Т 86

Еркінбек ТҰРЫСОВ

ҚҰРАЛДҰ ЖОЛЫ

Повестер
Табиғат ғажайыптары
Сапарлар сазы
Аңшылық хикаялары



036782

ОБЛЫСТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП
КІТАПХАНАСЫ



Алматы 2006

КІТАП САҚТАУ
БӨЛІМІ

ББК 84 Қаз 7-44

Т 86

Т 86 **ТҰРЫСОВ Е.**
ҚҰРАЛАЙ ЖОЛЫ. *(Повестер, табиғат
ғажайыптары, сапарлар сазы, аңшылық хикаялары)*
– Алматы: «Нұрлы Әлем», 2006. 256 бет.

ISBN 9965-773-22-X

Дүниеге келген адам баласына ана сүтімен даритын туған жер, өскен ортаға етене берілген сүйіспендіктің шегі жоқ. Оның қадыр-қасиеті, сиқырлы-сұлу суреті күндердің-күні туғанда адам жанын жанартаудай тербейтіні ақиқат. Әдебиет пен өнердің өрен туындысы, қиын да қызықты жолы әр кез осы кереметтен басталмақ.

Оның анық бейнесін әдебиетке ұлы ұстазы М. Әуезовтың шарапатымен келіп барша өмір жолында адам мен жер табиғатын, ұшан дала мен биік тауларын жырлаумен келе жатқан (ел-жұртына етене жақын өмір сәйкестігіне орай). Оңтүстік елі “Шаянның Шолоховы” деп атайтын Еркінбек Тұрысовтың ерте, бала жаста басталған туындыларынан көреміз.

Жазушының “Құралай жолы” атты бұл кітабына адам мен жанды табиғатқа қатысты сыршыл повестері, әңгіме, хикаялары, сапарнама, сұхбаттары енгізілді.

ББК 84 Қаз 7-44

Т 4702250201-15
00 (05) – 06

ISBN 9965-773-22-X

© Тұрысов Е., 2006

С. Сейфуллин:

...Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім,
Өзге аңға жануарды тең көрмедім.
Көздері мөлдіреген ақбөкенді
Адамның баласынан кем көрмедім.

Қап-қара екі көзі мөлдіреген,
Әдемі екі тану желбіреген.
Елендеп жас балаша жалтандайды,
Жел түрткен жусанның да селдіреген.

Азайды соңғы кезде байғұс бөкен,
Мың-мындап баяғыда өреді екен.
Бұл күнде келе жатқан жолаушыға
Кез келеді анда-санда саяқ некен.

(“Ақсақ киік” дастанынан)

* * *

М. Әуезов:

...“Қазақ жұрты көкек, шаруагер ел сәуір, аңшылар жағы
Құралай атайтын көктемнің айы төрт түлік мал, жан-
жануардың жас төлін жаңа өргізіп жатқан шағы. Бұл кезде
жөн білер кісі пышақ та қайрамайды. — Құралай айы, құралай
жолы қашанда ашық, қастерлі.”

(Жол үсті әңгімесінен)

* * *

Шерхан:

— Қаратауда арқардан тұқым қалдыр ма, аға?
— Қалды... Мыңжылқы мен Сеңгірдің, Шаншар мен
Мергенұшқанның қол жетпес құзар шындарында қалды.

(өз ара әңгімеден)

ҚАРАТАУЫ ДАЛАМНЫҢ

(алғы сөз орнына)

Тілі тәтті шекерден,
Ойы алмасқа пара-пар.
Сөздің жүгін көтерген,
Қайыспаған қара нар.

Сиреп қалған күрдасы,
Жалғыз емен жардағы.
Қайсеновтың сырласы,
Әуезовтың тармағы.

Ешкімде жоқ шатағы,
Тұрса болды таңы атып.
Туған жердің жатады,
Ұлылығын таратып.

Туған жерді жырлаудың,
Абызына айналған.
Тамырына Нұржаудың,
Кіндігімен байланған.

Туған жерге баянды,
Ұлтан болып келгендей.
Көшпей қойған Шаянды,
Астанаға теңгермей.

Алтын тәжді Алатау,
Айта алмайды “жайлы” деп.
Ән ұраны – Қаратау,
Астанасы Бәйдібек!

Ерекенді бар игі,
Жандар жақын тартады.
Керек болса танийды,
Алтуайттың арқары.

Толағай боп өскенде,
Тауды, тасты қалқалап.
Жүрер ме еді, көшкенде,
Қос тұрасын арқалап.

Айтпасамда сыр қанық,
Ұстазым ғой шын текті!
Талай шәкірт үлгі алып,
Талай ақын жыр төкті.

Бас иемін саған мың,
Қара нардай аяулым.
Қаратауы даламның
Шолоховы Шаянның!!!

ҚҰРАЛАЙ ЖОЛЫ

I

Қоңыр күз еді. Ел ортасынан шалғай, тау ішінің ғажайып бір түні. Маужыраған тау іші. Ашық алаңқайда егіз қонған екі ақбоз үйдің түндігі жабылып, іргесі түсірілгелі едәуір болған. Мұндағылар түннің бір мезгілінде салқын саяда рақат тыныспен тәтті ұйқыға шомған. Осы жұмбақ сырлы табиғат бесігінде тербеліп, өз ой, өз қиялымен оңаша шығып бір жан баяу ғана аяндап келе жатты. Ол өз заманының ардақтысы — аяулы Мұхтар аға болатын. Қайда жүрсе де дидарын көріп, бір ауыз сөзін есітіп қалсақ деп оны аса құрмет тұтар халқы Мұхаң мезгілінің талайын алып қояр еді. Бүгін де солай болған. Көсеге жонын асып Үшкөкше-Құмкент жағының шалғай өңірін шарлаумен жол соқты боп шалдығып келген асыл ағаны Мыңжылқы тауының төменгі қойнауында миуа бағына ақбоз үйін тіктіріп күтіп отырған Балықшы дейтін ауыл текемет-кілем жаюлы ақ отаудың төріне шығарып, қаумалай қоршап алысқан. Сөзден сөз, сырдан сыр туындап, домбырадан күй, көмекейден ән шалқып, алыстағы ақбоз үй шаттығы түн ұзағына созылып еді. Енді, міне, қымбат уақытын ұйқыға қимай әрдайым сезімтал сергектікпен күн кешетін дарқан жанды жазушы, мынадай ғажап түн, тылсым дүние тұнығымен сырласқысы келгендей оңаша бір шыққан беті.

Сол қанатта, аттам жерде малта тасты арнада сан құбыла былдырлап сылаңдаған кішкене ғана балбұлақ. Сол мөп-мөлдір нәрлі ағын отау орнындай қара суға құйып, одан әрі тағы да ерке бұлаңмен жол тартып кетіп жатыр. Қазан шұңқырда мөлдіреген қара су үстіне қанша заманнан тапжылмаған шомбал қара тал төніп тұр. Айнала қоршаған тау өркешінен шырқай көтерілген ай сәулесі айна судың бетінде сан құбыла толқиды.

Осы көркем сурет сақшысы сияктанып маңайда қалғыған

құзар тастан түн күзеткен көкше құстың тынымсыз бірқалыпты сұңқылы ғана жетіп тұр.

Дәл осы сәтке дейін ол не ой, нендей қиял толқынында келді: бәлкім, осынау алыс тартқан жастықтың қимас күндерін қайта бір кезіп өтті ме, әлде мына тұл табиғаттың осы бір ғажап бейнесін дарқан жүрегіне сыйғызып ала кеткісі келе ме, ол жағы беймәлім еді. Тек құдірет иесі сияқтанып алыста қарауытқан тау заңғарынан көз алмай үнсіз тұрған ол әлдебір шақта жайлап бұрылды да, күтпеген жерден:

— Тілші дейтіндер ғаламды көп кезіп, көп білетін жұрт. Сенің Тарбағатай, Алтайға немесе Шыңғыс жағына барғаның бар ма? — деді.

— Жоқ, ол жақта болған емеспін, аға. Реті келген емес.

— Шыңғыстың күнгейі осы Қаратау сияқтанған жалаң, тас қиялы да, теріскей бөктері толған тобылғылы, орман-ағашты болып келеді. Сырт көзге қаншалық жүдеу, жұтаң көрінгенімен, Қаратауда да сондай саялы, жайлы орын барын ойлап жүруші едім. Ал, мына келіп түскен жеріміз бәрінен асып кетті. Бұл жай ғана саялы бау емес, алыс өлке, ұзақ шаңды жол, қиян дала ортасындағы ұрмақ аралы екен. Неткен ғажап көрініс мынау! Қаншама сыр, өткеннің нелер шежіресі жатыр мұнда!

Мана сен бір сөзінде Ақбикеш жайлы аңыздың шетін бастап едің-ау осы. Көне, соныңды жөндеп айтшы, тыңдап көрейін, — деп ай нұрына шомған жасыл алаңқайда жазық маңдайы жарқырап Мұхаң тұрды.

Көшпенді ел, көне дүниенің киіз кітабынан оқыған көрі құлақтан талмаурап жеткен аңыздай бұлдыр әңгімені атақты білімпазға қалай айтсам деп қысылып қалдым.

— Менің көргенім, аға, Ақбикештің өзі емес, тек құла түзде жападан-жалғыз тұрған мұнарасы ғана, — дедім күтпеген тосын сұраққа ақтала жауап қатып.

Мұхаң жымия күліп алды:

— Пәлі, сен отыздан озбай тұрып ата-заманынан арғы Ақбикешті қалай көретін едің, естігеніңді айтшы, соның да жетіп жатыр.

Мен әңгімемді айта бастадым. Осы Қаратаудың теріскей-батыс шегінде жайлау елін аралап келе жатып, өнеу бір жылы Ақсүмбе дейтін тау бұлағына тоқтап өткенім бар. Ақсүмбе десе Ақсүмбе. Көктемде тау қойнынан құлап ағатын сұлу

өзен. Биіктен қарағанда бейне бір болат найзадай жарқырап, қиырсыз Қияс даласына оқтай бойлап кетеді екен. Сол жерден тай шаптырымдай қашықтағы қолдан құйғандай биік шоқы үстінде найзадай шаншылған мұнара айқын көрініп тұрды.

— Бұл не? — дедім мен, Дулат дейтін жолсерік жігіттен сыр тартып.

— Бұл Ақбикеш қой, кәдімгі Ақбикеш, — деді.

Қанша сұрағанмен Дулаттың бар білгені осы болды.

Содан ауылдан-ауыл кезіп, кестеден жіп тартқандай сұрай жүріп, сол Қияс даласында, Жабыкөл дейтін жайлауда сайгүліктерін өргізген бір жылқышы қартпен кездестім.

— Ей, балам-ай, — деді жылқышы, менің тілегімді тыңдап алып:

— Тоғайда біткен сәмбі тал,

Кімдерге табыт болмаған.

Жапанда қалған бұршақ қақ,

Кімдерге шәрбат болмаған.

Басына жібек ораған,

Арулар кімнен калмаған! —

деген емес пе еді, халық мұңын, әділет күнін жоқтап өткен ер қарулы бабамыз. Адам адам болғалы, мына дүние осылайша тұрғалы қаншама заман қақтығыс, соқтығыспен өтпеді дейсің. Сөйтсе-дағы жамандықтан жақсылық, қастықтан достық, зұлымдықтан ізгілік мерейі үстем болып, өткеннен белгі қала берген ғой. Сонау бір жапанда жалғыз қарайған — сондай бір запыран кешкен қапалы күннің белгісі. Ол оқиғаны біз түгiлi бiздiң ата-бабаларымыз да көрген жоқ. Шамасы, әрiде өткен сияқты.

Атамыз жарықтық айтар еді, бағы бір заманда жазира көшкен жайын елді жау шапқан деп. Бір қырғын ұрыста қол бастаған батыр жігіт мерт болып, ел дағдарған қапалы шақ туыпты. Сонда осы Қияс төсін жайлаған алшын өулетінің қызы — батырдың ғашық жары Ақбикеш ару ел кегін қайырғалы “аттан” салып атқа мініпті.

Тұлпар мініп ту ұстап қыз аттанса, намысты ел қалай қарап отырсын. Қыз соңынан елдің бар азаматы көтеріліп, басқыншы жау жеңіліп, ел үстіне мамыршылық орнапты. Сол үргін-сүргіннің бір қапылыс сәтінде өмірден өткен Ақбикештей аруына арнаған сол бір мұнара белгіні көз жасы, маңдай терімен илеп, ұрпаққа үлгі ғып қалдырған дейді. Одан бері қаншама заман, қаншама дауылды жылдар өтті. Бірақ,

мезгіл табы, күдіреттің күші аяулы аруға берген ел махаббатын мызғыта алған емес, шырағым. Жапанда жалғыз ескіден қалған сол бір нышаналы белгіні бүгінде жұрт Ақбикештің белгісі, немесе жай ғана Ақбикеш деп атайды, – деп аяқтап еді.

Әңгімені ұйып тындаған жазушы аға өзіне тән ойлы да мұңлы жүзбен қиянға көз жіберіп, біршама үнсіз тұрды.

– Ақбикеш... Өз заманының аяулысы болғанына талас жоқ. Қазақтың Есім ханы, одан бергі Абылайдың тұсындағы жаугершілік кезеңде өткен болсаң, бір дерегіңді білер едік. Одан әріде, көрі тарихтың мәлім болмаған күңгірт бетінде қалып кеткенсің-ау, шамасы...

Асқақ ой шалқарында саят шеккен асыл арманды аға жай қозғалып, аяңдай берді. Сылдыр бұлақ, сыңсыған бақ, зәулім шынары қалғыған тау аңғарын бір жібек самал желпіп өтті. Бұл шақта алыстан таң шолпаны бой түзеп, бір нәзік шапағат нұры рауандап қалған еді.

2

Құм қыстап, жон жайлаған ежелгі көшкен елдің соны сокпағы Бүркітті тауы арқылы өтуші еді. Бірнеше қымбат күндерін қиырсыз өлкені шарлап, өткен-кеткеннің асыл-нәсілдерін теріп, жаңаның жақсы үлгісін жинауға берген аға енді ат тізгінін Көсегенің жонына қарай түзеп, осы қашанғы кара жолмен келе жатқан-ды. Ту тігіп, тұлпар түлеткен атақты ел жайлауы не көрмеген. Қай замандар арылмаған қыз дауы, қыран дауы, жер дауы, жесір дауы сияқты қанға сіңген қақтығыспен өткен ғой.

Енді аңыздай алыс тартқан өткен-кеткеннің сондай бір оқиғасы әңгімеге өзек боп, жол алысын өтіп те кеткен едік. Үшбас өзенін өрлей тартқан Мұхаң машинасы Бүркіттінің қиясына ілінген шақта, жазушы сол қанатта тіп-тік шаншылып күреңіткен құзар тауды мезгеп:

– Мынау көрінген, өлгі айта беретін Бүркіттінің өзі ғой. Бүркітті болғасын, мұны Бүркіт мекендеген ғой, шамасы. Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады.

Бүркітті дегеннен шығады. Бүркіт қайыру, қыран құс саяты

өзінше біздің халық тұрмысының бір ғажап өнер құбылысы болған ғой. Өз басым жас кезімде құс саятына соншалық құмар болдым. Дүниедегі бар қызық сол сонар саятында тұрғандай көрінетін. Саят құмарлықтың өзінен ақыры бір өкінішті халді бастан кешіргенім бар, – деп, Мұхаң бір жайма шуақ әңгіме сұрлеуіне түсті.

– Жиырмасыншы жылдары, – деп жалғастырды әңгімені Мұхаң, – алыста қаладағы оқудан аз күнгі каникулмен елге келдім. Тілегім – Шыңғыстың бөктерін өрлеп, қыран салғызып, саяттың бір қызығын көріп кету. Құсбегі дегенде ол кездегі бетке ұстарымыз алпысты алқымдап қалған бір көнігі саятшы еді. Қарашолақ атанған алғыр бүркіті бабы келіп, атағы алысқа кетіп тұрған шағы. Басымыз қосылған бірер бозбала сол кісіге келіп қолқа салайық.

– Әй, сендер неғып адасып жүрсіңдер? Саят мезгілі әлдеқашан өтіп кетпеп пе еді. Қазір шиыр маусымы. Түлкі біткен көкшулан тартқан. Қатал, алдырмайды. Бүркітті жазым етеді, – деп сіресіп берсін.

Әйтсе де, қоярда-қоймай Қарашолағын балдағына қондыртып, Қарашоқы жағына жөнеп кеттік. Қойтасты етектен айдаушылардың “ал кетті!” деген айқайы шыққанда, екеуміз шоқы биігінде тұр едік. Томағасы тартылған Қарашолақ қайқаң етіп өрлеп алды да, сол минутта тас түйін болып құлдырап, жалаң жартас ылдиына сорғып көзден ғайып болды.

– Ұмтыл, Мұхтар! – деп атқа қона берді көрия. Оппа қар басқан қиямен құзарды айналып өтіп, жығыла-сүріне жетсек, хал түзелмеске кетіп қалған екен. Сандық тасқа соғылып, топшы-тұяғы шайналған қыран сары ала сіреудің бетінде арса-арса қан болып әл-дәрменсіз мүсәпір күйде жатты. Омыртқасы қайырылып, мертіккен көкшулан арқан бойы жерде кеудесін әрең сүйреп, кирелендеп барады. Әлбетте, оған қарайтын хал қайдан болсын бізде. Атынан құлай ұмтылған саятшы құшаққа сыймас қызыл балақ қыранын құша жығылып, еңіреп жіберді. Оны жай сөзбен басу айтып, жұбатып жөнге салу сол шақта мүмкін де емес еді. Сөйтіп, сол бір саят сапарына дүбір-дүрмекпен аттанып, қадірі қимас дос жүрегін жаралап, қапалы, өкініш күйде қайтқан едік.

Жүйрік ат, құмай тазы, қыран құс дейтіннің өмір сырын қадірлеген қыр қазағы үшін қашаннан орны өзгеше болған

гой. Көрияның күйініш халіне дауа болатын бір ғана ем — дәл өзінің Қарашолағындай қыран табуға тиісті болдық. Ақыры оның реті келді де. Бергісі Шыңғыс, арғы жағы Тарбағатай, Алтай жағынан сұрастыра жүріп, Зайсан жағынан найман саятшысы ұстап отырған бір атақты құсын қысырақтың үйірінен жылқы айдатып алдырып, қолына қондырып тынған едік.

Мұхаңның әңгімесіне елігіп, ардақты ағаның жастық шағындағы саят сапарын бірге кешкендей халде үнсіз келе жатқан едік. Таяуда төбемізден төніп, көкпен тілдескен Бүркіттінің құзар қиясына көз тігіп, қатарында отырған Мұхаңның жолсеріктерінің бірі Қалыбек әлденеден шошып түскендей, “ал кетті!” деп қалды.

Қарасақ, шатқал сайдың ақ шешек бұталы беткейінен үрке жөнелген бір үйір арқар құзарды беттеп, қиялай өрлеп барады екен. Алдында мүйізі абажадай қоңыр құлжа, соңына таман жанына шыбындай ғана шілсирақ құралайын ілестірген ене киік. Бірер күн бұрын ғана төлдеген-ау жануар.

Мұхаң машинаны тоқтатып, жайлап тысқа шығып, сұр қалпағын қолына ұстап, жанды табиғаттың құдіретті көркін мейірбан жүзбен тамашалап тұр еді. Кейінгі машинадан кіші калибрлі винтовка сып ете түсті де, ысқырған оқ гүл шешекті көктемнің тұнық ауасын тіліп өтті.

Оқыс бұрылған Мұхаң мылтығын шошайтып тағы да сығалай берген шофер жігіттің мына әнтек әрекетіне шошына тіл қатып:

— Әй, балақай, тарт мылтығыңды! — деп тыйып тастады.

Абырой болғанда ысқырған ажал оғы киікке дарымады. Өлердей шошынған желаяқ жануарлар тастан-тасқа секіріп, өрлей берді. Сол сәтте буыны бекімеген жас тума тайма тас қиясынан тайып, шылбыр бойы төменге ұшып кетпесі бар ма. Сонда асыл ағамыз жанында ғажап көріністен көз алмай тұрған біздер аналық мейір, аталық айбар дейтіннің ғажап құдіретінің куәсі болдық.

Құралайы құлаған жас туша жанын жалауға байлап, бір-ақ қарғып, құзар тастан ұшты да, есін жия алмай, әлсіз тыраңдап жатқан төлі жанына келді. Оны шыр айнала иіскеп, тұмсығымен түрткілеп тұрғызып алды. Бір алдына, бір артына шығып бөйек болды. Енді ол есін жиған шұнағын ілестіріп қауіпті жалаң тайғаққа салмай, құзар жиегін жағалап,

қоңырмен тартты. Ол бірте-бірте өрлеп, асқар асуынан артына қайырыла бір қарап, ғайып болды.

Бұған дейін шоқының шомбал биігінен жас төлдеген серігін қарауылдап күтіп тұрған қақсал мүйізді нән құлжа қатерге қорған болар міндетін өтеп тапжылмай ұзақ тұрды да, маңғаз қозғалып, ұзап кеткен үйір соңынан жөнеле берді.

Тұл табиғаттың әлгі ғажап көрінісіне қайран қалған жолаушылар дабырласып тұр еді.

— Әй, балақай, мұнда келші сен, — деген Мұханның сабырлы, қоңырқай үні естілді.

Күнәнің батпан жүгін көтергендей қызарып, тершіп кеткен шофер жігіт сылбыр басып Мұханның алдына келді.

— Бұл өзі қай мезгіл, білемісің сен? — деді Мұхаң сәл сұрлана қабақ шытып.

Шофер жігіт жауап орнына төмен қарап, желкесін сипады.

— Ендеше біліп алғын, бала, қазақ жұрты көкек, шаруалы ел сәуір, ал аңшылар тағы құралай айы дейді мұны. Төрт гүлік, жан-жануар біткен жас төлін жаңа өргізіп жатыр емес пе бүгінде. Жөн білетін кісі төл үстінде пышақ та қайрамайды. Ал, сен болсаң, жарық дүниеге жаңа келген құралайға мылтық кезеп, оқ шығарып жатырсың. Есінде болсын, құралай айы, құралай жолы қашан да ашық. Қадірлеп сыйлай білу керек оны.

— Кешір аға, ендігәрі... — деді шофер жігіт мұрны астынан мінгірлеп.

— Ойпыр-ай, арқар дейтін жануар бауырмал келеді екен-ау. Лағын тастап кете алмай енесі мен текесі оққа ұшуға дайын ғой, — деді Қалыбек Бүркіттінің өрінен ұзап шыққан соң.

Үнсіз келе жатқан Мұхаң қабағы жадырап бір көтеріле қозғалып алды:

— Біліп алғаның жөн, Қалыбек, әуелі арқар дейтіннің өзі киік жұртының бір атасы. Өзіміздің кәдімгі қой тұқымдас болғансын қошқарын әлгі өзің айтқандай теке емес — құлжа, төлін лақ емес — қоды дейді. Ал, жалпы киік тумасын құралай деп атайды. Құралай пәк, күнәсіз нәзіктік, сұлулық символы. Махаббат дастандарында ақындарымыз сұлу қыз келбетін көбінше құралайға теңемейтін бе еді? Көгінде қыран қалқып, қиясында киігі өрген, әр қилы аңыз-сыр, жырға толы Қаратау байтақ қазақ жерінің қашанғы бір қасиетті ордасы-ау осы.

Осы жолы сапардың жемісі тіптен мен күткеннен асып кетті. Шалғай өңірді көп шарлап, шаршағанымға разы боп келемін, — деп, дарқан жанды ағамыз бұрыл самайын, жазық маңдайын ақ орамалмен бірер сипап қойып, бір ғажап көңілді күйде келе жатты.

Содан бері апталап айлар, жылысып жылдар кетті. Бүркітті тауын бөктерлеп ежелгі керуен көшкен жол, сонау бір ұмытылмас, қимас көктемде қымбат ағамыз өткен жол қазір де өткен күннен сыр сақтап сайрап жатыр. Сол шетке бара қалғанда асыл аға сыр еткен қыран хикаясын, құралай айы, құралай жолын еріксіз еске аламын. Қыран тауы қиясында Мұхаң көрген ерке сұлу құралай қазір де сайран салып жүргендей, сол бір ғажап сәтті тағы бір көретіндей боламын.

ТАУ ТӘҢІРІСІ

(Әбдіқұл мергеннің өмірі жайлы хикаят-эссе)

Тауға жүргелі жатырмыз. Мән-жайды өлгінде, аудан басшысы Жұмагелді ағай телефонда қысқаша айтып еді. Тау дегенде өзге дүние жайында қалатын албырт шақ — “Құдай берді” деп құстай түлеп отырмын.

Теріскей аудандар тобындағы газет тілшісі болып осында келгеніме біршама айлар өтсе де тау тарабына, өзім бұрын ат ізін салмаған “Үлкен Шаян” басындағы орманшылар кардонына алғаш рет бармақпыз. Сонда, тауда туып, тауға жаралған “аңшылық пен саяттың күдіреті” дейтін Әбдіқұл атты бір адамның бар екенін сырттай естігенмін. Есту бар да, көру екінші басқа нәрсе. Енді оның да реті келіп тұр. Жұмагелді аға қаладан келетін қонағы өзге емес, менің тікелей бастығым, — облыстық газеттің редакторы Байтұрсынов екенін, оның қасында жолсерігі болып, міндетті түрде менің жүретінімді ескерткен.

Мәди аға Байтұрсынов — Мәскеуде “Қызыл профессураның” баспасөз саласын бітіріп, бізге Гурьев облысындағы басшылық қызметінен келген, өзі туасы дала табиғаты, сапар-саяхатқа бейім, сері мінезді арқа жағының қазағы еді. Өзі барынша сыпайы-сырбаз, көргені көп, көңілді шағында ағыл-тегіл ағындаған әңгіменің адамы еді.

Жұмагелді ағай өзі тұрғылас, өзімен сырлас-сыйлас

қонағын осы сапар тау тарабына бастап баруға сол бағыттағы Қазата ауылында үлкен шаруашылықты басқаратын өзі тау бағбаны Әбдікүлдың жақын туысы кеудесі қызыл орденге толы кешегі майдангер жас азамат Қалаубаев Ерболғанды шақыртыпты.

Ерболған келгесін басшының үйіндегі түскі шайда алдағы екі күнгі жол сапардың жоба-жоспары жасалып, соның бір тәулігін алдын ала хабар берілген, өзі барып қатысатын Әбдікүл мергеннің маңында, оның өнерін қызықтау жайы жеткізе айтылды.

Жұмагелді аға таңдап шақыртқан Ерболғанның өзі де бұл тау өмірі, саятшылық, аңшылық атты кереметтің қалыңында қайнап өскен, оның қызығы мен шыжығын бала жастан армансыз көрген нағыз таудың ұлы еді. Майбұлақтың Ағыбет ауылынан Ақбұлақтың күз-қиясына беттеп шыққанда алдыңнан “мен мұңдалап” атой салып тұратын “Алтуайт”, “Қыземшек” пен “Қора Жайлау” биігіне ұласатын қалың тау шатқалын бүгінгі ел ұрпақтары “Қалаубай Қыстауы” деп, баяғы көз-көкейден өшпейтін осы Ерболған атасының есімімен атайды. Өз заманында арқары қойдай өріп, алтайысы қиясында аунап, кекілігі шымалдай қаптаған “Қалаубай Қыстауы” көненің көзі, өткеннің өшпес белгісі.

Осыны өмірбақи көз алдында елестетіп, тау әңгімесін шертуден жалықпайтын Ерболған барар бағытымызды саусақпен саралап:

— Көзір қарашаның қалың ортасы, кекіліктің әңгелектей толып, семірген кезі. Мөкеңді құдай қаласа “Қыземшектің” қалыңына, кекіліктің кешкі суатына апарамын деп, Атыраудың аспанында тұмандай қаптаған қаз-үйрегін баудай түсіретін қызығынан бері өткен жыл мерзімінде қағаз басты кеңседе жіпсіз байланып ішқұса халде жүрген Мөкеңді түгелдей баурып алғандай еді.

Енді, Ерболған бастаған тау-дала жолына бейім жүрдек көлік кіші бесін кезінде Құрсасық шатқалына жеткізді. Шатқалдың тас тағанында бал бұлағы мөлдіреді. Кекіліктің кешкі суатына түскен шағы. Биылғы өрген жас өскін балапаны мен молыққан үйірлер суаттан дүркірей көтеріліп, арқан бойы ғана биіктен көкжал қия тастың бетіне көк кенедей қаптап өріп барады.

Сол замат көліктен лып беріп түсе қалған Мекең сондай

бір көз ілеспес қимылмен мылтығын оң-солға сілтеп, жалт бұрылып, тарс-түрс ата бастады. Мылтықтың атылуымен бір мезгілде көкжал тас қиядан ылди домалап, қайсы бірі аспаннан құдилап құлап, табан-астыға топ-топ түсіп жатқан тау құсын көргенде сабыр сақтап жайбар тұру қайда. Мәкеңнің шофері “Кекілік” дегенде жаны жайнап тұрған Арзымет (Алеша) бастап, жерден тезек тергендей бет-бетімізбен өріп кетіппіз.

Атыс тоқтады, бір кезде. Жансебіл жаралған құс көз ілеспес жылдам зымырап, тастан-тасқа өріп, биіктеп кеткен. Сол зау биіктен бірін-бірі қақылықтап шақырған сайраны жалын қия, тау шатқалында ерекше бір сән-салтанатпен жаңғырып құлақ тұндырады. Мәкең атқанына, біз жинап-тапқанымызға мөз. Жинап-тергенімізді аңшының “Рюкзак” дейтін иық қапшығына төгіп жатырмыз.

— О, Мәке, бәрекемді, жолыңыз болды. Біздің тауға алғашқы сапарыңыз таудың қырмызы, құралайкөз сұлу құсы — кекілікпен майланды, — деп Ерболған бастап Мәди ағаны жамырай көтермелеп жатырмыз. Ал Мәкең — Атыраудың айдын көлдерінде мұндай аламан атыстың талай көкесін көрген дабыра сөзге жоқ сабырлы кісі жай, көңілдене күлімдеп, “рақмет”-тен өзге бір сөзін шығын етпей, мылтығын қорабына жайғап, алтын жиекті көз өйнегін ақ орамалмен асықпай сүртіп, маңғаз бұрылып, тау биігіне шаншыла қарап тұрды.

Тау жолын бес саусағындай жетік білетін Ерболған өзінің піріндей аузынан тастамайтын Әбдікүл көкесінің Асу бұлақтағы Кардон қыстауына күн ұясына қонар сәтте жеткізді. Қонағының келетінінен алдын ала хабардар, жол қараулы отырған көргенді кісі қасында айқын ажарлы, келбетті Бибіажар алдымыздан шығып қарсы алды.

Жас құрамы біздің Мәкең тұрғылас қырықтар қырқасындағы, бірақ қала адамына мүлде кереғар тау мен даланың ашық айдынына шым болаттай шыңдалған бет-бейнесіне қап-қара қияқ мұрты жарасқан, қоңырқай ашан жүзді, қыран қабақты, ұшқын атқан от-жанарлы Әбдікүл көкемізбен алғаш осылай дидарластық.

Соғыстан бұрынғы отызыншы жылдар соңында жаңа бас құраған отбасы жастық шақтың қызығында өздері аз күнде асарлап қолдан соғып алған — алдыңғы дәліз, ішкі үй —

небары екі бөлмелі, есік, терезесі күн шығысқа қараған қазақы шағын там көзге қораш болса да, дарқан жанды адамымен көңілге жылы, сүйкімді.

Қазақ үйі қазақы тұрмыстың жай-жағдайы әуелден-ақ аман-саулықпен бірге жайлы қоныс, шаруа жайына ойысады. Біздің Мәкең әңгіменің адамы. Өзі баппен сөйлей отырып, сөйлетудің де ұстасы. Кешкі қонағасы, ұзақ ішілер, көңіл ашар күрең шайдың үстінде Әбдікұлды әрқилы сөзге тартып, әдемі сөйлете отырып:

— Соғыстың заңы қатал. Ешкімнің жай-жағдайына қарамайды. Өзіңіз қан майданға осы жерден, қияндағы тау ішінен аттанған екенсіз. Ал сонда, кішкене үш бірдей жас-жәуітігімен осында қалған жеңгеміздің күні не болған? Мынадай айнала тек тұл табиғат қоршаған меңіреу ортада қандай бір қиында, қызықты жайларды басынан кешкен де шығар-ау?..

Әңгіме осы тұсқа келгенше танысу, табысу, аман-саулықтың құрметіне қайда жүрсең алдыңнан мөлдіреп шыға келетін ақ шыны, көк шынылар босатылып, күрең шайды қонағына өз қолымен ұсынып, құстай түлеп отырған Әбдікұл мына сауалға іле жауап қата алмай, біршама бөгеліп, қозғалақтады. Қаран қабағы түйіліп, темекісін түйдек-түйдек түгіндете отырып, өткен бір кездің жүреkte қалған, өшпейтін суреті көз алдына келгендей аз-кем езу тартып жымиды. Өзіне құдайдың берген сабыр-салмағымен әр сөзін елеп-екшеп алғандай таза, қоңыржай бапты аяңмен әңгіменің арнасын ағытты.

КҮНШАЙЫМ МЕН МӘРИЯ

(бірінші әңгіме)

Бұл өзі кеуденің тереңінде жатқан айтылмаған, ашылмаған сыр еді. Қозғап жібердің-ау, бауырым. Жалғыздық, қорқу, үрку дейтін жайбар күндергі пенделіктің ісі. Басқа түскенде адамнан көнбіс, адамнан өткен айлақеш жан иесі болмайды, тегі.

Соғысқа дейін біз мұнда “Үлкен Шаян” орманшы Кардоньында екі үйлі жан едік. Көршіміз бұл арадан бірер шақырым өрдегі, өрік бауы сыртында тепсеңге орнаған өзімдей

орман бағбаны Гусев Иванның өзі, кішкене Жора атты жортпаш ұлы және әйелі Мария, небары үш жаннан құралған шағын отбасы еді. Обалы не керек, тегі орыс демесек өздері мына Байжансай қазақтарымен етене аралас өскен, қазақшаға судай, қазақы тірлікпен өмір кешкен қарапайым, бауырмал жандар еді.

Соғыс бүрк ете түскенде сол қырғынды қырық біріншінін жазы ортасында алдымен Иван, араға бірер ай салып, қоңыр күздің соңын ала мен де халықтың қалың легінде аттанып кете бардык. Құдай сақтаймын десе — “Қырық жыл қырғында да, ажалсызға дауа жоқ” деген, мен соғыстың соңғы жылы, ал Иван Жеңісті “Гитлердің үйінде” тойлап, ол дін аман, мен “неміс бодауына” жіліншектен төменгі мына оң аяқты беріп қайттық.

Өзіміз дауасыз ажалмен қат-қабат аралас, қиямет жолын кешіп жүргенде, ел ішінен жырақта, жарықтық Қаратаудың түкпірінде пана болар ер-азаматсыз қалып қойған жас балалы отбасымыз не күйде — деп, уәйіммен келгенде, арада өткен төрт жылдай мезгілде еш нәрсе болмағандай, бәз-баяғы қалпы рең-бастары таймай, күлкісі майдай еріп, алдымыздан шыққан қатындарымызды көрдік.

Тіптен Иванның, дәл біздің Күншайымдай, кішкене темірқанат ұлымен қалған жалғыз ілікті Мәриясының жай-күйі, байы бар кездегіден артық болмаса, бірде кем емес. Қорасы голы қиулаған тауық. Оның жалғыз қожайыны дәу, келісті қызыл қоразы қарағаштың биік бұтағына қонып ап, қайқая әндетіп отыр. Сауын ешкілері түп-түгел, оған біз кеткен жылдың келесі көктемінде мына Қиымбеттің көкжал қиясында үркек үйірден жаңа төлдеген жерде қалып қойған, ізінше тауып алынған арқардың қолда өскен жас құралайы қосылған екен. Толысып өскен нән құлжа, зор шеберлі абажа мүйізі жарқырап шаруалы үй, ұқыпты мекен-жайдың сәнін келтіріп, маңғаз басып, жайылып, Кардон қыстауының сыртқы биігінде жүр.

Ал көне, айтындар, дейміз, аптық басылып, сағыныш сазы тарап, аптаны алған іздеп келер ағайын сәлемі арылғасын, балаларымыздың шешесін сөзге тартып. — Біз кеткесін күн көрістерің не болды. Қандай жай, қандай күйді бастан кештіңдер?..

Артық басты өңгімеге жоқ, ұяң мінезді біздің Күншайым (жаны жаннатта болғыр, менің алғашқы үш перзентімнің

анасы) ас-суын алдымызға тартып, оңаша қалған бір тыныс сәттерінде, біз жоқтағы сырлас та, мұңдас екі әйел бастан кешкен таңғажайып қиын да, қызықты жайларын асықпай отырып, былай айтар еді:

...Мына Мәрияның айтпайтын, білмейтін бәлесі жоқ. Өздерің кеткесін арада екі-үш ай өткенде алғашқы ақша қар гүскенде, бір күні кіші сәскеде басында жылы орамал, аяқта керзі етік, күнтия киініп, әр кездегідей ашық-жарқын айқайлай сөйлеп, Мәрия келді.

— Әй, қатын, не ғып, ыбылжып үйінде отырсың. Осындай күндері анау, жаумен жағаласып соғыста жүрген екі еркек жамбасын сипап жатушы ма еді, тұр, анау Әбдікұлдың мылтығын ал да үйге жүр.

— Оны кәйтеміз, байғұс-ау, — деппін таңданып.

— Не кәйтегіні бар, патрон оқтаймыз, қырға тас жағалап, кекілікке шығамыз, — дейді.

— Ойбай-ау, қатын мылтық атыпты дегенді қайдан көріп-ен байғұс-ау, — деймін, тағы да, — оның мына сөзіне сенер-сенбесімді білмей.

— Бұрын көрмесек, енді көреміз, көрер көз, жүрер аяғы бар, біз де адамбыз, — деп басқа сөзге келтірмей үйіріп барады.

Сол күні Мәрияның үйінде мылтықты қатар қойып, екі үйдегі бар мылтық әбзелін ортаға үйіп, бос жез патрондарды оқтауға кірістік. Құдай ондағанда ұқыпты Иванның қаладан, рудниктен алдырып, сандығына салып кеткен кенеп дорбашалар толы бытыра, құтылар толы дәрі, пож, пыстандары мол екен. Бұрыннан байының қасында бәрін көрген, бәрін білетін Мәрия пыстандарды жезге әдемілеп, шегелеп, дәрі бытырасын өлшеуішпен өлшеп салып, киіз тығындармен тығындап, әлгі дайын оқтарды белге байлап алатын-патранташтарға қаз-қатарлап тізіп, болғасын, білмейтін бәлесі жоқ Мәрия, дәу, “шырт-пырт” шишасынан леблеме-қызылшасынан өзі қайнатып жасаған “самагон” дейтін іспірт сияқты удай ащы суының бірер жұтымын крошкелерге құйып, тұздалған бәдірен, көпөстесімен бірге алдымызға қойып, ал енді Күншай, мынаны ішіп алайық та, кешкі суға келген кекілікке шығамыз, — дейді.

— Ойпырым-ай, біз сендерді елсіз таудың ішінде аштан өліп, не аш қасқырға жем болып кетер ме екен, деп уәйім етсек, құдай-ау, құдайдың бар жақсылығын қолдан жасап

алып, дәурен сүрген екенсіңдер — Мың қой айдаған байдың да, орыс пәмешігінің де қатындары сендердей еркін дәурен сүрмеген шығар.

Қалай ойласаңыз да расы сол, көкесі. Мына қызыл долананы бұлақтың суын жағалап, тас тағанға суатқа түскен құсты мол олжалап қайтқан кеште екеуміз кезектесіп қазан көтеріп, кекіліктің дәмді сорпасына маңдай тершіп, көңіл жайланған сәтте Мәрия қайдағыны қозғап, сендерді еске алып, әңгіме тиегін ағытады-ай, келіп.

— Сенің Әбдіқұлың жауды дүрбілі мылтықпен таңдап ататын “снайпер” екен. Ол значит, командирлер қадірлейтін есептегі сыйлы адам. — Ол ақылды, әскерге барғанда аңды-қасқырды көп атқан мергенмін, деген ғой. Ондай адам, соғыста да қадірлі.

— Біздің алдын болжамайтын аңқау Иванды айтсайшы. Кімсің десе, тау бағбаны, — орманшымын десе керек. — разбетшіктер тобына қосыпты. Ол дегенің жаудың ішінде кіріп, “тіл” дейтін тірі немісті аузы-мұрнын тығындап, қол-аяғын буып, өлексідей сүйреп әкелуге баратын жанкештінің ісі ғой. — Ай сорлы Иваным-ай, сөйтіп жүріп қапылыста бір шұңқырда қалып кетпесе жарар еді — деп, қауіп-қатерге толы қам көңілін, бірер жұтым ащы сумен жұбатып, — өзінің “Томная нош” дейтін бір мұңды әуенін ыңырситолқып, сыңсыта шырқап отыра еді.

— “Сұлуға біткен сән жақсы, қосылып айтқан ән жақсы” деген, ол әнді Мәрия үйреткен де шығар, өзіңе?

— Мылтық үйреткен Мәрия, ән үйретпей қоятын ба еді. Әр сөзін жекелей, құлаққа құйып, біршама тіл жаттыққасын, орысша болса да әуені жүрекке жайлы жан тебірентетін сол әнді бірге шырқаушы едік.

— Ал кәне, жайлап басташы сол әнді, — деймін оңашада, кешкі шайдың кезінде Күншайымға тілек айтып.

Ол бейтаныс алдында сынға түсердей аз-кем қызара бөгеліп, жайлы ырғақпен баяу бастап айта бастайды:

“Томная нош,

Только пули сбистит по степи.

Только бетер гудит, прабада

Я знаю, любимая ты не спиш...”

Мен ішкі жүйем бүлкілдеп, үнсіз шыдап тындаймын. Ән аяқтала шыдам да таусылып, екеуіміз қосылып ақтарыла кеп

күлеміз. Күлеміз де, ал, көне одан әрі не болды, — деп аңшы, әнші қатындардың біз жоқтағы өмір-тіршілігінен сөйлете түсемін.

— Сол жылғы қыс бойында Мәрия екеуміздің әннен кейінгі ермегіміз соғыста жүрген азаматтарға арнап, үш саусақты жылы қолғап тоқу болды. Қыс тоқсанның басында мына бозбұтақтың тау асауын атпен асып, Байжансай рудкомынан поссовет Кебековтің қатшысы, бұз жаққа жақсы таныс Шымыралиев арғы беттегі Гусев кардонына кепті.

Сталин Кремльде отыр. Жау Мәскеуден кейін шегінеді. Қызыл Армия пәшістерді қырып-жойып, алға жылжып барады. Ресейде қыс қатты. әскерге жылы киімді жаппай әзірлеп жатырмыз. “Жауынгерлердің елдегі жұбайлары кәм дегенде жиырма қолғаптан тоқысын” — деген жоғарының тапсырма хаты кепті. Бұдан Күншайым мен Мәрия да қалмауы керек, — депті.

Қыстың ұзақ түні ауыз әңгімеде, қол істе, тоқыма қолғап деген де сөз болып па, тәйірі. Біздің бес-алты тоқты-тораңның күзем жүнін, Мәрия ешкісінің түбітімен біріктіре иіріп, әр түн сайын пар қолғаптан шығара беріпті.

Сол қаһарлы қыста Қазақстаннан алыстағы қан майданға сан мыңдаған жылы киім — тон, пима, құлақшын мен қапқап қолғап тиеп жол тартқан қызыл вагондар ішінде Қаратаудың қиян түкпірінен қапшық толы қолғабын жөнелткен Күншайым мен Мәрия да “қатардан қалмадық, құдайға шүкір”, — депті.

* * *

Еркегі жоқ қатыны қалған бірі-бірінен тай шаптырым алшақ қонған бар болғаны екі үйлі алыстағы орманшы қыстауында екі мұңдас қиян-кескі соғыстың алғашқы қысын осылай өткеріпті.

— Қыстың қысқа күні саусақпен санаулы бар-жоғы бес тоқты мен көк тайғарлы көк есекті жайғау, кезектесіп қазан асып, кішкене жәуліктерге талшық болар тамақ берудің, иыққа мылтық асып, тау шаткалын өрлеп құдайдың бізге деген ырзығы — қырдың сұлу кекілігін үсті-үстіне төмпештеп, баудай түсіретін Мәрия, — арада біраз күн өткенде ақылға көшіп:

— Әй, құдайдың кінәсіз құсын бұлай қыра бермейік. Бір

кекілік бір қазанды майлауға әбден жетеді. — Нысап сақтап, тек бұйырғанын алайық, — дейтін.

— Расы керек қой, мылтықтың сұсынан сескеніп алғашқыда қол дірілдеп, білтені басуға жүрегім үркіп, қатты әбіржідім. Менің осы түрімді көрген Мәрия маған келіп:

— Әй, катын-қызбын деп қылымситын заман жоқ, кәзір. Байға сенген базарлы күн — жайына қалды. Мылтықты мойынынан былай ұста, мына дүмін мықтап иыққа тіре. Мына оқтаулы опырманың құлақшынын былай, кері қайырып, ататын нысанана мына кетікшеге қарауылды дәл келтіріп, демінді ішке тарт та, — білтені былай, сұқ саусағыңмен жайлап бас. Қатесіз көздесең атқан оғың далаға кетпейді.

Мәрия мені осылай олай-бұлай жұлмалап, ақыры жақын маңда қу бұтақта отырған алғашқы нысана — қара қарғаны жалпасынан түсіртті.

— Е, міне, соқ дәлдеп осылай, — деп Мәрия сиқыршыдай үйіріп, Асубұлақтың сай-сала, терең шатқалында қаптап өрген қалың кекіліктің ауылына бастады. Сәтін салса өмірдің адамға деген ырзық несібесі таусылар ма, — қыраулы қыс сарқылып, наурыз, сәуірдің шуақты күні туғанда Мәрия өзге дүниені ұмытып, айнала бұта шарбақпен мекем қоршалған ашық ауладағы топырағы майдай есілген бір тақта агоротынан бас көтермейді. Соның арқасы — оның жертөле ішіне ағаш кәдәшкелерді сықай толтырып тұздап алған пәмілдәрі, бәдірен, кәпәстесі бар, үйме төбе кәртөшкесі бар жерден алған ырзығы жыл ұзағы сарқылмайды екен. Осыны көрген Күншайым қалай қарап отырсын, — мына қоспаның үсті көңдесінді жазыққа бұлақтың суын айдап шығарып, недәуір жерге көкөніс — қауын, қарбыз, жүгері, кәртоп егіп, өз тірлігін өзі жасап жатыпты.

Туған елдің тұзы бұйырып, жалғыз аяқ, қос балдақпен Қаратаудағы мына мекен-жайға келгенде мен өмір дейтін өшпейтін құдіреттің тірегі — әйел затының қолымен жасалған осы кереметін көрдім.

Кеудеде жалғыз жүрек соғып тұрғанда адам арманының шегі жоқ. Соғыстың қаншама қырғын-сүргін жолын өтіп, Брянск қыркысында қалың шабуылдың кезінде неміс автоматшысы орып түсірген оқтан аяқтан айырылып, қансырап жатқанда көз алдымда бал-бұл жанып қайран Қаратау, осы Асубұлақтың бейнесі тұрды. Сол шетке тірі

жетіп, Асубұлақ, Қарашаттың мөлдір суынан бір сіміріп өлсем, арманым жоқ деп едім. Құдай сол тілегімді қабыл алса керек. Соғыстың соңғы жазы — 44-ші жылдың тамылжыған тамызы ортасында туған жердің тұзы бұйырып жалғыз аяқ, қос балдақпен мына мекенжайға келгенде мен өмір дейтін өшпейтін құдіреттің тірегі — әйел затының қолымен жасалған осындай кереметті көрдім.

Күншайым менің ұшар қанатынан айырылған, алысқа құлаш сермер қияғынан қайырылған қапастағы құстай дәрменсіз халімді көріп қабағын титтей кірбің шалмады. Е, тоба, осылай келгеніне де мың да бір шүкір, — деп құрақ ұшты. Қамықпа досым, сен әлі мына биік тауларыңның биігіне шығасың. Ошкенің өніп, кемдігің толады сенің. Өміріңнің нәсіп қылған қызығын да көресің әлі. Ол осылай жаралы жаныма құдіреттің бар жақсылығын, шипа-қуатын төгіп, жібек самалдай есілген жылы сөз, ыстық ықыласымен емдеді.

Бү дүниеде о баста жақсылыққа жаралған адамзатының көңіл құсынан биік ұшатын нәрсе жоқ. Төңірегімнің түгел соғыстың не екенін түсінбей, суық жолға аттанғанда соңымда жәутендеп қалып кеткен, енді құстай түлеп өсіп келе жатқан үш балапанымды көргесін көңіл шіркін дариядай тасыды. “Құтты болсын, қайырлы болсын” мен келіп жатар ағайын-тума, дос-жаранның тұсында осы маңда ежелгі ата мекен топырағында қалған ұлы аруақтар рухына арнап Күншайымның еркек гоқты-бағландарын құрбанға шалдық.

Жеңіс жылының күзі, тірі қалғандар тірлігін жасап жатқан кез еді. Өткен төрт жылғы толассыз дүрбелең, бас көтерер жұрттың бәрі жанталас еңбекте, ер атаулы соғыста, елдің іші қару-мылтықсыз, тылсым-тыныш жайда тау еркесі жарықтық арқардың молайып, толыса-толған, өзгеше дәуірлі кезеңі еді. Мына өрдегі Қожа-Шаян, Көкжон, Қарашат, Бозбұтақ, Боралдайдың күз-қия, сай-саласында күздің күндері топ-тобымен көрініске шығып, қойдай өріп жүретін кезі. Менің “Тау бағбаны”, “Кардон қожайыны”, “Орман-тоғайдың сақшысы” дейтін былайғы жұртқа танымал атағым болғанымен “Лесхоздың” бекітіп берген жүріске мекеме күрең төбеліне ер салып, бір мезгіл төңіректі шолып қайту Күншайымның мойнында еді.

Бәрін көріп, түгендеп, біліп жүретін оның менің көңіл күйімді тербейтін тау жаңалығы да таусылмайтын.

Сондай бір толысқан күздің бір күні бесіндіктен ауғанда Күншайым сырттан ажарлана кірді.

— Киін көкесі, мен сені бес жылдан бері көзден алыстатып, сағындырған тау жолыңа қайта табыстырайын. Біздің мына ауыл сырты, текшенің теріскей бауырында жусап, бір топ киіктің керемет сұлу үйірі жатыр. Зор қоңыр құлжасы ішінде, өздері жетеу. Апарып көрсетейін, бұйырғаны болса, бірін алып қайтармыз, — деді.

Мен бір құдірет қанат байлап, қолтығымнан көтергендей:

— Ааа, рас па, қайда, қайда деп, аяқтың кемшіні естен шығып, талпынып, қалбақтап жерге жіпсіз байланған кеудені оқыс көтеріп алыппын. — Ол кез кейінше өкімет жағы мына шегірен етік ішіне бекітіп, жасап берген жалғамалы пратез-аяғым жоқ, бар еркімді Күншайымға беріп, — апаршы, көрсетші айналайын, дей беріппін.

Күншайым Күрең төбелді көлденең тартып бар әрекетін жасап көргенімен, тіреуіш оң аяқ болмағасын қанша қарбансам да, сол аяқты үзеңгіге жеткізе алмады. Амалсыз, одан әлдеқайда онтайлы, қалың тоқым тартылған, белі мықты көк есекке кеудемді артқызып, жайғастыра мінгізді. Өзі есекті жетекке алып алға түсті. Мен жеке ауыз шіті-берданкені өңгеріп, екі көзім тауда, көңіл шіркін арада өткен алты жылдай бір көруге арман болған арқардың үйірінде “е құдайлап” келе жатырмын. Алдынала келіскендей Күншайым текшелі шоқыны күнгеі сыртынан орап, арқардың ту сыртынан түсіргелі біртіндеп қия беткейге өрлей түсіп келеді. Арада бие сауым мезгіл өткенде шоқыны теріскей бөктерінен асып үйірге таяу өкпе тұста өскен бір топ ақшешек бұтасының тасасына тоқтап, мені жайлап көлігімнен түсірді. Сүйемелдеп, жылжытып, бұтаның жуан түбіріне жеткізді. Қолыма құты-қабынан шығарып қос айналы дүрбіні ұстатып, “жақсылап қарап ал” — деп, арқар жусап жатқан алдыңғы жақты ишаратпен нұсқады.

Таудың көркі үшін жаралған арқар атты жануарды бір көріп, көз құмарын тарқатудың өзі не тұрады, адамға. Алып-ұшқан жүрек шіркін тар кеудеде лүпіл қағып, дүрбіні алып бұта саңылауынан алдағы боз жусан, бетегелі қия беткейге қараймын. Қос айнаның дөп-дөңгелек айдынында айна жүзінде жарқырап бар атырап, соның бергі шегінен, “арқан бойы” дейтін жақыннан тек өзіне тән керемет сұлу көркімен көз жанарыңды арбап шағын арқар үйірі жайбар жусап жатыр.

Бергі шетте дағара мүйізді, нән қоңыр құлжасы жанында биылғы төл-қоды, былтырғы көкбекшесі аралас екі туша, екі ешкі бастаған бәрі – жетеу. Үйірдің өр жақ шетінде ылди-өңірге тас төбеден шаншылып, қазықтай қаздыып үйір сақшысы – қарамойын – Оржағал ту ешкісі (арқар қой атасы болғанымен саулығы үй ешкісіне ұқсас, қайқы қос мүйізді болғасын, тау елі оны арқардың ешкісі дейді) тұр.

Дүрбі жүзінде қол созым жақыннан көрінгенімен арқармен аралық “өудем жер” қашықта. Бұл арадан мына ескі берданкеге шалдырмайды. Ендігі бір ғана амал арқар мен аралықта түіе өркештеніп көлдең тартып, ұзын-тұрқы есік пен төрдей ғана кара қоңыр жақпар тас көрінеді. Амалдап соған жеткенде ғана қарауылға іліктіруге болар. Солай, кеудені бозға төсеп, иекпен жер сызып екі қол, сыңар аяқтың демеуімен біртіндеп жер бауырлай сырғып, әлгі алда көрінген жақпар тасқа біртіндеп жақындай бердім. Құдайдың өзі кешірсін, — бұл аңшылықтың сиқырлы – құмарындай құдіретті кім көріп еді дүниеде. Дәл осы бір тәңірінің бейкүнә сұлу жан иесінде кегің кетіп бара жатқандай өзіңнің мына іс-қимылыңа таңдануға шамаң жоқ.

Жандәрмен тоқтаусыз сусып бір шақта әлгі жақпар тасқа да жеткен екенмін. Оң қолдың қарына бауынан іліп, сусыта сүйреп келген қашанғы кара берданкені мойын ағашынан сығымдап ұстап, оңтайлап аса сақтықпен шым-шымдап бас көтеріп, жақпардың алақан аясындай ғана кетігінен алдағы нысаналы жерге сығалап қараймын. Үйір орнында екен, қозғалмапты. Бүгін таң салқынында сырттағы Қарасай, Құлжалы, Асубұлақтың доланалы, алмұртты қойын-қойнауында мекендеп, тойынып, тыма-бастауынан қанып сусындаған жануарлар кеш өрісі алдында жайбар тыныстап, бырт-бырт күйсеп жатыр. Тек үйір сақшысы сарыаяқ, қарамойын ту ешкісі ылди тарапқа биіктен көз тігіп, қаздыып тапжылмай орнында тұр. Қызығып, үйірдің жолбасшысы — жалғыз құлжаны нысанаға алуға болмас. Мылтықты жақпардың кетігіне мықтап орнатып, қарауылға ту ешкіні татыр қолтықтан іліктіріп, — “уа жануар, Ғайып ерен Қырық шілтен — әзіреті шері қолдай гөр” деп білтені бастым. Жел қанатты жануарлар дүр ете көтеріліп, ылди сорғып, қарсыдағы жалын қияға өрлеп, бірте-бірте биіктеп кете барды. Мойын түтген қиліккен қатесіз оқтан мұрттай ұшқан ту ешкі орнында қалды.

Аңшылықтың бар қызығы барғанға, көргенге сан қилы қарекетпен оқ шығарып, алғанға шейін. Одан кейінгісі бос әңгіме.

Сол жылы менің қол жеткен жалғыз олжам — өзіме бір күдірет қанат бітіргендей, мына жыл бойы жіпсіз байланған орыннан Күншайым қолтығымнан жебеп, көтеріп, тауға шығар жолыма қайта табыстырды.

* * *

Сол жылы ұзаққа созылған шуақты қара күз қарашаның соңында тасбақаша тырбындап тау-тасқа тоқтамайтын “ГАЗ-67” дейтін кішкене “өлермен” машинасын мініп, қасында бір саржын борбайы бар сидіған майор орыс жігітін ілестіріп, біздің ауданның оянккомы капитан Өтепбаев Оңберген келді.

Келісі қызық: Шымкенттің обл оянккомы — Тәшкенде өкріктің үлкен бір генаралына азу тісін ақситып зор қабанның басын апарып сыйламақ екен. Соған мына Белкевиш дейтінін қосып, оянкком Оңбергенді жұмсапты.

Оңбергенді ауданда тұрған жылдары мына Ерболған мен Еркінбектер білсе керек. Өзі Кіші жүз — Адай елінен шыққан домбыраны сылқылдата шерткенде, он саусақтан нелер күй төгіліп жатқан — ересен бір сері азамат еді. Біздің үйдің төрінде ілулі тұрған жерінен кішкене шанакты өрік ағашынан шауып жасалған қоңыр домбыраны қолына алып, құлағын келтіріп келістіре шерткенде, әлгі қой басындай қара ағашқа жан біткендей болушы еді.

Ал, анау Белкевиш болса, осы кезге дейін мылтық ұстаған алыс-жақынның қаншама тауқұмар аңшы-мергенін көре жүргенде мұндай “езіп ішкен” Жансебілді көрген емеспін. Алғаш мына үй алдында кездесіп, сәлемдесу үстінде — тотияйындай өткір екі көзі мына таудың ішін ішіп-жеп, жемтігін сезген лашын құстай жалтақтап тұрды, — азамат.

— Ал, Әбеке, деді Оңберген амандық, жай сұрасып болғасын. Мынаның атасының малы қайда екенін нұсқап жіберіңіз — жердің түбінде болса да иіскеп жүріп өзі табады.

— Ал сіз екеуіңіз әңгіме айтып, жан күте тұрамыз, — дейді.

Сол Белкевиш — өзі қыр асып, Қызылбұлақтың итмұрын-бүлдіргенді қалың бадалына барыпты да, сонда бастау-бұлақтың шалшығында аунап, әбден бордақы боп семірген тау шошқа табынынан бір нән қара қабанды жайратып, —

алты бұттық доңызды жарты жолға өзі сүйреп, қалған жолды біздің көк есектің беліне қайыстыра артып әкеліп, есіктің алдына гүрс еткізді.

Жұмыс тынған, көңіл тоқ, ертеңгісін шай үстінде қонақтар менің мына сыңар аяқты мүсәпір халіме қатты көңіл бөліп:

— Сіз орман күзеткері, есептегі еңбек адамысыз. Бұлай харакетсіз отыруға болмайды. Сау кісіге — аяқ деген де сөз бе, мұны түзеп алуға әбден болады. Біз мәселені тиісті жерге қоямыз — деп кетті. Солардың себебі қой, әрине, кешікпей обл сабездің адамы келіп, мына шегірен етікке бекіткен пратез аяғымды жалғап берді. Ақсап басатын аз кемісі демесек, аяқты тіреп басып, ат-көлікке өзім мініп-түсетін болып, қатарға да қосылдым.

Менің сол күндерге шейінгі бар тауқымет-міндетімді құдайдың жақсылыққа жаратқан жаны Күншайым көтерді. — Амал не, өкінішсіз өмір жоқ, сол асыл жан жарық дүниеге соғыстан кейінгі жалғыз қара домалағын әкелді де, өзі өмірден өтті. Айла-шарғысыз қиын халде қалғанда құдайдың маған деген шексіз сыйлығы — мына ас-су әзірлетіп, аяғынан тік жүрген Биекем келді де, өшкенімді өндіріп, кемтігімді толтырды. — Туған елдің тұзы бұйырып жалғыз аяқ, қос балдақпен Қаратаудағы мына мекенжайға келгенде мен өмір дейтін өшпейтін құдіреттің тірегі — әйел затының қолымен бір сәтке де суымайтын ыстық жан-тәнімен жасалған осы кереметті көрдім.

Әңгіме ағысына қарай осы сәтке дейін әрдайым байсалды, бапты көрінетін Мәди аға бет-бейнесі сәуірдің көшкен бұлтындай сан өзгеріп, әлде бір шақта:

— Ее, солай деңіз деп ыңырана толғанып отырды да: Сіз Әбеке, адам баласы бастан кешетін ұлы жолда бәрін көрген, бәріне төзген шын мәніндегі бақытты адам екенсіз. Сіз бізге адамның, әйел затының Ұлы қасиеті жайында керемет дастанның тек беташарын айттыңыз. Мына бала, деді Мәди аға мені ишаратпен көрсетіп, осы таудың, осы елдің баласы. Сол ұлы дастанды, өмірдің сарқылмайтын жырын алдағы кезде осыған айтыңыз...

— О, не дегеніңіз, Мәке, — бұл бала бізге бөтен емес, өзіміздің тау баласы. Сырттай білеміз. Өзіңізбен бірге екен, жүдә жақсы. Тау құмарлығын, мылтыққа икем екенін де білеміз. Тау ішінде мылтық даусымен жаңғырығып сөз де

жатпайды. Мына Ерболған досы бастап барып, мына қыр астындағы Кіші Шаян басындағы Қырқымбай көкесінің көк есегін жеген екі көкжалды атып бергенін де білеміз. Осы жолы мына өзіңіз бен Ерболған бастап келіп қалған екен... Жә, жай сөз ғой, менікі.

— Бұдан былай келіп жүрсе де кештік етпейді. — Солай ма? — деп Әбдікүл көке күн қақтап, жел шындаған қоңырқай ашаң жүзін мен жаққа бұрып, отты жанары жылышырайланып, күлімсірей қарады.

— Солай аға деп, кінәлі жандай бас изеп, жалғыз сөз — жай жауаптан өзге сөзге бара алмай, үнсіз қалған едім.

— Әр нәрсе өз кезегімен деген. Мына тау орнында тұрса, тауда өскен баланың екі көзі таста болады емес пе? Бұл балаңызбен талай тұзды бірге татып, талай-талай әңгіменің дүкенін құрамыз әлі...

Әбдікүл көке сөзіне осылай нүкте қойып, қонақтар ертеңгі саят-сапары алдында тыныс алғалы тысқа шықты. Айнала құзар биіктер қоршаған тас бұлақты аңғардың шырқау биігі — қарабарқын аспан жүзі самсыған — сансыз жұлдыздарға толған. Еркін дүниенің ересен бір сұлу түні.

ҚИСЫҚ МӨШКІ

(екінші әңгіме)

Әбдікүл өзіл айтса да, көңіл-көкейдегіні айтыпты. Бұған шейін осы Қаратаудың шығыс тарабы — Боралдайдың Ақшоқы, Байқалмақ, Бұғамал, Шыңбұлағы мен Күнгеідегі үш сүңгісін атпен шолып, жаяу кезіп, оның көрікті-көркем көрінісі, жанды-жансыз табиғатын көзбен көріп, көңілде жаттап алсам да, алғашқы сапар — жолда тек шет жағасын көріп қайтқан “Үлкен Шаян” теріскей Қарашат тау тарабы күндіз естен, түнде түстен кетпей-ақ қойды.

Арада қыс пен жазды өткеріп, жаңа келген сары күздің тамылжыған шағында өзіме жан-жаратылысы жақын, қарайлас жүретін ауданның жаңа военкомы Қожамбердин Дәулетхан исполкомде өткен бір мәжіліс соңындағы оңашада:

— Ертең күн жексенбі, уақытты қор қылмай, көлік даяр, тауға тартайық, — деп сыбырлады. Оның тау дегені — өткенде, “облыстық газетте” менің көлемді очеркімде басылған

“орманшылар” ауылы ғой, әрине. Оның үстіне мына Дәулетхан өзі де жолсерікке, сыйластыққа ағынан берілген үзеңгі жолдас, таза әңгіменің адамы. Орайы келіп тұрған мынадай сәт сапарға не айтарсың.

— Е, ойдағыны дәл таптың Дәуке, кеттік, — деппін.

Дәулетхан майданға жаңа ілінген комсомол жасында аттанып, соғысқа соңын ала қатысып, аман қалған, соғыстан кейін әскери академияда оқып, Тәшкентте Түркістан әскери округінде қызмет атқарған майор шеніндегі аса білімдар зерделі-зерек азамат еді. Өзі барлық іске барынша ұқыпты - мүстәккам, көп оқып, көп білетін аса пайымды-пысық еді.

Аз-кем қауырт әзірліктен кейін сол күні жолсерік атқосшыға мекеменің шаруа ісіндегі икемді Бай жігіт атты жігітін қосып алып, аттанып кеттік.

Откен бір жылда орманшы ауылы — аймағында көрер көзге өзгеріс бола қоймаған. Баяғы шағын үй, ықшам шаруа. Әбекең мен Бибі жеңешеміз үйелменімен шұрқырай табысып жатырмыз.

Кешкі қонақасы, асықпай ішілетін қазақтың шайынан кейінгі сөз — ертең бет алып шығатын аңшылықтың жол-жобасы, оған алып шығатын мергендік қарудың жай-жағдайына ойысты.

“Тигіштігін сынап көруге” осы сапарында алып шыққан, әлі қолға ұсталмай, тіпті зауыт майы сүртілмей соғыс жылдарынан қалған екі әскери винтовканың сыртқы орамасын шешкізіп, “міне, көріңіз” деп Әбекеңнің алдына көлденең тартқызып еді, Дәулетхан. Оған әйгілі мерген бір қырындап шаншыла қарап біршама отырды да:

— А, шіркін бесатар, соғысқа жаралған сен енді, елге де жеткен екенсің. Үш жыл жаумен жағаласып жанкешу жолда жүргенде ажырамас серік боп қолымнан түспеп едің. Сенімен осы тауда қайта кездесермін деп кім ойлапты...

Бұл жарықтық бүгінде тек мына Дәукеңдердің қолында, былайғы жұрттың қолы жетпейтін — теберік. Ал соғыста қынадай қырылған адаммен, азаматпен бірге шашылып қай шұңқырда қалмады. Ал мына біздің Еркінбектер қару деп “мелкаш” дейтін торғай түсірер теміртекті ұстап жүр. Ал қаншама қанжалаған винтовканың көкесі, шіркін су жаңа күйінде, Дон дариясының түбінде жатыр.

— Я ыр-ай, Дон дариясы дейсіз бе?

— Иә, солай. Қырық екінші жылдың қара күзі — қазан айының қалың ортасында Қазақстанда жасақталған сан мың әскер Башқұртстанның Алкино стансасында үш ай дайындықтан соң Мишуринск, Тамбов арқылы Ороножға (Воронеж) таяу Дон дариясының жағасына, — майдан шебіне келдік.

Дарияның арғы беті оқ бораны үздіксіз боздап-борап тұрған жаумен жанталас ұрыс жүріп жатқан аядай ғана жер екен. Інір қараңғысын жамылып, аспалы көпірмен арғы бетке өтіп, қатары сиреп, алдыңғы шепті өзер ұстап тұрған әскер тобына қосылуға тиісті екенбіз.

Бергі беттегі бір кезде сиыр фермасы болған үлкен қора-жайда оқ-әбзел, атыс қаруларын қамдап, оққа ұшып өлгенде кім екенінді анықтап беретін “ішірткі” қағаз салынған сүк саусақтың басындай қара құтышаны төс қалтаға салып, мынадай найзалы бесатарды иыққа асып, сапқа тұрдық. Алдыңғы түнек түнді аққан жұлдыздай тілгілеп, жарқырауық оқтар ағындап жатқан бір алапат кеш еді.

Берілген белгімен взвод-взводпен шұбап дария жағасынан екі жаққа кере тартылған білектей жуан темір арқанға бекітілген аспалы тақта көпір үстіне шықтық. Көпірдің тақтай-тағаны көп аяқтың салмағымен су бетіне батып-шығып лықсыған солқылдақ көпірде қаздай тізіліп келе жаттық. Алдыңғы жақ көпірдің орта тұсына ілінген шақта дарияның өр жағынан шарықтап ұшқан ракета төбеден төне қалықтап айналаны “ине көрінетін” тал түстегідей жарқыратып жіберді.

Сол-ақ екен, қыр жақтан сақылдап, қиялай соққан пулемет оқты бұршақтай боратты-ай келіп. Сол сәттегі айтып болмас сұмдықты мына көзбен көруге жазған екен.

Толарсақтан суға батып-шығып толқыған көпір үстінен көбісі тіл тартпай мүрттай ұшып, жарадар болған жас-бозымдар арқалаған оқ-әбзел, асынған қаруымен бірге құлындай шыңғырып шымырлаған қанды толқында қолдарын бұлғап, шым батып кетіп жатты.

Зулаған ажал оғы астында басы мен аяғы суда, өзі тар көпірдің үстіне көлденең асылып қалған қайсыбір өліктерді сүріне аттап өтіп, тірі қалғанымыз арғы жағалауға іліндік. Сол жерде шағын жарлауыт астын паналап көпірдің арғы басында тұрған бір жас лейтенант бізді жинап, қараңғы жардың астын жағалап біздің армияның немістермен бетпе-бет тұрған алдыңғы шебіне алып шықты.

Қаранғы түнді жамылып, атыс ұяларына жайғастық. Білетіндер сөзіне қарасақ, біз іргелес Сталинградқа теріскей жақтан өтуге жанталасқан немістерге қарсы мықты қорғаныс шебіне келген екенбіз. Осы қорғаныс шебі біз келгенге дейін бірнеше рет қолдан-қолға өтіпті. Айнала толы шашылып жатқан соңғы шабуылда қырылған, түнгі аязбен серейіп қатып қалған неміс әскерінің өлігі. Қарсаңда қар жауған, күн суық. Траншейдің табаны тоң, көк мұз. Немістердің алдыңғы шебі таң жарығымен жап-жақын жерде қарауытып көрініп тұр. Таңның атуымен аңдысқан жаумен қит еткен басты қиып түсіретін жекпе-жек атыс басталды. Траншейдің тайыз жиегіне солдаттар немістердің өлігін қатарлай-қаластырып, өлі денелермен биіктетіп алыпты. Сіресіп қатқан өлі денеден оқ өтпейтін көрінеді.

Алкинода елде бұрын аң аулаған мергендерді жиып оқытқан сынайперлік сбордан өткеніміз есепте екенбіз. Менің қолыма оптикалы бесатар беріп, арнайы дайындалған жасырын атыс ұясына жайғастырды. Қаратаудың қызық үшін аулаған қасқыры мен қабанының орнына енді аңдысып адам аулайтын күндер туды. Жауды көп жойған атақты мергендердің даңқы жер жарып тұр. Зайцев дейтін мерген жалпы есебі 300 (жарты батальон) жаудың көзін жойыпты. Әбдібеков дейтін қазақ жүз отыз немісті жер жастандырыпты.

Немістермен аралық небары екі-үш жүз қадым. Мұндай жерде қарауылға ілінген бастың алмадай ұшары анық. Атқан сайын бір неміс жалпасынан түсіп, қайта бас көтермей қалып жатары күмәнбыз, - соғыстың біз көрген, басымыздан кешкен аяусыз, сұмдық заңы осындай еді.

Қырық үшінші жылы қаңтардың соңында Сталинградтағы немістерді қоршауға алатын жаппай шабуылмен қат-қабат онымен іргелес біздің атақты қолбасшымыз Рокоссовский бастаған Дон майданының жаппай шабуылы да басталды. Таңсәріде Донның шығыс жақ бетінен күндей күркіреген Катюша, зеңбіректердің оғы жау қорғанысының ойран-ботқасын шығарды. Зеңбірек атысы басылған сәтте уралап алға ұмтылды.

Енді неміс жағы жанталасып, арғы шебінен бар қаруынан оқ боратты. Жаудың бергі шебіне жетіп-ақ қалғанда әлдене, сол жақ қолдың қарынан тоқпақпен періп жібергендей шыр айналып, шалқамнан түстім. Бір сәт естен танып, талықсып,

қайта ес жиғанда аққан бір тамшы қан жоқ, сол қолым иықтан төмен зіл батпан жансыз-үйіп қалған екен.

Кеудемді сүйреп бір жамбастап мина қопарған шайла орнындай жас топырағы бусанған терең әңкүшке жетіп құладым. Сонда шалажансар жатқанда ымыртта жинағыш санитарлар келіп сүйреткішіне салып Дон жағасына жеткізді. Сол жерден сүйемелдеп, көп жаралылар ішінде баяғы аспалы көпірмен арғы жағаға өткізді. Сол жерде баяғы сиыр қорада сорттап, жараларды таңып аяғы сау жүре алатындарды жүк полуторқаға сықап мінгізіп, түн қаранғысында жөнелтті. Содан тоқтаусыз жортып, таң ата Мишуринск қаласындағы үлкен армиялық госпиталдан бір-ақ шықтық.

Соғыста не көп, адамды қырып-жоюға қолданатын оқ пен оттың түрі көп. Адамның денесіне уатылып-ұнтақталып енетін “шрапнел” дейтін снарядтің бір түйдегі сол қол шынтағымның сыртынан, былқылдақ-буыннан кеп ұрған екен. Қан тамыры сау, сіңірдің қуысына тереңдеп кіріп кеткен бір уыс майда жарықшақтан сол қол иықтап төмен күп болып ісіп кеткен.

Госпиталда жараның аузын тіліп, магнит тартқышпен тартып, әйнектің бетіне қышырлата-шыпырлата түсіріп, бір атым насыбайдай үйілген темірді көрсетіп:

— Мінеки, солдат, жарақатыңды металдан тазарттық. Енді жазыласың, қатарға қосыласың деді. — Айтқандай-ақ, аз күнде жараның аузы бігіп, қол икемге келгесін, кәмесия бастығы үлкен доктор “хозвзводта” госпиталға жұмыс істеуге қаласын, — деді.

Пар ат жегіп берген кәдімгі төрт дөңгелекті көк арбамен қар астында қыстап қалған, енді күн жылыда жаңадан қазып алып, тау боп үйілген картошкені госпитал қоймасына тасуға шықтым. Жан тыныш, қарын тоқ бастығымның айтқанын екі қылмай жүріп жаттым.

Бір күні ертеңгісін иығыма кезекші - қарауылға берілетін “штыковой карабинімді” асынып, февралдың ортасы шығар, гемекі алғалы Мишуриннің әйгілі түйік вокзалына келдім. Сонда тұрғанымда ұзыннан-ұзақ бір көш болып ылғи тауарный қызыл өгем тіркелген үлкен состав келіп тоқтады. Төменгі табан-ернеуі сап-сары мұз сүңгісі шашақтанып-сорағытқан вагондардың биіктегі кішкене тесіктерінен түргүсінен жан шошырлық істиген арық мұрындар, тарбиған сап-сары тарамыс қолдар көрінеді. Сол тесіктен сыртқа қаңғырлаған бос каталектерін тастап “сниг-сниг” деп шулайды.

Паравоз түтінімен ысталған стансада қайбір оңған таза қар болатын еді. Домалап жерде жатқан бос каталектердің екеуін шеткері күреп тасталған, шемен боп қатып қалған ескі қарды өкшемен теуіп, отырып, мұз аралас сары қарға толтырып, оны мылтығымның штігіне іліп, тесікте таласармысқан қолдарға беріп жатқанымда арт жағымнан біреу келіп, аш белімді қайқаң еткізіп, бөксемнен теуіп кеп жібергені. Жалт бұрылып қарасам бір жас орыс лейтенанты:

— Итти-о майт, дурак, кому ты помагаиш — деп, ежірейіп тұр.

— Ой, извини тауарыш лейтенант деп сасқалақтап қалдым.

— А ну-ка, марш отсуда, — дегесін бөксені бір сипап, тайып жөнелдім. Сөйтсем, Сталинградта қолға түскен тоқсан мың неміс армиясын тиеп, Сібірге әкетіп бара жатқан көп составаң біріне кездескен екенмін. Әлгі іші жанып, шөлдеген сорлы тұтқындар бойы жетпейтін биіктегі тесікке өліктерінің үстіне шығып, қолы жеткен мұз-қарды шеңгелдеп, таласа асап жатты. “Сәбетті жеңеміз” — деп желігіп келіп, осындай күйге түскен бейшаралар. Сол бір жылы біз көрген соғыстың бет-әлпеті осындай еді.

* * *

Адам жылқы мінезді. Аз күнгі еркін дүниеде елдегідей алшаң басып жүргенде гүлденген жаңа мамырдың басында көмесияға түсірді.

“Строевой годный” деп таңдап алынған топтың ішінде қайтадан “қанды майдан қайдасың” деп жөнелдік.

Біздің әскерлер Сталинградта беті қайтқан жауды тықсыра қуып барып, Белгородка жақын жерде оборонда тұрған өзіміздің 41-ші гвардейский дивизиямызға қайта қосылдық.

Біздің сорымызға қарай, рота командиріміз Тохбатулин дейтін татар капитан солдатқа жайсыз, бетінен ызғар шашқан, кісәпір адам екен. Қит еткенді жазалауға даяр тұратын қаталдығына лажсыз көніп жүрдік. Тірі адамның қайда жүрсе де сөз — күлкісіне тыйым жоқ. Бірде каталөктен ботқамызды жеп, топтанып темекі тартқан кезде, қайсыбір қу тілді солдат капитанның орынсыз содырлығын сөзге тиек етіп шулата күлдіріп еді. Соны құлағы шалған капитан, бұл неткен күлкі, деп өзіне жарамсақ біреуден сұраса: Аналар сізді — “татар, өзі қатал, мінезі нашар” деп мазақтайды, депті. — Сол тұста

көзіне мен түсіп қалған екенмін. Шегір көзі шатынап, маған ызғарын төге бастады.

Бір күні дивизия қоймасына өзі бастап, қару “боеприпас” алуға төрт солдат, екі ат арбамен бардық. Патрон, гранат толы жәшіктерді арбаларға сықай толтырып, жүргелі жатқанда, тоқта солдат, деді. Тоқтадым. Гранат толы екі бұттық тағы бір жәшікті көрсетіп, — көтер, деді. — Көтердім.

— Қайда апарамын тауарыш капитан? — деп едім.

— Берлинге шейін!

— Құп болады, Берлинге апаруға, — деп, әлгі зіл батпан жәшікті екі құлақшасынан екі қолыммен көтеріп, талтақтадым да қалдым.

— “Марш” деген командамен арбалар жөнең кетті. Әлгі жәшіктерді көтерген күйі талтырақтап, екі көзім жасаурап мен қалдым. Ішіне ажал оғы толтырылған ауыр жәшікті жан терге түсіп жалғыз көтеріп, төрт шақырым жердегі рота блиндажына әзер жеткіздім.

Мені әлгі азапты жүгіммен Берлинге шейін алдына салып айдап бармақшы болған капитан сорлы, Берлин түгілі оның ширек жолын да көре алмады.

Шабуылдың кезінде алынған деревняларда солдат сорлының іздейтіні тамақ. Белгородтан жүз шақырымдай ұзап, немістен жаңа босатылған шағын көше, он шақты үйлі деревняда тоқтадық. Реті келсе ыстық сорпа дайындауға картошкі іздеп, бір кемпірдің ауласындағы погребтің төбе-қақпағын ашып қалсам, ішінде бұғып, екі көзі тұздай, мұрындары біздей, жап-жас екі неміс солдаты отыр. Қақпақты тарс еткізіп, жауып жіберіп, жүгіріп жақын тұста, көшеде ішінде ротный капитанның өзі бар топтанып тұрған төрт-бес штабистерге бардым.

— Кәне-кәне десіп, әлгілер погребке келіп, әлгі екі солдатты желкеден сүйреп, сыртқа, көшеге алып шықты.

— Полковой штапқа әуре боп бұл екеуін айдап апаратын уақыт жоқ. — “Приказываю застрелить”, — деді капитан. Бұларды мен атам деп ешкім шыға қоймады. Ашулы капитан, әлгі уыздай жас екі солдаттың “майн-юнге”, - “рус гуд” — деп қолдарын көтеріп жалынғанына қарамай капитан итермелеп ашық алаңқайға алып шықты да жамбасындағы қайыс қабынан тапаншасын суырды. Небары төрт-бес қадам жерде талтайып тұра қалып, екеуін қара құстан дәлдеп екі атты да, серең еткізіп,

сұлатып салды. Пистолетін қабына салып, бұрыла бергенде әлгі капитан көз алдымызда кіржің ете қалды да тәлтіректен барып, әлгі екі өліктің жанына үшінші болып өзі құлап түсті. Неміс снайперінің қатесіз оғы дәл самайдан ұрып, сорлы капитанның миын шашып жіберіпті.

Село-деревняларды тастап шегінген немістердің белгілі-биік жерден құрбандығын таңдап атуға “Кукушка” дейтін қарауыл снайперін қалдырып кететінін естуші едік. Мына жай мұндағыларға естен кетпес ащы сабақ болды.

* * *

Капитаннан айырылған қайғымыз жаңа келген жас командиріміздің жақсылығымен жуылды. Жиырманы енді орталаған келбеті келіскен старший лейтенант орыс жігіті — пәмилиясы Майоров еді. Соғыста жүр, демесек өзі, серуенде жүргендей сері, кеудесінде қызыл ордені жарқырап алшаңдай басқан азамат дәл бір тойда жүргендей мойнына асып тартатын гитарын ала келіпті.

— Как братси, деп ыржияды да тұрады. Мұндай жылы жүзді бауырмал адам болар ма! Әкеміз келгендей жанымыз жай тауып, мына қиын соғыстың ауыр жүгін бір күдірет арқамыздан алып тастағандай мәре-сәре жайлы күйге кенелдік. Оның екі сөзінің бірі — ребята, мақтау сөзі — маладес! Оборонның тыныш күндерінде әскери тәртіп, жауынгерлік бірлік жайлы әңгімелер өткізіп болғасын өзі әр кез өнеге қылып — мақтанышпен айтатын ірі генерал Рокосовскийдің қолынан алған жағасында қызыл ордені жарқыраған әписерлік кителін блиндаждың төріне іліп қойып, жез шекті қоңыр гитарын шерте бастайды. Жайлы, қоңыр даусымен өуен сазына қосылып:

Шумен сурова Брянски лес,

А, командир сказал — громит,

Громит закбатшиков ребятаа! — деп баяу әндетіп отырар еді.

Ол келген күннің ертеңіне біздің взводтан қалған жиырма үшті көз қарағынан өткізіп, мені алдына шақырып: “Будеш моим ардинарсем” деп, өзіне жақын көмекші ғып алды. Бастығың жайлы болғасын оған жаныңмен берілесің ғой. Оның да ретін бір құдайдың өзі келтіріп тұрады. Курскідегі сұмдық қырғында қырылған жаудың қалдығын қуып, белден-бел, қырдан-қыр асып талай жерді басып, бір шағын деревняға

келіп тоқтаған едік. Осында бір апта еру боп тұратын болдық. Деревняда түгін түтеткен төрт-бес үй көрі-құртаңнан өзге пірі жан қалмаған. Солдаттар сондағы өрт шалмай аман қалған мектеп жайына, біз командиріміз екеуміз шағын крістіян хатасына жайғастық. Сол күні таяудағы қалың қайың орман ішінде егесіз-қаңғып жүрген бір аппақ қардай әдемі ешкіге кез болдым. Лағы қайда екені белгісіз, желіні қып-қызыл боп сүт кернеген жануар мені көрген жерде мекірене, маңырап қасыма келді. Белдікте ілулі даяр көталөкті тосып, саусам, жануардың сүті ағып тұр. Көталөкті қолға алып, ешкіні мойнына белдікті тағып жетелеп жатын-жайға алып келіп, алдына бөлке нанның қалдығын, көк шөп салып, ертелі-кеш екі мезгіл сауын-сауып бал татыған ақ сүтке кеңірдіктен тойынып бір қызық рақатқа баттық.

Үлкен сырлы крошкеге толы піскен сүтті алдына қойғанымда командирім көңілдене жарқырап:

— Ох, это здорово, прекрасно, где ты достал такое богатство деп мәз болды. Бар жайды түсінген ол, маладес — деп риза болып, арқамнан қақты. Осылай соғыстың қиян-кескі жолында естен кетпес апта-күнді өткеріп, (өлгі жануарды сондағы бір жеке басты кемпірге сыйлап) жорықтың жосынды жолымен батысқа жөн тарттық.

Тамыздың соңына таман Брянск бағытында тағы да қиян-кескі шабуыл басталды. Сол күндері біз аты шулы қаланың шығыс тарабында бір ұзын жотаға қарама-қарсы алдымыз табиғаттың өзі жасап қойған жар-тосқауыл шағын белесте қорғаныс шебінде тұрған едік. Разбетшіктер хабарында немістер қарсы шабуылға шығады екен деген сөз тараған. Сол қауесет расқа айналған жайы бар. Таңертеңгісін батыс жақтан зеңбірек ұзақ дүмпілдеп, бір кезде біздің сол қанаттағы әскерлер жапа-тармағай шегініп, оның ізінше жаудың бірнеше танкісін алға салып, жаяу әскері шұбап өтіп жатты. Осыны көрген біздің взвод солдаттары қобалжып қорқа бастады. — Осыны командирге айтып едік, ол:

— Ни шагу! Отступат не будем. Будем держатса, — деп сөз кесіп тастады. Өзі пулемет лентасындағы оқты “адиношка” етіп тізуге бұйрық беріп, немістер көрінсе, менсіз оқ шығарушы болмандар, деп блиндажына кіріп алып, екі қолды желкесіне қойып, тас төбеге қарап, ыңылдап ән салып жата берді.

Біз бұйрықты бұлжытпай орындап, құлаш-құлаш оқ лентасын дайындап, екі көзіміз жау жақта ішімізде әлденеге үркіп “е құдайлап” отырмыз. Дәл осы сәтте алдыңғы жақтан күркіреген мотор даусы естіліп, қырканың үстінен немістің бір бездеход жеңіл машинасы шыға келіп, қырканың қыр-арқасына тоқтады. Машинадан үшеу шығып, ортасындағы сидиған біреуі қолына дүрбісін алып, талтайып, біздің жаққа шаншыла кеп қарады. Сол кезде блиндаждан атып шығып, станковой пулеметке отыра қалып біздің комрот, — жеке атар прицелмен тақ-тақ-тақ еткізіп үш оқпен әлгі үшеуін жайратты да тастады.

Төбеміз көкке жете қуанғанымыз сондай шыдай алмай “Ура” деп айқайлап жіберіппіз. Ал, Ком Рот “Тише, не шумите” деп жекіп тастады да, пулемет лапетіне қайта шаншылды. Бұл кезде әлгі үшеудің жер жастанғанынан хабарсыз немістің басында темір телпегі жалтылдаған жүз қаралы әскері қырқадан асып, алшаң басып, автоматтарынан тырылдата оқ жаудырып келе жатты.

— Осы кезде, “прицел прямой, по врагу огонь!” деп команда берген КомРот, пулеметін шапшаң атысқа көшіріп, ұзын-қысқа оперетпен, немістерді баудай түсіріп, жайпады-ай, келіп. Бірде-бір неміс біздің шепке жете алмай, қырылғаны қырылып, қалғаны жандалбаса шегіне қашып, қырдан асып жоқ болды.

Сақтаушы құдай сақтаймын десе, өз қолында. Екі солдатымыз жеңіл жарадар, қалғанымыз дін аман алдыңғы шептен бір қадым да шегінбей, жаңа таңды көңіл орнығып қарсы алдық.

Таң саз бере артқы жағымыздан күндей күркіреп катушалардың таныс даусы естілді. Жұлдыздай ағып, төбемізден асып зулаған катуша мен зеңбіректің оғы арғы бетте жау ордасын ойрандап жатқан сияқты. Кешегі кеткен жолымен кері шегінген немістің тамтығы қалған әскері шұбап қырдан асты. — Кешікпей жер сілкіндіріп танкілерін қаптатып, шабуылға шыққан біздің әскерлер де келіп жетті. Ат төбеліндей қатары селдір бір ротаның жауды қырғынға ұшыратып, қорғаныс шебін қорғап қалғаны полк, дивизия, одан жоғарыға жетіпті. — Кешікпей ержүрек командирімізге “Батыр” атағы берілді. Амал не, сол ер азамат алтын жұлдызын кеудесіне таға алмады. — Брянскіні алу үшін

болған алапат шабуылдың кезінде қапылыста мина жарылысынан мерт болды.

“Шумел сурово Брянски лес” – деп, толғана ән салып, өзінің туған өлкесі Брянск жеріндегі кіндік қаны тамған селосын азат етуді армандаған азамат сол арманына жете алмады. Командирімнен айырылып, мына әділетсіз тағдырға іштей налып жүргенімде, менің де соғысқа арнап өлшеп берген күндерім таусылып қалған екен. Қаланың күншығыс шетіндегі кант зауытына қарай жасалған шабуылдың кезінде мына оң аяқтан айырылдым.

Жазым болса амал не, жаудың алдыңғы шебін зеңбірекпен төмпештеп, самолетпен бомбылап болғасын, көкала түтін арасында “уралап” келе жатқанбыз. Жаудың траншейіне жетіп қалғанда бомбы қопарған бір үлкен әңкүште бұғып жатқан көзі тұздай жап-жас неміс солдаты үстіне келіп қалған маған қолындағы шолақ автоматын атқалы бұра берді. “Уйи, тоқта!”, — дегенімше болмады, “Тррр” дегізіп, орды да тастады. Қатты ашуланып, “Жастығымды ала жатайын” деп екпінмен әлгінің үстіне жете құладым. Сирағынан ұстай бергенімде әлгі ку томардай қайыс бөтенкесінің бірін оң қолымда қалдырып, әңгүш жиегінен өрмелеп, асты да кетті. Оң аяқтың жіліншігінен бірдей тиген төрт оқ сүйектің күл-талқанын шығарыпты. Қайта құрастыруға келмеді. Саратов госпиталында сегіз айға созылған аяқтың жыры солай тыңды. Содан бері мінеки, он төрт жылдан асып барады екен. Аяқтың жайы белгілі. Ал мына одан жыл бұрын Ороңыз түбінде, Дон дариясының арғы бетінде сол қолымның шынтағынан тиген соққының жыры осы күнге шейін таусылар емес. Жыл сайын көктемде жер тамыры босаған кезде, мына шынтақтың сырты жылымшылап, суланып, қыши бастайды.

— Әй би-еке мынаны қарап көрші деймін.

— Ее, тоқта, мына біреусі жылтырап келіп тұр, аз шыда, алып тастайын деп, ине жуалдызбен қарасы бидай, тарының дәніндей темір жарықшағын қышыр-қышыр шұқылап, ақ қағаздың бетіне тырс-тырс түсіре бастайды.

Сол соғыстың үні өшкелі көп жылдар өтсе де, бәрі таусылса да, мына қолдың жұмсақ жігіне кіріп алып ұя салған неміс темірінің қиыршығы таусылар емес. Адамның жан жарасы жазылса, сырттағы келер-кетер тән жарасы нетер дейсің. Ол жай, айтар сөзге ғой, әншейін...

Әбдікүл осылай деп тұнжырап, темекісін будақ-будақ түгіндетіп біршама үнсіз отырды да, кенет қалғып кетіп селт оянғандай:

— Ал кәне, сол соғыс жылдарынан қалған мына теберіктерді көрейік, деп, алдында жатқан бесатарға қол созды. Оның бірін шам жарығына бұрып сығалап, мойын, құндағын алақанға салып сылап-сипап біршама отырып:

— Бұл жарықтықтың жол-жобасын іс жүзінде көреміз. Әзірше қозғамайық. Ертең өзінің қаншалықты екенін, шама-шарқын көрсетеді... Адам қанын жүктемей, соғыстан қалған, аман қалған жарықтық.

Әбдікүл көке анық байқапты. Соғыстың қайнап жатқан гүсында “Мемлекеттік қорғаныс комитетінің” қақызымен 1943-ші жылы миллиондық партиямен “Ижевск” қару зауытынан шығып, “Оңтүстік Батыс” майдангер армия тобының Саратовтағы жерасты-тылсым қоймасында “запаста жатып, тағдырының пәни себебімен адам қолына берілмеген “бейкүнә” теберіктерден еді.

Қаншама жылдар түнекте тыныш жатып, енді өзінің қабілетін, “тигіштігін” жауға емес, Қаратаудың қасқыр, қабанына, ретіне қарай атылар, заманынан қаншама аңшы-мергендердің арманы болған жолы қиын, оңай алдырмайтын арқар құлжасына жұмсалатын мына жекеауыз бесатардан қозғалып ұзақ айтылған Әбдікүлдың әңгімесі, сол соғысқа жуадай жасында аттанып, қайтып келмеген қатар өскен қанаттас аға-достардың бейнесі көз алдыма елестеп, талмаурап ұзақ жатып ұйқыға кеткен екенмін. Дабыраған дауыстан оянсам, үйдегілер түгел көтерілген. Байжігіт Дәулетханға тиесілі бесатарды шүберекпен ысқылап-сұртып, қарауыл атып көруге әзірлеп жатыр. Ал, Әбдікүл қолына тиген сарымойын бесатардың затворын суырып жерге қойып, ашық стволды ағаш орындыққа жатқызып, оны әктелген үй қабырғасындағы ноқаттай қара даққа туралап, ұңғыдан сығалап көріп, қолына үшкір егеу, балғасын алып, егеудің үшкір басын жылжымалы мылтық мүшкесінің (қарауылының) түбіріне тіреп, сол жағына жылжытып, тық-тық ұра бастады. Ұрған сайын мүшкі бір шетке әнтек ауысып күлкі шақырып, тым оқшып кетті.

Осыны көріп отырған Дәулетхан:

— Оу, Әбеке, мүшкеліз тым қисайып кетті ғой. Мынадай

қисық мүшкімен қырға қалай шығасыз. Бұлай әуре болғанша, тысқа шығып, мишен атып, көріп алмайсыз ба, — деп еді.

Әбекен:

— Мишенді сендер атыңдар. Маған осы “қисық мүшкі” жарайды. — Босқа оқ шығарудың керегі не деп, қисық мүшкелі бесатарын жолға оңтайлап қойды.

Тауға шығудың жол-жобасы жасалды. Мылтық екеу, шығатын талапкерлер алтау екенбіз. Дәулетханды бетке ұстаған жасамыс екі ақсақал жол білетін Шекербек пен Адырбектің тобы Асубұлақ, Қарасай жағын шолатын болды. Әбдікүлға ілескен Байжігіт екеуміз бас жағы “Кіші шаянға” астасатын Көгіреңкінің ұзақ сай-шатқалына баратын болдық. Ас-ауқат қоржын-қосқалақты атқа салып, екі топ екі тарап жолға шығып аттандық. Әбдікүл өзінің тауға мықты аяншыл күрең төбелінде, мен Демеу атайдың Сүлеймені мінгізген жиренқасқаның үстінде, Байжігіт “маған осы болады” деп өзі қалаған белі мықты, жүрісі жайлы қара есектің арқасына қонып, “Үлкен шаян” аңғарының сол жақ қапталынан басталатын Катренкі саласында қаншама замандарда өшпеген тас-тағанды тар соқпақпен келе жаттық.

Аңшының жолы — тау ішінде абыр-дабыр сөз айтылмайды. Ат жүрісін өз еркіне беріп, тықыр-тықыр баяу аяңмен бұралаң жалғыз аяқ ескі сүрлеумен біртіндеп өрлей түсіп келеміз. Шатқал сайдың оң қапталы көбіне айнала түйе-сіңір, тобылғы-тораңғыл, ұшқат бұтасы ұйлыға өскен қалың қаудасынды, шоғыр-шомбал жақпар тасты қойын-қойнаулы қия бет. Ал сол жағымыз оған кереғар — осы шатқал тағанынан басталып, сонау өрдегі жон-жотаға жіңішкере барып ұласып жатқан шиенді боз, жусан, бетегелі құмай тастақты жадағай-жайлы аңғал сайлар.

Әбдікүл бұрынғы түп-түзу мүшкісі (қарауылы) стволдың бір шекесіне ілініп, түсіп қалуға шақ тұрған (көзге күлкілі) бесатарын оң жақ иығына асып, шатқалды өрлеген сайын күрең төбел жүрісін барынша баяулатып, қос қапталға алма-кезек шаншыла көз жіберіп менен небары шылбыр бойы алда келеді. Бір оқыс жайдың боларын іштей сезіп, оның әр қыбыр-қимылын сыртынан бағып, демсіз-үнсіз баяу жылжып келемін.

Бір кезде алдағы кезекті қойнауудың мүйісінен енді айнала бере сол жақ беткейге жалт қараған Әбдікүл, кенет ат үстінен

соншалық көз ілеспес шапшаң, аударыла түсе қалып, (ойпыр-ай, бұрынғы аяқ кемдігінен белгі жоқ) лып беріп, оң жақ қарсы беткейге оң жамбасты жапсыра жайғасты. Сол замат қарасам, — ол, сол аяқтың өкшесін жерге қадап, тізерлікке сол қолдың шынтағын шірей бекітіп, бесатарын өрлете кезеніп қалған екен.

Сол мезет тапжылмай тұрып қалған күрең төбелмен қатарласа ат басын тартып жалт қарағанда көзімнің шалғаны күнес беткейдің қоңыр қойнау бөктерінде бастарын өрге беріп шеңбері қолтық тұстан айналған зор, абажа мүйіздерін бозға төсеп, жусапжатқан әрбірі тайыншадай төрт құлжа.

Қыран көзді мергенді онымен бір мезгілде көздері шалған сақ жануарлар бейне пружинадай атылып, арбандап орғи жөнep, не бары арқан бойы ғана өрлеп барып, (кәтердің не екенін анықтап алатын туа біткен серті мінезімен) көкжал жуан мойындарын оқыс бұрып, тізіліп, ошарыла тоқталды. — Аралық бесатарға түкке тұрмайтын жүз елу қадымдай ғана жер. Осымен бір мезетте мергеннің ажал оғы атылды. Оқтың шығуымен алдынан санағанда үшінші құлжа тәлтіректеп, шомақайып жерге төсеп шалқая берді де, ақ бауыры жарқырап, аунап түсті.

Атырыла үркіп жөнелген үшеуі недәуір ұзап барып үш жүз қадымдай жерде шашырай тоқтады. Сол мезетте екінші оқ атылды. Оқпен бірге кейінгі құлжа мұрттай ұшып, ылди өңгірлеп кетті.

Енді қалған екеуі жанұшыра жөнep, ұзақ тартып, өрлеп кетті де бес жүз метрдей қашықта тағы да бір көлденең тартып кідірді. Кезеніп әзір отырған мергеннің үшінші оғы таудың тұнық ауасын тіліп, зу етті. Үшінші құлжа бүк түсіп, тапжылмай орнында қалды.

Ойпыр-ай, бұл неткен сұмдық! Жалт бұрылып қарасам, мерген орнында, мылтығы қолында, тапжылмай кезеніп отыр. Тым болмаса мына соңғысы аман кетсе екен деп, алғашқы қуаныштан алып ұшқан жүрегі түскір әлде қалай үрейге ұласып, шымырлап кетті. Жалғыз қалған соңғы құлжа өткен көктем, жаздың ұзақ айларында бірге жүріп, бірге тұрған тату серіктерінің анау төмендегі екі аяқтылар жағынан зулаған сұмдық дыбыспен бір мезетте бүк түсіп қалып жатқанына таңдана шошыған шығар, жансауға күйде тоқтаусыз жортып тым ұзап-ақ кетіп еді. Ол аралық жеті жүз метрді алып жатқан

ұзын жотаның жон арқалығына, асу биігіне жетті. Енді бірер орғыса, асудан асып кетер еді. Сол қырқаның қыр арқасында өзіне жаратылыстың берген өзгермес қасиетімен бірер секунд алды-артын шолғаны шығар, алыс көзге шыбындай болып, бұлдырап, мойнын бір қырындай бұрып, кідіре беріп еді. Мергеннің төртінші, соңғы оғы ересен бір қуатпен тау ішін қақырата жаңғырықты. Құлжа ышқына бір секіріп қырдан асып жоқ болды. Аман кетті, құтылды деп тұрмын ішімнен.

Аттан аударыла түсе қалып, мергеннің қасына келдім. Әбдікүл бесатарды оң жағына сұлатып тастап, соңғы құлжа асқан алыс асуға көз тігіп, сазарып, үнсіз отыр. Бет-жүзі құп-қу, екі көзі қанталап, жасаурап кеткендей. Ол үнсіз қалтасынан “Беломорын” алып тұтатып, будақ-будақ түгіндетіп, түнеріп, біршама отырды да, маған жай бұрылып:

— А, Еркін, мына мылтық қағынды. Атасына нәлет, мылтық емес, бұл — тажал! Тажалға кез болған екенбіз. Мұның төртеуі де қалды. Соңғысын да құтқармады.

— Жоқ Әбе-ке, төртіншісі аман кетті. Көрдім ғой мен. Секіріп, асудан-асып кетті ғой.

— Жоқ қарағым. Оқтың жолы белгілі. Кете алмады, құтқармады, мына қанжалаған қара тажал! Көне, болары болды, тұрмайық бүйтіп, жинастырайық. Бұларды жамғаруға аналарға хабар айтайық, — деп сондай бір енжер-делсал күйде ақсақ жағына ауыр теңселе басып, атына қарай аяңдады.

Мынадай қанселеп атысты қара есегі үстінен аузы аңқайып, айызы қана бақылап тұрған Байжігіттің екі езуі құлағына шығып кетіпті. Тайпалған қара жорғасын тебініп, екі жағына сабалай қамшылап, ентелеп келе жатыр.

— Ал, Бай-еке, сен бергісін “аллоуһи-акбар” деп адал бауыздап етекке, таған-жолға жылжыта бер, — деп Әбдікүл атының басын өрге бұрды. Екінші, үшінші құлжаны мұсылман жолымен адал бауыздап, атына қайта мінді. Мен мергеннің сөзін қалайда жоққа шығаруды ойлап, жирен қасқаны екпіндете бастырып өудем жер алда келем. Тебіне ұмтылып қырқаның асу-арқасына шықтым. Өз сырына өзі қанық мерген қателеспепті. Зор құлжа асудың арқасынан небары арқан бойы асыпты да, құмдауыт тақырға жамбастай жығылып, жайрап қалыпты.

Күн кешке тартты. Аңшылар қосынға қайтып оралды. Құдай оңдағанда Шекербек бастап кеткен Дәулетханның тобы

Батпақсу-Изенді, Қарашат-Талдысайдың шатқал сайларын көп шарлап, атқан оқтары далаға кетіп, бос қайтыпты. Қоналқыда айтылар аңшы сөзінің шегі жоқ. Алушы алғанын ала алмағандар көргенін айтып гулеп жататын көбік сөз ғой, кәдімгі. Әсіресе, біздің топтағы Байжігіттің даусы биік. Екі езуі жайылып кеткен, тіпті.

— Уа шіркін, арқарды атса, Әбекең атсын. Міне, мерген деп, осы Әбекеңдерді айтса болады. Жұрт “түзу мүшкесімен” түк бітіре алмағанда, “қисық мүшке” мылтығымен сілтегенін көрсеңіз.

Тек сөзге килікпей сыздана түсіп отырған Әбдікүл ғана:

— Жә, жетер енді. Бұл мергендік емес, кезендінің кезіне кезіккен нәрсе. Дәл осылай түсе беретін болса, тауда аң қалар ма еді.

— Дәулетхан қарағым, — деді Әбдікүл. — Мына мылтығыңның қисайған мүшкесі түзетіліп, өз орнына барды. Бұл мылтықты енді маған ұсынбағын.

Мергеннің жайын зерделі, сезімтал Дәулетхан айтпаса да көріп-біліп отыр. Күзгі үйірге таласатын төрт құлжаның түгелдей оққа ұшқанына жаны ауырады, әлбетте. Тау табиғатынан, арқар атты керемет-келісті жануардың өсу-өну заңынан бейхабар Дәулетхан өлгі қанжалаған жекеауызды тауға алып келгені, оны мына “Отан үшін жанпида” жорықтың жолына бір мүшесін құрбан етіп, қаны төгілген, “жау” деп тағдыр таңбалаған өзіндей алты аласысы жоқ бейтаныс талай жанның басын алмадай ұшырып, өзі қаншама жақын дос, қанаттас, ағайын бауырлардан көз алдында айырылған, тән жарасы мен жан жарасы жазылмаған адамның қолына бергені үшін өзін іштей кінәлайды, әрине.

Бірақ өмір көрген, тау табиғатын, оның жан дүниесін танып-бағумен өмір кешкен адамның ішкі сыры да, мұңы да басқада екенін турашыл тәлімде өскен әскери адам Дәулетхан қайдан білсін.

Көңілдің күйін аспанның ала бұлтындай сапырып жүрегін шымырлатар жай мына зұлымдық пен жауыздықтың қанды жолын кештірген сұмдық соғыстан кейін жойымпаз — жойқын қарудың енді жауға емес, адамның өз үйіне, өсіп-өнген алтын бесігі — тау мен даласына, тіршіліктің тірегіне қарсы бет бұра бастағаны. Оның жай қару емес, тажал екенін Әбдікүл жай сөзбен емес, көзбе-көз іс жүзінде көрсетті. Тіптен

өңгіменің түп-төркіні бүгін бір сәтте, бір орында оққа ұшқан төрт құлжада емес еді, әрине. Құлжа — мына қатардағы Некалай Бурмистров басқаратын үлкен совхоздың жетпіс мың қойынан жыл сайын күзде теріп алынып етке берілетін “басы артық” отыз мың бойдақ қошқары сияқты бәрі түгелдей тұқым өндірмейтін, күзгі күйек тұсында көп күндерге ұласатын жекпе-жек соғысудың кезінде қатардан шығып, апталар-айлар ағымында от оттап, су ішпей арып-ашып қаңғырып, күш-қуатын жия алмаған кәрі-құртаңы ауыр қыста жеке-дара қорғансыз жұтап, аш бөріге жем болатыны да ұлы табиғаттың өз заңы. Әйтсе де одан шығасы мен кірісі тең табиғат ортаймайды, тозбайды. — Оны әскерін қаптатып “қамау жорықтар” жасаған Шыңғысхан мен Ақсақ Темір де, одан бергі қаншама заман ұрпақтары тоздыра алмаған еді.

Ілгері садақ пен тұзақ, кешегі қазақтың “жекеауыз сирақты, білтелі шіті” мылтығымен орыстан келген “сінтралке”, “берданке”-нің тұсында мергендік, аңшылық — ептілік пен ерліктің, көрінбейтін мен ерінбейтін жансебіл жанның ісі еді. Ол енді табиғатқа кешіп жүріп биіктен қарайтын өктемшіл жаңа кезеңмен алмасты. Сол өктемшіл заманның талқысына төтеп бере алар ма екен, мына мың жылдар өз қасиетін сақтап келген тамылжыған табиғат!

Өмір үшін жаралған жан иесінің арзан қанжығада кетері жоқ. Ол жанталас күрестің жолы. Әңгімеге өзек болған сонау елуінші жылдар — Қаратауда арқар мол, кер құлжалардың биікте кердең басып жүрген кезі. Содан бергі отыз жыл ағымында тау бағбаны Әбдікүлға бара жүргенде табиғатпен адам қатысының қаншама таңғажайып жайларынан хабардар болдық.

— Сен әлгі “Кіші шаянда” Қырқымбайға қоңсы қонған қайқыбас Сыдықтың құлжа мүйізінде мүрдем кете жаздағанын естіген бе едің, — деді бірде Әбекең.

— Құлжа мүйізінде? — ойпыр-ай, ө!

— Ендеше, тыңда. Аспанда бертолет, жерде аңдыған аңшыдан әбден зәрезап болған ірі құлжалар бүгінде беталды жансауға қашпай, күз-қиялардың терең тастүнек үңгірлерін паналайтын болған ғой. Содан иегі қышып, бір семізін түсірмек болып, әлгі сор айдаған Сыдық күзгі бүгелектің кезінде Құрсасықтың жалын қиясындағы тас үңгірге барыпты. Түнектің түкпірінен мынадай “нахалды” көріп, зығыры

қайнаған құлжа қалай шыдасын. Шығар жолды аңдып ербиген аңшыны ашулы құлжа атылып келіп, дағара мүйізбен аш белден қайқайта бір соғып, жайратып кеткен ғой. Мылтығы құндағынан опырылып, өзі ес-түссіз шаң түстен жұлдыз туғанша талып жатып, кеудесін есегіне артып, үйіне өрең жетіп құлаған. Солай құдайыға көк серкесін шалып, апталап төсек тартып, әупіріммен тірі қалыпты.

69-шы мешін жылының Қаратауды найза бойы қар басқан қалың қысында, — деді бірде Әбдікұл. — Совхоздың малы шыбындай қырылғанда, арқар жұтаған жоқ. Атан құлжалар оппаны омырауымен бұзып үйірге жол бастап Қарашат пен Аршалының қалың тал, ну бадалдарын паналап, дін аман шықты. Тек сіреу қар басқан жон асуын аса алмай осы маңда Қиымбеттің қиясын паналап жалғыз қалған қақсал мүйізді көрі құлжа ашығып-азып, өлу халге жеткенде адамнан жансауға іздеп мына Ақбұлақтың күнес бауырындағы малшы қыстауын сағалапты. Аттылы малшылар оппа қарға салып ұстап, шыңы жетіп арыған құлжаны қайта әлдендіре алмады. Әлгі жануардың терісін сылып көргенде көк желке, қалың сан, мойын сауырда қадалып тұрып қалған түрлі калиберлі төрт түрлі мылтықтың бір уыс жалғыз оқ, картештерін теріп алыпты.

...Саяткерлік — аңшылықтың жолында адамның ойламайтын-таппайтын айла-тәсілі, қулық-сұмдығы жоқ. Бұдан көп жыл бұрын арқар мол, құлжаның күзгі күйегінің тұсында тау бағбаны Әлжан ағамен бірге Шығыс қаратаудың Боралдай саласы — Қызыл Сеңгір биігінде келе жатып ойда-жоқта оң тарапта көкжал құзарда “пох-пох” етіп тау жаңғырықтырған дыбыс есіттік.

Ат басын тартып, тың-тыңдап Әлжан:

— Япыр-ай, Сеңгірдің құлжалары мына тұста сүзісіп жатыр екен-ау, ә. Сыртынан байқайықшы деп, атты солай бұрып, құзарға таяп келгенде үсті-басы толы неше түрлі асай-мүсей, иығында ескі жекеауыз берденкесі, жамбасында салақтаған ағаш тоқпақ, қолында айыр қазық, өрдегі Жуалы-Көлтоған жағының әйгілі Әліпбек дейтін “соқыр мергеніне” кездестік. Оны бұрыннан білетін Әлжан:

— Өй, ит-соқыр, мыналарың не пәле? — деп оны қыспаққа алды.

— Е, өрекетсіз аңшыға арқарың пысқыра ма, тауға керекті

құралдар ғой, — дейді соқыр мерген, дәл бір өзінің меншікті ата жайлауында жүргендей. Сұрастыра келсек, ол күз күйектің кезінде әлгі тоқпағымен құзардың бір мүйісіне орнап алып, жартасты тоқылдата соғады екен. Оның жаңғырығы құлды үйірге таласып жекпе-жек сүзісіп жатқан құлжалардың тау жаңғыртқан мүйіз соққысынан аумайды екен. Соны бір қиырдан есітіп, үйір іздеп сандалған саяқ құлжа дыбыс естілген жерге жетіп келеді екен. Осыны аңдып-күткен сол жақ көзі ілгеріде майып болған соқыр мерген әлгі айыр қазығын жерге қадап жіберіп, айырға мылтығын асып қойып, даяр, оңтайлы оң жақ, оқты көзімен дәлдеп атып, таяп келген аңғал құлжаны мұрттай ұшырады екен.

Бұл теміртек қара мылтық арқалаған соқырдың ісі. Ал сонда дейміз ғой, бүгінгі винтовка, автомат, карабинмен мұздай қаруланған сақадай сау азулы аңшылар анталаған Қаратау мен Алатаудың ішінде “қисық мүшкі” хикаясынан бері өткен елу жылда табиғаттың ерек жаралған арқар атты текті-тентек жануарларынан не қалды екен?

Тұрымтай тұсты заманда біршама жылдар көзден таса қалса да көңіл-көкейден кетпейтін сырлы мекенге қайта бір ат басын бұрған едік. Тау орнында. Тау ішіндегі бір кезде заманның таусылмас жырын тербетіп өткен Әбдікүл мен Қырқымбайдан қалған орманшының шағын қыстау-мекені де өз орнында. — Сағыныш сазы сарқылмайтын ғаламат. Сол күндерді жаныңмен, жүрегіңмен іздейсің. Алдында баяғы көзге ыстық күн шығысқа қараған қоржын-үй. Үй алдында өрімтал немерелері ортасында әлі де сексен бесте сыр-сымбатын сақтаған Бибі жеңешемнің сырбаз бейнесі. Бәз-баяғы келісті-кербез қалпы. Майдай еріп тұратын жайлы-жұмсақ күлкісі. Бәрі-бәрі кеше ғана өткендей.

Тау өз орнында. Сарыала жапырақтары самсыған алтын күз. Тас бұлақтар ежелгі арнасында сылаң қағып, сылдырап ағып жатыр. Әбілхан, Әбдікүл көкемізден түр-тұлғасы аумай қалған ұябасары — бүгінгі тау бағбаны міндетімен Қарашаттың қалың шатқалдарын шолып қайтыпты. Сол жақта Талды-бұлақтың күз-қиясында әйдік бір аймандай ірі құлжа бастаған үлкен арқар үйірін көріпті. — “Дарияның орны күр болмас”, — деген.

СҰЛУ БӨРТЕ

Шерхан романының геройы

“Шаян селосы кішігірім қала сияқты. Ал қала көшесін арқар қыдырып жүргенін көргендерің бар ма?..” Естен кетпес жетпісінші жылдардың бір көктемінде “Қазақстан пионері” газетінің кезекті нөмірінде, және бүгінде миллион қолдар парақтайтын екінші сыныпқа арналған оқулығына басылған Шерханның балаларға арнаған “Бөрте, Зөре және Нұржан” атты шағын әңгімесі осылай басталатын.

Иә, ол кез Бөртенің дөнен жасына толып, дағара мүйізі дабырайып, кербез де кердең басып жүрген кезі. Өткен күзде “Зөре” атты құндыздай құлпырған сұлу мүсінді арқар тушасымен қосылғасын, тәртібі түзеліп, байсалды-бапты күйге түскен кезі.

“Тәртібі түзеліп” дегенім: Бұдан төрт жыл бұрын, сонау алпыс тоғызыншы, әйгілі мешін жылдың ала көктемінде, көктемгі көбік қарда дүниеге көз ашып, ерні уызға енді тиген шағында, қапылыста енесінен адасып, қолға түскен құралай, біздің үйде қоңыр саулыққа телініп, алты жасар Нұржанмен бірге өскен тел қозы барынша қиқар да тентек еді. Нұржанға әлдекімнің даусы қаттырақ шыға қалса, дөп-дөңгелек мөлдіреген боға көздері от шаша шатынап, торсық шекесінен жаңа көріне бастаған кішкене мүйізін оңтайлап, шегіне беріп періп жіберуге даяр тұрар еді.

Ол жылы, өзінің алпысыншы жылдарғы екі ұдай сапарында ат басын бұрып, отауымызға тоқтап, біздің отбасымызды шексіз қуанышқа кенелтіп кеткен кемеңгер Мұхтар ағаны қарсы алған “төменгі үйдің” алма бауының іші бейне бір зообақ сияқтанатын. Бау ішінде “Қиқу” атты тырна алшаң басып, қыдырып, анау шеткері томар түбінде айналаны міз бақпай шолып, шынжырда “Көкжал” атты арлан бөлтірік, сол маңда кішкене үйшігінде бармақтай күшіктерін емірене емізіп, үлкен бір кірпі жататын. Осылардың айбарлы күзеткері сияқтанып, алма ағашы томарының биігінде шоқтай жанған отты көздерін ашып-жұмып, тандайын тақылдатып, “Ұлдай” атты сұлу үкі отыратын.

Бөрте өсе келе өзі кекшіл де, тентектікті көбейтті. Қыдырымпаз, көшешіл болды. Құнан жасына толып, көкшомбал қос мүйізі шеңбер тартып, айбарлы ажары айқындала, кердең басып, кез келген бағытына тартатын. Ең

бір мойын бұрып, барғыштайтын, емін-еркін бөлмелерін аралап, серуен құратын жері — маңайдағы редакция кеңсесі мен айналары жарқыраған “Ақмарал” әмбебап дүкені, өнеу бір шетте балалар асыр-салып шуласып жататын Ленин мектебінің спорт алаңы еді.

Сондағы іздейтіні малжайтын ақ қағаз, азуға салатын тәтті, қала берді ойнақ салып, доп қуған балалардың волейбол алаңы. Балалармен таласып ұшқан допты қуып, мүйізбен қағып, орғи секіріп, ойнақ салып жүргені. Жаз күндері есік ашық, мен отыратын редактор бөлмесіне іздеп келгенде алатын үлесі бір парақ қағаз болушы еді. Бір күні жауапты хатшы Дүйсенбаев Даниярбектің бөлмесіне кіріп, өзі жоқта үстел үстіндегі даяр тұрған бас мақала қолжазбасын алып шығып кетіп, малжап тастапты да, байғұс баланы әуреге сапты.

Солай, Бөртенің үстінен арыз-шағым көбейді. Бір күні “Ақмарал” дүкені жақтан айқай шықты. “Ойбай, қырғын боп жатыр. Әлгі Бөрте барлық дүкенші қыздарды түгел тысқа қуып шығыпты. “Сөйтсе, Бөрте келіп, тәтті сұрапты. “Әй, кет!” деген екен біреуі. Бөрте мүйізін кезеп, бір-ақ секіріп, лавкенің ішіне өтіпті. Жәшіктер толы қаныт, конферттерді иіскеп, дәмділерін тандап жүргені үстінен түстік.

Енді бір күні сондай бір айқай-шу көше жақтан естілді. Қырсық шалғанда бұл жолы Бөрте, газет-журналдарға толы дәу қара сөмкесін иыққа асып келе жатқан пошташы келіншекке кездесіпті. Әлгі сөмкедегіні тәтті деп ойласа керек. Бөрте қарсы келіп, сес көрсетіп, сөмкені жерге қоюды талап етіпті. Оны иіскеп, тәтті емесін білгесін ашуланып, сөмкенің бауын мүйізге іліп, аспанға атып жіберіпті де, газеттері шашылып бос қалған сөмкені бұрқылдата сүзіп жатқанын көрдік. Сол жазда Бөртенің тентектігі шектен асты. Көңіл қошы болмаса, іздегені бола қалмаса, қит еткенде қиқарлыққа көшіп жүрді. Бір күні жолдан келсем бәріне көнбіс, бәрін көтеретін Шырынкүл қатты ренжіп отыр:

— Қарашы, өне, Бөртенің не істегенін, — дейді асхана жақты көрсетіп. Барып көрсек, ол кездегі сирек, аса бағалы “Юризань” тоңазытқышы есігі жаншылып құлап жатыр. Мәселе айқын. Қарсаңда Нұржанның тоңазытқыш есігін ашып кәмпит алып бергенін көрген арқар, ол жоқта өзі алуға әрекеттеніп, ашуланып, ашылмаған есікті шегіне беріп, дәу мүйізбен қайқайта бір соққан да кете барған.

Бөрте сотқарлықтың көкесін көп ұзатпай, тағы да бір көрсетті. Ерке жануар бұл жолы үй ішін аралай жүріп, ішкі, тыныс бөлмеге өтіпті. Сол жерде үлкен шифонерь-шкафы есігіндегі тұтас үлкен айнадан өз суретін көріпті. Айнадағы суретін “өз тумам” деп ойласа керек. Жақын барып иіскей беріпті де, айнаның суық бетінен оскыра кері серпіліп, енді өзіне оқты көзін атқан “әдепсіз келгінді” қуып жібермек болған. Ол шегіне түсіп, оқтай атылып, бар пәрменімен өзіне қарсы ұмтылған “мұңдарды” қақ маңдайдан періп кеп жіберген ғой. Қираған айна, опырылған есік. Жұмысты осылай тындырып, еш нәрсе болмағандай бау ішінде алшаң басып, жайбар жайылып жүрген Бөртені көрдік.

Мұншалықты қиқарлық пен сотқарлықтың себебі не? Жалғыздық. Туа біткен, ана сүтімен қанға сіңген өз табиғатын іздеп аңсаудың, ақылды, тілсіз жануардың бізге, өктемшіл адамзатына қарсы қойған талабының белгісі ме екен, сірә?! Қалай десе де өкпе-назы көп ғайып-ереннің қасиетті түлігі еркін-еркелігін осылай алға тартса көтермеске шараң не?

Көп ұзамай-ақ ерке-тентек Бөртенің мына қиқарлығын су сепкендей басып, мінезін жіптей етудің шебер дүние ретін өзі келтірді. Сол жылы күзде, осы Бөртемен тағдырлас, сонау тау ішінде орманшы ауылында жалғыз, жабырқау күйде өсіп жатқан екі жасар “Зөре” атты арқардың сұлу тушасы келіп қосылды. Ол күнгі бұл екі ғашықтың көңіл күйін тілмен жеткізіп болмас. Тек оны батыс-шығыстың жауһар жырлары – “Ләйлі-Мәжнүн”, “Ромео-Джұльеттасымен” ғана салыстыруға болар. Айқасқан мойын, иілген бас, мөлтілдеген жасқа толы мөлдіреген мұңды көздер...

Бөрте мен Зөре арадан қыл өтпейтіндей сұлу жұп. Таңның атуы, күннің батуы, жайсыз күндер, қара түндер, қақаған қыстың қарлы боранында бір-бірінен бір қадым кетпей Шаянның шулы көшелері мен алаңдарында бірге жүріп, бір тұрды, бұлар. Ит-құс, бөгде сыбыс, қатерлі шақта әр мезгіл зор дағара мүйізін сайлап, соққы беруге даяр Бөрте тұрды. Жаратқан жанды дүниенің бұл кереметі көргеннің көз жанарын сұлулықтың нұрлы шуағына толтырды.

Шерхан. Ел мен жер, табиғаттың сырлы әлеміне ғашық Шерхан бізге өлкені ұлпа қар басқан қалың қыс ортасында келді. Келген бетте ақмамық алма бауы ішінде жұбымен серуен

құрған таудың кербез сұлуы — қос арқарды көрді. Таңғажайып табиғатқа таңдана зер салды.

Шерханның ол кез, жастар журналы “Жалынды” басқара жүріп, үкімет қазаымен “жұмысшы табы тақырыбына” арнап, “Қара маржан” романына кірісіп, Қаратауға келгіштеп жүрген кезі. Оңаша жай, ұзақ түн. Мен үшін жай, есепте жоқ, екінші кезектегі ел ішінің сөзі, адам мен табиғат қатысы, кешелері, ата-әжелеріміз тұсында бастан кешкен қилы күндер бейнесі оған қызық. Таңдана, ойлана сұрайды.

— Осы мына Бөрте құлжаны, — дейді, бір шақта ойлана отырып Шерхан, — өзінің туған жеріне, тау ішіне апарып, өз жайына жіберсе қайтер еді?

— О, ол шешімі оңай сөз. Қолбала арқар адамды жау деп біле ме?! Оны күнде көріп жүргеніндей дос санап, тау кезген мылтықты мергеннің алдынан маңқайып, қарсы шықпай ма? Талассыз тағдыр деген сол. Сол күннің кешінде, оның анау ай шеңберлі алып мүйізі өткір балтамен түбірінен шабылып, анау бота көздер мөлдіреген айқасқа басы қара қазанда бүлкілдеп қайнап жатарын бұл жануар қайдан білсін.

Шерхан үнсіз сұрланып, аз ойланды:

— Әй, рақымсыз, қатал өмір-ай! Мына керемет сұлу мүсінді қалайша қиып, оққа байлайды екен?!

Әрине, Шерхан өзінше жөн. Риясыз таза көңіл, құдайдың өмір үшін жаратқан жазықсыз жан иесі неге өз мекенінде жүрмейді, — дейді ғой.

Бірақ, ата замандарынан ерлік пен мәрттіктің мәртебелі ісі болған мергеннің қияннан қол жеткізер олжасы, — анау, майда-мақпал елтірісі үшін, бұл заманның бектері мен бегімдеріне “модаға” — жалтылдақ жағасы мен қоқайма бөркі үшін жаңа түскен сан мың төлдің терісін тірідей сылып, қынадай қырғаны үшін кеудесіне орден, жағасына жұлдыз таққанымыз салыстыруға келер ме?!

Рас. Арқар тым азайды. Тянь-Шань мен Алатау, Алтай, Қаратаудың жан жетпес күз-қиясында қалды. Ілуде жалт етіп, бір көрінеді жарықтық. Сағынған, талған, іздеген көзге оттай басылады, жарықтық! Ал бұрын, бұдан көп жыл бұрын, біздің бала кезімізде қандай көп еді, шіркін!

Ол кезде қарусыз, әлсіз, аш-арық, алғының түбірін қазып, күн елтіген күркелі ауыл сыртындағы Нұржаудың күз гастарынан, етектегі елге топтанып, таңдана қарап тұрушы

еді. Таң сазы мен кеш әлетінде ауыл жанындағы бұлақтан сусындап, тау биігіне өрлей түсіп кетер еді.

Оның көптігі сондай, сол отызыншы жылдарда Қаратаудағы үш Сүнгінің орманшы бағбаны Қырықбай үйіне мейманы келе қалғанда әйеліне:

— Әйкөш, қазаныңа суыңды құя бер. Мен мына Кенелдікке кіріп шығайын, — дейді екен. Қырекеңнің Кенелдігі, өзінің үй іргесіндегі шағын ғана шұңғыл сай. Сондағы әр бұтаның түбінде дағара мүйізді қоңыр құлжалар жусап жатады екен. Бағымдағы малындай болғаны ғой, әсте.

Бұл өлкеде арқардың көптігі болар. Сол отызыншы жылдардың орта тұсында Шығыс Қаратаудағы кедей шаруалы “Талдыбұлақ” колхозы егін орағы кезінде, “колхозда мал басын үнемдеу шарасы”, — деп ауылдың қос мергені Өкен мен Төлен Мырзағұловтарды басқарма қаулысымен қырманға ыстық тамақ үшін бір арқарға он еңбеккүн жазып, қолдарына мылтық беріп, тауға шығарған ғой.

Арқар болмысында текті де киелі жануар. Оны ептінің ептісі, ұзақ күндер тау кезген, ерінбейтін, көрінбейтін мергеннің мергені ғана алушы еді. Жаратылыстың заңы сол — одан бұл жануарлардың кеміген жері жоқ еді.

Мергеннің мергені... Киелі киік пен адам, мерген үйлестігі. Ол мына ғаламат дүниені өзі, өлместікке, мәңгілікке өлшеп берген өз заңы, өз жолының ұрпақтарға үрдіске қалған қымбат қасиеті емес пе еді. Сан ғасыр, мың жылдар ұлы мұхиттың арғы жағында, ежелгі ескі дүниеге беймәлім Преридің шалқар даласында өздерінің сол ұшан даласындай телегей байлығы, қисапсыз жабайы бизондарын аулап, еркін-ерке дәурен сүрген индустарды “браканерсің” деп бір құдайдан өзге, кім жазғырып еді.

Жазғырғаны не, “құралайды көзге атқан” сұр мергендерін жұрт заманынан ерек туған ержүрек ұлдары деп дөріптеп жатпайтын ба еді. Шын мергендік ол, ездіктің емес, ерліктің, мәрттіктің, кез-келгеннің қолынан келмейтін биік кәсіптің ісі емес пе еді?!

* * *

Толассыз құдірет ісіне не шара. Заман, адам өзгерді де, шитінің орнына винтовка, одан соң автомат келді. Бұрынғы ауылдың жаяу мергенінің орнына Қаратау мен Алатауды

айнала қоршаған өндірістік қалалардан мотоцикл, машина, вертолеттер мініп: жер-көктің арасын тінтіп, тірі жанды құтқармайтын қатыгез ұрпақ келді.

Мың жылдар қаймағы бұзылмаған қасиетті Қаратаудың тас-талқан қиратылмаған қиясы, тесілмеген төбесі, ақтарып-төңкермеген сай-саласы қалмай, жон-жота, қойын-қолтығы қайырсыз “Қарынбайдың” қисапсыз малын қапдатқан кешегі кер заманда ғайып ереннің қасиетті түлігі қайдан пана тауып, қайда барып өрістейтін еді. Бөрте — сол қайырсыз қара күндері түзден емес, үйден, енесінің бауыры емес, адамнан пана іздеген өз тағдырының перзенті еді.

Шерхан бізге мына заман Қаратаудың басына от қамшысын үйірген, мына ұшан даланың беті “елу миллион” ұранымен қаптаған мал тұяғынан шаңға толған “советтік патриотизмнің” өрлеп тұрған кезінде келді. Жас қаламгер шабыты шалқар шағында сол кезеңнің өз бейне, өз болмысынан өзін алғашқы абырой-атағына жеткізген “Қара маржан” романын жазды.

Қашан, қай кезеңде де шеберлік дүниесінің шегі жоқ. Қисынын тапса жай ғана шаруаның ісі ісмер қолда өнер кереметіне айналады. Сол кештегі әңгіменің арқауы болған жас құралайдың адам анасы аясында, оның алты жасар Нұржанмен бірге тату өскен қолбала құлжа тағдыры жазушы романының геройы болып шығады, — деп кім ойлапты.

Рас, Шерхан жазғанындай Бөрте рақымсыз мерген оғына ұшқан жоқ. Оны білетін қалың жұртты қапыда, өкініште қалдырған жоқ. Әйтсе де, оның Қаратау еліне аңыз боп тараған өз жолы, мұңды сыры, айта жүрер ізі қалды артында.

Шерхан романы жазылып, баспаларда теріліп жатқан сол жетпісінші жылдардың орта тұсында, наурыздың соңғы күндері сұлу Зөре жарық дүниеге бір торсық шекелі, толымды жас құралайын әкелді. Құрыштан күйғандай жас Бөртенің өзі. Келісті кербез жүп ортасында ерке құралайдың қылығы қандай қызық еді. Жаңа құралған үйірдің сәнді де сырбаз шағы жыл соңына, алғашқы ақша қарға ұласты.

Туасы, алып таулар мен құзар шыңдарға шығып, биікке жаратылған жануарлар сол тауарларын аңсайды ма екен. Суық түскен боз қыраулы күндерде таң сазы, кеш алдында, бір мезгіл, төменгі сарай, гараж оған жалғас асхананың төбе шатырына шығып, топтана қарап тұрып, айналаны сол недәуір биіктен шолып, құмар-құштарын басып жүрді.

Бір күні, ертеңгісін ел орнынан жаңа көтеріліп жатқанда, үй сыртына іргелес Жанайбековтер ауласынан айқай шықты. “Зөре-Зөре” деген дауыстар естіліп жатты. Жүгіре шығып қарасақ, Зөре жоқ, аталы-балалы қос Бөрте елере үркіп үлкен үйдің төбе шатыры үстінде, ұшар биігінде тұр. Ал, Зөре байғұс, үй іргесіне жақын көрші ауласында, алма ағашының айыр ашасына қыл мойыннан ілігіп, асылып қапты, үркек жануар табан асты төменнен арс ете түскен ит даусынан шошып, төбе шатырдың мұздағында тайғанай-тайып барыпты да, қалың алма бұтасына қарғыпты.

Зөренің қазасы Бөрте құлжаны естен тандырды. Ол мына кең дүниеде барар жер, басар тауын таппады. Бармаған жер, гінтімеген түкпір, шықпаған төбе қалмады. Ұзақ күндер алма бауында әр ағашты айналып, ыңырана-мекіреніп сандалды. Қанталаған бота көздерін мұң басып, қос өкпелігі солықтап, от-оттап, суатқа қараудан қалды. Солай он күндей өткенде қаңқасы арбиып, тұралап тұрып қалды да, бау ішіне түнемеге шөккен жерінен қайта бас көтермеді. — Шіркін өмір, жарық дүние қызығы жан сезімі таң шығындай таза текті жануар үшін де өз кезімен екен де!

Қос қорғаны, панасы көз алдынан ғайып боп, жалғыз қалған жас Бөрте аз күн ата-енесін іздеп, мекіреніп, сандалып жүріп, төңірі салған жалғыздыққа көндікті. Енді ол қарайлар қара таппағасын, жан жұбатар достықты ата жауы ит баласынан іздеді. Күн ұзағы алма бауында қыдырып, сол жақта жусап, кешкі түнемеге құр бастырмада үй қорғаны Жолбарыс атты айбарлы овчарканың жанына барып жатып жүрді.

Жолбарыс жас құлжаның жайын жан сезімімен ұққандай, оны жылы бауырына алып, айқаса жатып, бөгде ит-құс атаулыны маңайына жуытпай, оны қызғаштай қорып жүрді. қараңғы, аязды түндерде бұлардың не күйде екенін білгелі бастырмаға барғанда Жолбарыстың бауырына тығылып, жайбарақат, бырт-бырт күйсеп жатқан жас бөртені көрер едік.

Осылай үш жыл өткенде екінші Бөрте, баяғы өз атасы сияқты кердең басқан кер құлжа боп өсіп, Шаянның көшесін шаңдатып жүрді. Алыстан іздеп келер киношылар мен фото-журналшылар алдында белгілі өз ролін ойнайтын кейде мінсіз, кейде тілсіз, тентек ерке актерға айналды. Бір күні кезекті бір айқай-шуға тысқа шықсақ, біздің облыстық “Южный

Казахстан” газетінің бас редакторы, ескі дос А.С.Белоцерковскийді “Волгасының” ығына қуып тығып, өзі машина төбесіне шығып, зор мүйізін сайлап, атылғалы тұрған Бөртені көрдік. Александр Ивановичтің оны фотоға түсіргелі шыр айнала жүгіргені шамына тисе керек.

Жалғыздық мұңы Бөрте басындағы арылмас азап, жан қайғысына айналды. Кейде ол үлкен үйдің ұшар төбесіне шығып, кеудесін самал желге тосып, сонау шығыс көкжиекте көрінген биік таулар өлкесіне ұзақ-ұзақ қарайтын болды. Арқаға аяздай батқан сол жалғыздықтың ендігі емі қайсы? Қой, болмас. Ата тегінен айырып обалына қалмайық, жануардың, — деп, оны машинаға мінгізіп, ата-енесі Бөрте мен Зөре дүниеге келген Талдыбұлақ тауының сондағы орманшы аға Қырқымбай кардонына тарттық.

— Ақыл болған. Жүрсін осында. Мынау бұлақ, анау Кабланның текше тасты құз-қиясы. Қына мен киікоты, алмұрт пен долана атасының асы ғой, оның. Қайда барса да еркін өзіне берейік, — деді Қырекен.

Бөрте солай, қарт орманшы Қырқымбайдың аулында қалды. Жіберген бетте жаңа органы жатырқап, үркіп қашпады. Жуас, текті қалпы кардон бауы жанында, жасыл алаңқайда, өзінше оқшау шығып, айналаға барлай көз жіберіп, біршама тұрды да, таудың гүл-шешекті жасыл көгіне жайбар жайылып қала берді.

Араға бірер ай салып барсақ, Бөрте ата мекені таза тау табиғатында жалтылдай түлеп, өзгерген. Мүсіні бұрынғыдан да биіктеп, етке толысып, ерен құлжа салтанатын құрған. Зор дағара мүйіздері күнге шағыла жарқырап, арғы беткейде бұлақ суына төнген текше тастар биігінде тұрғанын көрдік. Тымықта биікке өрлеп, анау топ алмұрт бұтасының саясында қазып алған жатағында, желді күндері ата салтымен мына текшенің биігінде самалдайды екен.

Бұлақтан өтіп, өрлеп, жақын барғанымызда, ақылды-текті жануар, қарсы жүріп, қасымызға келді. Нұржанның қолын иіскеп, катадан шығарған бір түйір тәттіні ауызға салып, Шаянда өткен күндерін еске алғандай оған үйкеніп, жұмсақ сүзгілеп, ерке-наз көрсетіп тұрды.

Бөрте ол жылы орманшы аулында қыстап шықты. Көктем, жаз бойы қарсыдағы Қаблан мен Талдының баурайы қалың от, құзар тасты қиясын еркін жайлапты. Кей күндері кешкі

суаттан кейін, ауылға түспей, қайта өрлеп арғы беттегі текшенің биігінде түнеп қалып жүріпті.

Қыркүйектің ортасы арқардың үйір құрап, топтанар кезі. Жас тушалармен толысқан үйір, құлжалардан бөлек, ол кез күз күйегі алдында, дамылсыз кезіп, биіктерден бой көрсетіп, жақпар тасты құз-қияларды жағалайды. Сондай күндердің бірінде, әлдеқалай бөртенің барын сезгендей бастаушы құлжасы жоқ шағын үйір кеш алдында Талдының құзар биігінен ылдиға көз тігіп, ұзақ тұрыпты. Олар әр күні таң сазы, кеш алды мимырт шақта сол биіктен ылди өлкені шолып, қарауыл қарауынан танбапты.

Бір күні, — дейді, Қырекеннің үлкен ұлы, бүгінгі сақа орманшы Шымырбек, әлгі үйір, өздері төртеу, алдын қазықтай қара қоңыр, сарыаяқ ту ешкісі бастап, сонау биіктен төмен түсіп, Бөрте мекендеген текшенің сыртына тым жақындап келді. Бұлардан хабар бергендей маңайдағы қарағаш бұтасынан ұшып-қонып, сауысқан шықылықтады. Сол кезде бір жаңалық сезгендей текшенің түкпірінде жайғасып, самалдап жатқан кербез Бөрте керіліп орнынан тұрды. Ол бір сәт маңғаз қозғалып, ылди қарап тұрды да, кенет, зор тұлғасын пружинадай жиып, қол ұсыным биік, қына басқан тарғыл шомбалға бірақ қарғыды. Шіркін Бөртенің сол бір сәттегі ғажайып мүсін-келбетін көрсеңіз. Абажадай ай мүйізі жарқырап, құлындай құлпырған сұлу тұлға өзінен небары әудем жерде үркердей топтанған шоқ үйірге міз бақпай, аңтарыла қарап тұрды.

Мына керемет көріністен көз алу мүмкін емес-ті. Біз үй ішіміз түгел, есік алды басқышқа үймелеп, қос айналы дүрбіні қолға алып, кезектесе қарап, бұлардың әр қимыл-әрекетін бағумен болдық.

Әлгі үйір бір арбаушы сиқыр, төмен түспей, не биіктеп кетпей, көз қытықтап, жыбыршып, бір орнында әсем биін ұзақ биледі. Мына көрініске есі кете елтіген құлжа әлдебір шақта орнынан жай қозғалып, біртіндеп, биіктегі арқар үйіріне алшаң басып, аяндап, жақындай берді. Ал анау сиқыршы үйір болса, біртіндеп өрлей түсті. Оны, көз ашқалы мұндай қызық дүние кереметін көрмеген аңғал құлжаны өз бауырына үйіре тартып, бізден алысқа, адам аясынан жырақ тартып әкете берді.

Талдының зау биігіне шыққан арқарлар, ортасында Бөрте,

ел мен ен табиғат шегі, құзардың ұшар төбесінде топтанып ұзақ тұрыпты ол күні. Әсте, Бөрте ортасы — адамдар қауымын қиып тастап кете алмайтын сияқты. Жабайылар ортасында түнеп қалған Бөрте ертеңіне, одан кейін де бірнеше күн әлгі үйірді бастап ертелі-кеш Талдының шомбал шоқысынан бой көрсетіп, тіпті бір жолы, анау текше сыртына төмендеп, ауылға жақын келген. Бірақ ауылдан сескенген үйірі кері серпілгенде, ел жаққа қарап, аңтарылып ұзақ тұрыпты да, ақыры жаңа бауыр басқан жабайы үйірінің соңынан бірте-бірте биіктеп кете барыпты. Сол қыркүйектің соңғы күні, соңғы рет тау биігінен асқаннан кейін, Бөрте қайтып оралмапты.

Содан бері жылдар өтті. Соңында сұлу аңыз, таусылмас сыр қалдырып, түл табиғат құшағына қайта оралған кербез құлжа бейнесі көз алдымыздан кетпеді. Мергеннің оғынан, бөрінің кезінен аман болса, қаншама ұрпақ өргізіп, қаншама жер басып, таулар асқан шығар, — сұлу Бөрте, Шерхан романының Геройы!

АЛҒАШҚЫ АҚСОНАР

Ақ күшік жайлы-жуас енесі қызыл қаншыққа кереғар өлердей қабаған еді. Сол қабаған-қайсар мінезінен тәңірдің тәлкегіне жазып, ұя жасына толмай тұрып бір көзінен айырылды. Өзі қияндағы сыбысты түкпірде жатып-ақ, алыстан сезіп, қыстың күндері де жылы ұясынан атыла шығып, атойлап бара жатқаны.

Сор қысқанда бір жылы ауыл сырты тура жолда өз жөнімен бара жатқан Әбітай бригад астындағы тебеген торы аттың шатысқан шулан құйрығына жармасыпты. Қалың қылшықты долдана қарпып жанталаса жұлқыған мұндарға жыны қысқан адуынды торы оны қақ шекеден қайқайта бір тепкен ғой. Пақырды ұлпа қардың үстінде ойбайын салып құйрығымен жер сабап, аунап жатқан жерінен таптық.

Құйма шойындай құрыш тұяқ оң жақ көзді жапсыра ондырмай тиген екен. Тек құдай сақтағанда бас сүйегі мен жақ сүйегі күл талқаны шықпай, аман қапты. Әп-сәтте бас-көзі күл болып, шөпхана бұрышына жылы ұясына әкелінген байғұстың мына бет-әлпетіне рахаттана күлген Жолдас көкем:

— Мұның қайтпаған кегі ат тұяғында кетті. Қайтпас қайсар қабағандықтың көкесін бұл, енді көрсетеді. Бұл енді қасқырдан

да қайтпайтын, бөрібасар боп шығады, — деп мадақтап, оның мына қиын халіне жанашырлық жасап, ыстық тұзды суға жабағы бөктіріп, оны жаралы басқа жапсыра таңып, жылыдай орап кетті.

Ақ күшік қатерлі жарасынан тез айықты. Ісігі қайтқан бас қалпына келді. Тек қиядағыны көргіш оттай жайнаған оң көзі қызғылт шел басып сиықсыз сығырайып бәсір боп бітті. Әйтсе де “бір басқа бір көз жетеді” деген сөз бар, баяғы, сынар көздің өзімен де осалдық етер түрі жоқ. Бұрынғы қабаған — қайсарлығы қатая түсті. Бір күні асау құнанды жайдақ мініп, ауыл сырты қасқа жолда қоңырақтап шауып бара жатқан Мәдібектің жасөспірім баласы Шәдиярбекті ақысы кеткендей соңынан түре қуыпты. Соңынан қалмай, арсылдап қуып жетіп, тірсекке жармасқан қабағаннан қатты үріккен асау талқаны шыға тулап, Митке сайының табанында шабарманын жығып тастап, айдалаға маңып кетіпті. Желдей жүйткіген асаудан ұшқан жас бала құдай сақтап, аман қалыпты.

Міне, енді, Ақ күшік жаңа қар басты. Сіңірлі-сидам аяқтары биіктеп, желкесі жуандап, тұла-тұлғасы ұзара түсті. “Бұдан қасқыр алатын бөрібасар шығады” дейтін айтқыштар сөзін сынайтын күндер жетті. Қарсаңда күні-түні толассыз соққан ақ бораннан соң аспан шайдай ашылды. Көгілдір көкке ұласқан тау бөктері кешегі қарақоңыр тобылғылы, жусанды адырлар, жылуан сайлар көз қаритын ақшағыл құмай қарға көмілді. Мың құбыла жарқыраған меңсіз-меңіреу дүние барша біршілік әлемінің жұмбақ сырын бауырға басып тамылжып-тұнып қалған.

Бұндай кезде Талдының күнес беткейін өрлеп шашырай қоныс тепкен қыстауда ауыл үйлерінің ертеңгілік түтіні биік көтеріліп, шаншыла шалқиды. Таңсәріден тұрып май жалатқан тары бозасын сүзіп, жылытпасын шешектің шоғына тосып, буы бұрқыраған қызыл тапасын айқара үзіп-сындырып, ортаға алысқан үйдің іші көңілді. “Қаптан кетсе қазанда, қазандағы — қарында” дейтін ағайын кезектесе бас қосып, ән-өзілі жарасып, оның өзі де қызығы көп бір дәурен.

Сол үйлердің біріне ертелей бір сәт еру болып, ауылдың бар-жоғын түгендеуден жалықпайтын Жолдас көкем кіші сәске шағында келе қалды. Өзі тым көңілді. Менің аяққа байлап мұз сырғанақта тебетін ағаш кәнөгімнің табанына тайғанаққа сырайтын сым темір шегелеп, әлек болып жатқанымды көріп:

— Әй, сен, тоғайдың көкмұзына көтті жауыр қылғанша ана-оу, жоғарғы ауылдың балалары құсап, қоянға шықпайсың ба, — дегені. Анау Сәрсенбайдың сендей баласы Мақаш кеше қырға шығып қара дүрөгіне нән қоян алдырған екен, әкешесі айналасын түгел шақырып, мақтанып, мәз-мәйрам болысып жатыр.

Көкемнің мына сөзі үшіншінің оқулығы сірескен кітап дорбамды үйге келе атып ұрып, көк мұзда асық қуып қара кеште көксоқты болып қайтатын мені естен тандырды.

— О, көкетай, айтшы маған, қайда, қайдан табамын қоянды? — деп жата жалбарындым.

— Сен аптықпа Еркін. Әлі күн ерте, аязды. Суықта өкпең өшіп, барлығып қаласың. Қоян алыста емес. — Ана-оу Төсбастаудың тепсеңінде. Сондағы бес долана мен қарашеңгелден табасың.

Аптықпау қайда. Мына хал, табан асты мені көкке шығарып, жерге түсірді. Бастықпаған бала жүрек, асау тайдай тулады. Менің осы жайымды, қар қажаған ақжұлық көн етігімді кигелі жатқанымды көріп, қашан да қамқор Қантай апам оппа қарда оптығып шаршап қалмауымды ойлап, баржоғымды түгендеп бәйек болды.

Қарабұлақтың сарт көншілерінен алдырған қоңыр сактиян мен ескі қонышқа бастартып, ұлтанын ақшешек-ағаш шегесімен шегелетіп, ауылдағы Әлсейіт-шолақ ұстаның қолынан шыққан кішкене көн етігімді отқа еріген ешкі майымен келістіре сыбады. Кішкене жарғақ тон, ескі елтірі тымағымды бастыра кигізіп, белімді буып, жол-азығы жарты табаны қойныма тығып, өмірдегі алғашқы ақсонарға шығарды. Менің осы қарбалыс-қуанышты сәтімді көріп-біліп жатқан Ақ күшік бұлаң құйрығын бұлғап, алдымнан шықты. Із шолып, алысқа лағып кетпесін деп қайыс белдікті тоғасынан өткізіп, мойнынан байлап, жетектеп алдым. Ауылдан ұзай бере соңымыздан ілесіп, бізге қызыл қаншық қосылды.

Қыстау мен мезетті жер Төсбастаудың арасы онша қашық та емес. Үш-төрт шақырымдай жер. Жаздың күндері киіз үйлерін тігіп, көшіп шығып отыратын ауыл қонысымыз. Талдыдағы қыстау мен аралықта құлын-тайдай шапқылап, тынбай қатынап жүретінбіз. Енді мына тізерліктен келетін сусылдаған құмай қарда өндіре жол басу қайдан оңай болсын. Түнемеге түскен омбыны бұза-жарып, өршелене өрге басып келемін.

Көрсем, алсам деп келе жатқан ор қоян көз алдымда елестеп, мен барып жеткенше әлдекімдер олжалап кететіндей асыға басып, ентелей түсіп келемін. Шытырман-аязды ауада буым бұрқырап терлей бастадым. Дене қызып, ширай түскен сияқтымын.

Төсінде талай сайран салған Төсбастаудың шетіне ілінген бір шақта алдымнан қар өтінде моншақтай тізбектелген түлкі ізі көрінді. Арам ойлы ол бәлекет те, аяқты, қанатты олжа-азығын іздеп, солай беттеген сияқты. Енді алдымнан түнемеге ерсілі-қарсылы тынымсыз жортуылдап жүріп тастаған қоянның сорғып жатқан соны соқпағы да кезікті. Оның қайдан басталып, қайда барып бітері белгісіз. — Алдамшы соқпақ. Қауіп төнген қатерлі сәтте құстай ұшып, зыта жөнелетін төрт аяғынан басқа қаруы жоқ байғұстың аңдаушы-алушысын адастырмақ үшін жасайтын айла-тәсілі екенін ол кезде мен қайдан білемін. Ана-оу бес долана қасында қарауытқан қалың шеңгел ішінде жүз қоян жатқандай болды. Соның тым болмағанда бірін алып, ана-оу төмендегі қыстау, әке-шеше, үлкен үй, менің мына ерлігімді көретін барлық ауылдастар алдына төбем көкке жете мақтанып барсам деймін.

Осы ой жетегінде Төсбастаудың кішкене мөлдір суы бусанып мөлгілдеген жылуанға да келіп қалыппын. Жылуанды жағалай бірі-бірінен оқшау өскен бес долана бұтасы тұр. Күзде қызыл жемісі самсыған долананың дәні мен жапырағы төгілген қар асты төсегінен азық-ырзығын іздеген бейкүнә аязды-айлы түнде ағаш астын армансыз шарлап, таптаурын ғып тастапты. Жылғаны жағалап, долананың бірінен-біріне өтіп, төменгі шетте топтана өскен қалың шеңгелге таяп келгенде, бұған шейін қоян жымын тынымсыз иіскелеп, тыпыршып келе жатқан ақ күшік арс ете түсті де, мойнындағы қайыс белдік, жетек бауымен қолдан шығып, жөнелді. Салдыр еткен қалың шеңгел ішінен атыла шыққан бір келісті сұр қоян тас төбеде, қос құлағын қайшылап, зымырай-зытып барады. Оның соңынан қырандай сорғып жөнелген Ақ күшіктің екпіні де ересен. Дәл, менің, аптығып, жығыла-сүріне келе жатып шіңкілдеген айқайымды естігендей ұзап кеткен Ақ күшіктің соңынан — “һайт-һайт! Ұста-ұста!” — деп ұран салып келемін.

Ақ күшік пен ор қоян ө-дегенше жақын белестен, одан әрі қасқара тартып, күнбатысқа қараған жусанды жотадан асты.

Олардан әудем жер қашықта ақ қарда қара нүкте болып қызыл қаншық барады. Сорғып жатқан соны ізге түсіп қалайда, қайда барса да олжаны алсам деп ентелей басып келемін.

Жусанды жота биігіне шыққанда осындай арғы ұзын жотаның күнес беткейінде қағылда шашырай жайылған қоралы қой көрінді. Ол біздің үшіншінің маңдайына біткен жалғыз қора, өткен жаз басында өкімет нәрәтімен алыстағы Меркіден айдап әкелінген, осында ақ жүрек — адал, малсақ қойшы Салықбайдың бағымына “мал тұқымға” берілген шағын тұсақ отары. Алыстан танып келемін. Қой сырты қыраттың биігінде жарғақ күпі үстінен бастыра киген шидем шекпенді, әбден тозығы жетіп, қылшығы кетіп, түбірі қалған гүлкі тымағын еңкейте киген сереуілдей болып, ақ таяқты Салықбай да көрінді.

Салықбай меншігінде таяғы мен аяғынан басқа түгі жоқ. Кешегі ашаршылық жылдары, өзіндей жансебіл-төзімді қатыны — Бекшай екеуі шиеттей бала-шағасын шұбатып, таудың көгі мен шөбін жеп тірі қалған, сінірі шыққан қасқа кедейдің өзі еді. Аштан өлсе де ала жіп атамайтын кеңеске берілген адалдығын білетін колхоз-ауыл бастығы Оңғарбайұлы “мынаның қылшығына қылау тигізбейсің” деп көптен шыққан кәмесиясына басқа ұрып, санатып, сол аманат малды Салықбайдың алдына салған.

Өткен жаз, қоңыр күздің соңына дейін ауыл сыртындағы қалың жусанды қырқаның қыр арқасына шошайған қара шайласын қондырып, түнемеге қой күзеткен Салықбай қара көштен таң шолпаны туғанша сырнайдай сызып шығар биік сазды даусымен созылта шырқап, кең дүниені жаңғыртып жатар еді.

Қалың қыс. Қыстаудағы жиынның шақтаулы екенін саусақпен санап, ақсүйекті ақпанда тақырда қалмастың жайын ойлайтын сақ қойшы ашық күндері аяқты мал ырзығын қырдан алсын, — деп малын өрістетіп, айналаны қыран көзімен бағып тұрған беті. Ол өзі Қантай апамның төркін жағы — Кұл-Бәйімбет ауылының адамы. Даудыраған ақпейіл көрген жерде: “Уа, айналайын, жиен” деп қаупалақтап қалушы еді. Алыстан байқап тұрған нағашы, таяп келген жерде:

— Ее, айналайын жиен, сен екенсің ғой. Анау Ақ күшігің қуып келген қоянға жетуге таяп қалғанда әлгі қу қоян иттің

соқыр жағына жалт бұрылып, тораңғының түбіне бұқты. Алғаш қар басқан алаңғасар күшік ағындап өте шықты да, лағып кетті. Сонау арғы бетте әр тобылғының астын тінтіп, сандалып жүр. Ал өкпесі өшкен қоян тығылып анау топ тораңғының түбінде жатыр... Жайлап баралық. Құдай бұйыртыса, мына таяқпен ұрып аламыз.

Соншалық жерден өліп-өшіп қуып келген қоянды қалай етсек те қолға түсіруді, олжалап қайтуды ойлап, Салықбайға ілесіп, өлгі көрінген топ тораңғыға таяп келдік. Тура жолынан жалт бұрылып, орғи секірген қоянның ізі қар бетін осып, айдай-айқын көрініп жатыр. Тораңғының ықтасын түбір-қуысына кіріп алып, бүк түсіп, бұғып жатқан сияқты. Ендігі бар сенетінім, ақ таяғын оңтайлап, тораңғыны сырт жағынан орағытып, маймандап бара жатқан Салықбайда. Не қылар екен, деп оның әр қимылын бағып, таңдана қарап тұрмын.

Тораңғының сыртына тоқтап, оның қарайған түбір қуысын мойнын соза қарап, көзбен тінтіп, кенет бұға қалып, бір қолында тымағы, бір қолында таяқ, сырғауыл бойы кармақша иіліп аюдай арбандаған аяғын құмай қарда соншалық еппен басып бара жатқан оның тұрпатына күлкімді тұншыға тежел әзер тұрмын. Жазықсыз бейшараға ит қосып, қыр соңынан қалмай, қуып келіп мына аяусыз қойшының таяғына салғаныма тұла бойым дірілдеп, аяп та тұрмын. Аяғанмен амал не, “сенің жазығың, менің азығым жоқ” дейтін аң мен адам арасының құдай жаратқан ара қатысы осылай болғасын!

Салықбай қораға түсер ұрыдай, ұрлана басып, бүкпалап барған бойда кідірмей, ақ таяғын құлаштап, қиғаштата сілтеп, сипай соқты. Ұлпа қарды бүрқ еткізе тиген соққымен бірге мертігіп, тыпырлаған қоянның жанұшыра шиқылдап, шыңғырған ащы даусы құлақ тұндырады. Артқы қос аяғымен қар тепкілеп, тыпырлап жатқан жерден Салықбай қос құлағынан қосып ұстап, биік көтеріп алған бойда, маған сапсары кетік тістерін көрсете ыржия күліп:

– Пышағың бар ма, жиен, деді.

Бұрын сонар-сақпағын көрмеген бала аңшыда қайраулы қара пышақ қайдан болсын.

– Ойбай, көке, өлтірмеші, тірі апарайық, деп жалынғаныма көнер қойшы болмады. Ол қоянды артқы аяқпен қос құлақтан қос қолдап керіп ұстап, түбіт жүні үлпілдеген алқымына ауыз салып, терісін тістеп, жұлқи тартып, жырта бастады. Әппақ

алқымнан, ақша қардың бетіне шүмектеп, қан мен қоян түбігіне малшынып, мына түрпаты қан жұтқан жабайы тарғыл мәлін сияктанып, айызы қанған Салықбай:

— Мә, қарағым жиен, олжа ортамызда, ауылға шейін алып жүр, — деп, жансыз, былқылдаған қоянды маған ұсынды.

Салықбайдың “ауылға шейін” дегені, жарты жол жақындығы өзі үйі ғой, әрине. Япыр-ай, еңбек сенікі, тырнақ алды алғашқы табысың, ала ғой”, — десе, қуанып барар ем. Оны айтатын Салықбай қайда. — Олжа ортада деп келе жатыр.

— Қарағым жиен, мына олжаны түгелдей жеңгене асқызамын. Қонақ боласың. Ауыл арасы жақын ғой, етке тойғасын, үйіңе жеткізіп саламыз, — деді, қойымызды айдап, ауыл сыртына келгенде.

Олжа бөліске түспей, өз сыбағам өзіме тимегесін қиналсам да айтқанына көніп, қойын айдасып, Салықбай қыстауына келдік. Салықбайдың үйелмені көп. Ең үлкені менімен түйедей жасты өнеу жылы аштан өлген ағасы Әбдірейден қалған жалғыз тұяқ он бір жасар Қалқабай бастап, өздері жетеу, шұбыра-шулап алдымыздан шықты. Әкелген олжамызға қуанып, шулайды келіп.

Малды жайғап, қарлы аяз, қара кеште қалтылдаған қара шырағданның әлсіз сәулесінде қалың көшек бетіне мол төселген қашаңғы қара туырлықтың үстіне үймелей жайғастық. Салықбай балаларының үлкені он екі-он үштерге шыққан шешесіне тартқан қызыл шырайлы шәушиген сары қыз — Қызтумас аттың құйрық қылынан тоқылған ескі елгезермен үн елеп, қамыр илеуге кіріскен шешесіне қолғабыс қып, бұрышта мұғал ошаққа асылған қара қазан астына құрғақ көшектен от жағып отыр.

Ішіне терісі сылынған олжа қоян тұтас салынған қара қазан бүлкілдеп қайнап жатыр. Бірі-біріне ұқсаған өңшең қалың түрпі шашты домалақ бастар мойындарын қылқитып сыбырлап-жыбырласып сол қазан жаққа қарап отыр. Күні бойы суықта жарбандасқан қарны аш ойын балалары алдына келген асқа жаудай тиіскелі отыр. Жерге жайған тері жарғақ сыпыра үстіне қаршығадай қонып, қамыр жайған Бекшай енді сақырлаған қазан қақпағын ашып, сәмбінің өрімінен тоқылған қашаңғы қара наншәулісін қазанына құлаштай сұғып жіберіп, нән қара шараға буын бұрқыратып, ас түсіре бастады. Салықбай болса, арқасына шидем шекпенін жамылып, екі

иығын қомдап қолында қайраулы қара пышағы жембасарға қырдың қызыл түлкісін басатын кәрі бүркіттей жұтынып отыр.

Үстіне бұтарлап қоян мүшелері тасталған қамыр толы қара шараны Бекшай байының алдына тартты. Шарарағы еттің бар жарарын сүйегінен сыдырып, еттен тазарған ақ сүйектерін “кеміре отырыңдар” деп балаларына үлестірген Салықбай, мына жиен мейман ғой, алып отыр, қарағым, деп ара шелінен күн көрінетін төрт тал сүбе қабырғаны алдыма қойды. — Енді тамақты жақсылап турайық, деп іске кірісті. Үлкендерден өзі бас болып, қоянның етін қара пышағымен қиып жасалған ағаш пышақтарды қолға алып Бекшай, Қызтумас, Қалқабайлар жан-жағынан кірісті. Арпа мен қызыл күздік араластырып тартылған қол диірмен ұны қайбір жетісіп тұрсын. Езілген қоймалжың қамырға көлкіте сорпа құйып, қара шөмішпен сапыра тұздықтап, оның шағын табағын ерлі-қатынды екеуі өздеріне қалдырып, дәу қара шараны “көне алыңдар” деп ортамызға қойды.

Бұрыштағы қара құманнан таласа қол шайып келген жетеу, менімен сегіз, айнала отыра қалып қарға тұяқты қолдарды сегіз жақтан сұғып, қолға ілінгенді сылқыта асап, қызыл өңешке асыға қылғытып жатты. Түйіршігін қалдырмай саусақпен сүзіп жеп, қалған қара сорпаны қара тостақпен кезектесе сіміріп, тауысқан шақта “жұмырға ел қонып” көңіл де жайланды. Осы сәтті тағатсыз күткен мен “Ал көке, мен енді үйге қайтайын” — деп орнымнан тұрдым.

— Әй, Қалқабай, мына жиеннің ауыз үйдегі етігін әкел, жылы, жарық жерде киіп алсын, деп нағашы Қалқабайды тысқа жұмсады. — О, құдайдың қылған қырсығы-ай, күні бойы қар кешумен мес болып жібіп, болбыраған етіктің басы енді сықырлаған аяз қысқасын тұмсық жағынан ұлтанынан ажырап, құдды тісін ақситып аранын ашқан крокодилдің аузындай болып ыржиып, қатып қапты. Мұнан өткен қорлық болар ма, жыларман болып отырғанда нағашым:

— Әй, Бектай, мына жиеннің ұлтаны жолда түсіп қалмасын.
— Шуда жібіңнен әкел. Етігін аяғына кигізіп, сыртынан нокталап-шандып берейік, — деп ақыл айтты.

Басқа амал қайсы. Ұлтанымен қосып нокталап байланған көн етіктің тұмсығын өрге келтіріп, өкшесінен қадай басып, ай сүттей жарық аязды жолға шығып, қоздандай басып келемін. Менің аяқ сықырымды алыстан сезгіш Ақ күшқ

құйрығын бұлғап, алдымнан шықты. — Ай, тентегім-ай, қоянды Салықбайдың алдына қуып бармай, өзің алғанда ғой, мына халге түспейтін едік. Мақтанып келетін едік, — деймін іштей, мына халіме қорланып.

— Ене, келдің бе-ей. Төсбастаудан қуып кеткен қояныңды Салықбай нағашыңмен соғымға сойып, бөлісіп жатқаныңды есігіп-ек, қалай, шеке майың шылқып қайтқан шығарсың, — деп, мені есік алды қарсы алған Жолдас көкем әжуалап күліп тұр.

— Е, сонымен олжанды Салықбай нағашыңа байлап қайттың ба, балам, деп, әкем, менің қарсоқты-жолсоқты болып әбіржіген бой-басыма барлай қарады.

Мен жауап орнына, үнсіз бас изедім.

— Бәрекелді. Аңшының жолы солай, тек алғанымен емес, алғанын бергенім еңқызық. Тырнақ алды олжанды, Ғайып ерен Қырық шілтен, Қыдыр Әлейкі-сәләм, жар болсын, кез келген текті атаның өулетіне байлағаның жөн бопты, — деп көрі әжем бас болып, үйдегілер бәтуа жасап, бет сипады.

ҚЫЛШАЛЫДАҒЫ ҚЫРҒЫН

Қыстың басы желтоқсан кірісімен тау тарабының қарлы бораны бірі-біріне ұласып, үдей түсті. Қошқар суының жоғарғы саласында қыстайтын сиқым Құл-Бәйімбет ауылынан бір қызық хабар жетті. Сондағы ауылдың бас көтерер бозбала жігіттері жоғарғы Бас сүңгінің шатқал сайларының кекілігін тезекше теріп, қызыққа батып, қарық боп жатқан көрінеді.

Осы сөз құлағына тиген көрші ағайын Оразалы, Сұлтан, Еркетай, Төртбайдың өздері бас болып ертелеп Қылшалыға кеткелі жатыр. Кешкі шайманың үстінде Бекназар атамның пысық кенжесі Бердібек айтқан мына сөз отбасында отырған баршамызды елең еткізді.

— Е, барар жер мына тұрған Қылшалы болса, оның қисапсыз кекілігі құдай бұйыртса, бір ауылға жетіп-артылады. Бір-бір дорбаны мойынға ілеміз де, ертелеп шығамыз, — деді, қызықшыл Жолдас көкем.

Жаз, күздің жайлы күндерінде ауылдың қарасирақ майда балаларын балапандай шұбатып Қошқардың қара суына барып, қармақ салып, кейде Боралдайдың жабайы алмасына асып, талай қызықтарға батыратын жолбасымыз Бердібек

Бастап, мына жолы үлкен Жолдас көкем қостап ауыл боп аттанғалы жатқан кекіліктің жайы әңгімеге елере құлақ тосқан бізді қатты қуантты. Әнеу күні әжеммен бірге қыдырып жоғарғы Есті ауылына барғанда Сәрсембайдың үйінде тор қапаста тотыдай болып таранған сұлу кекілігін көріп, қатты қызыққанмын. Сол үйдің біз құралпы қуақы баласы Мақаш – “Бұл шақыртқы”. Жазғытұрым мұны қыр басында сайратып, айнала тұзақ құрып, мекиені ұя басқан талай саяқ қоразды қырып ұстаймыз, – деп мақтанғаны бар.

– Япыр-ай, осындай қызыл түмсық, сүксүрдай сұлу кекіліктің бірі қолға түсер ме еді, – деп армандап қайтқанмын.

Енді, міне, құдай сәгін салса, сол кекіліктің қайнаған ортасы Қылшалының қиясына кеткелі жатырмыз. Тыпыршып атар танды күс ұйқылы атырып, жақын көрші ағайынның Бердібек, Тойшыбек, Елшібек, Тама, Баубек атты бір топ балалар үлкендердің ізімен шұбап келеміз.

Қылшалы талдының қошқар суына қосылар сағасында, биік беткейінде қызыл доланасы қалың өскен қара тастақты қия бет. Құмай тасқа біткен долананың саясы тебінде аунап дәнек пен тас меруертін теретін кекіліктің мың да бір үйірсек жері. Топтанып, дүрліге ұшатын ұяластың ылди етекке сорғып, қарайған қалыңды жансауға етері бар. Тұла бойы жұп-жұмыр салмақты семіз күс екпіндей келіп ұлпа қарға түскенде оның қанатын сабалап, қайта көтерілуі екіталай. Оның аушының уысына ілігіп, таяғына жығылып, сорлайтыны осы сәт.

Талдының сағасына таяп, Әжібектің қара тасының шомбал биігі көрінген сәтте бұл топтағы жалғыз көлік іші салдай буаз қайқы бел қара биесін мініп топ алдында із салып келе жатқан Әбітай ат басын тартып:

– Бүгін күн бұлыңғыр. Кекілік таңғы суатынан өрген, биікте. Тебінде жатыр. Екі бала қиялап, ана-оу биіктегі доланаға шықсын. Сырт жағынан келіп, бір-бірден ұстап алсын да, қалғанын ылдиға үркітіп жіберсін, – деді.

Әбітайдың мына сөзі елере тындап тұрған бізді қатты қызықтырды. Барған бетте бір-бірден ұстап алатын болсақ, онда құдай берді – біз барайық, деп Тама екеуміз өрдегі долана бұталарына қарай аптығып, тура ұмтылдық. Алыстан орағытып, бұталарды сырт жағынан торып, жақындап келдік. Айтқандай-ақ, төменгі үйдей үлкен қара бұтаның асты кекілікке толы екен. Мойындарын қылқитып, бізді байқап

қалған, ата қораздары бірер “қыт-қыттап” шошандап, тебін ернеуінен гүр етіп ұша жөнелді. — “Қит-туу, қит-туу” деп тоғайда Талдының қалың қамысын беттеп сорғып барады.

— Қап, өттеген-ай, деп сүріне-жығыла ылдиға құлдилап-құлап келеміз. Келсек, ылдида, өзен жағасы қалың қарбалыс. Дуылдап-шуласқан айқай-шу, күлкіге толы. Көбінің екі езуі құлағында, — мөз-мәйрам. Мойын дорбалары, қойындары бүлкілдеген тірі кекілікке толған. Біз үркітіп ұшырған кекілікті түз-түгел қалың қамыс, оппа қар ішінен тезекше теріп апты. Бұлардың бәрі бүгін кеште кекіліктің бал татитын етін жеп, жұпар иісті, майлы сорпасын сораптайтыны анық.

Ал, біз Тама екеуіміз “тарақты біз қылып, тайлақты түйені біреулер алыптының” кері, жыларман халде тұрмыз.

— Әй, жігіттер, мына олжаларың айдаушыға кеткен мына екі баланың арқасы. Екеуден алғандарың бірін беріңдер, — деген Әбітайдың өктем даусы естілді. Үсіпбек пен Сейдазымның дорбалары тоқ екен. Екеуі мырзалық жасап, дорбасынан шығарып бір-бір кекілігін бізге берді. Мен кекілігімді жылы қойынға тығып, шұбап, қайтар жолға шыққан үлкендердің соңында қалып едім. Әлдеқалай бір нәрсем қалып бара жатқандай кейін бұрылып, қалың қарды есіп жүріп өткендердің терең соқпағына қарадым. Өзімнен бірер аттам жерде, қыр-жолдың жарлауыт жиегінде қызарып титтей қызыл нүкте көрінді. Еңкейіп қарасам, оппа қарға шомып, көміліп жатқан кекіліктің тұмсығы. Үстіне құлай кетіп, бұлқынған ата қоразды қолға түсіріп табан асты бір емес, екі олжалы боп төбем көкке жеткендей масайрап қалдым.

* * *

Дүниеде сұлулықтан асқан жан кереметі болған ба. Атып алу, торға, тұзаққа түсірудің жөні бір басқа. Ал, мынандай сұлу жан иесін тірідей пышаққа қию тым ауыр еді. Қылшалының қиясында өсіп, Талдының тоғайында қолға түскен қырмызы қызыл гүл дерлік, сұқсырдай сұлу қос кекілік біздің үйде қыс бойы емін-еркін өсіп жатты. Ұзаққа ұшып кетпесін, деп қос қанаттарын топшыдан төмен өткір қайшымен тұжыртып кесіп тастадық, одан кемдік көрмеген күстар, мына өміріне разы сияқты. Бірде үй, бірде түзде сайрандап, шуақты күндері бір уақыт көңдесін-күресінге

шығып, тебінде аунап, сәл бір қауіп сыбысы шықса, үйге қарай зыта жөнеп, оқтай зымырайтын.

Кейбір кездері алыстағы тау табиғатын, өскен ортасын іздегендей қамба тамда дәршенің биігіне шығып әлдеқалай тың тыңдап, мойындарын созып, көмекейі бүлкілдеп — “тасқайрақ, тасқайрақ” деген сияқты бір қызық әуенге басып, төгілте шырқаушы еді.

Көктем келіп, жер бетінде гүл-бәйшешек құлпырып, тірі жан масайраған сайранды-сауық күн туды. Бұл кез аяқты аң, қанатты құс атаулының жұптасып өмір жырын жырлайтын шағы. Бір күні жұбынан адасқандай жалғыз өзі қоқиып төр жақта, жүк үстіне шығып, жалғыз отырған ата қоразды көрдік. Байқасақ, мекиені байғұс, қамба астындағы қуысқа кіріп, шөп, қауырсын-түбіттерін төсеп, ұя басып қалған екен. Асты әрбірі жаңа піскен өріктей сүп-сүйкімді қоңырқай жұмыртқаға толыпты. — Е, мыналар ұрпақ өргізетін болды, десіп қуандық.

Сөйтіп жүргенде, тобылғы гүлдеп, қырсаыры жайқалған сәуірдің ортасында шаңқай түсте сырт жақтан “кетті-кетті” деген айқай шықты. Жүгіре сыртқа шықсақ, тентек жыны гаусылмаған Ақ күшік ала-құйын боп арсылдап, оқтай зымырап жан ұшырған ата қоразды алдына салып қуып барады. Ұзаған сайын сорлы қораз шолақ қанаттарын сабалып бет алды Митке сайы — сыртындағы қара шоқыны бетке алып жосып барады. Ол осы бетінде мына сұмдық қуғыннан жансауғалап таудың қия бет, текше тастарына жетіп, көзден ғайып болды. Бұрын есік алды сұлу жорғасына салатын кекіліктің еркін сайрандаған жүрісіне өне бір шеттеп қыжылы қайнап, көз алартқаны болмаса “тәк” дейтін үлкендер өкімінен қаймығып, шабуылға шықпайтын қырсық иттің мына қылығына қатты ашуландық. Қаңсылатып, таяқтап та алдық. Бірақ амал не, одан келер пайда жоқ.

Ата қораз бізден кетсе де, үйренген орта, ауыл сыртынан ұзап кетпепті. Ол әр күні кеш әлетінде сонау қара шоқының шомбал шоқтығына шығып-ап, төменде, адам қолында қалған сыңарын іздеп, үздіге үн қатып, қақылықтап, сайрайтын болды.

Бір күні оның үздіксіз тау жаңғыртып жататын сайран өні — “ғашықтық жыры” пышақ кескендей тыйылды. Оның аянышты оқиғасын бірер күн өткенде білдік. Байғұстың қара шоқыда әндетіп жүргенін сонау бір аспан биігінен шалған

бір қыран шәулі көктен жай оғындай зулап келіп, ата қораздың дәл төбесінен түсіпті. Жанталас айқасқа шыққан ата қораз сол қандыкөз жыртқыш — пен жекпе-жекте Митке сайы ұлтанында мерт болыпты. Серігінен осылай біржолата айырылғанын сезіп-біліп жатқандай кезекті бір күні жылы ұясын, үйілген жұмыртқасын жайына қалдырып, түзге шыққан мекиен орнына қайтып оралмады. Табиғат сырына бізден жетік Бердібектің ақыл айтуымен ұяда иесіз қалған кекілік жұмыртқасының бесеуін қора тамның түкпір бұрышында құрқылдап, ұя басып жатқан тауық астына салдық. Бір күні барып көрсек тауық бауырында кекілік жұмыртқасының қаусаған қабығы жатыр. Ал тауық байғұс құрқылдап ұясынан бір шығып, өз жұмыртқасына қайта оралып, шарқ ұрып, әлек боп жүр. Абайлап үй ішіне қарасақ, сұмдық-ай, жұмыртқадан жаңа шыққан бармақ басындай бес балапан бірі-біріне ұйлығып бөлек отыр. Ұясына, ана тауық бауырына қайта салып көрсек те, құйтақандай қуларды өгей шеше бауырына көндіктіре алмадық.

Тауық өз балапанын ашып, шұбатып күн шуағына шыққан күні әлгі титімдей қулар өгей шешеге қарамай өз жөніне құрып кетіпті. — “Бөлтірік баққаныңмен ит болмайды. Кекілік баққаныңмен құс болмайды” — дегеніміз осы да!

ҚАСҚЫРДЫҢ ШАБУЫ

Отыз тоғызыншы жылға қараған “ақ қоянның” қысы Қаратау жақта жылдағыдан ұзақ, айта жүрерліктей ауыр болды. Желтоқсанда желдеткен бұрқасынды күндер қаңтардағы қалың қар ұлардай шулап, аш қасқырдай ұлыған, апталар айықпаған ақ боранға ұласты.

Бұл күндері қашаннан малдың жайы, қала берді жан амандығын ойлайтын шаруа баққан ел іші дүрлігулі еді. — Не дейсің, өрдегі қыс-қыспағындағы қайсыбір жарлы-жақыбай ауылдардың адамын аш қасқырлар тори бастапты. Мына іргедегі Құлбай ауылының жон асып жолаушы кеткен біреуін қырдағы қасқа жолдың үстінде тал-түсте анталаған көп қасқыр боршалап, түп-көтере жеп кетіпті...

Ауыл ішіне осы қауесет өріп кетсе де, қияли ертегіні әжемізден көп еститін біздің көз көрмегенге көндігуіміз қиын. — Жә, бейшеккі жүріс азайсын, — деп үлкендердің үркіте

айтар сөзі шығар, — дейміз. Сөйте жүріп, осы қасқыр деп жұртты үркітіп жүрген құбыжығы қандай болды екен. Шіркін-ай, өзін жақыннан анықтап көрер ме еді, — деп армандаймыз.

Солдай, жер-дүние ақ мамық қалың көрпесіне оранып, мелшиген — меніреу күннің бірінде кем-кетісі көп ауыл елін басқаратын әкем адуынды қаракөк айғырын мініп, қыр асып Аралтөбе-Тесіктастағы ілік-шатысты досы Жұмағұлға кетті. Мұндайда жол іздеп жұтынып тұратын Ақ күшік ілесіп, бірге кетті.

Сол күні күн ашық, айнала-айнадай жарқыраған, түс қайтып, екіндіге ауысқан мезгіл еді. Тоғайда талдының көк мұздығында асық атып, қалжырап, жаңа келіп, зерен толы ешкінің тәтті айранына тары тоғытып, аш қарынды жұбатуға кірісіп жатқан едім. Өзім жайғасқан биік төсек үстінен терезе арқылы ашық дала, қарсы бетте Жолдас көкем үйіне таяу қысқы қора алдында сырты селдір, саңылауы көп қара бұтамен қоршалған бір үйіме шөпте жусап, желіні жеткен, бірер күнде қоздайды, — деп өріске жібермей қолда ұстап отырған үлкен көк саулық тұрған еді.

Кенет, біздің үйден төменгі өзен жақтан шығып, құйрықтарын бөкселікке жапсыра қысып, кеуде, жон-жотасы биік, артқы жағы шөмік екі зор байтөбет иттің шөп-шарбақты бетке алып, аяқтарын аңдап басып бара жатқанын көрдім. Бұл кезде сыртқы есігі ашық дәлізде ешнәрседен бейхабар апам, кір жуып отырған еді. Мен мына бейтаныс иттердің мына тұрпатынан іштей үркіп, не екенін білгім кеп, тез дәлізге шығып:

— Апа анау не, дедім, шарбаққа таяп қалған әлгі екі көк төбетті ашық есіктен көрсетіп. — Оған жалт қараған апам:

— Үй-бүй, сұмдық, қасқыр! деп, орнынан ұшып тұрды. Жалаң аяғына кебісін сұғып, аптығып, қарсыдағы қамба тамда жинаулы уықтардың бірін суырып қолға алып, маған жақтауда сүйеулі бесақаны беріп, сыртқа аптыға ұмтылды. Екеулеп — “һайт-һайт, кет-кет” деп айқайға басып келеміз. Бұл кезде шарбақ жақтауына шапшып, шалқалап құлап түскен көк саулықты көкжалдың бірі алқымнан алып жаныштап, екіншісі май құйрықты астыңғы жарғағынан жыртып, сылқылдата асап жатты.

Бұта шарбақтың шабақты есігіне айқайлап алдымен жеткен апам, шарбақ бұтасын құлаштап ұрып еді. Құйрықты мықшия

жыртып, аптығып асап жатқан көкжал бұғы мойнын біз жаққа окыс бұрып, езуін ыржитып, аппақ тістерін сақылдатып, отты көздері сұмдық шатынап, айбат шекті. Май құйрықты кеулеп, үсті-үстіне жұлмалап, жұлқып асап алды да, шарбақтың аражігінен сыртқа қарғып, тау жақты беттеп, жай бүкендей жортып, жөнелді.

Соңынан үрпийіп қарап тұрмыз. Қорқып-үріккен жайы жоқ. Асығар емес, жауыздар. Біздің айқайлап дабыл қаққанымызға ашулы. Кектеніп кетіп бара жатқандай біз жаққа бұрыла қарап, тоқтап, жай бүкең желіспен кетіп барады. Ұзай беріп төбешікте шоңқая отыра қалып, тұмсықтарын аспандата көтеріп, сұңқылдап, ұлыды келіп. Онысы бізге сес көрсеткені ме, әлде ұялас өзге тумаларын шақырғаны ма, түсіне алмадым.

Екі бірдей азулы көкжал ажалына келген көк саулық жан тапсырар алды, әдемі қоңыр көздері аударыла бозарып, артқы аяқтарын әлсіз сермеп, өкпесін соғып жатыр.

— Жүгір Еркін, анау үйдегі мылжың көкеңе. — Үйіне ғығылып отырысын қарашы. Келсін тез, мына қойды жайғасын, — деп апам, шарбақтың есік бауын шешіп жатты.

Апамның “мылжың” дегені өңгімешіл Жолдас көкем ғой, әрине. Барсам Айша жеңешем жанында, Әбітай, Пірмен достарын қатарға алып, ақ шарада көпіршіген сап-сары тары бозасын сырлы зеренмен сыздықтата тартып, жылы үйдің төрінде өндетіп отыр.

— Ооу, қоғажай,

Қоңыр салқын малға жай — деп соза түсіп, шалқая-шалқып отыр. Аптыға кіріп келген маған отырғандар жалт қарады.

— О, көке, өленді қоя тұрыңыз, қойға қасқыр шапты.

— Не дейд, қайдағы қасқыр, — деп сылық-сылық күледі көкем.

— Әй, шықсай, шырақ өтірік айтпайды, — деп жеңешем дауыс көтергесін, үш дос бірге көтеріліп сыртқа шықты. — Мынаның қозысы тірі. Қойдың жаны шықпай тұрғанда қозысын алыңдар, деді Пірмен, уыз сүті тамшылап жатқан қойдың тырсылдаған желінін сипап көріп.

Жарылған іштен көкбұйра торсық шеке қошқар қозы тулап шықты. Апам оның шаранасын сыпырып, ауыз-құлағын үрлеп ескі шаршысымен құндақтап, үш күндік жарық дүниесі бар бейшараны жылы үйге жөнелтті. Өмірге келмей жатып енесінен, уыз сүтінен айырылған сорлы қошақан көзін ашып,

құлақтарын сілкіп, тәлтіректеп алға ұмтылып, тіршілікке күштар екенін көрсетсе де, тағдырының тәлкегін көтере алмады. Ешкі сүтіне шекер қосып аузына құйып, жұтқызсақ та үш күн әлсіз, ыңырана жатып көз жұмды.

* * *

Әкеміз Түрекең Марқабұлақ асып, Аралтау, тесіктастағы дос-жараны ауылына кеткен сапарынан кештетіп оралды. Көк саулықтың көкжалдың аузынан ажал тапқанына, “қасқырлар нешеу, қалай кетті” деп қысқа деректегені болмаса, пәлендей мән берген жоқ. Иә, ол қасқыр ғой, қасқыр — қасқырлығын жасайды, — дейтін сыңайлы. Өзі де мына өмірдің қақтығыс-соқтығысы көп талас-тартысты, жортуылды жолын көп кешкен сіңірлі-сидам, бөрі құрсақты шабандоз адам — “болары бопты, қанқор, бөрі істерін істепті, көрерміз оны” дейтін, ішкі есебімен отырған тәрізді. “Еруліге — қарулы, асқанға бір тосқан бар” дейтін кезек дүние кезімен, оның да ретін кешіктірмей келтірді.

Қораға қасқыр шапқаннан арада бірер күн өткенде қара көкке ер салып, әке теріскей асты. Неге, қайда кеткенінде біздің шаруамыз қанша. Күн ашық, көк мектептің алдындағы күншуақ-күресінді алаңқайға жиылған ортамызда Бердібек, Үсіпбек, Боранбай, Мақұлбай дейтін бізді бастап жүрер көсемдеріміз бар он шақты ойынпаздар “үштабан” асық атысты шарт-шұрт қыздырып жатқанбыз. Ойын қызығында қыстың қысқа күні қиыстап, аспан жүзі қылаулап, тау тарабын мұнар тартқан кез еді. Кенет сол, теріскей тарапқа еліріп қарап тұрған Боранбай:

— Ой-пыр-ай, анаң қарандар! Сонау беткейден ылди құлап біреу шауып келеді, бір бәлені қуып келеді, — деп оқыс айқайлап жіберді.

Біз бәріміз, ойынды доғарып, үдере-үрпип қарап тұрмыз. Көргіш Боранбай жаңылмапты. Бозғылт мұнар басқан меңсіз-меңіреу теріскей жақтан біреу, ат басын өрлете салып, енді бірде еңіске еркін жіберіп, құйғыта шауып жүр. Оның арқан бойы алдында әлде ненің сұрғылт сұлбасы бұлдырайды. Ол енді, Төсбастаудың тепсеңінен құлдырай, ылди тартып, құлаған бетте алдыңғы терең сайдың тасасына ойысты. Не болар екен, деп көрген беттен көз алмай тұрғанда, сайды жақпарлап, жақын жерден шыға келген, сірі тақымға

көкжалдың желкелігінен басып, бүк түскен жон арқалығын сол жақ қолтығымен бастыра жаншып, ат үстіне көлденең салған адуынды шабандоз әке Түрекенді көрдік.

Қас-қабак, қара мұртын қалың қырау басқан ол, ыстық буы бұрқырап, қаратерге шомылып, солықтаған ат үстінен:

— Шешіндер, шылбырды сулықтан шешіндер, — деп өктем дауыстады. Жақын жерде Тәшен поштабайдың үйінен жүгіре басып, Әбітай, Әмірелер жетті.

Әбжел Әбітай келген бойда қыл шылбырды сулықтан шешіп жіберіп, көзі жасынның шоғындай жайнап, тақым астында жатқан көкжалды алқымнан орап, тұмсықтан шандып-ноқталап, көк желкеліктен тас-түйін күрмеп-байлап, айла-шарғыдан айрылған залымды жерге түсірді. Енді ойды орып, қырды қырып, талай жер, талай елді қан қақсатқан көкжал, табиғат қанға құйып жаратқан мәрт мінезі

— “Ей, екі аяқты адамдар. — Бұл мен, енді кезек сенікі. Білгеніңді қыл, — аяма” дейтін сыңайлы. Міз бақпай безеріп, алдымызда жатыр. Оның мына текті, зат, көк құрыштай мұзерт мінезіне таңырқап, төніп қараймыз.

Түрекен мұртының мұз-қырауын қамшының сабымен қағып, еңтігіп басқан бір шақта, оны анталай қоршаған үлкендер ішінен, Әбітай, Әмірелер:

— Оу, Түр-еке, атып алғанды, ұрып алғанды, қақпан мен қаптырғанды талай көріп-ек. Ал, тайыншадай көкжалды тірідей көкпар қылғанды өзіңнен көрдік. — Бөрекелді. Бұл өзі естен кетпес, айта жүрер іс болды. Көне ерім, қалай, қайдан кезіктің бұған, — деп, қаумалады.

Жаратылысында көңіл арнасын ашқан бір кездері болмаса, артық сөз, ағыл-тегіл әңгімеге жоқ Түрекен:

— Бұл өзі көптен аңдысқан, айласын асырып жүрген жау еді. Қылмысы шектен асты. Ашу мен ерегістің барар жері аттың белі, білектің күшіне сиынған елміз ғой. Қан қызуы, ет қызуы ақыры бұл көззаптың түбіне жеткізді. Басқа амал қалмағасын, қолда қамшыдан басқа қару жоқ, сонау қызыл шоқы бауырынан қуып келіп, оппа қарға тоғытып, түп құйрықтан түре көтеріп тақымға басудан басқа амал қалмады. Әнеу бір жылғы Оңғарбайдың асында тартқан алты бұттық атан серкеден ауыр емес қой, бұл. Туасы мәрт-текті көкбөрінің ұрпағы емес пе, заттығын танытты, — деп Түрекен, келісті әңгімесін келте қайырды.

МӘУЕ ТЕРЕ БАҒАНДА

Алыстағы майданнан азалы хабар бергендей сұрапыл соғыстың алғашқы қысы жылы жақ — оңтүстікке де тым ерте түсті. Қарашаның ортасында басталған қарлы боран ұзақ күндер мен түндер толассыз соқты. Күнгейлі Қаратау өлкесін тұтастай қалың ұлпа қар жапты. Күн аяз. Мектеп іші суық. Жылдағыдай отын жеткізетін азамат ағалар түгел майданға аттанған. Алыста, батыс майданда, Москва бағытында теңдесі жоқ Ұлы шайқас жүріп жатты. Алматыда жасақталған генерал П.В. Панфиловтың 8-ші гвардияшы дивизиясы құрамындағы Б.Момышұлы басқарған гвардия батальоны асқан ерлікпен шайқасып жатқан күндер еді. Бесінші класста кезекті сабағын өткізуге келген жетекші мұғалім Мырзайым Қарақұлова апайымыз: “Балалар, Бүгінгі сабақты Қазақстан ұлдары Отан соғысында” атты әңгімемен аяқтаймыз. Жоғарыдан келген хабарға құлақ ассақ, мындаған жаралы жауынгерлер шығыстағы қалаларда, әскери госпитальдарда жатыр. Оларды тез емдеп, жазып, қатарға қосу үшін тау бұлақтарында өсетін аса шипалы шиповник (қазақтар оны әуел мұрын дейді) мәуесі аса пайдалы депті. Боралайдың тау бағбаны, орманшы Орақбай атайдың айтуынша Сеңгірдің баурайындағы Бұғамал, Кенелдіктің шатқал сайларында қалың өскен шиповник мәуесі бүгінде уылып піскен, тұнып тұрған көрінеді. Ертең ертелетіп мәуе теруге шығамыз. Жиналған мәуені өз қолымызбен майдан госпитальдарына жөнелтеміз. Жылы киініп, бір күндік азықтарыңмен келіңдер”, — депі.

Бұған біз қатты қуандық. Майданда жауға қарсы Отан үшін ерлікпен соғысып жүрген жауынгерлерге, госпитальдарда жаралы жатқан көкелерімізге қол ұшын беріп көмектесу, әрқайсымыздың арман-мұратымыз еді.

Алғашқы сапарымыздың әзірлігін жасап, ертеңгі күнгі белгісіз тау табиғаты мен оның қиын соқпақты жолын, мәуе терудің қызулы қызығын ойлап, ұзақ түннің көп мезгілін ұйқысыз өткіздік. Таң шолпаны шығыстан бой көтергенде “Елдос, түр айналайын” деген көрі әжемнің жайлы даусы естілді. Арада аз уақыт өткенде Мырзайым апайымыз бастап, Бестаудағы мектеп ауласынан жолға шыққан ұл-қызы бар 17 оқушы, әлдекім аттылы жүргіншілер омбы қарды бұзып салған жалғыз аяқ сүрлеуде тырнадай тізіліп келе жаттық.

Алды өр, орманды тау тарабы — Боралдай бұл жақтан едәуір қашық, он шақырымдай жер. Қалың қарлы тар соқпақпен бару — жаяу жолаушыға оңай емес. Ересек-естияр балалардан Құрманбек, Асқар, Тұрғанбектер кезектесе алға шығып, жол бастап, асудан асып, мезетті жер — Бұғамал шатқалына түс мезгілінде жеттік.

Тау өзені Боралдайдың қалың мұз өткелінен өтіп, шатқал ішімен біршама жүргенде өрге тартқан шатқалдың оң бойында ақшағыл ұлпа қарға төнген қоңырқай қалың бұталарда сағасынан иіліп, мөлдірей тұнып тұрған шиповниктің қанқызыл мәуесі де көзге оттай басылды.

Шатысып-бытысқан қалың бұталарды айнала тұра қалып, ұйлжыған жемісті таласа-тармаса теріп, ыңғайлы ыдыстар — себеттер мен дүңгіршектерге сықап жаттық. Арада қалың қарбаласта біршама уақыт өткенде ыдыстар да толды.

Ызғарлы, сұсты тау табиғаты қатал. Жеміс терудің қызығында қыстың қысқа күні өте шығыпты. Кешке таяу айнадай ашық аспан жүзі бұлыңғыр тартып, төбеден төнген Сеңгірдің құзар шыңын сұрғылт сұсты бұлт тұтастай гүмшады. Әлдебір көрінбейтін құдірет сыбызғы-сырнай тартқандай ызындатып, өндетіп, ызғарлы жел көтеріліп, батыс тараптан қиғаштай соққан қарлы боран басталды.

Құбылмалы қыс күнінің мынадай қауіп-қатерін ойласа керек, мұғалім апайымыз балаларды тез жинап, аттарын атап, түгендеп, таяу маңдағы құзар шың баурайында ежелден саяткер-құсбегі, аңшылар аялдайтын тас үңгірге бастады.

Үңгір — кіре берісі ашық, іші кең, айналасы берік тас қорған. Осындай қысыл-таяң сәтте адамға арнап шебер табиғат өзі қолдан жасап қойғандай еді.

— Енді бізге отын керек, балалар. Тез құрғақ отын жинап алайық, — деп, бір топ ересек балаларды бастап апайымыз таяу маңдағы өзен аңғарына, қалың қарағаш орманына кетті. Бұрқасын боранмен арпалыса жүріп, олар құрғақ ағаштардан едәуір отын жиып келді. Сөйтіп жүргенде тау ішін қою қараңғы түн пердесі жапты. Айнала сыңсып, бір мұнды өуенге басқан тұңғыық түпсіз дүние. Мың сан көрінбес көмей қосылып, сыбызғы-сырнайын тартып жатқан сияқты. Дүлей дүниенің зарлы өуеніне жақын маңайдан аш қасқыр көмейкернейден созып ұлыған қаралы үнін қосты.

Ол кез елде сірінке тапшы. Арамызда темекі шегетін жан баласы

жок. Тек сәті келгенде әбжел — пысық, естияр бала Құрманбектің қойын қалтасында қол орамалға орап, әлдеқалай сақтап жүрген шакпақ тас пен от берер оттығы бар екен. Бармақ басындай әсіл кескірдің қырымен шақпағын соғып, шоқ тұтатып, тараштап қаластырған тамыздыққа от берді. Енді қу ағаштар маздағы лаулап, қараңғы үңгір ішін қызыл күрең от сәулесі жайлап, қоналқы орнымыз өзінше бір көңілді күйге ұласты.

— Ел кісілері іздеп келер болса, бізді осы от жарығымен табар. Келмесе, таңның атуын осында күтеміз. Түн ұзақ, біз бүгінгі күн кестесі бойынша өтетін ән сабағын бастаймыз. Қане, қыздар, алға шығыңдар, — деді апайымыз. Қос-қабат қатарымызды түзеп тұрғызды да, бүгінгі ән сабығымыз — өткенді қайталау. Валентин Катаевтің “Метелица” шығармасынан Дон казагы жесірінің өлеңі. Ал қане:

Кетті казак соғысқа,
Үйге тастап әйелін.
Үйге тастап жас қызын,
Жас қызын, жас бөбегін.
Содан бері жылдар өтті,
Майдан кеткен атты казак.
Барлығы да қайтып келіп,
Үйді-үйіне кетті тарап.
Бірақ біреу қайтпай қалған,
Өзгелердің бәрі қайтқан.
Менің асыл жігітім ол,
Әлдеқашан... қаза-а-а тапқан!..

Айнала түнек түн. Ысқырған ызғарлы қарлы боран. Көп дауыс қосылып, баяу бастап, алыс қиянға қанат қаққан қоңыржай зарлы да мұңлы ән. Ол екінші рет әуелей шалқып, қайта толқыды:

Үйге тастап әйелін,
Үйге тастап жас қызын.
Жас қызын,
...Жас бө-ө-өбе-гі-і-ін!
Бірақ біреу қайтпай қалған,
Өзгелердің бәрі қайтқан.
Менің асыл жігі-ті-ім ол —

Әлде-е-қашан... — деп өрлей қанат қаққанда алдыңғы қатар ортасынан сымбатты қыз Сынжанның даусы дірілдей толқып, тұншығып, бір сәт тоқтап тұрды да, егіле бүгіліп, өксіп-өксіп жіберді.

Алыстағы майдангер әкесінен жақында қаралы хабар келген, жас жүрегі жаралы, көңілі қаралы Сынжанның мұңлы да зарлы үніне онымен қатар жүрген барлық қыздар дауыс қосты. Құзар тау, дүлей дүние ішіндегі ән сабағымыз қайғылы жүректің ыстық жасымен жуылды.

Енді апайымыз бастап, бәріміз айнала қоршап Сынжанды жұбатуға кірісіп жаттық.

— Қой, Сынжан, айналайын! Көкең сенің тірі. Қаралы хабар келгендерден хат та келіп жатыр. Әлі-ақ қуанышты хабары да келеді, — деп Мырзайым апай ән сабағын әлгі әсерлі-сазды әуенде айтылатын ауыл қыздарының жаңа өлеңіне бұрды.

Ал, қане, енді “Көкеме хат” атты өлеңімізді айтамыз:

Алатаудың аршасы-ай,

Басына бүлбүл қонсашы-ай.

Майданда жүрген жан көкем,

Жауды жеңіп келсеші-ай!

Ақ көйлегім жеңі тар,

Жең ішінде хаты бар.

Хатын ашып қарасам,

Жан көкемнің аты бар.

Ақ көйлегім етегі,

Көлең-көлең етер ме?!

Майданда жүрген жан көке,

Тілипон ұрсам жетер ме?!

Көп дауыс қосылып, тас үңгірдің ішін күңіренген әнге бөлеп, сан рет қайталап шырқаумен ұзақ түннің ортасы болған бір шақта кенет жақын жерден әуіпдеп үрген ит даусы, оған қосылып тау ішін жаңғыртқан айқай естілді. Арада санаулы минөттер өткенде омбы қарды бұза жарып бір топ аттылы кісі де келіп жетті. Бұлар мәуе тере тауға кетіп, боранды түні дүлей ішінде қалған жас шәкірттерді іздеп шыққан Дүйсебай, Әлжан, Қырықбай, Құралбайлар бастаған Бестаудағы үлкен ауылдың бір топ қарт аталары еді. Қаһарлы жыл, қарлы қыстың бұрқасынды боранға ұласқан қызыл мәуе сапарын осылай өткізген жас ұландар аталар бастаған бір көш боп қайтар асудан асқанда; кенет дүлей дауыл да толастап, аспан жүзі айнадай ашылды. Алыс зеңгір аспанда жарық жұлдыздар ерекше ақ алмастай жалтылдап, жымың қақты. Кешікпей аңғардағы ауылдың қарауытып түнгі сұлабасы да көрінді.

ТАУ АҢЫЗЫ

1

Қоңыр күздің қоңырқай кеші болатын. Қос өзеннің қосылған жері Қитушал деп аталатын найзадай тас шоқыдан оңға қарай бұрылып, үлкен Боралдай аңғарымен келеміз. Шөккен нардай шомбал тастарға соқтығып, көпіршіп, тулап жатқан асау өзеннің екі жағында шатыса өскен жыңғыл, жиде, сәмбі тал, итмұрынның қалың нуы көмкерген. Сол керемет жасыл бақ, сай-сала, терең шатқалдарды қуалай өсіп, сұлудың бұрымындай тау төсінен төгіліп жатыр. Одан әрі бір ғана күз қырандары мекен қылған заңғар шындар мәңгілікке мүлгіпті.

Манадан бері астындағы аяңшыл торысын сипай қамшылап Қитушал жайындағы бір мұңлы сырды келістіре шертіп келе жатқан орманшы жігіт Сағынтай бұл тұсқа келгенде әңгімені шорт үзді де, бүгінгі шаруа жайына ауыспақ болды.

— Әй, сен, көшет-мөшетінді қоя тұр. Оны кейінірек келістіріп айтарсың. Одан да әлгі Қитушалыңды жалғай тұс, — дедім мен ит жүгіртіп, құс салған аңшылық десе өзге дүниені ұмытатын құмарлықтың желігі билеп.

— Е, ол бір жуық арада таусылмайтын жыр ғой, бауырым. Мына сақырлаған тас, тақырлаған тұяқ сөздің өрін кетіреді ғой. Кешкісін от басы, ошақ қасында айтайын оны.

— Ә, солай ма, айтқаның болсын.

Қалың нулы Боралдай бойында жеміс, жидегі самсыған әлденеше сай-саласын айналып өтіп, орманды өңірдің орта шеніне жеткенде күн биік тау тасасына кетіп, өзен алқабы қараңғы тарта бастады. Аздан соң өзен сарыны да алыстап, орман ішінде меңіреу тыныштық орнады. Бет алдымызды байқарлық бар сенеріміз терең сай үстінен төңкеріле үңілген гүңгиық аспан көгіндегі кетік айдың болымсыз ғана сәулесі.

Манадан бері ел ортасына “ертең жетеміз” деп келе жатқан Сағынтай енді ат басын оңға бұрып, орман адамдарының ежелден қонақжайы болған табиғаттың Бұғамал атты бір тас сарайына бастап әкелді. Мезгілсіз жеткен жолаушыға меймандос есігі жабылып көрмеген бұл “сарай” Боралдайдың теріскей саласында, жолаушы жолынан жүз қадамдай ғана шеткері екен. Ол шын мәнісінде атты адам еңкейіп, жаяу

адам тігінен өтерліктей, тау шыңына турасынан сүңгіп тұрған үлкен үңгір. Оның қос қабырғасы мен ішкі төбесі тұтас, қоңыр граниттен құйылған таңғажайып жер асты жолына ұқсайды. Сағынтайдың сыпаттауы бойынша, оның ұзын түкпірін зерттеп білген адам жоқ. Ол тау жынысына жүз метрлеп еніп, белгісіз бір дүлей түнекке ұласып кетеді. Оның ерекше бір қасиеті — ауасы кең, іші жазда салқын да, қыс күнінің сұрапыл суығы қысқан сайын жылына түсетін көрінеді.

Үңгір ішінде, кіре берістен он шақты қадамдай жерде қашанғы бір замандардан қалған қара ошақтың орны, әлдекімдер жаққан оттың күл-қолаң тасы жатыр. Ошақ жанында мыңболғыр біреу бір құшақтай қақ ағаш тамызық қалдырып кетіпті. Ал тас текшеде сәл ортайған бір қорап сіріңке жатыр.

— Ой, мынауың не керемет-ей тағы да?!

— Ehe, бұл не көрмеген қара ошақ дейсің, — деді Сағынтай, менің таңырқаған кейпіме езу тарта жымыып. — Баяғы ата заманынан келе жатқан көрі өулие ғой бұл. Бұрын мұнда асулы қазан, жез шәугім, даяр отын-суымен бірге шақпақтас та тұратын. Ол мына біздей тау кезіп шаршап келген аңшы, қыс күнінде ел шетіне жете алмаған бірлі-жарым жолаушының кәдесіне жарайтын. Осыдан бір түйір отын-суды пайдаланған жолаушы, ес жиіп тыныққан соң, кетерінде оның орнын голтыруға міндетті. Тау өмірінің тәртібі солай. Бұл жолаушылық, аңшылық жолының қасиетті парызы, жазылмаған заңы.

“Қасиетті парызы, жазылмаған заңы”. Бұл сөздерді Сағынтай шегелеп, нықтаңқырап айтты. “Я, оңай деменіз мені, атақты аңшы аталардың жолында жүрмін, білем бәрін де”, — деп мақтанатын сияқты.

Әдетте аңшы десе — бұл кәсіптен бейхабар кейбір әзілқой пысықтардың бұларды қып-қызыл өтірікші санап, кереметтей қызық аңшылық әңгімесін ажуалап, сұрқын кетіретіні бар емес пе “сәл ширатпайсыз ба” — деп ширатылып, тіпті дәл бір ақы-пұлы кеткендей, қызыл өңеш боп дауласатын достарды талай-талай көрдік қой.

Ал мынау Сағынтай болса дәл сондай, шын сөзін өтірікке балап өткізе алмай, тәңірісіне жазып жүргендердің біреуі. Бір жақсысы ол менің аңшылық жайын елте тыңдап, оның сөзіне құдайдай сенетінімді біледі. Себебі, оның қандай аңшы

екенін жұрт сөзінен емес, өз көзіммен көргенмін. Сондықтан да болар, мынандай құлазыған құзар таудың ішінде қараңғы қуыс үңгірде Сағынтай сөзі мен үшін бәрінен де қадірлі.

Іші бел омыртқасына жабысқан инеліктей ашаң, жақ сүйегі пышақ қырындай жұқа, жарғақ құлағынан күн көрінетін, қарғадай ғана қалжасы тарамыстанып, мейіздей қатып қалған Сағынтай мені өзінің мергендік өнерімен емес, өлермен төзімді, ерінбейтін ептілігімен таң қалдыратын.

2

Соғыстан кейінгі қырық алтыншы жылдың кешіккен қара күзі дәл кешегідей есімде. Біздің аз ғана үйлі ауылымыз қашанғы ата қонысы — Қаратаудың алыстағы бір қиян түкпірінде, — Талдыбұлақта болатын.

Айналасын қоңырқай тау қырқалары көмкеріп, сылаң қаққан ерке бұлақ жағасында бал құрағы майысқан Талдыбұлақ мен үшін жұмақ аралы есепті. Бар жақсылық, бар рақат сонда ғана сияқтанып көрінетін әрдайым. Сайларында кекілік сайран салып, қырларында алтайысы бұлаң қағып жататын Талдыбұлақ келбеті қайда жүрсем де қиялымнан кетпейтін. Сол бір елеусіз ел қонысын жылдар өткенде бір көріп, сайсаласын ат үстінен бір шолып, топырағында аунап кету аңсаған арман болатын еді.

Міне, сол алтын ұя, туған жерді сағынған жүрек қойсын ба, оған қоса туа біткен аңшылыққа деген құмарлық, бейне бір сиқырлы күштей жетелеп, тағы бір келген бетім. Құндақтаған баладай шаң тигізбей әкеле жатқан үлкен олжам, — қаладағы әскери қызметтегі досымнан аз күнге ат-түйедей қалап алған — бесатар.

Сол күні кешқұрым ымырт үйіріліп, май шам енді қойылып жатқан еді. Тыста тысырлаған ат тұяғының дүбірі естілді де, артынша сұр шекпеннің сыртынан жалпақ қайыс белдікпен шірей буынған шомбал денелі біреу қос топсалы есіктен өзер ырғалып өтіп:

— Ассалаумағалейкү-үм, — деп сәлем берді.

Енді байқадық, келген кісі Боралдай атырабының әйгілі аңшысы, әрі тау бағбаны Әлжан екен. Көдімгі атышулы мерген Битастың Әлжаны деп, аңшылық өнерін аңыздай дәріптейтін Әлекеңнің өзі. Жасы елудің өріне тартып, самайын

бозғылт қырау шалса да, тұғырдан түспей, қиян-қиянға самғаудан танбай келе жатқан көне тарланның бірі.

Кезінде нелер тигіш мылтық, небір құстай үшқан құмайларды өз қолымен өткерген саятшының, аузын ашса әңгімесі ағып тұрған, арыс кеуделі ағаның орны өзгеше болатын. Тау кезіп, тас басып, талай ұзақ түндерді маздап жанған от басында бірге өткізген сырлас достың келгені әлбетте мен үшін үлкен қуаныш.

— Сен әлгі Шоқайдың Сағынтайын білемісің? — деді Әлекең амандық сұрап болған соң. — Кәдімгі қостұралық Шоқайдың баласы.

— Білем.

— Білсең, ол жақында әскерден қайтқан. Соғыста жүргенде мергендікті үйреніп, әлгі дүрбілі пүнтопкімен талай немістің басын жаңғақша қағыпты. Көкірегі толған медаль. Көздегені құр кетпейді. Құзда тұрған құлжаны шыбындай қағып түсіргенін өз көзіммен көрдім. Тіпті тәшін қыласың. Ол келген бойда орманшылыққа ауысты. Мына төменде аяқ-сүңгіде Шонықбектің баласы Толымбекпен бірге. Екеуі сай қосылды. Қар түссе болды, сонардың көкесі сонда.

— Ойпырым-ай, ө!

— Енді сені соларға апарайын. Олар Ақшоқыны асып, күнгеі Бұғамалға, құлжаға кеткелі жатыр. Ал енді Бұғамалдағы құлжаның жөнін атама. Өңкей бір қақсал мүйіздері қолтығынан оралған, елсіз тауды ен жайлап, майбасты боп, мамырлап қалған нән ақауыздар. Әрбіреуін мына орыс колхозының атан өгізі дерсің. Сонда баралық, мақұл десең кідірмей дәл қазір кетеміз.

— Ойбай-ау, мақұл демей ше!

Арада біраз өтпей-ақ, шай шіліп болғанша бір аяңшыл шобыр да дайын болды. Кідірмей түн түнегіне сүңгіп, жортып кеттік.

Бұл өлкенің әр сай, әрбір жылғасын, бұлаң-бұлаң жалғыз аяқ соқпағын көзді жұмып, жаза баспай танитын көнігі аңшы, жабағы жалды, жалпақ торысын бөкен желіске салып, шылбыр бойы алда келеді. Бейне бір бөлтірігін бастап құла далада кез келгенді қаққалы жортуылда келе жатқан сарыазу — арлан көкжал сияқты. Баяу желпіген түн самалына қосыла:

...Қаратау жердің салқыны-ай,

Сағындым сәуле, қалқамды-ай... —

деп қоңырқай әндетіп алады да.

– Жүр, Есентай, бас камшыны, жібер тізгінді, – деп өктем дауыстап қояды.

Қос аттылы қатар сыймайтын жалғыз аяқ соқпақпен шоқырақтап жеткен мен біраз шаужайлап, қабаттаса тартып, сәл жүрген соң, майда қоңыр ән ырғағына елтіп, қараңғыда қара үзіп қала берем тағы да.

Біз осылай ұзақ түннің біршама уақыты өткенде, Сүңгі бұлағының бойында, қарағашты, қалың нулы қойнауда, жым-жырт дүние құшағында мүлгіген төрт үйлі орманшылар ауылының түнгі оттары да жылт етті. Ат тұяғының тықырын алыстан сезген аңшыл иттер арсылдай үріп, алдымыздан шықты. Алдыңғы жақтан әлдекімнің:

– Ой, кім келе жатқан? – деген өктем айқайы естілді.

– Өзіміз, өзіміз келе жатқан, – деп дауыстап, жауап қайырды Әлекең. – Қиян-кескі соғыс жылдарының қатал уағы меніреу шеттегі ауылды осылай сауысқанша сақ отыруға үйреткен-ді.

Әлекеңнің даусы шыққан соң қабаған иттер айбаты пышақ кескендей тыйылды. Әлекеңнің ат бауырына оралып, ерке-бұлаңға салып жүр. Қараңғыда қараңдап шыға келген екі жігіті дабырласа сәлем беріп, ат шылауынан алып, үйге бастап өкелді.

Тау тіршілігіне бейім, жинақы, пысық Сағынтай үйі ел жатар мезгіл болса да қым-қиғаш қимыл үстінде екен. Май шамның ала сәулесі түскен бұрышта, тас ошақта, ақшешек қақсалы шатырлай жанып, шағындау қара қазан бұлқына қайнап жатыр. Киіктің жас сорпасының исі мұрын қытықтайды. Қалыңдап киіз, үлпілдеген елік терісінен әдемілеп тігілген бөстек төселген аласалау нар үстінде үйілген мылтық жезі, оқ-дәрі, пестон, пыж тағы сондайлар салынған бөлтек-салтақ қалталар, құтышалар жатыр. Шолыш майы құйылған шиша, құйма қалып, өлшеуіш, имек бөкі, сүмбі сияқты сан алуан мылтық әбзелдері де осында. Жаңа бір сонар-аттанысқа әбзел-өзірліктің мұқият есеппен жүріп жатқаны көрініп-ақ тұр.

Ә, дегеннен-ақ сөз төркіні ертеңгі сонар жайына, Бұғамалға барар жолдың мән-жайына ауысты.

Құндақтаулы бесатар орауынан шешілген кезде, Сағынтайдың сығырайған кішкентай көзі жайнап кетті. Ол бейнебір ақша қарда алтайы түлкі көрген қырандай, иығын қомдап алып, болат сұңғысы жалт ете қалған су жаңа бесатарға

шүйіле бір көз тастады. Оны қолына алып, затворын қайырып, ішкі каналын шам жарығына бұрып, бір сығалап қойды.

— Таза, шым-болаттан құйылған екен. Ижевскі шеберлерінің қолы болса керек-ті. Нағыз тіліп түсердің өзі ғой бұл, оғың нешеу?

— Онша көп емес, дегенмен бірер аушылыққа жетерлік.

— Ә, онда жарады. Сәті түссе армансыз сілтеп көрелік мұны.

— Сонымен тоқтаған жеріміз Байғалмак, күңгей Бұғамал, қала берді Шыңбұлақтың үлкен тоспасы болды ғой, — деп Әлекең жол-жобасын тексеріп шықты. — Демек, осыдан Жамантас арқылы түп-тура Қарабастаудың құйғанына тартамыз. Сонда Пістелінің жылуандарын сүзіп шығып Қитушалға, одан үлкен Боралдайға өтеміз. Иә, бас-аяғы үш қонумен аяқтап та қалармыз. Ал енді, бел шешіп, босқа жатар уақыт жоқ, асауқатты қоржынға салайық та, дәл қазір атқа қонып, таң ұйқысын Оңғарбай қыстауында өткізелік, — деді.

Дүниеде саятшылық-аңшылық желігінен өткен сиқырлы күш болған ба, — наркеуде Әлжан мерген бастаған төрт жолаушы бар атырап тәтті ұйқыда жатқанда, тау қойнын, тылсым дүние тынысын дүбірлеген ат тұяғымен оятып, үрдіс тартып келе жаттық.

Міне, біз шөп төсеніп, тас жастанып, Оңғарбай қыстауы дейтін қалған қоныста жатырмыз. Төріміз — дәл қасымызда мүлгіген тау құздары, түндігіміз — тымырсық тұманды бұлт қаптаған түпсіз аспан. Ауыздығы алынған аттар белуардан келетін шүйгін бозды жұлқа тартып күрт-күрт шайнайды.

Сыры жұмбақ тау жолы, тобылғылы тар қойнауда, таңы жарқ-жүрқ етіп ойнақтай жөнелетін Бұғамалдың қақсал мүйізді нән құлжалары көз алдымда елестеп, талмаурап жатып мызғып кеткен екенмін.

— Мынаны-ай, ә, — деп бадырлаған дауыстан шошып ояндым. Таң аппақ атып қалыпты. Аспан әлемін, тау құздарын, қара қошқыл бұлт басып, жаңбыр сіркіреп жауып тұр. Жуық арада айығатын түрі жоқ.

Аз кеңес құрдық та, Сағынтай мен Толымбек мылтық алып, мына төмендегі қиын-қиялы Пістелінің күңгейін жаяу сызып қайтатын болды. Ал біз Әлжан екеуміз отын әзірлеп, қос тігіп оларды осында күтетін болып келістік. Аздан соң, азынаулақ жол азығын иық дорбаларына салып, буынып-түйініп алған аңшы жігіттер тау беткейін қиялай өрлеп кетті.

Ел ортасынан шалғайда құлазыған тау іші. Айнала долана мен тобылғы, ақшешек бұтасы қалың өскен қия бет. Одан әрі омырауына ақ-айран қыран саңы сорағытқан, қызылкүрен күз тастар. Етекте аңғал аңғарды бір асқақ сарынды әуенге қарық қып асау өзен арындап ағып жатыр. Күні-түні бірдей, апталар, айлар, қаншама жылдар, ғасырлар бойы толассыз, күңіреніп жатқан тау сазы. Өлшеусіз өмірдің өшпес әуені бұл.

Сол ғажайып мұңлы күй шерткен тұл табиғат тұлдыр дүниеде жан білмейтін қаншама жұмбақ сыр жатыр. Оның мына көз жасындай мөлтілдеген бұлағын кімдер сусын қылмады. Мынау сылаң сұлу сұңқарлар самғап ұшқан күз таулар тар заманда тарыққан қаншама Көрпеш пен Кебекке. Баян мен Еңлікке пана болмады дерсіз! Сол көшкен ғұмыр, өткен күннің болымсыз бұлдыр елесі – әзіргі: мынау жатқан шыжымдай ширатылған тар соқпақ, әне бір қалтарыс иінде жартылай құлап, жападан-жалғыз омырайған тас қора.

Етекке, өрдегі биік таудан құлап шөккен дінгек тастың иығына өз үйіндей жайғасып алған Әлекең жан қалтасынан жып-жылтыр жұқалаң жез шақшасын алып, оның шашақты кара қайыс тығынын саусағына қысып, баппен суырды. Қышша күліне жаншылған көкбұйра насыбайдың бір шөкімін, қасаң боп қатқан күректей алақанына шаншылта үйді де, кідіртпей, көндей қалың көнтек ернінің астына қарай жөнелтті. Оны тегеурінді тілімен біраз жаныштап, үйірілген ащы сілемейді шырт ытқытып жіберді де, бейне бір томағасы тартылған қыран құстай жұтынып, айнала төніп тұрған тағы дүниеге паңдана бір көз тастап қойды.

– Бұл аңшылық, саятшылық дегенің, – деді шекесі тершіп жадырап алған Әлекең. Өзге дүниеге бет бұрғызбайтын “жын” сияқты нәрсе ғой. Баяғыдан сонарға шыққалы таңсәріде ат айылын тартып жатқан бір серіге жақын досы келіп:

– Оу, мырза, тәңірінің бұйрығымен осы түнде үлкен атаң дүниеден қайтты, оған қоса атаң түйең де жардан ұшып мерт бопты, – деп екі бірдей қапалы жайды хабар ете айтыпты.

Сонда әлгі сері көп ойланып тұрмай-ақ.

– “Атам өлсе қойылар, атаң өлсе сойылар, ал жыл айналып бір келген, қансонар қайдан табылар”, – деп тарта берген екен, – дейді. Сол айтқандайын, мына біз айдың тоғап, өлара келіп қалғанын да ескермеген екенбіз. Көрдің бе, шырақ,

мына күннің қырсығуын. Мына сенгірдің басы сүр сәлдесін мықтап орапты. Ызғарлы, арты қарға айналады-ау тегі. Осы ес барда қимылдап, анау қораға біраз отын жиыстырып тасталық.

Мұндайда тау сырын тәңіріндей танитын кәнігі саятшы сөзі — заң, бұлжымайтын бұйрық. Қалың жыныста қираған қақсалдарды сүйрелеп жүріп, тас қораның үңірейген аузына бір үйме отынды жиыстырып та қойдық.

— Енді, — деді Әлекең, — жауар күнің жауа берсін. Қарлатса піптен жақсы. Алғашқы ақша қардың сонарынан артық рақат бар ма, дүниеде? — Мына сіреңкені қойын қалтада сақтайық. Құрғақ жүрсін. Ал енді, босқа отыру болмасын, мына Қарасайды қапталдай өрлеп, кекілік қағып қайтамыз.

— Кекілік?! Ойбай-ау, саятшылық төресі осы емес пе? Әлеке-ау, табылар болса, құс еркесі — кекілікке не жетсін!

— Табылғаны қалай, мына Қарабастау, Қарасай іші күрттай құжынап өріп жүрген кекіліктен аяқ алып жүргісіз.

— Ендеше, кеттік!

— Сәл сабыр ет, оншалықты аптығу жарамайды, — деп қайырып тастады Әлекең, “Анда ерінбеген, не көрінбеген атады” деген емес пе, бұрынғы өткен мергендер. Алдымен мылтығыңның ұңғысын сүртіп, сосын бытыра жездерінді көріп ал. Әлгі Жолтабардың Сатайы құсап жалғыз оқты кекілікке, бытыраны құлжаға сілтеп жүрмегін.

Әлекең шоң желкесіне ілулі жүрген қос айналы дүрбісін алып, мақталы фуфайкасын шешті. Сүр шекпенді пешпет сыртынан бастыра киіп, патрон — жезі тізілген жалпақ белбеуін жуан ортадан сірестіре буынды. Ер-тоқым, жүген ноктасы сыпырылып, шідерлеп, жіберілген аттарға бір көз тастап, табаны бір кез көн етігін көсілте басып, аяндай берді.

Әлекең айтқандай күрттай құжынамасы да Қарасайда кекілік бізге жетерлік екен. Бірақ жер тезектей теріп алып қайтатын оңай олжа болмады. Талайы бұта-бұтаның түбінен күтпеген жерден пыр етіп, бос қарбаласқа түсіріп, құлдилап сорғып кетіп жатты. Маңдайдан аққан қара тер көзді жуып, тас-соқты болып жүргенде, Әлекеңнің түсіргені үш кекілік, менің алып қайтқаным ірілігі тауықтай нән бір ата қораз.

Саят қызығына беріліп ұзап кеткен екенбіз. Шаршаншалдығып, қонар қосқа кешке қарай оралдық. Әлекең қоржын басынан мүйіз шабатын кішкентай балтасын алып, қу

шырпыларды тараштап, қараңғы тас қораның ортасына от жақты. Оны айнала өзен жағасынан имек бәкімен орып әкелген бір бау қу қамысты төсеніш етіп төседі. Бабымен қаланған қу қақсалдар маздап жанып, тас қораның іші жылып қоя берді.

— Барға береке, бұған да шүкіршілік, аңшылық алғанымен емес, аламанымен қызық, бәрінен де бос қайтпағанды айтсайшы, — деп, көңілдене бір көтеріліп қойды. Әлекең жүні жұлынған ата қоразды майын шыжылдата үйітіп жатып. — Мұның балдай тәтті сорпасына не жетсін! Тән саулыққа таптырмайтын дәрі ғой бұл!

Арада аз-кем уақыт өтпей-ақ түбіт қауырсыны таза үйтілген жұп-жұмыр ата қораз, аспалы жез шәугімде бүлкілдеп қайнап жатты.

Қаншама уақыт иесіз қалып суық сорған көне қора ортадағы қоздаған шок, үстіндегі бүлк-бүлк қайнаған жас сорпаның исімен жанданып-ақ қалды. Көңілді кеңес басталды. Тек көптеп қар баспай, қырдың бұлаң құйрық қызылын шалмай, ішқұса боп жүрген сүйіріктей жылтыр қара тазы еріншек, енжар жатыр. Ала көлеңке бұрышта, ақтамақ, иегін алдыңғы аяғымен қоса көсіп тастап маужырап жатыр. Тек анда-санда әлдененің сыбдырын сезгендей басын оқыс көтеріп, шашақты жарғақ құлағын сілкіп тастап, түнек далаға шаншыла қарайды.

— Мына күн анық бұзылды, қар төпеп жауып тұр, — деп, аттарды қарап қайтуға кеткен Әлекең құлақшынын сілке, аптыға кірді. — Ойпыр-ай, әлгі жігіттер мұнша неге кешікті. Мына түнекте бір пәлеге ұшырап жазым болмаса игі еді.

Қандай пәле екенін ашып айтпаса да, ашы-тұщыны көп татқан көненің көзі, байырғы тарланның сөзі тұла денені дүр еткізіп тіліп өтті. Көзге түртсе көргісіз мынау тас түнекте, төпеп тұрған бұрқасынның ішінде тастан ұшып жазым болу, не желең киіммен үсініп қалу қиын ба?

Бір ысып, бір суынып, діріл қаққан тұла бойды әзер игеріп, бір шаланы қолға алып, тысқа шықтым. Күн бойы тұмантып, себелеп, жауған суық жаңбыр енді кезекті қарға беріпті. Құбылаға шығып, оңғарылып апты. Аждаһадай ысылдап, қиғаштата соғып тұр. Көксоқта бетінде, әлгінде тысқа шыққан Әлекеңнің түйетабан іздері шалқыған шала сәулесімен апандай анық көрініп жатыр. Кеш батқалы біршама уақыт өтті. Кенеуі

кере қарыс ақ алюмень саптаяқтан қораз сорпасын сораптай тартып соғып алған Әлекең, енді тоқым төсеніп, ер жастанып, қақсал шоғының қызуына балқып, жантайып жатыр. Көкжалдың жатысы.

Осы сәт кара тазы елең ете түсті де, сып беріп, сыртқа қарғып, түнекке сүңгіп кетті. Артынша оның қыңсылы, әлдекімнің сыз далада сүйрете басқан аяқ сыбысы естілді. Біреу сүметіліп кіріп келеді. Толымбек. Жалғыз ауыз сінтіралкесін қу томарға сүйей салды да, арқасында ширылыққан дорбасын әрең шешіп, жер ошақ жанындағы қазандай кара тасқа арқасын сүйеп, үн-түнсіз жантая кетті.

Әлекең нар кеудесін оқыс көтеріп алды:

– Әй, барсындар ма, өздерің?

Толымбек жауап орнына басын изеді. Өзі қуғыншы ғырнағынан қашып құтылған қашқындай екі иінінен демалып, ентігіп қапты. Әлекең шинель шұғасымен қапталған қылқи мойын, алюмень флягін қоржыннан суырды да, оның бұрандалы тығынын бұрап жіберіп, Толымбекке ұсынды.

– Жұтып жіберші мынадан, болмай қапсың ғой өзің. Әй, мизам түйнектей піспей қалған байқұс балақай-ай! Неғып кешіктіңдер соншама? Сағынтай қайда?

Көмекейі бүлк етіп, бірер қылғып жіберген Толымбек ернін жалап, тамсанып біраз отырды да, там-тұмдап сөзге келіп, ежелеп екшеп отырып, көрген-білгенін баян етті.

– Ойбай, Сағынтайы құрсын, ілесем деп көресімді көрдім. Сұлдем жетті. Енді сәл болмағанда өлген екем. О пәленде өкпе жоқ екен ғой. Кім көріпті мұндайды. Түс ауа Құланжолдың қырқасының арғы жағынан мылтық гүрс етті. Арада күлше пісім де өткен жоқ, сонау Жамантастың асуынан қылт ете қалды. Есіріктің ізімен кетті-ау, шамасы.

– “Жамантас” дейсің бе-ей? – деп Әлекең шошып қалды.

– Ойпыр-ай, байғұс бала тер қысып, жазым болмаса игі еді. Ит өлген жер ғой ол.

Толымбек су соқты болып денесіне жабысқан киімін шешіп, қақсалдың шоғына қақталумен екі-үш сағаттай әлек болды. Кекіліктің ыстық сорпасын біраз сораптай тартып, нан жеп тойынған соң, көзі шоқтай жайнап адам боп қалды. Сөйтіп отырғанда түн ортасы да таянды. Әлекең шыдай алмай қос ауызын қолына алып тас түнек далаға шықты.

– Аһ-е-е-е-ей, Са-ғын-тай! – деп бар даусымен меңіреу аңғарға жар сала айғайлады.

Әлекең даусын ысылдаған ызғырық пен сарқыраған су сарыны жұтып жатты.

Аз үнсіз тың тыңдаған Әлекең қолындағы қос ауызды әуелете сілтеп, түн түнегін найзағайдай жарқ-жүрқ еткізіп екі дүркін басып жіберді. Арада бір минуттай өткенде меңіреу тау заңғарын дүр сілкінтіп алыстан атылған мылтық даусы да дүңк ете түсті.

– Ай, айналайыным-ай, келе жатыр екен ғой. Қын түбінде жатпайтын асыл тектім ғой, – деп Әлекең ішке аптыға кірді де, жез шәугімді оң жағына оңайлап, жайнаған шоқты жеңді білектей шаламен көсіп-көсіп жіберді. Біраздан соң сыртқы түнек дүниеге қараған қараңғы қуыстан ішке қарай сүнгіп келе жатқан Сағынтайдың сидандаған сирағы да көрінді. Қанжырдай қатқан денесі сауыс-сауыс мұз бен қардан көрінбейді. Жарбиған жарғақ құлақшыны астынан сығырайған көзі шоқтай жылтырайды. Ол бейне бір жайлы серуеннен қайтқандай жайбарақат күйде. Таңырқап аңтарылған бізге насаттана қарап, жымия езу тартып қояды. Ойпыр-ай, адам да осындай жансебіл болады екен-ау!

Сағынтай от басына асықпай баппен орнығып, әңгімесін әдемілеп мәнімен шертті. Құлан жалдың қиясында үйірінен бөлініп, жеке жүрген құнан шығар көкбекшені қалай көргенін, қапылыста қаша жөнелген киікті асудан аса бергенде алыстан атып қалғанын, жаралы киік тастан-тас, сайдан-сайға тартып ұзатып әкеткенін бүге-шүгесіне дейін қалдырмады.

– Қап, – деді Сағынтай, – сәл ғана үлгере алмадым. Қараңғы түсіп кетті де, қол ұсыным жерде көз жазып қалдым. Шыли қашық та емес, мына Жамантастың орта жықпылында қалды. Ең әрісі жеті шақырымнан аспайды. Таң атса болды, түп-тура барған бойда алып қайтамыз.

– Өй, тағы да бармақсың ба-ей, – деп одырая шошынып, басын көтеріп алды, қылжиып үнсіз жатқан Толымбек.

– Е, қалай деп ең ендеше, сені де ерте кетемін, тым болмаса бір борбайын көтеруге жарарсың.

– Құдай сақтасын, – деп күңк ете қалды. Толымбек, – бір құдай айдап, бір құдай жетектесе де бармасын енді. “Ат басындай алтының” өзіңе бұйырсын.

– Жарайды, өзiм-ақ барамын, алып қайтамын. Ал сен жата бер солай, жаңа түскен жападай жасық неме.

– Жаралы анды көре-біле қалдырып кету жарамайды, – деді Әлекең, – обал болады, шыли бір қол жетпес қиянда қалмаса, алу керек, ерінбейік.

Таңертең ыстық сорпаның бір тостағына нан турап жеп, әлденіп, тыңайып алған Сағынтай иық дорбасын асынып, тау-тасты жағалап, жылдамдата тартып кетті. Біз тағы да от басында ошарылып, оны күтіп қала бердік.

Үлкен сәске кезінде тау кеудесін, аспан айдынын тұтас тұмшалаған тұман серпіліп, ыдыраған ала бұлт арасынан аспанның мөп-мөлдір айна жүзі жалт ете түсті. Тау төсін, жер өңірді тұтас жапқан жұқалтаң мамық қар көктен құйылған күн шұғыласына шағылып, асыл алмастай жылтырап көз қытықтайды. Қарағаш пен сәмбі шатысып, бытысып өскен өзен аңғарын өрлеп, біраз сонарлап қайтқалы шықтық.

Әлденені іздегендей әр бұтаның түбін иіскелеп, тыпыршып сыландап жүрген қара тазы бір сәтте нән қарағаш түбірін алдыңғы екі аяғымен тырмалап, биікке қарай қыңсылай берді. Сол минутта көбік қарға апандай із тастап алда келе жатқан Әлекең қарағаштың қалың бұтағын, өрлете атып жіберді. Гүрс еткен мылтықтың көгілдір түтінімен аралас ағаш биігінен қол басындай бірдеңе топ етіп құлап түсті.

Мұндайда ес қала ма аңшыда, апарықтай жүгіріп келіп қарасам, әппақ көбік қардың үстінде меруерттей қара көзі жылтырап, үкідей үлбіреген ақ түбітті, қоңыр қылышты жіп-жіңішке кішкене әсем аң бүктеліп жатыр. Оны жалма-жан жерден іліп алған Әлекең күректтей алақанына салып, ақ түбітті қылышығын бірер үрлеп, насаттанып тұрды да:

– Есентай, несін айтасың, жолымыз болды. Бұл ат, түйе орнына жүретін айта беретін асыл зат – сусары, – деді.

Сусардың сыпайылар бөрік етіп киетін бағалы аң екенін білсем де оны алғаш көруім. Бар тұлғасы тұтамнан сәл-ақ мазалы байғұс тышқанның қастер-қасиеті қай жағында екенін бір құдайдың өзі білсін. Мен үшін оның бар қымбат-қызығы ойда-жоқта қолға түсірген олжасын белбеуіне қыстырып, нақ бір жас балаша мәз болып, балпаңдай басып келе жатқан Әлекеңнің өзі еді.

Күн екіндіге ауып, тау көлеңкесі ұзарған шақта қосқа келдік. Оңашада ыстық шайманы тойғанынша ішіп, жылынып-

қызынып алған Толымбек шоқтығы көтеріліп, кісі боп қапты. Аттарды суарып, ер-тоқымдарды жиыстырып, әндетіп жүр.

Көшкенде жылқы айдаймын ахо-оу, аламенен,

Аулына барушы едім-ау, даламенен.

Әсемдік сазын, ән құдіретін көкейіне құйып өскен саятшы мұны анадайдан шолып:

— Үйбәй жаман, адам боларсың өзін, — деп ащы мысқылмен ажуалап өтті.

Толымбектің онымен ісі болған жоқ. Салқын тұнық ауада сызылта қалықтатып әкетті.

Түскенде сен есіме, ахо-оу, беу қарағым,

Сағынып сарғаямын-ау, санаменен...

Аттар әкелініп, қоржын-қосқалақ жиналып жатқанда, төменгі аңғар сайдың саласынан артынып-тартынып, ентелей басып келе жатқан Сағынтайдың қарасы да көрінді. Мұндайда тағат тауып тұру қайда?! Толымбек екеуміз жарыса жөнеліп, әудем жерде қарсы алдық оны.

Азамат-ай, десейші. Үлкендігі атан серкедей ай мүйіз көкпекшені екі иығынан бүктей асып, тырмыштай таңып апты да, нар түйедей мықшындап, кідірмей тартып келеді.

— Көтергі маған, енді арқалайын, — деп жанамалай жортып, маймандап еді Толымбек. Оны Сағынтай елемеген боп тарта берді. Қосқа жетпей қайырылатын түрі жоқ. Біз тек шаңтимес бәйге жүйріктен шылау тартқан жандайшап тосқыншы сияқтанып, Сағынтайдың батпандай ауыр жүгін болмашы демеп бүкендегеннен басқа тындырарымыз болмады. Сағынтай басқан сайын екпінді шапшаңдата түсті. Мезетті жерге арқан бойы қалғанда тіпті бар еңсесімен екпіндей жөнелді. Осы бойда ол сірескен зілдей құнан құлжаны қос алдында палуан тұлғасы шоқыдай боп тұрған саятшының аяқ астына гүрс еткізіп төңкеріп тастады да, маңдайында жұлдыз табы кетпеген көнетоз сұрғылт құлақшынымен қара терге шомылып, қырауланған маңдайын сүртіп, екі-үш адымдай жерде ентіге тыныстап тұрды. Бұған дән риза болған Әлекен:

— Уай, бөрекелді, бұл нағыз жігіттің ісі. Жарадың, әр кез жолың болсын! — деп өркештеніп тұрды да, жан қалтасынан жалтыраған жез шақшасын суырды. Сағынтайға соның өзі де жетерлік еді.

Көп кешікпей ақауыз қоңыр-бөрте құлжаны топай торыға

бөктеріп Әлекең атқа қонды. Алғашқы ақша қардың сонар-соқпағын алыстағы аңғал тау аңғарында осылай кешкен төрт аттылы жүргінші сол бір беймезгіл жым-жырт кеште, мұнар құшқан Боралдай тауын бетке алып жөнелген едік.

Уақыт дегенің бір орында тағат тауып тұра ма? Содан бері жылы бұлақтай жылысып, талай жылдар өтіпті. Күн сайын өрімдей өсіп, түлкідей түлеп жатқан өмірдің өзгерістері қаншама. Бұл уақыттар ішінде толассыз тіршіліктің қаншама қиыр-шиыр сүрлеуін, асу-кешуінен өтіппіз. Сол таусылмайтын соны соқпақ замана мұңын шерткен заңғар тау қойнына тағы бір алып келгені мынау. Енді мына тас үңгірде маздап жанған от басында өткізгелі отырған осы түннің өзі, осынау кара күздің қарлы сонарында Әлжан сынды саятшымен өткізген кештің жалғасы дерсің. Сондағы қол жетпес қияннан олжа түсірген мерген жігіт осы отырған Сағынтай, баяғы қаншырдай қатпа, тірмізік, көнбіс қалпы. Тек жұқалтаң жүзіндегі мезгіл жазуындай әжім сызықтары тереңдеп, айқындала түсіпті.

– Сонымен, – деді Сағынтай, бұлқынып қайнап жатқан аспалы шәугімге шөйдің бір шөкімін тастап жатып – бағана жол үстінде үзілген әңгімесін жалғастырып, – біздің ата-бабаларымыз сонау бір қилы-қилы заманда тежеусіз барымта, зорлықтың азабы айдап, теріскейден жөн асып, Асанқайғы атанының сауырына сыймаған осы Қаратаудың жайлы қойнына кіріп, дамыл тауыпты.

Асанқайғы қалдырған ізбен ауыл көшінің тізгінін тартқан Қабай дейтін арғы атамыз бұл өңірде жаннан асқан құсбегі – саятшы екен. Осы Қостұра шыңының қойнауына қыстау салып, табиғаттың шашып кеткен несібесін теріп жеп, күн кешіпті. Ол кісіге саятшылық кәсібінің дарығаны соншалық, қызыл балақ қыран қасиетін сонау қол жетпейтін қиян құзда шарқ ұрып, ұлылық салтын паш еткен шаңқылынан таниды екен.

Абай атамыздың: “қыран құс не алмайды салса баптап” дегеніндей, сол саятшы атамыз томағасын тартқан ақиық асыл қырандар тау мен дала, құм мен құла дүздің алтайы түлкісі мен нелер көкжал бөрісін, елігі мен киігін көктен түскен жай оғындай жалт етіп, жайпап соғады екен.

Атағы айыздай тарап кеткен сол саятшы атамыз жасы сексенге келіп, ат жалын тартып міне алмайтын халге

жеткенде де, ауыл сыртындағы биікке шығып, қиқулап құс қайырудан қалмапты.

– Бір жылы, – дейді ескіден қалған кәрі құлақты кісілер, – ауыл қыстауына көшіп жатқан қарашада, қашаннан қыран құс ұя баспай, иесіз қалған Үлкентұра құзынан самғап шығып, аспан айдынын шарықтап ұшқан бір ғажайып қыран шаңқылы кәрі саятшының құлағына жетіпті.

Бейне бір қалың атшабыс дабылын сезген кермедегі тарлан жүйріктей, саятшы атамыз көрілік меңзеген әлжуз-сабырлылықтан табан астында айырылып, осынау қос өзен күйылысындағы найзадай шаншылған құзар шыңның ұшар басына қалай шығып кеткенін жан адам көріп, білмепті. Тек зау биікте, ноқаттай боп шарықтап жүрген қыранның алыстан талмаурап жеткен шаңқылы мен шың басында қарғадай боп қалтиып, қиту-қитулап қияндағы қыран құспен тілдескен саятшының тау жаңғыртқан үні ғана естіліп тұрған дейді.

Міне, сол қияндағы қыранмен, қыдыр дарыған жарықтық атамыздың қандай сезім, қандай күйде ғайып болғанын көріп-білген пенде жоқ. Әйтеуір арманшыл ата, ғажайып жанды іздеген ел, оның сүйегін сол шыңырау шыңының етектегі бір текшесінен тауып алған дейді.

“Қырандар биікте мерт болады” деген емес пе, ертеде өткен қасиетті адамдар. Қиялшыл жүрегі тау қыранымен тағдырлас, сырлас та мұндас өткен халық, содан бері осынау қолдан қашап орнатқандай құзар шыңды ескінің белгісі етіп – Қитушал деп атапты.

Аңыз бен болмыс арасы сағымдай бұлдыр тартқан тау хикаясын осылай аяқтаған Сағынтай қиял тұңғиығына шомған халде үнсіз қалды. Оның замана көмбесінің киіз кітабынан көкейіне тоқып, асықпай шерткен сырын жалғай түскісі келгендей, маңдайдағы құзар тасты жалғыз мекендеген ұйқысыз байғыздың түн күзеткен сұңқылы үздіксіз естіліп тұрды.

СЫРЛЫ АЛТАЙ

(Сапарлар сазы)

1. АРАЛДЫҢ АЖАЛЫ ЖӘНЕ ҚАРАДАРИЯ, ҚАРА ОРМАН

Ат тұяғы арылтып, құс қанаты түгеспеген ұлы даланың шығысындағы, Азия құрлығының төріндегі сұлу көркі, сырсымбаты, телегей-теңіз қазынасы қашаннан аңыз болған Алтайдың алып таулары кімнің көңілін оятып, кімдердің жанын тербетпеген еді. Бұл пәниде әлпештелген, жырланған сан ұрпақты тамсандырып-табындырған жер жаннатын осындай-ақ болар да!

Терең тамырлы шынардың шың басында зәулім тұратыны сияқты – Алтай жыры, Алтайдың сыры да сан ұрпақты өмір бақи толғантудан танған емес. – Ол тайшы дәуірінде басталып Батурдан Әмірсанаға, Есімханнан Абылайға дейінгі ұлы кезеңде, Жоңғармен өткен төрт ғасырлық тартыс, жүз жылдық жосын, кырық жылдық қырғын!

Иә, өр Алтай, асқар Алтай дегенде біздің көз алдымызға бұдан үш ғасыр бұрынғы ұлы дүбірлі дәуір, жоңғар заманы, күншығысты шаңмен қанға тоғытып, қара жерді қайыстырған қалың жау оралары аян. Олай болатыны – тұтас бір дәуірде ұлан-ғайыр қазақ жерін тітіретіп, қазақ елі үстіне қатер болып төнген ұлы Жоңғар хандығы сол Алтайдың аясында туды. Сары ала туын желкідеткен Жоңғар хандарының түпкі ордасы сол өр Алтайдың сауырында тұрды. Ол заманның қалдырған сыр, таусылмас аңыз-дастанымен бірге тартар жұмбағы да аз емес.

Үшқынсыз өрт, себепсіз дерт болмайтыны сияқты әрбір оқиғаның басталар шегі, шығар тегі болатыны аян. Шатақ неден шықты. “Атаңа нәлет ит қалмақ” деп, дастандарда жырланған қазақтың ата жауы шын мәнінде кім еді? Бүгінде жоңғар атын тәрік еткен ойрат та емес, қалмақ та емес, өздерін Таулы Алтайлықтармыз дейтін бұрынғы жоңғар мұрагерлері болғанда бұлардың өткенге айтары қайсы? Олардың көне көз жандары мен атадан мирас қалған тарихы біз туралы не дейді?

Қашанғы бір көшкен керуен ізімен өткеннің жоғын жоқтап,

дүниедегі қымбат атаулының шығар шыңы-тарихтың шындығына іздеу салып, маған дәруіштің күнін кешірген жайдың түп төркіні осылар еді.

Жолаушының көңілі көкте болғанмен көзі жерде. Сахара шалқарынан шалғайға тартқан жол көктемнің таңын шығыс Балқаш атырабында атырған шақтан көрер көзге бірден шалынған жай, Қиыр шығыстан, Сібір өлкесінен Қазақ жеріне сұғына шұбап көбіне бос, сақыр-сұқыр ағылып келе жатқан тауар пойыздары. Бейне бір, “бер-бер, әкел” деп созылған аш обырдың ашық алақаны дерсің. Неге бұлай, кешегі бір кезеңде тұлдырсыз даладан миллиардтар өндіріп, алыптың жемсауын толтырам деп арқа еті арша, борбай еті борша болған жұртқа, самал жел кезген сары далада мал соңында өмір өткізіп, бас панасы үшін төрт ағаштың басын құрай алмай зарыққан жұртқа сирек болса да жетімнің еншісіндей болып келіп жататын Сібір тайгасының ағашы қайда? Ұшан-теңіз шығыс тайгасы сарқылып қалды ма екен, сірә... Ол жайындағы әңгімені аз кідірте тұрайық.

Дариядан өтіп барамыз. Бұл қазақ жерінің қашанғы күре тамыры – Ертіс. Қаншама ақын жырлаған, ел өнге қосқан айта берер Ертіс осы: Бұйра-бұйра суы ырғала толқып, еш нәрсе білмеген, еш нәрсе сезбегендей кең арнасын керней, баз-баяғы қалпында қиыр теріске бет түзеп ағып жатыр жарықтық. Бір басына қос сырдың сыбағасын беріпті де, қырсық тағдыр ерен дария Ертісті тандыры кепкен Ұлы даладан бұрып, терістікке, теріс ағуға жазған.

Бұл аздық еткендей Арқаның алып даласын бір шетінен қиып, қиғаш ағатын сұлу Тобылдың көк толқынды көп суы да бетін қайдағы бір қиян шет теріскейге бұрған.

Ол аз болса, асқар Алтайды шығысынан орай ағатын екі алып дарияны Бие мен Катун, оған мол суы көршілес жатқан тасқынды тау өзені Шуя-да, тандыры кепкен құла дүз Гоби шөлін артқа тастап, сол жақта қапталда қаңсыған қазақтың шексіз даласын шығыстан орағытып, ұшан теңіз бір арнада тоғысып, әлемде тереңдігі мен су алыбының шексіздігі жағынан еш нәрсе теңдесе алмайтын, әйгілі жеті дарияның бірі атағын иемденіп, ұшы-қиырсыз Сібір тайгасы арқылы ұлан-асыр суын терістік мұзды мұхитқа құйып жатыр.

Сол айтулы дарияның бір ғана саласы Катун өзенінің Алтай алабындағы бұйра толқынды бас айналдырар биік жағасында

тұрғанда, сол алуан жан сезімің тебіренбей, алыста адам баласы қолымен жасалған зұлымдық пен опасыз қиянаттың құрбаны болып қаңсыған, күні кеше көкбұйра толқынын аспанға атып, шалқар дүние төсінде шалқып жатқан есіл Аралдың тағдырын ойланбай, бейтарап қалу мүмкін емес.

Олай болатыны — Аралдың күнәкары құдай да, кездейсоқ керемет те, табиғат та емес — адам. Кінәлі кім? Ол — жетпіс жыл ел үстінде тойымсыз-өміршілдік саясатын жүргізген кешегі отаршыл билеушілер екені барша ғаламға аян.

Елдің де, жердің де, ұшан дария теңіздің де тіпті өз басының да тағдырын сол ат төбеліндей “данышпандардың” қолына риясыз сеніп тапсырған халық, күндердің күнінде “Кербаланың шөлінде шөлдеп, зарыққан Асан-Үсеннің” күйін кешіп, жол ортада опасыздық зардабын шегерін ойлап па еді.

Орта Азия мен Оңтүстік қазақ елі сөзге де, іске де берік, жиһангер халық, жоғарының өмірін құдай күдіретіндей қабылдап, Амудария мен Сырдың суын қырық жерден қырқып, “ақ алтын” мен ақ күріштен таулар тұрғызып, оны ондаған жылдар “Ұлы қамқоршының” обыраранына толассыз ағылтқанда құдайға емес — сол ұлы империя күдіретіне сенді. Кенеріне сыймай мұзды мұхитқа текке кетіп жатқан Сібір дарияларының бір саласын, қаңсыған қазақ даласы арқылы — Аралға бұрамыз деген Ұлы жоспар іске асады. Отан мүддесіне құрбан болған Аралдың айдыны — енді сол Сібір суымен толығады деп дәмеленді. Бірақ адам үшін жақсы үміттің жолын қырқып, сенім отына су құйғаннан өткен жаза жоқ.

“Пәнидің ұжмағын қолдан орнатып беретін” қол жетпес биіктегі билеушілердің бұдан бақандай бес жыл бұрын шығарған “Сібір суын Аралға бұруға тыйым салу” жөніндегі шешімі шын мәнінде Арал жүрегіне, адам жүрегіне атылған зұлымдықтың оғы болатын.

Мұндай зұлмат іске баруға — сонау Байкал сыртынан дауыс көтерген, — В.Распутин мен Енисейлік “білгір” В.Астафьевтің, “Аралды құтқарудың жасаңды жалған жолын ұсынған екіжүзді академик Израил сипатты ат төбеліндей шовинистердің байбаламы жеткілікті болды. “Аралға Сібір суы берілсе, табиғат таразысы аударылып кетпек. Терістікте озон тесігі пайда болып, дүниені сел жуып кетпек. Сонымен бірге Арал-Сібір су жолын іздеу көп миллиардтық шығынға түспек”.

Иә, бұндай сандыраққа бүткіл ел сенбесе де, орталық сенді. Табиғат таразысы сол табиғаттың өзінде екені жерден өнген жерге, судан өнген суға қайта қосылатын құдіреттің өзімен бірге туған бұлжымас заңы екені есеп болмады.

Ал, орталықты соншалық үркіткен Аралға кетер алты миллиард болса, соншалықты миллиардтар Аралдан ат шаптырым жерде Байқоңырдың байтақ төсінен “Ұлы державалық” күндестіктің құрбаны болып желге ұшып жатқанын бүгінде санаулы жан атаулы білсе керек.

Ол, әлбетте, елдің көз алдында болып жатқан айдан-айқын әңгіме. Ал оған оның арғы жағында Аралды, адамды қорғау емес, — адамзат әулетін қырып-жоюдың жан түршігерлік мақсатына Россия империясының қазынасынан 600 миллиард жұмсалып, бес мың жойқын қару заводы толассыз жұмыс істеп жатқаны, сұмдық сол қаруды жасауға қажетті материалдық ресурстарды іске қосудың алып ракеталарды старт алаңына орнатуға дейінгі қиямет қилы еңбекте 7 миллионға жуық адам барша өмірін сарп етіп жатқаны енді мәлім болып отыр. Барша отандастарын қайыршы күйге жеткізіп, ел экономикасын ұшан-теңіз қарудың табанына салудың мұндай мысалын дүниежүзілік тарихта бірде-бір елден кездестіре алмайсыз.

Сонымен, қара табан жұмыскерден, кеудесін жалын атқан қайраткер қаламгерлеріміз, халқым деп қан жұтқан ғалым-күрескерлерімізге дейінгі Орта Азия мен Қазақстанның 50 миллион тұрғынының Арал деп “аһ” ұрғанына алты жылдың жүзі болды. Не өзгерді, не таптық? Содан бері алты қасық су қосылды ма екен Аралға. Жоқ!

Кешегі өміршіл орталықтың халықты тек алдау, уақыт оздыру үшін қабылдаған 1988 жылғы “Аралды Амудария мен Сыр алқабындағы егіндіктер танабының артық-қашқын суын (дренаж) қайтару арқылы құтқаруға болады” — деген сандырақ қаулысы бос далбаса болып шықты.

Ал, анығында Аралдың қаңсыған айдынын қайта толтыру үшін жыл сайын оған 60 текше километр су керек екенін әлемдік ғылым сан рет дәлелдеп отыр. Ал ондай су ғасырлар бойы тоналған қазақ жерінің өзегін жарып, терістік бағытқа текке кетіп жатқан сансыз саладан құрылған Сібір дариясында екені айдан анық ақиқат.

Арқаның асыл-алқасы Тобылдың толымды суын қосып

алған, кейін бұған дейін кемеріне сыймай тасып ағатын отыз дарияның суын өбіп жатқан дарияның арғы-бергі жағалауына көз жетпейтін телегей аңғарынан жыл бойы 6 мың текше километр су ағатыны бүгінде құпия жұмбақ сыр емес. Ойлап қараңыз – алты мың және алпыс текше километр. Тандыры кепкен Аралдың сұрайтыны сол есепсіз, тексіз кетіп жатқан телегей Сібір дариясы суының жүзден бірі, иә тек жүзден бірі ғана!

– Мына қарауытқан, дейді – жолсерігім, “Алтай шолпаны” газетінің тілшісі бүйректей бұлтылдаған көңілді жігіт, Вася Ойночев. Бірақ ата-тектен айырылып, орысшаланып алған. Арғы шегі мұз мұхитына қол асып жатқан Сібір тайгасына ұласып кететін аты шулы Абакан орманының тек шеткі пұшпағы.

– Пәлі, пұшпағы, мынау болғанда, өзі қандай болды екен?

– Абакан орманы... оу, тұра-тұрыңыз, тұтас бір әулетті құрсағына жұтып, тек Россия емес, күллі адамзат қауымынан жасырып, 56 жыл сақтаған өйгілі Абакан тайгасы осы ғой.

– Дәл өзі. Бұдан он жыл бұрынғы, сексен екінші жылдың жазында әлем жұртын дүрліктірген бұл оқиғаны жұрт ұмыта қоймаса керек.

Бұл трагедияның бастауын еске алсақ, ол бұдан 63 жыл бұрынғы кулактарды тап ретінде жою, “конфискелеу” науқанымен тұтас жатыр. Қолы бұғауланып ОГПУ – жендеттерінің қоршауында айдалып бара жатқан, Абаканның ауқатты шаруасы Семен Лыков, шарасыз аңтарылған жалғыз ұлына:

– Петро, подайся в Тайгу, деп даусы қарлыға айқайлайды.

Бір жағы үрей, бір жағы қапалық қысқан жас азамат Петро сол күннің қараңғы түн пердесін жамылып, жарық дүние жаннатын біржолата тәрк қып, тар сұрлеумен тайгаға бет түзейді. Ол жас келіншегімен, жөргектегі қызымен бірге өз меншігіндегі буаз сиырын жетелеп, төрт ешкісін айдап, азын-аулақ арпа, бір қапшық картоп, балта-шот, кетпен-күрегін жалғыз аттың арқасына таңып, тасқындап ағып жатқан Абаканның дариясын өрлей, ит тұмсығы өтпейтін қалың дүлей, меңіреу тайганың ішіне сіңіп кете барады. Осылай үш жаз, үш қыс өткенде, бұған шейін адам баласы аяғын басып көрмеген меңіреу түкпірге жетіп, бір таза тау бұлағы ағып жатқан құзар тас түбіндегі шағын алаңқайға келіп, болашақ өмір-тірлігінің әуелгі қазығын қаққан.

Қарулы жас жігіт жас әйелімен жанталас еңбекпен, бұлақ

жағасының тың жерін бұзып, таңдайға салғандай сақтап келген картоп пен арпасын егіп, орманнан жидек теріп, судан балық, тайгадан аң аулап, өлместің күйін жалғайды.

Содан, міне, арада елу бір жыл өткенде ең жақын адамзат тұрағынан 700 километр меңіреу тайганың бір қиян түкпірінде орман ішінен таңғы ауаға шаншыла шығып жатқан бір ғажайып көк түгін шетсіз-шексіз Енисейдің ұлы тайгасы үстінде қалқып, жер-кен зерттеу сапарында жүрген тікұшақтағы үш барлаушының назарына шалынады.

Бұлар қайран қалады. Адам тұрағы түгілі, аяқ басуы мүмкін емес дейтін дүлей түкпірде, мына тұнық ауада көкке шаншылған көк түгін не керемет? Ақыры бұлар таяудағы өкше басымындай шағын алаңқайға қонып, қолдарына мылтығын алып, алаңқайға абай басып әлгі түгін ошағына таяу келеді. Көкбура Қаба сақалы гүтас кеудесін жапқан ірі денелі, апайтөс алып қартты жасы сол құралпы мезгіл Қамыт қажытқан көрі әжей және отыздар ортасындағы ажарлы әйелді көреді. Бұлар сол жерде жарты ғасыр күллі адамзат қауымынан қол үзіп, өмір кешкен Лыковтар әулетінің соңғы қалдығымен осылай танысады. Иә, соңғы қалдығы. Олай болатыны осында келгесін сонау отызыншы жылдарда жас Лыковтардың отбасына тағы да бір қыз, екі ұл қосылған екен. Қыз жастай өліп, ал бөрідей болып өскен арыстан гүлғалы екі ұл Андрей мен Александр жиырмадан асып, қажыры кайнап, жалын атқан шағында қалың тайга ішінде жыртқыш аңдармен айқаста жүріп, бұрқасын боранға ұшып, мерт болған.

Бұлар бұл жарты ғасырлық өмірде өткен әлемді теңселтіп өткен Сталин заманына, Ұлы Отан соғысынан, одан кейінгі дүбірлі кездің бірде-бірінен құлақ кесті бейхабар. Сол Лыков атай өзінің әлжуаз кемпірімен бірге бір кездегі қайыспас қайсарлығынан танбады. “Еліне әкетейік, басыңызға ұжмақ орнатайық” – деушілерге:

– “Жоқ, мен өмірімді осында өткіздім, осында қалам” деп көнбеген. Содан бері аттай он жыл өтті. Алдымен мына пәни дүниеден әулеттің анасы – Катерина әжей өтті. Кенже қызы Агафияның қолында емен тұлғалы ерен қария – Петро атай да мына жарық жаһандағы мәңгілік тұрағы – кара орман іші, кара жердің құшағына аттанған. Бүгінде қияндағы бұл ғажайып қыстауда әлемдегі әйел затындағы теңдесі жоқ ерлік иесі, – бұл әулеттің ең соңғы, ең ақырғы өкілі Агафия жападан-жалғыз тұрып жатыр. Ешқандай, үгіт, тіпті өктемдік

ге бұл қайсар өйелді кіндік кескен жері Тайга қыстауынан тапжылта алмаған. Жыласақ та, күлсек те тұтас бір дәуірде өрелі ұрпақ бастан кешуге жазған сұрапылды заманның аңыздан да асқан ащы шындығы осы.

* * *

Осы Ұлы Тайганың күре тамыры деп дәріптейтін, бұл Ұлы дарияның адамға етер қызметі не? — ол навигация, — яғни су қатынасының жолы! Сәуір мен мамырдан сары күз қыркүйектің соңына дейін бес ай толассыз қозғалыста болатын су жолымен Обьтің төменгі ағысынан өрге, өрдегі Алтай алабынан төмен баржаларға тіркеліп, немесе сал боп ағатын қисапсыз ағаш Сібір мен Алтайдың портты қалаларында темір жолға шығарылып, сан атырапқа жол тартып кетіп жатар еді. Міне, бүгінде тұтас ел үстіне төнген жеті жұттың бірі бұл бейбіт кәсіпті де жан алқымнан алған. Порттар мен жағалауда айлап, жылдап алынбай сусінді болған қат-қат қарағай салдары, ұшан-теңіз — дүние. Ұлы дарияның тереңіне батып, ұйықтарда шіріп жатыр. Суға батқан, суға кеткен қат-қат салдардың қалыңдығы сонша, көп тұста кемелер еркін жүзуден қалған. Долбар есепке қарағанда, ормансыз өлке Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда қасқалдақтың қанынан қымбат Сібір ағашының сан миллион текшеметрі бүгін де көзден бұл-бұл ұшып, сол дарияның түбінде жатыр. Ол дүниеде сан мыңдардың маңдай тері, қаны мен жаны бар. Осы байлық, келмеске кетсе, одан артық не сор болатын еді?!

Ол күні Алтай асуынан әрі Теріскейдің көз де, көңіл де жетіп болмас қызығына ұласып, түндей түнерген шетсіз-шексіз қара орман жатты. Қарадария, қара орман!

2. ЖИЕНДЕР МЕН БАУЫРЛАР

Біздің қазақтың талай ұрпағының тұсында жан берісіп қырқасқан ата жауы — қалмақ та емес, ойрат та емес, таулы Алтайлықтар болып шықты. Әйтсе де бір кезде осы өлкеде хандық құрып, кернейлетіп, жорықтың сарыала туын желбіреткен қаһарлы Жоңғарияның негізгі жұрты — ойраттар мен торғауыттардан, төрелер мен төлеуіттерден, урянхайлар мен құба қалмақтардан қалған құранды жұрт екенін жоққа шығармайды.

Бұлардың тілі де, діні де, салт-сана, әдет-ғұрпы да Еділ қалмақтарынан басқа. Сонау жетпісінші жылдары соғыста шейіт болған батыр бауырымыз Қарсыбай Сыпатаевтың бейітін іздеп, Еділ қалмақтарына барғанда түр-тұлғасы далада жел қағып, күн қақтаған өзіміздің жазықбет қара қазақтан аумайтын қалмақтардың бір сөзін де ұға алмай, кәдімгі орысшамызбен қауқылдасып, табысып жай-жағдайды біліскен едік. Ал енді қазағымыз “Қалмақ” деп, бірде ойрат деп, елі де, жері де қаншама заман даң-даңғаза дақпырт болған таулы Алтайлықтар, түптеп келгенде діні бөлек, ділі бір, салты бөлек тілі бір, қаны мен жаны сан ғасыр сарабында сан-сапыра араласқан түп ата-түбірі бір ағайын жұрт екенін білу тым қиын да іс емес.

Балаң тарихымыздың таңында, біздің жыл санауымыздан екі жүз жыл бұрын заман асқарынан Гундер дейтін айбармен бой көтерген 24 тайпалы Ұлы бірлестіктің төл перзенті қатарында өзіміздің Арғын, қыпшақ, қаңлы, үйсін болғанда, бұлармен қатар өрбіп, қанаттас көшіп, бірде тату, бірде қату жортуылды жол кешкен дала көшпенділерінің ірі көрнекті жұрты — Алтай түркілерінің сан-салалы әулеті болғанын білеміз. Солардың бірі өздерін урянхайлықтар (туба) десе, енді бірі — Алтайлықтар (ойраттар) төлеуіттер дейтін ру, тайпаларды құрайды. Бұл ұлан-ғайыр өлкені мекен еткен көшпенділер бір ғана дінді ұстанды, көк тәңіріне, тұл табиғатқа (от-суға) табынуды тұтынды. Бұл шаманизм дәуірі еді. Ұлы араб данышпаны мединелік хурайыш тайпасынан шыққан Абдулланың баласы Мұхаммед Расулла дін исламның рухын ұлы уалаяттарға көтергенге дейін, Азия құрлығының ұшан даласында көшкен қазақ елінің түпкі атасы осы Шаманизм ықпалында, көк тәңіріне табынып ғұмыр кешті. Біздің қазақи шет ауылдарда көнекөз қариялардың қара қобыз тартып, бақсы, балгерлік құруы, аруақтар рухына жеті шырақ жағып, сырқатты отпен, сумен ұшықтап, бәдік әуенімен көшіруі сол шаманизм дәуірінен қалған із.

Оның бер жағында бұдан 520 жыл бұрын ойраттың ханы Мәсенджидің тұсында Алтай көшпенділерінің қазақ жеріне жасаған алғашқы жорығынан, 1758 жылы Жоңғария империясының күйреп, әлем төрінен біржола кетуіне дейінгі өткен үш ғасырлық жортуыл, жүз жылдық жосын, қырық жылдық қырғында екі ел, екі дүние қаншама дырду-тартыс,

алыс-берісті, жанкешті ғұмырды бастан кешті. Соғыс дауылы тынып, аз-кем тыныс алған жылдарда малмен бірге жан алмасып, құдандалы құрақ ұшқан күн кешті. Сол кезеңде семсер ұстап, жау боп келіп, тұтқынға түсіп, пенде болып, қазақ ірілерінің есігінде құлдықтың күнін кешкен ойрат сарбазы, қылығы қызметі жаға келе қазақтың бір баласына айналып, қазақ қызына үйленіп, отау тігіп, ру-тайпа арасынан әулетке айналып кеткенін кім санаған. Әр ру, әр тайпада, мынау қалмақ әулеті дейтін ағайын топтастығы осы күнге дейін әр ауыл-аймағымызда кездесулі. Сол кезеңде, қайғымен қан жұтқан зар заманда қаншама құралай көз қарындас жауға пенде болмады. Табиғаттың адамзатына берген толассыз өмір заңына тоқтам жоқ. Бүгінгі өздерін таулы Алтайлықпыз дейтін кешегі ойрат, қаһарлы Жоңғар жұртының ұрпағы – өзіміздің жиендер мен бауырларымыз екені әбден мүмкін ғой... Мен осындай ұшқыр қиял асқар Алтайдан да биік шарықтаған жылы жаздың бір шапағатты күні – бауырлас Алтайлықтардың шуақты астанасы – Таулы Алтай шаһарына алғаш аяқ басқан едім.

Таулы – деген атынан көрініп тұрғандай, қос қапталын көкжасыл қалың қайың шыршалы тау қиялары көмкерген, бұл арадан не бөрі тай шаптырым жерде кемеріне сыймай тасқындап ағып жатқан Ұлы дария – Катунға құятын шағын тау бұлағының аңғарында екен. Шаһар 1940 жылдарға шейін облыстың ойрат атына орай Ойрат тұра (ойрат қамалы) атанып, кейін облыс та, қала да таулы Алтай боп өзгерген. Енді міне, аз халықтарды қаншама ұрпақ тұсында уысында ұстап, қан-сөлін сүліктей сорған ұлы империялық саясат күйрегеннен кейін ежелден еркіндік аңсаған тау халқы бостандыққа ұмтылған туысқан елдер қатарында өздерін Алтай өлкесінің құрамына азат таулы Алтай Республикасын жариялады.

Бостандық деген ұлы сөз. Ел-жұрт астанадағы шағын ақ орданың үстіне республика байрағын биік желбіретіп, көңіл мәртебесі де биіктеп, ақ тілеумен аяғын алшаң басып жатқан мерейлі күндер еді ол. Солай болғасын да мені ақ мөрмөр таспен өрілген келісті ақ орданың екінші қабатында кең, салқын-саялы жұмыс орнында қабыл алған республика Жоғарғы Кеңесі төрағасының орынбасары, жас құралпы қырықтан ұзай қоймаған, түзу тұлғалы, ақсұр, ашаң жігіт – Данил (Таныл) Табеевке сәлемдесу үстіндегі бірінші сөз де –

“Азат Республикаларың құтты болсын, баянды болсын!” – болған.

Әзірше азаттыққа сөз жүзінде, Заң жүзінде қол жетті. Іс жүзінде не болады, оны алдағы уақыт көрсетер; біз Россияның көп аймағындағы сияқты өз жер, өз елімізде азшылықта қалған жұртпыз ғой, – деп, ағайын-туыстық жөнімен бүкпесіз сыр шешіп отырды Данил.

Алтайлықтардың тілі де, түр-тұлғасы да өзіміздің ат мініп, айран ішкен қара қазағымыздан тым алшақ еместігі Данилмен алғаш тілдесу, сұхбаттасу кезінде-ақ көрінген. Ол танысудан кейін телефон тұтқасын алып, әлдебір кісімен өз тілінде сөйлесе бастады. Бәрін де біліп, бәрін де ұғып отырмын “Қозағистодың иозибчи оға, гелди-гелиниз” – деген сөздер айтылып жатты.

Данилдың шақырғаны – тарих, әдебиет, тіл ғылыми-зерттеу орталығының директоры, орта жастағы келісті азамат, ұлты Алтайлық (яғни ойрат) Пустогачев Яков Андреевич екен. Көріп тұрсыз үш ғасырлық боданды, бұғаулы, жіпсіз байлаулы өмір, бұларды ежелгі ата-тегінен мұра болған, ат – есімдерінен де айырған. Қарағанда қазағымыздан аумаған қандас, туыс бауырлар – бірі Ивақ, бірі Петр болып кете барған. Ендігі жердегі менің Алтайдың елі мен жерінен алатын барша тарихи, әдеби деректемелерімді ұйымдастыратын адам осы – Пустогачев болды. Ол осы алғашқы кездесу сәтінен-ақ тек білімдар ғалым емес, адамгершілігі мол, парасатты азамат екендігін көрсетті.

Данилдің кең жұмыс бөлмесіндегі сыпайыгершілік сияпаты – кофе мен шайдан кейін Данил мені сыпайылық белгісі ретінде сәлем беріп шығуға, Республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, толымды, келісті азамат, халқының бел баласы – Чаптынов Валери Ивановичке бастап барды. Алтайда туған, Сібірде оқып, мамандық алған, Мәскеуде қоғамдық Академияны бітірген, жан-жақты жетілген, білгір де өткір азамат, туған жұрт, өз халқының өткені мен бүгінін, алдағы болашағын жіліктеп-талдап, алақанында ұстап отыр.

– Бір жағы тау, күнгей шығысы Ұлы шөлге ұласқан ұшан дала қатал да шебер табиғат ұжмақ пен дозақ арасын жымдастырып жіберген – деп, ел мен жер, сирек кәсіптер мен шаруа жайынан қысқа да, мән-мағыналы өңгіме айтып отырды Валери.

Төрағаның айтуынша, Республикадағы 190831 адамды негізінен, үш қана ұлт: Алтайлықтар, орыстар мен қазақтар құрайды. Мұның ішінде орыстар бірінші орында — 115 мың, екінші Таулы Алтайлықтар — 59130, қазақтар 10700. Қазақтардың дені дербес қазақи аудан — Қосағашта. Бұдан басқа он ауданның әр бірінде, жүздеп қазақ отбасылары тұрады екен.

Алтайлықтар мен қазақтардың ықылым заманнан атадан — мирас болған кәсібі мал өсіру ғой, әрине. Республиканың он бір ауданында бүгіндері жалпы есебі миллион жарымдай мал бар екен де, олар осы қандас екі жұрттың мойнында көрінеді. Жүз мыңдап өсіп-өніп жатқан түйе, жылқы, қой, жібек жүнді үйіп беретін әйгілі Алтай мериносы негізінен қазақтардың, ал, ірі қара, бұғы-марал, қолас тау қойларын табындап бағу алтайлықтардың үлесі. Елдің — елдігін сақтап, экономикасы мен мәдениетін, әлеуметтік құрылысты ұстап тұрған да, осы табиғаттың төл перзенттері — аталас екі жұрт азаматтарының еңбегі.

Республиканың тау бөктері, асу-аңғар, орманды өлкесі, өзенді алқаптарында шыбынсыз жаз, мәңгілік жасыл бақ гүл-шешегін жарып, жайнап тұрған-ды. Бұл айтулы өлке — арғы шегі ішкі Монғолияның атышулы — Гоби шөліне ұласқан күнгеі Алтайдың алып даласы. Осынау бір ала-сапыранды заманда Алтай асып, ауа кешкен шығыс қазақтары — Найман, керейлер тұрақтап, атамекеніне айналдырған — Қосағаш жері — осы Ұлы даланың Алтайға қараған шет пұшпағында. Мұнда бір бұлақтан екінші бұлаққа дейінгі тек қатаған қара от, баялыш пен тораңғылды қаңсыған қара далада қыс қыркүйекте түсіп, көктем мамырдың басында кіреді екен. Бұл өңір егін, бау-бақшаның не екенін білмейді. Жазғы шілденің ми қайнатар шағында жайлаудағы ат үсті азаматтың үстінен мақталы киім, аяғынан етігі, басынан жылы тымағы түспейді. Қыстың күнгі қаршылдаған қара аяздың түрін айтпаңыз. Осы тұлдырсыз тұл дүниеде жемшөп, дайын азық атаулыдан бейхабар аш қасқырдай ұлыған ақ боран ішінде тебенде ғұмыр кешкен мал мен жанның жансебіл беріктігіне қалайша қайран қалмассын.

Адам — заманының перзенті. Таулы Алтайдың ілімге-білімге талпынған бүтінгі ұрпағы өз халқының санасын, мәдениетін, әлеуметтік жай-жағдайын көтеру бағытында да қолдан келгенінше өсу-өрлеудің жолында көрдік. Мұнда бас-аяғы 46

мың ғана халық тұратын орталық қалада бүгінде педагогика институты, педагогика училищесі, медициналық училище, ғылыми орталық, зооветинарлық техникум, кооперативтік техникум, технологиялық техникум, ұлттық театр, музей, кинотеатр, екі қонақжай, орта және бастауыш мектептері есігін айқара ашқан. Мұнда өз тілінде оқулықтар, орталық газеттер – “Алтайдың Чолмоны” (Шолпаны) “Эне тил” (ана тіл) газеттері және “Солоны” (қой-қосақ) ұлттық журналы шығарылады. Ұлттық кадрлар – оқымысты ғалымдар, дәрігерлер, ақын-жазушылар қатары едәуір өсіп қалған.

Ақын дегеннен шығады. Пустогачев мені ғылыми орталыққа алып келгенде, іргелес журнал редакциясынан келе қалған таулы Алтайдың Борис Укачин дейтін бір сері ақыны – менің қазақ жазушысы екенімді естіген сәтте – кең құлашын айқара жазып жіберіп, қапсыра құшақтай кетіп, жібермей, енді өзінің “Қазақтар” дейтін бір биік пафосты өлеңін өз тілінде келісті мәнермен жатқа оқып, шарықтап-шалқып берсін. Дарқан көңіл, шабытты шалқар сезім деп осыны айт. Ақындықтың шабытты жалынына ақынның өзі қолдап қосқан өмірдің оты қосылғасын шарықтамай, шалқымай мына кең дүниеге қалай сыйсын. Иә, кеудесі өр шабыт пен өмірдің отына толы ақын інілер өзімізде де баршылық. Алматыға барғанда жиі көретін сол інілерім көз алдыма елестеп, адам жанын ұқсас қып жаратқан шебер табиғатқа қайран қалдым.

Ғылыми орталықта, Пустогачевтің тапсырмасымен менің жұмысыма қолма-қол жәрдемдесіп, баға жетпес қызмет еткен аса ілтипатты ағайын, іні-қарындастар болды. Бұлар осы орталықтың тарих секторының меңгерушісі Алтайдың (ойраттың) Хумадиндер тайпасынан шыққан оқымысты жігіт – Сатлаев Николай Александрович, институттың тарих және әдебиет архивінің меңгерушісі, Алтай қызы – Семенкина Люба, және осы ғылыми орталық кітапханасының меңгерушісі, Алтайқызы – Майчикова Тамара Жоңғар хандығының тарихына, XVII-XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар қатынасына байланысты әдебиеттер мен тарихи деректемелерді қат-қабат алдыма тартып жатты.

Дегенмен мың естігеннен көзбен көргенге, жер-су табиғатты ет жүрегіңмен танығанға не жеткен еді. Ғылыми орталықта өткен үш күндік қауырт істен кейін сапар жолы таулы Алтайдың жері мен еліне қарай жөн тартты.

3. ЖАНКЕШТІ КӘСІП

Тарихтан сыр тартушы қаламгер, әсте күзгі сұрлеуден көмескі із кескен кәнігі аңшы іспетті. Көшкен ел, кеткен керуеннен қалған із жолаушысын қайда бастамақ, қай дарияның кешуіне салып, қай жағалаудан шығармақ. Менің бұдан төрт ғасырға жуық бұрын Жоңғар хандығының сарыала байрағын көтерген Батур заманына, оның батыстағы байтақ көршісі қазақ жерінен іздеу салуымда ғайыптың сәтін күткен тәуекелдің ісі еді. Десе де “сұрай-сұрай Меккені де табады” дегендей, іздегеннің ел табар бір сокпаққа түсері де анық. Менің сондай бір өткендегі көмескі ел сұрлеуіне түсуіме жөн сілтеген адам, ойрат та, қалмақ та, төлеуіт те емес, осы Алтай жерінің бір қиырында, моңғол қазақтарының отаны – мен өрістес, қанаттас қатар жатқан, Қосағаш жерінің қазағы еді.

Біз ұлы даланың шалғайында, жол үсті емес, астанадағы “Алтай” қонақ-жайында кездестік. Жас құрамы алпысты алқымдаған, күнқақты қоңырқай жүзді, толымды да келісті қыр қазағы, өзі тұрғылас бойшаң, сындарлы әйел кісімен бірге қоржын-қосалағымен артынып-тартынып, қонақжай фойесіне түсіп жатты. Іс-шаруасын жайлап, көңіл орныққасын, жөн сұрасып, бөлмеге шай келтіріліп, сол күрең шайды самарқау тарта отырып, жатырқауды білмейтін қайран қазақ сөз арнасын ағытсын:

– Е-ей, бауырым-ай, “Адамның басы Алланың добы”, – деген, о баста тағдыр үкімін көп тартуға жазған қазақ басынан не кешпеді. Есімім Бозтай, әкем Ақсұлтан, үлкен атам Бұқабай ұлы дүрбелең, кәмпістен бір жыл бұрын – қоян жылы Зайсан жағында, Үлкен Нарында туған екем. Керей ішіндегі Қаратаймыз. Сол дүр белеңде атам – Бұқабай елу-алпыстай аталас ағайынның көшін бастап, Алтай асып, Алтайлық төлеуіттер елінен пана тапқан. Сонда мұқыр-дарқыт ауылына келіп, тұрып қалған екенбіз. Бірақ қырсық тағдыр адамның қыр соңынан қалған ба, отыз жетінші жылдың күзінде бай баласы, “халықтың жауы” – деп, әкем ұсталды. Төрт перзентінің ересегі мен едім. Ол үш жасымда не бары 3-класта жүргенде, оқуды тастап, көршілес “Қызыл мақы” дейтін Төлеуіт ауылына колхоз малын бағуға бардым. Сол жерде қырық жетінші жылы сөзіміз жарасып, өзім тұрғылас қазақ

қызына үйлендім. Сол байғұс, құдайдың бергені шығар, — қыз баланы бірінен соң бірін шұбыртсын келіп. Алты қызды өсіріп, жетіншісі ажалына жолықты. Іштен жарып алынған шақалағы тірі қалды да, өзі көз жұмып кете барды. Үйметөбе шулаған өңшей тұлымшақтың ішінде жападан-жалғыз обадай болып мен қалдым.

“Өлмес құлға өлі балық кезігер” — деген, шақша басым шарадай боп сенделіп жүргенде, дәл өзіммен тағдырлас, ерінен айырылып, үйелменді үш ұл, төрт қыз — ұлардай ұлыған жеті перзент ішінде тығырыққа тіреліп, шарасыз күйге түскен әйел баласына кез болдым. Айластың күні мұндас қой, біз табыстық та, он бір қыз, үш ұл — он төрт баланы шұбыртып өкеп, бір шаңыраққа жинадық. Өлместің күні көш түзеліп, тірлігіміз оңға басып жүре берді.

— Е-е, сәтті болсын. Ләйім тойда жүріңіз.

— Рақмет, айтқаның келсін, бауырым. Ал, көне енді өзіңе жол болғай. Алыста, ел екінші Мекке дейтін Түркістан, Баян Олгий Қаратау жерінде текке жүрмейді ғой, кісі?

— Дұрыс айтасыз Бөке, мен инемен құдық қазғандай қаламгердің қиын міндетімен, бағы бір қазақ пен қалмақ қырқысқан жаугершілік заманға, жоңғар хандарының ордасы болған жерге сұрау салып жүр едім деп, жай-жағдайымды қысқаша баян еттім.

Алтай қазағы — Бозтай өлдене өткен халді еске түсіріп жатқандай ұзақ, үнсіз ойланды. Жә, көп заман өтіп кеткен жайды дәл басып айту қиын ғой. Десе де бала кезімде, жайлауда малшы қарт төлеуіттер ішінде жүріп, ежелгі бір жорық-жосындар жайлы аңыз сияқты өңгімелер естуші едім. Онда өр Алтайда Катун дариясының жоғарғы ағысында, қазіргі Қазақстан жеріне таяу жерде, биік тау бөктерінде “Хан айдыны” дейтін жазық дегерез бар екені айтылатын. Айтушы сөзі рас болса, ойрат хандарының ордасы сонда болған. Айдын — Төлеуіт сөзі. Ол қазаққа да бірдей төлтума боп кеткен сөз. Айдын-көлдің еркесі, — дегенде көз алдына шалқар, кең, келісті көл бейнесі келмей ме. Иә, сол айдын, аңыз сөзге қарағанда хан туының астына жиылған қол-қосындарды соғыс өнеріне үйрету, жаттықтыру алаңы болған деуші еді айтушылар. Ол айдын тек жасақшылардың жаттығу алаңы емес, қазақ елін күйретіп, ұшан-теңіз жер мен малын олжалау үшін орыс патшасының жасырын жарлығымен аса құпия әкелінген алып

зенбіректерді іс жүзінде сынаудың да алаңы (полигоны) болған, – дейтін.

– Қалай, қайтіп сынаған, – деуші едік, сонда біз айтушы қарт төлеуіттен:

– Ее, қалайы бар. Ол жаугершілік заманда мылтыққа адам кәт пе? Біздің батыр бабалар, әскербасы нояндар, жорық кезінде қолға түскен тұтқын қазақ сарбаздарын, жай пенде күл тұтқындарды қойдай ғып тізіп, топырлатып айдап кеп, ат-түйелерге матастырып мінгізіп, бір төбенің басына жиып, сол қалың тобырды мөлшерлі қашықтан әлгі нән зенбіректерден гүрс-гүрс атады екен. Сол жаттығу-атысқа арнайы келген орыс-әскер мамандары басшылық жасайды екен. Атыс тоқтап, сынаушылар барып көргенде, әлгі нысана төбе үстінде пәрше-пәршесі шығып төбе боп үйілген адам мен ат, түйелердің қан соқта еті жатады екен. Солай жорық-жосында жеңіс мәртебесі оңайлықпен келмейді. Ат үсті айқаста оңайлықпен жан бермейтін, жан беру емес, ақырғы ақтық қаны қалғанша қылыш, сойыл сілтеп, жастығын ала өлетін қазақ қолына, қазақ еліне қырғын жасау үшін қандай айла-тәсілге бармаған еді, орыс қытаймен олжалас, сыбайлас, болған ойраттың ноян-хандары... – дейтін. Енді бар ғой, ынтамды алға тартқан ықылас-заман толқынынан шеткері, қаймағы бұзылмаған ойрат ауылдарының біріне жетіп, ежелгі қара шаңырақта ата салтын сақтап қалған көрі құлақты айтушымен кездесу еді. “Жүрген аяққа жөргем ілінеді” деген ғой, мұның да сәті, сол елге бет алған жол сапардың екінші күннің кешінде түсті.

Қумалақтай домалап, қолды-аяқта тұрмайтын жолсерік тілші жігіт Ойночев Катун дариясына құятын Урсул өзенінің тау төсіне жармасқан жоғарғы жағасында шағын төлеуіт ауылына сүңгіп шықты да: Сіздің көктен іздегеніңіз жерден табылды. Осы ауылдың тау жақ шетінде ата тегінен орманшы, әрі кәсіпқой, аңшы Қоқыш атай тұрады. Оны жастар Костя атай дейді. Бірақ ол өзінше сол баяғы – Қоқыш. Қызық адам, мен сізді соған апарайын.

– Өзің біл, Ойноч! – дедім мен.

Солай, біз күн екіндіден еңкейіп, тау іші салқын сазды леп ескен жайлы шақта ақ көбіктен маржан шашқан Урсулдың жағасында қабырға іргесі түгелдей қолдан құйғандай жалтыр, қалақ тастардан қаланып, төбесі черепицамен жабылған пәкене, көдімгі қоржын үйдің алдына келіп, ат басын тарттық.

Келген бетте үй алдында, емен түбірін жерге қазып орнатқан шомбал орындықта, кере қарыс қорқорын будақтап, жетпістен асқан жасында, селдір мұрт, қырау самайлы, терең әжімді, қоңырқай жүзді қолдан құйған мүсіндей қажырын сақтаған қарт таулықты көрдік. Бұл – аймақта аты аңыз болған сұр мерген Қоқыш атай еді.

Бұл сынды адамды табан асты төтен сауалмен сөйлету қиын. Алақаны көнтақа, салалы тарамысты қолымен сәлем алып, Ойночевпен біршама тілдескесін, – О, эдеп яхчи тума, (Ее, сау-саламатсың ба, іні) деп орнынан баяу көтеріліп, үйішіне бастамақ еді.

Үйге асықпайық аға, мына таза ауада өзіңізден біршама әңгіме тындайық, – деп, қарияны орнына қайта отырғыздық. Үйден бірер орындық келтірілді. Қарт жанына жайғастық. Енді сөзге келгенде жеңнен кіріп, жағадан шығатын Ойночев тондай тоңазып, оңайлықпен жібімейтін қарт жүрегін қорғасынша балқытты-ау, бір кезде.

Шал ащы қорқорын біршама будақтатып, алда не өткен күндер көз алдында елес бергендей бір езулей жылы жымыып, ақбурыл басын бірер шайқап қойды. Бір көзін қыса барлай қарап:

– Яхчи тума. Қай елден келдің. Өмірден не қызық көрдің, тума, – деп өзімнен жауап күтті.

Мен де өзіңіздей аға, тауда тудым. Тауда өстім. Қазақ жерінде Қаратау дейтін тау бар. Естіген бе едіңіз. Ойында қасқыр, түлкі, қырында елік, арқарлар қойдай өріп жүретін еді. Бала кезімде аңшыларға көп ілесіп, тау қызығын көп көрдім. Қыс түсе ақша қарда бүркітшілер сонарға шығар еді. Көк жүзінде шарықтаған қыран құс зау биіктен сорғып кеп, бұлан құйрық алтайыны қанды шеңгелге салар еді. Оның бәрі бүгінде өткен өмір, көрген түс. Аң сиреді. Қыран қияға кетті. Құлжа қол жетпейтін құз-қияға тартты. Аңшылық деген керемет қой шіркін, оған теңдесер өмір қызығы болған ба еді!

– Сен сері екенсің, тума. Аңды қызық үшін, жан ләззаты үшін аулапсың. Ол тек бай-бағлан, бектердің ісі еді ғой. Ал мен мүлде басқаша күн кештім...

– Қарт таулық, темекісін бүрк-бүрк будақтатып, біршама отырды да үзілген сөз сабағын жалғады:

– Анығын айтқанда мен бұл кәсіптің адамы емеспін. Бәрі

менің бала кезім жас шағымда өтті. Әкем Қарас пен Ұлы атам Құдачының кезінде өтті. Ел ішінде “көктемнің бір күні жылға азық” дейді ғой. Ал біз үшін өміріміздің өзегі – суық күздің бір күні, бір ғана күні еді. Әкем күз басынан жұлдыз санап, жаратушы тәңірден сол бір шапағат күннің қас қағым сәтін сұрайтын.

Мен ес біліп, етек жапқасын, әкем мені көмекші-жүкші ретінде өзімен бірге жүрді. Әке қолында атадан қалған жалғыз баға жетпес қазына, кәдімгі, ұңғысы кере құлаш, үш сайлы, аяқты, қара шиті мылтық болатын. Барша ғұмыр мұратында күн көрісінің тірегі, сенер серігі осы еді.

Күз келіп, қыркүйек өтіп, ақыраптың айы туғанда әкем азын-аулақ жол азығы, тау әбзелін арқалап, таң шапағымен тау соқпағына түсер еді. Өнбейтін мимырт жүріспен күн ұзағы жылжи отырып, қиямет қия асуына шығып, сол шетте өзіне ғаныс бекініс бекеттен, алдағы терең шатқалдың арғы беткейінде көкжал қиялар текшесіне сапты аяқтай, сары жез дүрбісімен құзарға тесіле көз тігер еді. Енді ол бір кез жан қалтасынан қорқорын алып, темекіге от берер еді. Ол жақсы үміт-жарым ырыс, іздегенім табылдының белгісі. Ол енді көрерін көріп, көңілі бір жайланғасын, мә, Қоқыш, қара, — деп маған жез дүрбісін беретін. Сонда қос саласын шар айнаға сыйғызған дүрбінің мөлдір шеңберінен, алақанға салғанда ап-айқын боп ылғи бір шаңырақ мүйіздері абажадай қолтығынан айналған ірі құлжалардың жусап жатқан әйдік табыны көрінер еді. Енді әкемнің күндіз-түні көз жазбай аңдитыны осы табын. Ылғи сайдың тасындай іріктеліп, топтасқан атан құлжалардың табыны ол алдағы Ұлы маусымның, күйек маусымның жақын қалғанының белгісі. Демек, құлжа үйірін жағалап, наз білдіріп, туар күн, туар сәтін күткен ешкілер мен тушалардың үйірі де алыс болмауға тиіс. Ол Ұлы сәттің шымылдығын ашатын да, Ұлы маусымды бастайтын табын ішінде табиғатпен тілдес, осынау шағын көктегі таң шолпанымен сырлас асыл текті сақа құлжа.

Енді әкем ой сарабынан өткізген жоспарын жасап, құз-қиялар жықпылынан жол тауып, жыланша суси отырып, әйтеуір өлдім-талдым бір шақта, құлжа жусаған құзардың бір ұрымтал жеріне жетіп жайғасты. Енді оның таң шапағымен бірге аңдитыны сақа құлжаның тау жаңғыртар пысқырығы. Түн ұзағы көз ілмей аспанда жұлдыз баққан құлжа, құланиек

таң сазы құзарға ақ нұрын жаңа шашқанда, пысқырып кеп қалғанда, бұған шейін ботадай тату құлжалар астаң-кестең айқасқа түседі. Сақ-сұқ ұрған мүйізден тау жаңғырады.

Сол сәтте маңайдағы жақтардан шұбай шыға келген күйлі ешкілер үйірі, шағын алаңқайда көрінбес көгенге тізілді. Құлжалар жұптаса соғысып, тауды басына көтеріп жатқанда, бұлардан жеке-дара бөлінген бір Әйдік құлжа ешкілер үйіріне ұмтылады. Әкемнің тағатсыз күткені де міне, осы сәт. Құлжа мекірене келіп, ақ сауырға аяқ салғанда дәл шықшыттан көздеп атқан мергеннің оғы құрақтай қиып түсіреді. Бұл сәтте тәңіріне табынған әкеде ес қалмайды. Қызыл қаны өңіршектен шапшып, жанталасып жатқан құлжаға мысықтай маймандап жетіп келіп, оны шалқалай аударып жіберіп, бауырдағы бір кез қамшысын жалма-жан сылып жіберіп, оны екі ұшынан аузына көлденең тістеп келген қыл талшығымен тас қып буып, буы бүрқыраған күйде сылып алынған ума-шонтай жарғақ қалтаға сүңгітіп, кідірмей семіз құлжаны боршалауға кіріседі. Бас-аяғы сүт пісірім уақыт өткенде ауыр жүкті арқаға таңып, теңдесі жоқ қымбат зат-құлжа мөйегін шонтай қалтасымен жылы қойынға ұрған әке, енді қол-аяғы жерге тимей, мысықша маймандап, қыстау мекенімізге бет түзер еді.

Үйге келе әлгі құлжаның бауыр қамшысымен тұтастай сылып алынған мөйек, екі жағынан кере тартылып, қараңғы салқын жайға кептіруге қойылар еді. Арада екі апта өткенде бұл жалғанның еш нәрсе теңдеспейтін аса қуатты дәрмегі — “Джуммо Джомбу” да дайын. Оның қадір-қасиетін біз сияқты күнкөрістің адамы айтушы емес, таңдайға салып татқан ғана білмек. Ол шындап келгенде шығандағы біз сияқты шаруагер емес, шет елде алтын байлығын, қазынасын сыйғыза алмай жатқан, шектен асқан бай-бағыланның үлесі.

Кешікпей бейне бір шығаннан иіс алғыш шыбындай, ғайыптан түсіп, ішкі Қытай, Үнді қытай елінің көпес-саудагері жетеді. Әкемнің дарқаншылыққа кенелер кезі де осы. Кездеме, киім-кешек, ас-ауқат, қант-шай жанға не керектің бәрін сол саудагер, кедейліктен кеңірдегі созылған әке алдына жайып тастайды. Алыстан келген саудагер алғанына, әке жанкешті жолда тапқан олжасын пұлдап сатқаныңа мәз. Біреудің бейнеті, біреудің рақаты деген сол.

Тәңір нәсіп қылмағасын айтып-айтпай не керек. Өз басым тілмен айтып болмас сол кереметтің талшығын татқан емеспін.

Ал білгірдің дәріптеуіне қарасак, жетпіс бестегі қартыңды айта берер айқай жиырма бестің аулынан бір шығаратын кереметің осы дейді. Ол үшін әлгі мәйектің тырнақ ұшындайы жетіп жатады екен. Мұның бәрі енді өткен елес, көрген тұс... Керуен өмірдің көңіл-көкейде қалған өшпейтұғын іздері. Ал, тума, кемпірдің шайы дайын, енді үйге кірелік, — деп орнынан ауыр қозғала берген еді, қарт Қоқыш.

ҚҰЗ АСТЫНДАҒЫ ТҰҢҒИЫҚ

Бұл бір тосын хабарды естігелі бері біршама күндер өтті. Оның жан толқытар жаналығы сондай, қашан өз көзіммен көргенше бұл жұмбақ сырды жан баласына ашпай, тосыла тұрғанды жөн көрдім. Не деп болады, күні кеше бесіктен шығып, енді бүгін санатқа кірген жас бала, балалық қып, әлдененің көлеңкесін көпсітіп жүруі де мүмкін ғой.

— Жәке, мен Сізге, бір жаңалық хабар айтқалы арнайы келіп отырмын. Сізге атам мен көкем жіберді. Өзіне, тек өзіне айт, — деп тапсырды. Айтар сөз: өзіңіз білетін Талдыбұлақ құзарының астынан бүгінге шейін жан адам көріп-білмеген шалқып жатқан телегей су табылды. Өзен бе, көл ме, жоқ әлде тұңғиық-тұнық теңіз бе, құдай білсін...

— Япырым-ау, Талдыбұлақ құзарында дейсің бе, айтшы көне, бұл кереметке қашан, қандай жағдайда кездестің?

Тыңдасам: Қайрат бұл бір табиғаттың жұмбағын алғаш, өткен қыстың соңғы күндері байқапты. Қарсанда, өткен жыл соңында әскер қатарынан қайтып оралған жас жігіт, орманшының баласы, ол күні жаңа түскен көбік қарда мылтық алып, кекілік аулап шығыпты. Тас құзардың текшесінен окқа ұшқан семіз құс әңгірлей құлап, недәуір төмен етекте, таймас тас жақпарында жан тапсырыпты.

Олжасын алуға келген ол, кекілік жатқан жақпардың дәл қасында, не бары бірер қадым жерде, таңертеңгі аязда айнала ернеу қары еріп, өзінен жылы-дымқыл дем шығып, бусанып жатқан, тек ықшам киіммен ғана бауырлай сырғып өтерлік тым кішкене, қасқырдың апаны дерлік, арғы жағы қараңғы тас қуысты көріпті. Не екенін білуге құштарлығы айдаған ол үйге барып, сіріңке, майлы алауын өзірлепті де, әлі жерге қайта келген. Көп қиындықпен әлгі қуысқа кіріп, бауырлай жылжып, оның беймәлім түкпіріне ұзай түсіпті.

Бір кезде әлгі тар, қуыс кеңейіп, алдынан төбе жағы биік, кен сарайдай дүңгірлеген зәулім кеңестікте тұрыпты. Енді бір сәт тағы да алға жылжи түсіп барғанда, қарсы алдында майлы алаудың көмескі-күлгін жарығында майда толқыны сан құбыла жалтылдап шалқыған шет-шегі көрінбейтін, тереңі білінбейтін көл-дария сипатты жұмбақ суды көріпті. судың салқындығын қол батырып көріп, дәмін татып, оның не керемет екенін шеше алмай қайтып шыққан. Бар көрген-білгені осы.

Қаратаудың ішінде қырық жыл орманшы боп, бүгінде сексеннің сеңгірінде бар билікті үлкен ұлы Шымырбекке берген Қырқымбай ағамыз баяғы қара қонысында. Қаншама жылдар түз-дәмді бірге татқан сыйлас ағаны көрмеген, қайырылып сәлем бермегелі жылдан асып барады екен.

Бір жағы бауыр басқан аға шаңырағын да сағынып, екіншісі мына жеткен хабар, кешікпей, өрдегі көк аспанның астында көгілдір мұнар құшқан Қаратау, ондағы орманшының мекен-жайын бетке алып келе жаттым. Аз-кем сәлемдесу, қауышудан кейін тау жолына жаттыққан жарау аттар мініп, қажетті құралдармен жарақтанған біздер, кідірмей Талдыбұлақтың көкжал құздар көмкерген терең аңғарын бетке алып жолға шықтық. Жолсерігім тауда туып, таста ойнап өскен кешегі хабаршы бала Қайрат және осы сапар да бірге шыққан он жасар немере ұлым – Дастан.

Бұл шеттің әр тас, әр бұтасы маған бес саусақтай таныс. Бұдан қырық жыл бұрын, сон-оу алыс қалған албырт жастық күндерден бері, иыққа мылтық асып, жалын қиясына өрмелеп, сан рет сағым ой, жел қиялдың жетегінде маңдайдың ащы терін сыпырған орта. Мына сырт көзге суық, қорқынышты құздар да маған туған үйдің қабырғасы іспетті. Сол шет еске түскенде, оның өзгермес-өшпес бейнесі көңіл құсын шарықтатып көз алдымда тұрар еді.

Сол Талдының аңғары міне, бүгін де баз-баяғы қалпы. Төбеден төнген көкжал күз. Тас тағанға нәр беріп, сылаң қағып, сылдырап Талдының бал татыған бұлақ суы мөлдіреп ағып жатыр. Сол бұлақты өрлей арасында бүлдірген, итмұрыны шатысып-бытысып, ару қыздай майысқан сұлу сәмбі, долана, ақшешегі тұнып тұр. Сол қалың жынысты жағалай, кішкене жалғыз аяқ сұрлеу жол, алдағы көк шатқалға бастап, өршіл биікке өрлей түседі.

Енді, міне, сол көмескі тар сұрлеу де таусылды. Ат тұяқтары

тұйыққа келіп тірелді. Алдыңғы жақ тек жаяуға ғана жол берер, зор шомбалдарға ұласты. Сол жерде аттан түсіп, алдағы мезетті жерді бетке алдық.

— Сен, айналайын, сол тау астына бастайтұғын қуысты әзірше көрсетпеші маған. Өзім іздеп, өзім тауып көрейін, — деймін Қайратқа.

— Жарайды, солай болсын, — дейді Қайрат, менің мына өрекетімді сынағандай жымыып.

— Ендеше, қалып қоймаңдар менен, — деп алға шығып, соқтықпалы тас арасынан жол тауып, баяулай өрлеп келемін. Тау сыры қашанда шешілмеген жұмбақ. Ол құпиясын оңайлықпен ашпайды. Сан ғасырлар сарабында құзардан қопарыла құлаған тастар әрбірі шөккен нардай дөңкиіп, кез келген тұста ошарыла орнығып қалған. Сол тастардың арасында не көп апан тәрізді қуыс көп. Солардың әрқайсысына үңіліп, көп соқтығып, нәтиже шықпағасын бет-жүзді ащы тер жуып, талықсып-талған бір шақта аз тыныс алғалы шағын текше тасқа отырдық.

— Айтшы, Қайрат, мен көп адасып, тым алыстап кеттім бе? — деймін енді Қайратты лажсыз сөзге тартып.

Қайрат жауап орнына, жымия күліп, басын шайқайды. — Жақын жерде, тым жақын жерде, Жәке.

— Ендеше айтшы, айналайын. Қай бағытта, қай жағымызда қалды?

Қайрат енді ешқайда бұрылмай, жүзін төмен сала күлімсіреп, өзімнен не бары төрт қадым жердегі шағын ойыста айқаса шөккен нән тастарды иегімен нұсқалды.

О, құдайдың құдыреті-ай! Бейне бір бейтаныс, өзге дүние қақпасына қадам басқандай жайлап, әлгі жерге жақындап келдім. Енді менің алдымнан қос шомбал тастың айқасқан, ара жігі астынан, жай, көзге елеусіз бар болғаны түлкінің ініндей ғана қараңғы қуыс көрінді.

Түлкінің іні. Оған кіру әншейінде ақылға қонбас нәрсе. Әйтсе де сол інге құштарлық қысса түйе де өтетінін мен алғаш рет осында көрдім. Сол қуысқа алдымен қиялап жатып бас сұғып, одан кейін сыналай жылжып, иық, одан соң кеуде, одан соң қарын, бөксе, одан әрі тырбана жылжып тізерлік өтті.

Қиялай жылжып кеуде өткесін екі қолды игеріп, алға созуға мүмкіндік туды. Батерейлі қол фонариктің өткір жарығында

алдымен сол тар қуыста жолды бөгеп, айқын көрініп, ұштары найзадай өткір әрқилы формалы шөгінді тастар жатты.

Сол тастардың арасынан біріне ақ көйлекті жырқызып, енді біріне иық, қабырғаны сырғызып, там-тұмдап алға жылжи бердік. Осылай екі-үш, бес метр... бұдан соң осы тар қуыс кенет кеңейіп, отыруға одан сәл әріде шөкелеп, одан соң тікелеп тұруға мүмкін болды.

Одан әрі әр қадым сайын қуыс кең туннельге айналды. Сол туннель енді бір шақта құдилап төмен тартты. Ол төмен ойысқан сайын әлпі қиямет артта қалып, мен енді айнала күрең тас қабырға қоршаған зәулім тас сарайдың ішінде тұрдым.

Еңіс тартқан туннельдің іші алға ұзай түсіп, енді бір кез, он бес қадымдай өткенде ат тағасындай доға жасап, солға қарай бұрылды. Тағы да он метрдей тас туннель, енді ол кенет тұтас, биік, күреңіткен тас қабырғаға тірелді. Оң жақ, сол жағы төбе шатыры биік, тіп-тік берік қабырға. Әлде қалай күдірет күші қолдап қашап орнатқан гранит тас сарайы дерсің.

Бұл керемет пен болмыстың, арттағы жарық дүние мен алдымызда бұған шейін адамзатқа мәңгілік сырын аспаған күдірет құбылысының шегі еді. Мен сол бір өмірге жетерлік ұмытылмас сәтте сол екі дүние шегінде, анықтап айтқанда, алдағы беймәлім жұмбақ дүние қақпасынан он қадым жерде тұрдым. Бар болғаны он қадым. Сол он қадым қашықтықта қарсы алдымдағы тас қабырғаның нақ ортасында, төменгі тас тағаннан бір метрдей биікте, алдағы, арғы қараңғы кеңістікте жол ашып, бейне бір кең сарайдың ашық терезесі дерлік, бір күдірет қолдан ойып алғандай ауқымы кішігірім шаңырақтай, шеңберлі тесік, қол фонариктің өткір жарығы түскен, сол тесіктен арғы жақтағы қап-қара түнек кеңістік ішінен жарқырап тұнып жатқан тұңғиық судың айна беті шалынды.

Мына көрініс тек қияли аңыздарда айтылатын алыс планета айдынын көз алдыға әкелген ғарыш кемесінде жүзіп келе жатқандай ғажайып әсер қалдырды. Бұл сәттегі тебіренген жан толқыны сондай, сезімтал жүрек шіркін өрекіп, кеуделе емес, алқымда соғып тұрды.

Көрінбейтін бір сиқыр арбап қойғандай бір сәтке тапжылмай тұрып қалған екенмін. Енді, арада санаулы минут өткенде, біз бұл күнге шейін жарық күн жайлаған жер бетіндегі ұлы кеңістікте, туған өлке астында мұндай кереметтің бар екенінен бейхабар ғұмыр кешкен жандар, қорқыныш-қобалжу мен

қуаныш-танданудың әрқилы сезімі қат-қабат билеген жан сезімі үстінде, сиқырлы күшпен өзіне тартқан шеңберлі тесіктің алдына келіп, оның тас ернеуіне сүйеніп, алдағы керемет көрініске тандана көз жіберіп қарап тұрдық.

Шеңберлі тесіктің арт жағы оң жаққа қарай ұласқан шеті-шегі көрінбейтін кеңістік. Сол кеңістіктің тағанында бергі беті шеңбер тесіктің астыңғы жиегінен басталып, арғы жағы бізге көрінбейтін түпсіз түнекке ұласып, тұнжырап тұнып жатқан қара су. Көдүйлі өзіміз тас бұлақтар жағасынан қастер-қасиетіне табынып, сүйсініп ішетін мөлдіреген таза су. Дәл алдымызда, қол созым жерде шеңбер тесіктің ішкі жиегінен басталып, әрі қарай оң жақтағы белгісіз қара кеңістікте биіктігі мың метрлік көкжал күз, шомбал таудың астында, ұлы күдірет тек өзіне арнап жаратқан, бұған шейін жан баласы тыныштығын бұзбаған тылсым жайда, бұдан миллион жылдар бұрынғы еншіге тиген өз заңы, өз бейнесінде әлдеқалай білінбес леп қозғаған майда жұмсақ толқыны сан құбыла шымырлап толқып жатыр.

Артқы жақтан жеңіл сыбдыр естілді. Қайрат пен Дастан екі жағымнан келіп, мойындарын созып, мына кереметке тандана қарап қалған.

— Папа, а папа, мынау не, жер астының теңіз суы емес пе? — деді Дастан, кішкене тұла бойы қалтырап.

— А, Жәке, мен түсіп көрейінші, — дейді оң жағымнан Қайрат сабырлы-салқын үн қатып.

— Көрсең-көр. Тек байқа, айналайын. Тереңге кетіп қалып жүрмегін.

Қайрат тез шешінді. Қол фонардың өткір жарығы түскен бергі жиектен он қадымдай озғанда қара судың толқыны оның белбуарлығынан өрлеп, тұңғиық құшағына тарта түсті. Арғы жағы беймәлім түпсіз түнектің түсі тым суық, қорқынышты еді.

— Қайт кейін Қайрат! — деген ащы дауыс еріксіз шығып кетті.

Ер көңілді жас жігіт ешбір қауіп-қатерсіз, жайбар басып, кері қайтып келе жатты.

— Ой-хоой, Жәке, су суық, арғы жағы қадам сайын тереңдеп бара жатыр, — дейді ол бейне бір ауыл суында балық аулап жүргендей, көңілдене дауыстап. Мұндайда жанында батыл да, ер көңілді азаматыңның жүргені қандай жақсы.

Әлгінде кең дүниеде тамылжыған тамыздың аптабында күйіп, жансауға жай іздеген біздер, енді мына тас түнектің ішінде қаңтардың қара аязына тап болғандай қалтырай тоңып бара жаттық.

Бір жағы тебіреніп асыққанда қас-қағымдай қысқа да, күткенде таусылмас шексіздіктей көрінген тау астындағы қырық минут өте шықты да, біз шаңқан шуағы көз қарықтырған кең дүние айдынына қайта шықтық. Жұмбақ жай, жұмбақ дүние мәңгілік түнегінде қаймағы бұзылмай, ұйқысы оянбаған калпы құзар тау іші, жеті қат жер астында осылай қала берді.

Мен енді көзіммен көргенді өз халімше ес елегінен өткізіп, жер асты тұңғиықта жатқан әлгі жұмбақ су тұнығындай бір терең ойға баттым. Мына аспан асты, жер бетін алақан астында ұстаған адам әулетінің қолы жетпеген, уысына түспеген не қалып еді. Шырқаудағы ғарыш, түпсіз мұхиттар шыңырауы бүгінде бәрін еңсеріп, бәрін де билеп алған осы дүниедегі ең қатерлі де дана екі аяқты адам атты мақұлықтың табанында жатқан жоқ па?! Ал мынау алысқа қол созған аңғал ұрпағымыздың дәл бүгіндерге шейін әлі де көз қарағына ілінбей, өз сырын, өз жұмбағын өзінде сақтап келген шексіз қымбат тұл табиғаттың өзегінде біткен өз перзенті өмір, тіршілік үшін жаралған құдыреттің өлшеусіз сыйы емес пе екен, сірә?

Бұл керемет бұл күндерге шейін шөліркеп, тандыры кеуіп жатқан өлкеміздің бір қажетін өтей ме, жоқ, әлде, сұлулық, көркемдік пен көз қарықтырып, талай жұртты тебірендірген Алтайдағы Алтынкөл (Телецкое озеро), Кавказда Машук тауының астындағы құлама көл (Правалское озеро) немесе ғалам саяхатшыларын тамсандырған Ниагара құлама суы сияқты адамдарға рухани қызмет ете ме, қалай десе де ел-жұртымыздың бір кәдесіне жарайтынына сенемін.

Бұл керемет табылған орта тым алыста емес, қасиетті Қаратаудың бір келісті қойнауында. Бәйдібек ауданының орталығы өзіміздің Шаяннан небары 44 шақырым, тас жолмен жалғасқан Майбұлақ ауылынан 12 шақырым, байырғы тау бағбаны Қырқымбай атай мекенінен небары екі шақырым жерде, алыстан атойлап көрінетін Ақбұлақ пен Талдыбұлақтың арқарлар ойнақ салып, шыңдарында қыран құсы қалқыған құзар биігінің астында жатыр.

“Көп естігеннен бір көрген артық” деген. Бұл ғаламатты

алдағы кезде біздің әбжіл тележурналшы іні-қарындастар ел-жұртымызға теледидар экранынан да көрсетер. оған шейін қалың оқырманға бар көрген-білгенімді қаз-қалпында бейнелі сөзбен жеткізгенді жөн көрдім.

ҚЫЗЫЛ ҚАРШЫҒА

1

Қарашаның самалды салқын шағын сабырмен тосқан Байтас қарт таң шолпаны туа атқа қонбақ болып ерте жатып еді. Биік ағаш төсегінде маужырап қалғып кетті де, шошып оянды. Онсыз да қабаттап биік салынған қос жастықты қомдай түсіп, өрлеңкіреп қисайды. Бірақ, әлденеге еліккен көңіл құсы шарықтап, сергіп кетті.

Өз халі өзіне мәлім саятшы енді жуық арада ұйықтай алмасын білді. жартылай ашық терезе арқылы сансыз жұлдызы самсаған күз аспанына көз жіберді. Әлі толыса қоймаған қарашаның айы ортасынан қақ бөлінген күміс табақтай болып Ақтаудың алып иығына қарай еңкейіп қалған екен. Аптаның аяғында екі күн ұдайы ыбылжыған күз жаңбырынан кейін айнадай боп тазарған аспан жүзінен төгілген бозғылтым мұнар ішінен Қаражонның нобайы бұлдырайды.

— О жарықтық, Қаражон! Осынау төңкерген қазандай боплып Қызбелден сәл қияс жатқан Ақшоқыны қосып карағанда, құлағын жымып, бүк түсіп, айбар шегіп шапқалы жатқан алып арыстаннан аумайды екенсің-ау, тегі. Бүкірейген жотаң, сыртқа теуіп, шығыңқы біткен мықының, сүметіле барып тірсекпен жымдасып жатқан құйымшағың бәрі де бір күдірет қолдан құйып жасап кеткен сияқты.

Тән қартайса да, жан қартаймайды екен ғой, шіркін!.. Оның осы жолбарыс жонданып мәңгіге шөгіп қалған қара дөң қарасын көргені сол еді, бейуақытта құлазыған сезімі құйын тигендей ұйтқып сала берді.

— Уа, шіркін, дүние-ай! Бәрі де бір күнгідей болмай өтіп кеткен екен-ау. — Ол аунақши көтеріліп, түнемеге жамбас төсегінің жақтауына басулы жататын жұқалған жез шақшасын алды. Оның барқыттай былбыраған шашақты былғары тығынын еткел саусағына қыса суырып, бір шөкім көк жентекті барбиған алақанына баппен үйде де, таңдай астына

тастап жіберді. Енді алабұртқан көңіл жайлауын тапқандай болып, сыры таусылмас сиқырлы дүние көз алдынан көлбең қағып жайлап қана өте берді.

2

Иә, анау көрінген Қызбел асуы. Соның аш кезеңіне бұл шеттен жалғыз аяқ сұрлеу соқпағы апарады. Қаншама тұлпар тұяғы басып, үстінен қаншама қыран қанаты суыл қаққан кәрі соқпақ. Сол асудың арғы жағы саятшылық, аңшылықтың қаншама керемет хикаясын сақтаған күз қиялы, жықпыл-жынысты Боралдай тауы болғанда, бергі беті Қаратау Сарыарқасы – Көсегенің көк жонына иық артқан сансыз бұлақ, саялы мекен-жайы мол ежелгі ел жайлауы.

Сол ұлан өңірдің осы бір мөлдір қайнарлы қалтарыс қойнауында қалың шымырдың қоңыр шаруалы шағын бір ауылы қоныстап отырар еді. Өздерін Аман, Шыныбаймыз деп ылди өр алыс-жақындығы аталы, текті ағайындары мына жондағы датқа сазын жайлайтын көп сиқымның көп мықтысы шыққан Батырбек, Төребек әулетімен қанаттас қозғалып, ырғала көшіп, мамырлай қонып жатқанда, “Құдайдың осы бергеніне шүкір” десіп осы қоңырқай тірлігінен жаза баспайтын.

Қар кетіп, наурыз кіріп, көктем жеткенде, ойдағы азынаулақ егіндік, шабындығын аяқ асты, тұяқ бастыдан қорғаштап, ауыл үйлерінің бір бөлігі осы маңның жайлау өрісіне көшіп шығып, киіз үйлерін тігіп үркердей шоқтанып қонар еді де, кетпен шауып, орақ сілтеуге бейім без білекті, атан сүйекті азаматы, қайраты бар қатын-қалашы үлкен шаңырақтан бөлінген жер кепе, жолым үй, қара шайлаларды сағалап, ойдағы егіндікте қалып қояр еді.

Бұлардың сол бел түріп, білек сыбанған бейнетіне арнаған төл еншісі қыруар әрекетпен келер қиын дақыл – тары болатын. Тау бұлағының құмдауыт, саздауыт жағасына, қайырылыс, бұрылыс шағын жазықтарда кетпен, күрекпен жер көтеріп арық қазған ағайын сол бейнетінің жемісі ауызға түсетін осынау сары күздің салқын самалды шағына дейін бір тыным таппай шөт-шөлекей тырбанып жатар еді.

Ден-делбезесі сау, қайрат етер қалың азаматы бар бейнетқор ауыл жұрты сүмбіле туып, тойым жаздың толысқан шағы

жеткенде, ой-қыры қайтар құстай араласып, дорба қатыс алыс-берісі молайып жалбақтасып қалушы еді. Әр мөлтектің маңында баулығымен үйілген шөлкемдер көрініп, жертөле, жолым үйлердің алдындағы жер ошақтарда асылған нән қара қазандарда бықтырылған тары бырқ-бырқ қайнап, кеш салқынында ыр-ыр, гүрс-гүрс саптасқан келі дүңкіліне толып кететін. Сол жайлы кеш, айлы кештерде, жас отаулы ақ көңілді аға-жеңге маңын қыз-бозбала сағалап, сол шеттен сөнбес жастықтың сиқырлы ән-әзілі, ойын күлкісі түн ұзағына таусылмас еді. Сол азды күн шат-шадыман мезгілдің өзі бейкүнә жас өмірдің бір таусылмас қызық дәурені боп көрінер еді.

Қазанмен жалғас қатқыл суық, бозқырау бозаң таңымен келген қарашада ауыл-аймақ етек-жеңін жинақтап, қыстауларға жайғасады. Мал қоңы, қаптағы дән мөлшерін көз, көңіл елегінен өткізіп, “Құдайға шүкір” айтысқан шаруалы ауыл енді тәуекелмен алдағы ақ қар, бұрқасын бораны мол қыс тауқыметін күтеді.

Бұл кез жаз, күз тіршілігін тындырған азамат атаулының ат айылын тартып, ауыл ортасынан ұзап, сейіл-серуенге бет бұрар шағы. Біреулер басы артық саяқ-сұяғын айдап, қоржын-қосқалағымен қыр асып базар тартса, енді біреулер баталасып-бүлдасып, алыс-жақын ағайын сырт ауылдар ішінен тойтамаша сағалайды. Жиын жағалап шабысқан бәйгесі, тартысқан көкпарын, құда барып асасқан ет-құйрығын ұзақ күндер даңданғаза етіседі.

Соның бәрінен ерек, соның бәрінен оқшау, тым қымбат та сиқырлы дүние мұның балауса сезімін тым ерте баурап әкетіп еді. Содан бері алпыс жылдан астам мезгіл ішінде оның ес елдірткен елесі күндіз көзінен, түнде түсінен кеткен емес.

3

“Доңыздың жұты” дейтін сонау бір сұрапылды сұмдық қыста ол не бары онға енді шыққан бақыр басты бала еді. Дәл осындай қарашада қара жауындатып, арты аяздатқан көк тайғаққа түскен алғашқы көбік қар күн асқан сайын сыбап сокқан ақ боранымен өрбіп өсе берді де, ақпанның аяғында тау жайлап, құм қыстайтын дүйім елді аш сағақтан буып, гырп еткізбей тастады. Ақыры барды бардай, жоқты жоқтай жұтып тынды. Тірнектеп жіғаны құрдымға батып, құлаққа

ұрған танадай болған бар-баданды ағайын баянсыз ғұмырға лагнет айтып, “Өзен жағалағанның өзегі талмас” дегенді медеу гүтып, енді мына тау бұлағының жағасында еңбегін еміп, тәңірінің бұйыртқанын осы жерден теріп жеуге берік бекініп еді.

Аштықтың бір тоқтығы, қыспақтың бір молдығы болатыны сияқты, жаңа ғасырдың алғашқы таңымен туған мың тоғыз жүзінші жылдың нұрлы көктемі күле қарап келді де, жақсылығы таусылмайтын жарығы мол дүние зарыққан жұртты тағы бір дүр сілкіттіп тастады. Ол жылғы егін мен шабынның бітісі де өзгеше, ересен еді-ау, шіркін. Тақия тары сеуіп, батпанға батып қалған жоқ-жұтаң қайта ес жиып, жаңа тірліктің басын құрап жатқан-ды.

Қыс басында осы Аман-Шыныбайдың ағайынға сөз айтар еңселі азаматы Торланбайдың үйінде ашық кол, жайдары жақсы мінезімен сүйкімді Қамқа келін жас босанып, ауыл-аймақтың аяқ артар кәрі-жас, жігіт-желең, үлкен-кішісі шілдеханаға жиылды. Сүңгінің сағасына әнеу бір жылы салынып төбесі Қаратал сүмбілінен жонылып тәкіленіп жабылған ерсілі-қарсылы үш бөлмелі қоңыр үйдің іші дабырласқан думанға толды. Оң жақтағы кең бөлменің нақ төрінде басы Сеңгірбай, Сеңкібай, Пәшен, Қожаберген, Байсеңгірлер болып, ылғи бір шоқыдай арыс кеуде ақсақал, қарасақал қариялар отыр. Одан төмен ретіне қарай осы үлкендердің алма-кезек өткен-кеткеннен қозғап жұмбақтата айтысқан аталы сөздерін үңіле, үнсіз тындап қалған мөжан гомпай момын шаруа адамдары жайғасқан.

— Ілкі заманнан қалған сөзге қарағанда, бұдан бұрын да артына зіл тастаған талай доңыз өткен сияқты ғой, — деді пысық шаруалы, кәрі құлақты қария Пәшен, әңгіме беті шаруа тіршілігіне ауысқан бір шақта, былтырғы сұмдық қысты тағы бір ауыр күрсіне еске алып.

— Е, доңыздың жүрген жері оңған ба, өзі доңыз болғасын ата рәсімін “күк” деп бір түртпей қойсын ба? — деп, қуақы, пысық сөзді Қожаберген шайларын самарқау ұрттап, салыңқы отырғандарды күлкіге тартып бір ширатып тастады.

— Осы, доңызға қарағанда ит адамға бір табан жақын деседі ғой, соның да жаны бар-ау өзі, — деп сөзге жас жағына қарай ығысып төмендеу отырған осындағы Аман әулетінің кішісі Байсеңгір араласты.

— О не дегенің, иттің қасында доңыздың құрып кетсін де,

о пәленің қасында ит өзіміз емес пе, түпкі атамыз Әнес Сахабаның айтуына қарағанда, ит он екі қазынаның бірі екен ғой. Тіпті “жаман досыңнан жақсы итің артық” деген де тегін айтылмаса керек, — деп Қожаберген онсыз да жексұрын боп қалған сорлы доңызды біраз желкелеп, өздері сүйек-саяқ, жуынды үшін ғана асырап отырған аққұлақ, саққұлақтарын біраз көтермелеп тастады.

— Япыр-ай, ризамын сізге нағашы, баяғылы бері сөз сөйлерім табылмай жабығып отыр ем, құдай тілеуіңді бергір, бір көтеріліп қалдым ғой,-а, — деп Шыныбайға жиен боп кіретін алақүшік Жандарбек жанындағы Қожабергенді арқадан қағып-қағып жіберді. Сол екен, үй ішіндегі үлкендердің өзі бастап нән, ірі, қапсағай денелері бүлкілдеп, мырс-мырс, карқ-карқ қалың күлкіге басты.

Жаратылысында айтарын апыл-ғұпыл айтып тастап шоқтай жайнап тұратын отызға жаңа кірген от ауызды, орақ тілді Жандарбек мұндағылар күлкіден ес жия алмай жатқанда, еш нәрсе білмегендей, сұлуша қияқ мұрты астынан болмашы жымыып, айнала қиялай көз тастап қырғидай қалшыып отыр.

Қалың сиқымның үлкен бір тармағы Борас болғанда, одан тараған алты ата тек сұрасқанда өздерін: бекбосын, жанбосын, есбосын, құлбосын, күнбосын, небоса, о босынбыз, — десіп қашанғы киіз кітап дерегін тілге тиек етсе де ел ішінде бекбосынды — бөдене, жанбосыны — жидебай, есбосыны — есті, (Жаманесті), құлбосыны — құлбайымбет, ал, күнбосыны — алақүшік атанып кеткен.

Бұлардың баршасы бағы бір заманнан тасқа тамға басып алған ата сезімін ризалықпен мойындап, тіпті қайсыбір өткендегі атақты атасын мақтан тұтып отырғанда, тек осы алақүшік әулетінің кейбір сөз көтермес намысқой жұқалары:

— Жо-жоқ, біз алақүшік емес, алақөжек екенбіз, тілі келмейтін біреулер бұзып жіберіпті, — деп қызарқтап қалушы еді. Сонда көп әзілқой ағайындар сөзді одан әрі ұшықтырып:

— Байғұс-ау, ала болғасын оның күшігі не, көжегі не? Қалай десе де бірі қуып, бірі қашып жүрген кәдімгі төрт аяқты мақұлық емес пе, одан да бәріне көмпіс, кең етек сиқым атаңның тонын жамылып жүре бермейсің бе? — десетін.

Бірақ, ондай жақыннан табылған жанашырдың ақылына иланып, айдауына жүретін Жандарбек пе? Мұндайда ол өткірдің жүзінде құбылып, жарқылдап кететін.

— Әй, айналайын, менің атамның атын түзеп бер деп қашан айтып ем саған? Алақүшік болғасын, алақүшікпін. Қасиетті атам атын дауға салып, қор қылатын жайым жоқ. Біз отырғанда сүйек-саяқта да ешқайсыңның ақың жоқ. Әкел мұнда ана жатқан жілік пен жамбасты, — деп жайраң-жайраң ететін.

Ол ұрынғысы келгенде әлгі бір сөзді қиыстырып, қыстырып жібергені болмаса, әкесі құрбылас, күллі Аманның үлкені Сеңгірбай алдында әдеп сақтап әзіл соңын одан әрі созбады.

Көлденең күлкіден жұрт енді ес жиып, шайға мықтап ден қоя бергенде, сырттан қатқақ жерді тасырлатқан ат тұяғының дүбірі, оған қоса әлдекімнің “кім бар-ау” деген ащы, өктем дауысы естілді.

— Шық, тез ұмтыл, кім де болса аттан түсір, келтір мұнда, — деген Сеңкібайдың бұйрығымен төменде отырған сайыпкер жастардың бірі лып беріп тысқа шығып кетті. Сол-ақ екен, осы Торланбай үйінің дәу маң төбеті арс ете қалды да, есік алды ит таласының апыр-топыр, қым-қиғаш алыс-жұлысына толды. Әлгі өктем дауысты түнгі жүргінші “һай, һай” деп арашаға түсіп, қамшы сілтеп жүр.

Шыдамай тысқа ытқып шыққан тағы бір жас жігіт сыртқы есіктен үңіле қарап тұрды да:

— Айқыш-үйқыш ашамай асынған, артынып-тартынған біреу түсіп жатыр, матастырып алған бір қора иті бар, — деп едірейіп қайта кірді. Оның ізінше қос топсалы ішкі үлкен есік шалқалай ашылды да, үсті-басын бозқырау басып аюдай қорбандаған біреу “Ассалаумаәлейкөөм” деп әндете сәлем беріп кіріп келе жатты.

— Уағаләйкүм-әссәләм, о, Битаспысың, о арыстаным-ау, қайдан жүрсің жеті түнде адасып, кәне, төрлет, төрге шық, — деп жарыса сөйлеп жабырласып қалды, жүргіншіні ә дегеннен жазбай таныған Сеңкібай. Қожаберген сияқты үлкендер жағы.

— Шығуын шығам ғой, алдымен мына құралдарды жайғастырып алайын, — деп қолына ұстай кірген ұнғысы кере құлаш, аяғы арбиған нән жекеауыз қара мылтығын даяшы жігітке ұстата берді. Қайыс бау тағып палуан мойнына ілген білектей қара дүрбісін алып текшеге қойды. Түгін тысқа беріп арқар терісінен тіккен келте тоншасын бұрышқа лақтырып жіберді де, Сеңгірбай, Пәшен, Сеңкібайдай үлкендерге ғана

қол беріп сәлемдесті. Қалғандарға қайырыла бір қарап, жалпы сәлем деп бас шұлғи салды.

— О, мергенші, мақтап жүреді екенсің, ниеттес екенсің. ауыл-аймақ, ағайын-туыс боп басымыз қосылған қуаныш үстінен шықтың. Бәрекелді, жолың болсын, арысым, — деді, дәл төбесінде ақ пәреннен шилі су салып тігілген тақиясы шошайып нақ төрде елден ерен биік отырған өр тұлғалы ауыл атасы Сеңгірбай, күмістей жарқырап омырауын жапқан ұзын ақ сақалын асықпай сипап қойып.

— Мен тек құдайдың жақсылығын ғана іздеген жан емеспін бе, отағасы. Құда қаласа жаман неменіздің де жолы жаман болмайды екен. Өткен жұмада Қысмола арқылы жон асып, мына Көктал шымыры ішіндегі атақты Құлжабай бүркітшіге сәлем бергелі барып ем, апта бойы Аралтау, Қарой, Қарашат ішін түгел қағып, қызыққа қарық боп келе жатқан бетім. Ізетке найза бойламас, орамал тон болмаса да жол болады деген ғой, саят қызығының белгісі деп алып қайтқан мынаны сізге байладым, отағасы, — деп, Битас бел баулығынан суыра беріп қара қылшығы шам жарығында қызыл күрендене құбылып жалт-жұлт еткен әдемі алтайы терісін Сеңгірбай алдына лақтырып тастады.

— Пәлі, ерім, әкең Құлатай, арғы атаң Жиынбайдың жолы осылай болушы еді. “Ата көрген оқ жонар, ескі әруақ иесін таппай қоймас” деген. Әрдайым жолың болсын, батырым, — деп Сеңгірбай қолын алшақ жайып, бетін сипады. — Ал, балам, енді дәмге қара.

— Рақмет, отағасы. Ал енді жаман неменізге арнаған сыйым тағы бар. Әй, Әлменбай, түр орныңнан, шық далаға, түсір бөктергідегі олжаны. Әкел, келтір осында, аттың белін үзіп кетпесін, — деп қалыңның жуан ортасына жайғасқан шоң желке, шомбал бітімді Битас келте бұйрық айтып, есік жақта басы сопайып жүгіне түсіп оңтайлы отырған жеңілтек ауыл жігіті Әлменбайды қуып шықты. “Олжа” дегенді құлағы шалып қалған есік жақтағы бір ептейлі жігіт Үлкенбай қоян қуған тазыдай лып беріп бірге кетті.

Үйдегілер бір қызықтың болатынын шәксіз біліп, бір сәт үнсіз тосып қалды. Енді “Ал тарт”, “Кел тарт” десіп табан тіреп, күш біріктіре ышқынған сабаудай екі жігіт қос мүйізі шаңырақтай боп қолтығынан айналып, абажадай боп алшақ жатқан тайыншадай бір нән құлжаны сүйрей кіргізіп келе жатты.

Алғашында үрке қарап, бір сәт үнсіз қалған жұрт мынаны көргенде: “Ойпыр-ай, сүмдық қой мынау, құлжа дейтін де осындай зор болады екен-ау. Ересен ғой, керемет қой, нағыз ер ғой мұны түсірген, пәлі, неше жасаған екен, мүйізінің қатпарын санаңдаршы, – десіп жамыраса гүлесіп кетті.

– Бұл құлжа биыл үйірге түспей, жасы жетіп, шау тартып қалған жеке құлжа екен. Жануар төменгі қарашаттың қар жатпайтын бұталы қара қойнауында кездесті. Ескі соқпақпен бейхабар келе жатқанымда қия беткейдің қорым тасын жар құлағандай сақыр-сұқыр еткізіп, арбандап ата жөнелгені. Талай құлжаны тілерсектеп тартып, бұра бастырмайтын сұр тазы бара жармасып, бір жұлқып көріп еді, адуынды құлжа қайырыла беріп құлама құздан тұмақтай ғып қағып жібергені. Байғұс құмай қан-қақсап жайына кетті. Тазыдан қайран болмағасын, жақпар тастың текшесіне шығып тосқан шақта, тым қашық болса да, қанды басың бері тарт, тәуекел деп, қара білтені сірей бір тіреп тартып кеп жібердім. Әуелі шыбыннан сескенгендей кіржең ете қап толықсып біраз тұрды да, жуан бөксесі төмен тартып шоңқия беріп, сусыма қорым тасты астан-кестен ғып құдилап кеткені. Тобылғылы қоңырды жаздай мамырлап жалғыз жайлаған жануар әбден жетілген екен. Ішін аударып бөктергіге өзер дегенде салғаным. Дәл осы күйінде алты бұттан кем болмас, – деді.

– Алты бұт деген не тәйірі, мынауың сегізді әлдеқашан соғып жатыр, шырағым, – деп Сеңкібай мерген ерлігіне тәнті боп, көтермелеп тастады.

Біреулер құлжаның қат-қат абажадай қақсал мүйізін қарыстап санап, біреулер қара тасты камырдай илейтін құры тұяғын ұстап, енді біреулері зор желкелікте киіздей қалың көкшулан жалын сипап көріп, ұзақ таң-тамаша қалысты. Тек Сеңгірбайдың:

– “Ғайып ерен, Қырық шілтен, Қыдыр әліксалам шылауыңнан кетпесін”, – деп қол жайып берген батасынан кейін ғана құлжаны ас үйге алып келісті.

Ер көңіл, балуан тұлғалы саяткер – мерген Битас пен гимназия бітірген, орысша ағып сөйлейтін, білімдар, сырбаз сері жігіт Жандарбекті қаба сақал қариялар мен үнсіз бас изегіш можан томпай шаруагер момындар ішінде жалығып отырғанын сезген Сеңкібай сарамжал қолғанат жігіттердің біріне жарлық етіп:

— Мына жігіттерді қарттар қасына қамай бермендер. Арғы жақтағы сауық құрып жатқан жастарға апарындар. Сонда, солармен бірге болсын, — деді.

Қариялар ризалығын алған өнерлі жігіттер бастаушыға ілесіп қарсы беттегі Торламбайдың өз отауына келіп кіргенде, табалдырықтан төрге дейін қонақтағы құстай боп айнала қатар жайғасқан жігіт-желең, қыз-бозбала екеу-екеу жұптасып айтыс өлеңін шырқап жатыр еді:

— Жайлауы біздің ауыл молда өлгенде,

Жеткізбес итке бөкен сау желгенде.

Өлең айтпай, қалқам-ау, мен қайтейін,

Күлімдеп құралай көз сен келгенде, — десе, екінші бір жұп:

— Қарағым айналайын асыл айым,

Өзінді қуанамын көрген сайын.

Жібектей мінезі бар бір баласың,

Айтқызбай түсінетін сөздің жайын, —

деп әндете кеп шырқайды.

Мұндағы ауыл жастары қат-қабат араласы болмаса да, қалада оқып, гимназия тауысып білімдар боп қайтқан алақүшік Тазабектің баласы Жандарбек есіміне етене, жақсы қанық болатын. Оның үстіне алдағы сайлауда Аксудың атақты болысы Бәйсейіттің орнын алады екен деген ұзын құлақты сыбыс бұл жаққа да жетіп қалған-ды. Сол Жандарбек мына Алмалы жағында Сарыбас-Дүлдүлдің қашаннан бітпей жатқан жер дауы, жесір дауын шешуге қалыс би Дәуімбетке хатшылық ете қатысып, жолай сыйлас әріптесі Торламбай аулына қасына жақын туыстары Маймыш пен Көшкені ілестіріп сәлем бере бұрылған беті болатын.

— Биеке, әміріңізге құлдық, меймандарға не бұйырасыз, — деп нақ төрде отырған төрағасы жанынан қылаң мұрты жаңа тебендеп келе жатқан үрпек сары ұшып тұра келді.

— Құйылсын, екеуіне де толтырып, — деді, майлаған бидайдай жылтыраған торсық шекелі толық қара төрағасы Оңдасын оң қолын тыңдаңдар дегендей ишаратпен алға созып. Сол-ақ екен, биінің қас-қабағына қарап, құлшынып тұрған Үлкенбай үлкендігі кішігірім ас ішер аяқтай боза толы екі сырлы зеренді екеуінің қолына ұстата берді.

— Алып жіберіндер осыны, дем алмай тартасындар!

Бозабидің шолақ бұйрығы қалаша тәлім алып, сыпайы-сырдың өскен Жандарбекке жайсыз, ерсілеу көрінсе-дағы, оның жанында алпамсадай боп ақсия күліп тұрған тау серісі

Битасқа ұнап-ақ қалған-ды. Елсіз тау ішінде тайыншадай тел құлжаны жалғыз жамғап, кеш суығына соқтығып, шөліркеп жеткен ол, тіпті, осы демалыстың тағы бірін берсе де артық деп тартынар түрі жоқ еді. Қасындағы сыпайы серігіне қарайлап аз кідіріп тұрды да:

– Қой, сені тоссам шөлдеп өлетін шығармын, ал мен кеттім, – деп сырлы зеренді бір-ақ төңкеріп тастады.

– Япыр-ай, би-еке, мына бұйрығың маған ауырлау тиіп тұр, осыны жартылай алып, жақсылап бір ән салып жіберсем қайтеді, – деді Жандарбек қолындағы көпіршіген тары боза толы нән зеренге үрке қарап.

– Ән, ән салсын, бізге ән керек, – деп шулап кетті үйдегі сауыққой жас-желендер.

Жандарбек қолындағы тостағанды ерніне апарып, сыздықтатып жұтып біршама тұрды да, сөл ғана ортайған ыдысты қасындағы даяшы жігітке ұстата беріп даусын кенеп алды.

Бұл жақта бұрын-соңды естілмеген бір әнді назды қоңыр даусымен сызылта шырқап жіберді.

Ай кабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,

Кел десең неге аяйын аттың терін.

Сәмбі тал сазға біткен секілденіп,

Қай жерде отыр екен бұраң белім-ай!

– О, пәлі, міне, ән деп осыны айт. Айтсаң осы Жандарбекше айт! – десіп шуласып қалды отау иесі боп қалған құрбы жігіттер оны көтермелеп.

– Үйбай, көкем-ау, бұл біздің Сарыарқада айтылатын Назқоңыр ғой. Көптен бері естігенім осы, – деп қыпшақ Мақайдың жас келіні Үрдәнә терең бір күрсініп, қасындағы қайын сіңлісіне жаутаңдай қарап, көзін ақ шайы шәлісінің үшымен бір сипап қойды.

Мейман жігіттер төрден қақ жарыла ашылған орынға келіп отырысты. Ән, әзіл, өлең айтысы қыза түсті. Түннің бір мезгілінде дастарқан жаңартылып, қолға су құйылды да, лөген, табақтар толы, буы бұрқыраған нан салма тартылды.

– Оу, мыналарың не, мұның бетіндегі еті қайда? – деп ақсия қарады, ағайын жөнімен аңқылдап ашық сөйлейтін өр мінезді Битас мерген.

– Биылша солай боп тұр ғой, ағасы. Қу доңыздың құрығы кімге түспеді дейсіз, – деп сыпайылап жай-жағдайын айтқан болды отау үйге табақ тартқызып жүрген ұзын қара Әлменбай кінәлі кісідей сопайып.

– Ой, доңызың да, қоңызың да құрып кетсін сендердің. Тойханада алақан толтырып ет асамаған адам адам ба, ой, несіне жан боп жүрсіндер-ай бүйтіп, қап, қой аузынан шөп алмаған айналайын Елшібай атам балалары-ай!

– Жә, жетер енді, мергенші, ылғи ет жеп құс боп кеткенбісің өзің, – деп Жандарбек жөн сөз айтып еді.

Қайтымы тез Битас:

– Реті келгесін айтып отырғаным ғой, әйтпесе айналайын наннан үлкен не бар дейсің, көне, дәмге қаралық, – деп, былтырғы қарын түбінен қалған сары майдан мол дағланған нән табақ нан салмаға кірісе берді. Кіші-гірім күректей қолымен опыра қарбып мол жеді. Жанындағы серіктері қолдарын сүртіп, сорпаға бет бұрса да, аязды ашық ауада ұзақ жүрістен іші ұлып келген қарулы жігіт бас көтерген жоқ. Тағанына дейін тақырланған нән қара табақ кейін ысырылғасын ғана:

– Менікі жай өзіл ғой, тек айтуға болмаса, мына атам келіндерінің асы етке бергісіз екен, – деп көңілдене көтеріліп, өркештеніп отырды.

– Е, бәсе, солай де, батыр ағасы, солай де! “Ағаның алды кең жайлау, інінің үйі іннен тар” деген емес пе, – деп Әлменбай да көңілдене даудырап еді, оған Битас:

– Әй, Әлменбай, жағынды қырғыштай ғып маймандай берме, сояр малды доңыз жұтыпты, мақұл делік. Ал енді, мына қос Сүңгінің ішінде құмырсқадай өріп жүрген құдайдың кекілігі де бұйырмалы ма сендерге?! Сереуілдей боп ошақ күзеткенше кекілік аулап тауда жатпаймысың. О, бүйткен кісілігінді ұрайын, – деп үлкендік көрсетіп ұрсып тастады.

“Құмырсқадай өріп жүрген кекілік” дегенде осындағы сейіл құмар бір топ балаң жігіт елең ете қалысып:

– А, ағатай, қайдағы кекілік, көрдіңіз бе өзіңіз, кекілік бар ма, ағатай, көрсетіңізші, көкетай, – десіп шу ете түсті.

– Әй, кеңсірігінді ұрайындар-ау, кекілік менің қойнымда емес, ана қалың бұта, күз қиялы тау ішінде. Жігіт екенсіңдер, еріңдер соңымнан, кереметтің көкесін көрсетейін сендерге.

– Ой, аға, рас айтасың ба, шынымен кекілікке шығамыз ба, апарасың ба бізді, баста, ағатай, көрсетші бір қызықты, көкетай, – деп қызықшыл жастар атақты аңшыны қоршап, анталай түсті.

Сол түннің бір мезгілінде, осы дастарқан үстіндегі баталасу

бойынша, ел аралап суыт шаруамен жүрген Жандарбек қасындағы серігі Маймыш, Кәшкәмен бірге Тоспалындағы қыстауына тартып кетті де, алғашқы ақ сонарда бірер күн саят құрмақ болған Битас осында қалып қойды. Саятшылық — аңшылық астанасы сияктанған осынау Қостұра-Қитушалдағы қыстауына сонан кейін аттанбақ.

— Е, құдай, тілеуді берді, қар екең жапалақтап жауып тұр, — деді, тысқа шығып ентіге кірген Үлкенбай, — құда қаласа ертең бір сонар қызығын көрелік.

Бірақ, ауылдың табаны қышып, құйысқаны көтерілген саятқұмар үлкен-кішісі уәделі таңда сонар соқпағына шыға алмады. Түнемеге жапалақтап жауған қар таң сәріде қиғаш соққан қарлы боранға айналып, бұлдыраған сұр түнек ешкімге де үй маңынан аттап шығуға мұрша бермеді. Құмшекер сияктанған қиыршық күні бойы сусылдап құйды да тұрды. Кеш бата қарлы боран тыйылып, тау аспаны айнадай боп ашылды. Түнгі түпсіз тұнықта самсаған жұлдыз бейне бір жомарт зергер шашып тастаған сансыз алмастай болып құбыла жалтылдап тұрды.

Бұл түні тау бұлағының сағасында бұйыға мүлгіген шағын ауылда ұйқы болмады. Түні бойы қырға әкететін ас-ауқатын әзірлеп, қатқан шоқайларын қақсал шоғына қыздыра майлап, базбіреулер дәл бір барымтаға аттанардай ақшешектің қу бұтасынан жонып келтек, сойыл, шоқпар таяқтарын сайлап тыным таппады. Ақ таңның атысымен басы атақты аңшы Битас бастап Сеңкібай, Торланбай, Үлкенбай сияқты ат мінген үлкендерге ілескен он бес шақты жас жігіттер Сүңгінің терең сай, тар шатқалын өрлей жолға шықты. Бұлардың ең соңында тілерсектен келетін омбы қарға борбайынан шомбып, он-он бір жасар, жарғақ тұмақты, жалпақ басты қара бала келе жатты. Үлкендердің:

— Тау іші қиын, шаршап қаласың, жаурап қаласың, қасқыр жеп қояды, десіп қорқытып-үркіткені оған дарымады. Жақын келсе, әлдекім ұстап алып, байлап кететіндей, үлкен топтан арқан бойы жерде қара үзіп қалмай ілесті де отырды.

— Мына иттің ит сияктанып ілесіп келе жатқанын қарашы. Тастан ұшырып ап бәлесіне қалар ма екенбіз, — деді Үлкенбай қарасы қарғадай болып шомбып келе жатқан кішкентай жортымышқа ат үстінен үрке қарап.

— Түз кезген бөрінің бөлтірігі ғой, нетер дейсің, ерте

жортып пысығаны жақсы, тарта бер! — деді, көргені көп, сыршыл, сыншыл Сеңкібай.

Сеңкібай жаза баспай, анық байқаған еді. Бұл талай аламан жортуылды өткізіп, қырыққа енді қараған жасында былтырғы доңыздың жаман қысында тау кезіп, тас жастанып жүріп ақ боранмен айқасып қаза тапқан Айғұлдан қалған жалғыз тұяқ Байтас болатын. Әкесі марқұм өзінің туған інісіндей еркелетіп сыйлайтын етене серігі, мына көш басында келе жатқан жас мерген Битас пен әнеу бір жылы бір әдемі жайлы қыста ішкі Боралдайдағы Байғалмақта апталап жатып, аңшылық саятында жүргенде туған осы бір жаман неменің атын ауыл-аймағы ырым етіп Битас атына ұқсастырып Байтас қойған-ды.

Ол көз ашқанда алдымен айнала көгілдір мұнар ішінде көк аспанға иық артқан құзар тауларды көрді. Сол кереметпен мына аяқтары қорқынышты арбиған мылтықтар айқыш-үйқыш ілінген, өне бір қараңғы бұрышта қашанғы қара тұғырда екі көзі шоқтай жайнап үн-түнсіз ғажайып құс қонақтап отырған өзі үйі арасында қандай сиқырлы сыр жатқанын ол кезде бұл қайдан білсін.

Суық күз, қарлы қыстың кей күндерінде әкесі түнемеге тыным таппай, сақырлаған бір темірлерге киіз тігіп жапсырып, өрмекші ауындай шатысып-бытысқан бір шеңгел жіңішке жіп торды қоржын-қосқалағына салып, ұңғысы кере құлаш әлгі арбиған қара мылтықты ұзын сүмбімен піспектеп әлек болатын. Сосын қоржын-қосқалағын артынып-тартынып былғары биялайлы қолына әлгі қармақ тұмсық, сары балақ ғажайып құсын қондырып, таңмен таласа аттанып кетуші еді.

Арада күндер, үйқысыз ұзақ түндер өтеді. Қарт әже Қалампыр мен өз анасы Балжан сонау Қызбелден құлайтып жалғыз аяқ соқпаққа кеш батып ымырт үйірілгенше көз талдыра қараумен сарылады. Осылай елегізіп жол тосумен отырғанда, түннің бір мезгілінде тыстан ат тұяғының дүбірі естіліп, өндете ашылған есікнен бірге екі басы тоқ ауыр қоржынын арқалап үйге әке кіріп келе жатады.

— Жаным-ау, мұнша неге кешіктің, ат-лауың аман ба, суықтап қалған жоқсың ба? — дейді қарт әже бәйек болып, ал апасы Балжан оның жақтауына сіресіп мұз қатқан ескі тымағын, қолындағы қамшысын, ішіне күпі қапталған сүр шидем шекпенін қабырғадағы қазықтарға қатарлап іліп жатады. Мұғал ошақта асулы қара қазанға су құйылып, астына қарағаш

қақсалы қаланып, от жағылады. Қара қазанның бүлкілдеген қайнауымен үйдің іші де жылынып гүл-балауса аңқыған жас сорпаның хош иісі кернейді. Бұл шақта төрге таяу үкідей үлбіреген елік терісі бөстегінің үстіне малдас құра баппен жайғасып, алдына Байтасын отырғызып, кішкене қоңыр домбырасын қолға алатын. Сол домбыра төсінде он саусақтың бүлкіл қағуымен бірге оның көмейінен бір әдемі, жайлы қоңыр ғажайып әуен төгіле бастайтын.

Тыңқ-тыңқ етіп сылқым жорғамен басталған сол әуен бірте-бірте өршіп жүйріктей тайпалтып, құйқылжи өрлеп кеткенде, ол өзін әке тізесінде емес, көк аспанда шарықтап, шарлап кеткен құс қанатында отырғандай сезінетін. Сол шақта әлгінде, кеш алдында ғана ала көлеңке басып, мұң шаққандай құлазыған үй іші енді бір ғажайып ұжмақ аралы сияқтанып кететін. Осы жайлы түн, осы сарқылмас сазды әуен жан тербетіп осылай жалғаса берсе деп қиялдайтын.

Бір күні иесіз қар басқан құла түзге таң сазымен аттанып кеткен әке келем деген мерзімінде қайтып оралмады. Ысқырған ақ боран, мұнартқан түпсіз түнекке телмірумен әжесі мен апасы тағы да үш күн, үш түн күтті. Бірақ, түн ұзағына гылсым буған тұл далаға қанша сарылып құлақ түргенмен, дүрсілдеген ат тұяғының дүбірі, гарс-түрс басқан таныс аяқ дыбысы естілмеді. Арада қияметтей қиын, жылдай ұзақ үш күн өткенде аш бөрідей ұлыған боран да тыйылды. Күреңіте көтерілген күн көзіне шағылып тізерлікке келетін омбы қарда ауылдың бас көтерер ер-азамат атаулысы хабар-ошарсыз тауда қалған саяткерін іздеп шықты. Келесі күні таң жаңа қылаң беріп атқанда, тон бүркеніп жарғақ төсегінде бұйығып ұйықтап жатқан Байтас “Ой бауырымдап” өкіре шулап келе жатқан қалың айқай-ұйқайдан шошып оянды. Сол күні кіші бесін кезінде ақ матаға оралып, ақ киізге тұмшалып, табытқа таңылған көкесін үлкен кісілер ауыл сыртындағы биікте қалақ тастары шошайған ескі қорым ішіне апарып көмді.

Адам көмудің қандай болатынын, өзге емес, өз әкесінің байлауы шешілген ақ киізден сусып терең қазылған ұрадай үңгір қуысқа кетіп бара жатқанда ол алғаш рет көрді. Бірақ, ол дауыстап жылай алмады. Бір тұтқыр түйнек жұтқыншаққа кептеліп, екі көзден ыстық жасы мөлт-мөлт домалап, кішкене ыстық жүрек тулаған шерлі кеудесін үнсіз өксік қысып, есілген саз топырақ үстінде тапжылмай тұра берді. Сол топырақ әкені

мына жарық дүниеден мәңгілікке жасырып, кішкене бір төмпешік боп қала берді. Оны сол күні түнемеге, қалың қар басты да, көзден ғайып болды.

Бірақ, әке көзден кетсе де, тар кеудеде тулаған ыстық жүректен кете алмады. Күн қатып, түн қатып сонар-саяттан жолсоқты боп келгенде тізесіне күсша қондырып, қайратты қара шашын ұзақ сипап отыратын қалың күс басқан аялы алақанды сағынды. Кішкене қоңыр домбыра көмейінен төгіліп шексіз әлемге қанат қақтырып, шарықтатып өкететін әсем ырғақты майда қоңыр сазды әуенді іздеді. Түнемеге ұлан өлкеде сыңсыта боздап сырнай тартқан сиқырлы үнге құлақ тосты. Сол үн әке саусағынан төгілген сазды күйдің жалғасы сияқтанды. Әкеден қалған арқар тонын бүркеніп, ыстық жасқа булығып ұзақ, үнсіз өксіп жылады.

Әкенің көзі кетумен бірге біртіндеп оның тірлігінде жүп жазбас серігі болған, оның ғажап тірлігінің куәгері сияқтанған қымбат-қимастары да біртіндеп ғайып болды. Алдымен жаназасы үстінде азаға байланып, “бір аттық” деп қастерленген көк қаршыға кетті. Қаншама тау асып, тас басқанда айнымас серік болған топай торы ескінің ғұрпы бойынша аз күн байланып, қырқына сойылды. Қасқыр ішік, сілеусін бөрікті де “менің жолым, менің үлесім” деп әлдекімдер иемденді. Енді адуын азамат кешіп өткен балта сабындай тауқыметті ғұмырдың үнсіз, жансыз белгісі – мына төр алдында, төсек тұсында қабырғаға ілінген төрт сайлы, ұзын ұңғылы, зілдей ауыр, аяқты қара мылтық. Арғы қамба тамның күңгірт тартқан елеусіз бір бұрышында арғы ата Арғынбайдан сатылап әке қолына жеткен ежелгі қара тұғыр, шыжымдап түйіп байланып, бұғатқа ілінген күс торы, бергі бұрышта табан басары мен білтесі түсіп, шынжырлы тоқпағына матасып бір-екі қасқыр қақпаны жатыр. Айтулы шақтан қалған айбарлы да, аяулы белгі осы ғана.

Әке қазасына жыл өткесін, әнеу күні апасы Өргі Боралдайдағы Сеңгір етегін қыстайтын Күшік аулына төркініне барды. “Ел көрсін, ес білсін, алыс-жақынды танысын” деп Байтасын ала барды. Ата тегінен өз әкесі сияқтанып мергеншілік, аңшылық дарыған Бөйел, Билібайдай адуын азаматы бар нағашы аулы Байтасқа ұнап кетті. Айнала төніп тұрған құзар тау, жықпыл-жынысты қалың орман. Бар керемет, бар қызық тек сонда, сол ғажайып сырлы қалың

алға тартты. Қорамта оның ізімен шұбай қозғалды. Орнында тапжылмай тұрған алғашқы жолбасы құлжа орта шеннен өз орнын тауып сорғып жатқан жалғыз аяқ даяр соқпаққа түсті. Ерен тауды еркін жайлаған жануарлар осынау ылдида топтанып, таң-тамаша етіскен адамзатынан қатты қорқып, үркіп кетсе-дағы, бұлардан пәлендей қиянат жоғын сезіп, баяу жортып, бірте-бірте асқар тау биігіне асып ұзап кетті.

4

— Кекілік таңғы суатынан әлдеқашан шығып кеткен. Қазір биікте, құстан қорқар кезі. Күнгей мен теріскейдің қалың қордалы ақшешек, долана бұталарының түбінен табылады. Сол қордасыннан қына теріп, долана дәнін жейді. Күн болса ерте, тауға мықты, жеңілтек бала жігіттерді биікке айғайшыға жіберейік те, өзгеміз осы ұлтанда қағушы боп қалайық, — деп Битас бүгінгі аңшылықтың жөн-жобасын кесіп айтты.

Үш-үштен екіге бөлінген ықшам, бала жігіттер саятшы нұсқауымен қара бұталы қарлы қойнауды бетке алып биікке гырмыса тартты. Солардың бір тобына ілесіп аңшылық қызығы еліктіріп өлі шаршай қоймаған Байтас та кетті.

Алдамшы үміт жетелеген адам аяғы қайда бармайды. Алдындағы ересек балалардан қалмауға тырысып, ышқына тырмысып келе жатқан Байтасқа алдағы қия беткей биігінде көрінген әр бұтаның түбі топтана тебін теуіп бықып жатқан кекілікке толы сияқтанып көрінді. Қалың бұталы құлама тасы көп биікке шығып, қара қойнауға бұрылған шақта ғана қарсы беткейден тау аңғарын жаңғыртып, “ал кетті” деген айғай естілді. Сол-ақ екен, бергі беттегі балалар да оларға сүрен қосып, айқайға басты. Сол сәтте Байтас аң-таң қалып қарап тұрған жартас іргесіндегі долана бұтасы астынан тұнық ауаны жарып жібергендей дүр сілкініп, үлкен бір қора кекілік ұша жөнелді. Тау іші қым-қуыт айқайға толды. Биік беткейде жаңғырыққан дауыстан қатты шошынған қорғансыз қорқақ күс, үйірімен ұйытқып ылди етектегі оппа қар басқан тобылғылы ұлтанға қарай сорғыды. Осыны міз бақпай тосып тұрған ылдидағы аңшылар солай қарай жапа-тармағай ұмтылды. Ендігі қызықтың сол ылди-ұлтанда екенін сезген биіктегі балалар да қарлы қияда жығылып-сүрінгеніне қарамай, солай тартты.

Омбы қарға малтығып бұлардың соңынан Байтас та жетті. Бірақ, кеш қалыпты. Ұлтандағы қағушылар әрқайсысы бір-бір, екі-екіден алар кекілігін алып ап, әлі де қар басқан тобылғы, тораңғы түбін тінтіп жүр. Өздері мәз-мәйрам.

Өз өмірінде алғаш рет таудай талаппен сонарға шығып, алғаш рет аңшылық атты күдіретті дүниенің пердесін ашып, басқаларға ұқсап тау биігіне шығып, одан кекілік қуып, түскені осы еді. Енді, міне, қарға малтығып жеткенде елден ерек олжадан құр алақан қалғанына қамығып, шеткерілеу түр еді. Сырт жақтан үзеңгіге аяқ шіреп насыбайын атып тұрған Битастың:

— Әй, мына бір кіп-кішкене домаланған жалпақ қара кімнің баласы? Қайдан жүр өзі? — деп шыңқ еткен өктем даусы естілді.

— Биөке, бұл әлгі марқұм Айғұлдың Байтасы ғой. Мана балаларға ілесіп шығып кетіпті, кеш байқадық, байғұс баланы, — деп Үлкенбай үрпиіп тұр.

— Айғұлдың Байтасы?! Алда, айналып кетейін-ай! Бұ да әлуетке жарап адам боп қалған ба еді, — деп Битас атынан аударыла түсе қап, қорбаңдай басып Байтастың қасына кеп, жүрелей тізе бүкті. Баланың бетіне бір қарап, оны қуатты қолымен өр кеудесіне қапсыра құшты да: — Айналайын-ай, сенің де тауға шыққаныңды көреді екеміз-ау! Өзі айнымаған әкесі ғой мынау. Ат жығылса, тұяғын тай басады деген осы да, — деп жалбырады. — Өзің не, кекілік ала алмай қалдың ба?

Байтас жауап орнына төмен қарап басын изеді.

Битас жалма-жан ұшып тұрып, ат үстіндегі қоржын түбін бүлкілдетіп жатқан әңгелектей семіз өдемі бір кекілікті әкеліп, мұның қолына ұстатты. “мә, ала ғой, айналайын. Енді сенің жортқанда жолың болсын!”.

Маналы бері қасында көп адамға өктем сөз айтып өмірші боп келе жатқан осы батыр тұлғалы кісі Байтасқа бейне бір ғайыптан қайта оралған өз әкесі сияктанып көрінді.

* * *

— Біз болса да мұнда омбылап қар кешіп жай серуен емес, аң аулағалы келдік қой. Ендеше оны жөндеп аулайық. Мен бірер епсек жігітті алып мына бүркіттінің бадалын сүзіп шығайын. Елік көп болушы еді. Бұйыртып іліге қалса, сонау

шетте қалған ауылға кешкі суыққа ұрынып аптыққанша, осында Есенбайдың ескі қыстауының орнына қос боп қона кетелік, — деді Битас Сеңкібай, Үлкенбайға қалай қарайсындар дегендей барлай қарап.

— Тіпті мақұл ғой, құдай бұйыртса оның табылған ақыл, болсын солай, — деп Үлкенбай да іле жауап қатты. Бұл шешім жастарға тіптен ұнап кетті. — О, Би-аға айтты болды. Тауға қонамыз, тауға! — десіп шуласты.

— Әй, өңшең жанай шап жапалақтар, босқа шуламаңдар өйтіп. Сонардың құтын кетіресің. Одан да анау қара қойындағы Есенбай қыстауына барып, тоғайдың қақсал ағаштарын жинай беріңдер. Бір таңға ең кемі бір қыстық отын керек, ұқтың ба? — деп арзан сөзді жаны ұнатпайтын Битас өктем сөйлеп тастады.

— Ұқтық, аға, қазір барамыз, отын жинаймыз, отын, ал кеттік, — десіп бес-алты балаң жігіт Байтасты ертіп Есенбайдың ескі қыстауына беттеді. Бұларға бас-көз боп Үлкенбай кетті де, епсек жігіт Оңласынды алған Битас Бүркіттінің күңгей бадалын өрлеп кетті.

“Аңшының кешіккенінен сүйін” деуші еді. Бірақ, Биекен сарылтып көп күттірген жоқ. Арада ет пісірім уақыт өтпей-ақ Бүркіттінің бадалды аңғарынан тау ішін дүр сілкініп екі рет мылтық атылды. Осының артынша көп ұзамай қылшық жүні үкідей үлпілдеген аша мүйізді екі қызыл қоңыр бөрте серкені бөктеріп аңшылар ылди құлап келе жатты.

— Ай, бәрекелді, мінеки, жігіт ісі осылай болар, еңбек етсең емерсің, — деген деп ескі тас қораның алдында үлкен төбе боп үйілген қақсалды көріп, Битас көңілдене аттан түсті. — Ал енді, ағаш бұтарлай беріңдер. Ай, Үлкенбай, Әлменбай, кідіртпей серкелерді сойғыз. Тез қазан асып жіберелік.

Бір жақтауы омырылып, жартылай ашық бастырма боп қалған қашанғы ескі қораның үрінді қар басқан кіре берісі тез аршылды. Сыз еденнің көң-қоқысы сыпырылды. Келідей балуан тастар келтіріліп, ошақ орнатылып қазан асылды. Шытыр-бытыр тұтанған қарағаш бұтасы шілде қағып қаңсыған қу қақсалға тигесін май тамызғандай маздап қоя берді. Жас киік еті толы қара қазан былқып қайнай бастады. Елсіз-күнсіз құзар тау қойнында құлазыған қашанғы тас қораның іші түн түнегін түрген от қызуымен бірге арқын-жарқын сөз, көңілді күлкіге толды.

Жас жігіттер алғашқыда от қызуын қызықтап ошақ басына үймелеп еді. Енді сол қызу күшке мініп қанат жайғасын қу шырпы мол төселген ірге жаққа ығысты. Сол іргеден үлкендер сөзі, үлкендер ісін қалт жібермей бағып, сыбырласа сөйлеп қымтыла күліп жауандай қарап отыр. Кім біледі, күндер өтер, керуен көшер, жаман-жәутік жетілер. Сонда осындай бір қарлы қыста мына сары езу балапанның бірі саңлақ-сардар шағында қасына осындай жас қырандарды бастап, өмір кеңістігін шарықтар. Айға шауып мерт болған арыстанның күшігі, сол арыстан ісін тағы кең дүниеге паш етер. Ол жағын сол беймезгіл кеште қар басқан қияндағы құзар құшағында, мына жалын жалаған тас ошақтың жанында анық аңғару мүмкін де емес еді.

Түз өміріне жаттыққан аңшылық салтында, қияндағы қосында сауапқа қойылған қазан болса да, аяқ-табақ болмайды. Болуы қажет те емес. Сол тіршілік өрнегін жадында жаттап өскен Битас әлгінде кеш алдында мына іргедегі қары кеткен қара қойыннан ауқымы тоқымдай жұқа қақпақ тасты арнайы алдырып, бетін қармен ысқылап, шоққа қыздырып ас қамына әзірлеп қойып еді. Енді сол қақпақ тасты от жарығы түскен ортаға орнатты да, мүше-мүше боп піскен етті ырғай істікпен түйреп түсіріп, сол тас бетіне үйме-төбе ғып үйді, аз кем қара буы кеткесін қынынан мүйіз сапты болат кездігін суырып, алақанға жанып-жанып жіберіп:

— Көне, жігіттер, келіндер, ас әзір, етке қараңдар, ет жеңдер, — деді.

Қолдарын тысқа шығып, қармен ысып жуып қайтқан аңшылар енді айнала алқа-қотан отырысып, буы бұрқыраған жас киік етіне бас қойысты.

Бұлардың Сеңкібай, Үлкенбай сияқты үлкендері мен ерте оянып, ерте жортып саятшылық, аңшылық атты күдіреттің түз-дәмін ерте татқан кейбір ысқаяғы болмаса, көбінің тау қонып, тас жастанып мынандай қасиетті қазаннан дәм татқалы отырғаны осы. Қолдарына тиген үлеске үңіле қарап, жайлап татып көріп, бір-біріне қарап жымың-жымың етіседі. Бір-біріне бас бармақтарын көрсетіп, “сойқан екен, тәтті екен” деп сыбырлайды.

Иә, анығында ел ішінен аулақ, қар басқан қиян шетте, төбеңнен төңкеріле төніп тұрған құзар таудың ішінде, сансыз

жұлдызы құбыла жанып ойнаған аязды аспан астында мынандай тау тәңірісі сыйға тартқан тас табақ асынан асқан дәмді ас болған емес, болмайтын да шығар.

Байтастың бұл сәттегі жан сезімін тауда туып, тау бесігінде тербеліп, таумен көзін ашқан жан ғана ұғынар. Оған көзір, өзіне алғаш рет есік ашқан мына сырлы дүние өзінің бар болмыс, бар көрініс, бар тіршілігімен бұдан бұрын жан адам аяқ басып көрмеген, тұнығы шайқалып, қаймағы бұзылмаған, өзінше ерек қазына қоймасы құсап көрінді. Сол қазына сарайдың алтын тұтқасы, сиқырлы кілті таумен жасап, таумен ғұмыр соқпағын кешіп жүрген мына ғажап адамның қолында сияқтанды.

Қазандыққа таяу, жайнаған шоқ жанында Битастың арқар тонын жамылып, киіктің бұлшық еті жұдырықтай асық жілігін баптап мүжіп отырғаны да оған қызық. Тау тіршілігіне қашаннан қанық, қиын жолдар кешіп ауыр тауқыметке көндіккен үлкендердің әр қимылы, әр әрекетінен көз алмай, таңырқап қарайды. Оған көзір кенересін ыс жалаған, сырт көзге керемет бір мақұлықтың апанына ұқсас соншалық қорқынышты мына аңыраған тас қораның ішінен асқан ұрмақ жоқ.

— Түн ұзақ, таңның аулы алыста, аспаңдар, саспаңдар, — деген үлкендер сөзімен тұтасынан асылған семіз серкештің еті ұзақ желінді. Жастар сүйек-саяқты шұқып мүжіп, ұзақ ермек етісті. Битас қоржынынан алынған майсінді боп қарайып кеткен шұңғыл ағаш тостақпен кезектесе отырып сорпа ішті.

— Жарықтықтың дәмін-ай, ө, исі жұпарша аңқиды-ау, тегі, — деп Үлкенбай тостақты сарқып, мұртын сипады.

— Бармас жер, шықпас тауы жоқ киелі киік ата баласы емес пе бұл. Су кәусарын осы ішеді, ауа тұнығын осы жұтады, шөп асылын осы жейді. Тегінде мұның еті тән саулыққа таптырмайтын дәрі болса керек-ті, — деп, Сеңкібай оның сөзін қоштай түсті. Сөйте отырып, “қалай, мерген, дұрыс айттым ба” дегендей қазандыққа таяу дәу қара томарды шынтаққа басып төбедей боп отырған Битасқа қиялай бір көз тастап қойды.

Үлкенбай мен Сеңкібай білімдарлық, көргенділік көрсетіп мадақтап әңгіме ғып отырған тау тағысы — еліктің жайы, әлбетте, Битасқа өзінің бас саусағындай мәлім. Тіптен, терең сай, қалың жынысты шатқалдардың бадал-бұтасын паналап,

тіршілік ететін сауысқандай сақ мына бейкүнә елік қана емес, жалпы киік аталатын тау мен дала тағысы — арқар, таутеке, қарақұйрық, ақ бөкен, бұғы, марал атты кербез сұлу жануарлардың сыр-сипатын, қасиетін жақсы біледі. Оның өзі айта берсе таусылмайтын жыр. Солай болғасын: “Ол былай ғой”, — деп бір сөзбен ғана кесіп-қырқып, жеңіл-желпі айта салуды ретсіз көрді.

Қайсыбіреулер киікті бой жазып, көңіл көтеру, желбуаз құмарлықтың желігін басу үшін аулайтынын ол білетін. Ондай парықсыз аңшылық тұсында адамдық рақым, нысап дейтін өмір тағылымы есепке алынбайды. Мерзім де, мезгіл де, дәстүр де, рәсім де өз жайына қалады. Ашқарақ көз құрты адам баласын “аяныш” атты қасиеттен тайдырады. Ол мынадай тұнып тұрған тұл табиғаттың жан жүрегін жаралайды. Ал тән жарасынан жан жарасы, жүрек жарасы өрқашан да ауыр ғой.

Осы себептен де ел ішінде болып жатқан даурықпа аңшылық, соның төңірегіндегі көпірме сөз, боямалап мақтанышпен айтатын кейбір бөспе әңгімеге оның жаны төзбейтін. Көргенінен көз жазбай, соны құртып тынығуды ғана ойлайтын ондай аңшы оғынан жараланып жапа шеккеннен киік атты таза, қасиетті жануардың ашық айдын, кең майданда жекпе-жек айқаста аш қасқыр аузында мерт болғаны артық қой деп ойлайтын. Сондай себептен де шығар, сәуірдің күніндей құбылмалы өмірдің ащы-тұщысын мол татқан көргені көп бір ауыл атасы:

Асқанға бір тосқан бар,
Асқақтама, шырағым.
Сом темірге балға бар,
Зорсынғанға төңірім бар,
Бұлғақтама, шырағым,
Кезеңдінің кезі бар
Еруліге қарулы
Киеліде ие бар,
Айтылар сөзде жүйе бар,
Шалқақтама, балам-ау, —

деп қызуы мол жас толқынға өмір өрнегін, кішілік, естияр адамдық, адалдық жолды өлеңдете еске сап отырап еді.

Өмірде жақсылықпен бірге жамандық, зорлық пен қорлық, әділет пен қиянаттың қатар жүретінін, бұлар бітіспес майдандасып жататынын ол тым ерте аңғарған. Со пәленің

бәрі мына қиян шетте жер дауы, жесір дауы, қыз дауы сияқты қым-қиғаш тартыс, қашаннан айықпаған кесел екенін де пайымдайтын. Сонда елдегі езде тірліктен мына тағдыр өз еншісіне жазған саятшылық кәсібін соншама биік, патша тағындай сезінетін. Табиғат таңдап берген еншісі мұны замана талқысында илеп соншалық икем, көнбіс етіп шығарды. Оған іштей мың да бір шүкіршілік етеді.

Қарағаш қақсалының шоғына балқып бір сәт ой тереңіне шомған Битасты Сеңкібайдың:

— Оу, Битас, бұлай отырсақ іңір арасында-ақ ұйықтап қалармыз. Таңның аулы алыс. Кеуденді көтер де, мына балаларға жақсылап әңгіме айтып берейінші, — деген өктем даусы сергітіп жіберді.

— Би-аға, айтыңызшы, айта көріңізші, ағатай, — деп шу етіп, жастар да оған жақындап, қапталдай кеп отырды.

— Әңгіме көп қой. Атып алғанын, соғып алғанын кез келген аңшы айтып жүр. Тау кезіп, тас жастанған адам басынан әрқилы жай өтеді. “Жалмауызға да жан керек” дегендей, мен өзімнің бір қапылыста қалай қорыққанымды айтайын.

Одан бері талай жыл өтіп кетті. Мезгіл ақпанның соңы, көктемге таяу ала қар, көк соқтаның кезі еді. “Кедейшілік, жоқшылық жомарт ердің қолын байлайды” дегендей, көкөзек гаянған шақта көже қатық таусылды. Білтелі шитіні иыққа астым да, жаяулап үйден шықтым. Ойым: кіші Боралдай өрлеп Төкінің сайы бадалынан бір серкеш түсірсем деймін.

Үміт арқалаған адам жер кезгіш келеді емес пе? Ертелеп шыққан бетте түс әлетіне шейін бірталай жылуан сай, қойын-қойнауы, тінтіп-ақ тастадым. Содан ақыры Төкі сайының мезетті жеріне жеткенде қиядағы бадал беткейден таңы жарқ-жүрқ етіп бір қып-қызыл бөрте елік серкеші атып кеп кеткені. Жуық арада тоспасын біліп, мылтықты жүгіртіп отырдым да, омырау түс осы деп, білтені басып кеп жібердім. Ойрандап орғыған жануар қақпақылдан тигендей тұмақтай ұшып-ақ кетіп еді. Есік пен төрдей өгірлеп барады да, қайтадан қарғып тұрып, қираландай қашып, қара үзіп кеткені.

“Есірiктің соңына есі кеткен түседі” деуші еді жөн білетін аңшылар. Сөйтсе де жаралы киікті жапан түз, күз-қияда ит жемі ғып тастап кетуге қимай, обалсынып, әр жерде ақ қарға қызыл қаны шашырап, сойдым боп сайрап жатқан ізге түстім.

Алдамшы үміт жетелеп, өне-міне деп, сайдан сай, күздан күз асып, көп жерге ұзап кеттім. Ақыры қансыраған жас серкені өзен бойы, аңшы жолынан жырақ, қысылшаң бір қуыстан тауып алдым. Ішін аударып, иыққа салдым да, ақ қарлы қия беттен сорғыта сырғып, алдағы аңғарға түстім. Осы жерде аңшылардың жіңішке соқпағы болушы еді. Бірақ, өне-міне дегенше көз байланып, ымырт үйіріліп, қараңғы түсіп кетті.

Мынандай жеті түн, құзар таудан ел ішіне жете алмасымды білдім де, маңдайдағы күрең құздар етегінен аз болса да суық қағар панасы бар үңгір-қуыс табуды ойладым. Ақыры аңғар төніп тұрған жартастың астынан есік пен төрдей жерге кемеш кеткен сондай бір тас үңгір де табылды. Серкешті кіре беріске атып ұрып, өзім сол үңгірдің ішіне, аз-кем қу шырпы төсеп, соның үстіне қисайдым.

Күн ұзағына қаншама қиын жол кешіп, әбден шаршап, қалжырап келген бетім. Бойым балқып, бір тәтті ұйқыға еніп кетіппін. Бір кезде кәдімгі асыранды тауықтың жұмыртқалап болғасын бар дүниеге жар салған қақылығы сияқтанған бір сұмдық дауыс жер астынан шыққандай бажынай кеп шықты да, соң жағы шек-сілесі қатқан бір әлем-тапырық күлкіге ұласып кетті.

Тұла денем дүр етіп, шошып ояндым. Ой, сұмдық-ай, мұндай да сұмдық бола береді екен-ау дүниеде! Дәл жанымда қол созым жерде менің мына талықсыған дәрменсіз халімді, мүшкіл күйімді өжуа еткендей, маған көрінбей бір әйел сықылықтап күліп тұр. Еш әбестігі жоқ, кәдәмгі тәкаппар сылқым келіншектің күлкісі.

Мен сәл ес жиып, өзімнің қайда екенімді біліп, жанымда тас қабырғаға сүйеулі мылтыққа қолымды соза бердім. Күлкі де пышақ кескендей тыйылды.

Дүниеде көзге көрінбеген жаудан қорқынышты нәрсе болған ба? Демімді ішке тартып, бөленің қай жағымнан келерін мысықша аңдып, тағатсыз күттім. Бұрын мұндай сұмдық қиялына келмеген бала жүрек лүпіл қағып, кеудеге сыймай, тұла денені шып-шып мұздай тер басып, безгек тигендей қалш-қалш еттім.

Мұндайда уақыттың әр мысқалы таусылмайтын түнектей боп кетеді емес пе. Өзге нәрсе ойлауға мұрша келмей, мұп-мұздай қара мылтықты сығымдап қыса түсіп, ін аузында тышқан аңдыған мысықтай мықшиып отыра бердім.

Уақыттың өтуімен аз-аздап салқын сабырлық та қайта оралғандай болды. Сабырлықпен бірге адамға орнықты ой да оралады екен. Баяғыда әжеміз жарықтық айтқан ертегіде дию, пері, жын-шайтан, жезтырнақ дейтіндер бықып жүруші еді. Соның біріне кез болдым-ау, деймін іштей, тұла денем түршігіп.

— Мейлі, сол жын-шайтанның бірі келе-ақ қойсыншы, — деймін бір кезде, бойға батылдық қайта кеп қонғандай болып. Ол пері не шайтан болса, мен қолында күдіретті қаруы бар дындай жігіт емеспін бе. “Бір мылтықтың аузына қырық дұшпан сыяды” демейтін бе еді? Қой, мен бүйтіп бос үрейге түспейін...

Уақыт өстіп өте береді. Үркіп қалған жүрек те өз орнына орнығып, баяу балбырап, тағы бір сәт маужырай қалғып кетіппін. Сол-ақ екен, әлгі пәле табан астынан шыға келгендей, баж-баж ете қалды да, біреу қытықтап жатқандай тым ерсі, әнтек күлкіге қайта басты.

Ашуымның келгені сондай, оқтаулы мылтықтың ұңғысын қараңғы түнекке сүңгіте олай-бұлай сүймендеп алып, тысқа ытып шықтым. А десе мылтық білтесін басып жіберетін күйдемін. Қол созым жердегіні айқын көріп болмайды. Дала да, тас та тұтасып кеткен қап-қара түнек-түнғиық. Мылтықты сығымдай ұстап, аяқты аңди басып, айнала түн-түнегіне тесіле кеп қараймын. Енді шыққан үңгіріме қайрыла кеп қарап едім, ет жүрегім су етіп тас төбеме шықты.

Дәл қарсы алдымда, тас үңгірдің кіре беріс маңдайында шоқтай жанған екі көз маған қарап оқталып қапты. Қорыққаным сонша бақырып жібере жаздадым. Көзден көз айырмай аңдысып біраз тұрғасын мылтықтан мықты болсаң, келіп көр, төуекел деп, ұңғыны сол екі көзге тұралап, там-тұмдап жақындай түстім. О, құрғыр-ай, жақындап-жақындап аңғара қарасам, маналы бері естен тандыра шошытқан жексұрыным басы жалпиған жұдырықтай ғана байғыз!

— Уһ... бітті ме -ай, мынауыңмен біреудің жүрегін жарып өлтірерсің, — деді, жақ жүні үрпиіп, үркіп отырған Үлкенбай.

— Сен қалай, қорқып қалған жоқсың ба? — деп Битас, жанында тон жамылып томпиып отырған Байтасты жанына гартыңқырап, жай ғана басынан сипап қойды. Ол:

— Жоқ, қорыққам жоқ, — деп жай ғана сыбырлады.

Бәйбіше 5

– Оу, мыналарың кім тағы да, өңкей бір жорға мініп толқыған мықтылар ғой өздері...

Түнгі ұзақ әңгімені кірпік қақпай тыңдаумен талып, таң алдында тәтті ұйқыға шомған Байтас үлкендердің әлденеге дабырласқан өктем даусынан оянып, тысқа шықты. Аспан шайдай ашық, қысқы күннің қызыл нұры қырқалар басын шалып, айналаны алтынмен аптап келеді екен. Үлкендер гасқораның алдына анадай алаңқайға шығып қарсы беткейде аңтарыла қарап тұр. Ұлпа қар басқан жалғыз аяқ соқпақпен сыландаған құмай ертіп, иықтарына мылтық асқан суыт жүргіншілер құлап келеді. Өздері төртеу. Алдыңғысының оң қолына шошайтып қондырып алған құсы бар.

– Уа, сәлем бердік, орта толсын, жігіттер! Япыр-ау, мына құзар тауда қона жатып қос тіккен кімдер десек, қосынды бастап жүрген тау патшасының өзі екен ғой. “Е-е, жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығар” деген, жол болады екен, – деп, алдымен кер арғымағын тайпалтып сөйлей жеткен тығыршықтай толық қара ат үстінен сәлемдесті. Алдыңғы аяғымен жер тарпып, ауыздық шайнаған кер арғымақ, екі танауынан бұдақ-бұдақ бу атып, солықтап тұр. Үстіндегі күзен ішік, сілеусін бөрік киіп, қолына бір келісті қызыл қаршыға қондырған мырзасын тұмақ құрлы көрер емес.

– О, мырзеке, сәлеміңізді алдық. Саламат-сау жүрсіндер ме. Ұлыстың ұлы күні тізгін тартыпсыңдар. Сапар сәтті, жолдарың болсын, – десті Сеңкібай, Битас, Үлкенбайлар бұлармен жабыла сәлемдесіп.

– Әлей болсын, ағайын. Біз мына орта Сүңгідегі Шерім қыстауынан келеміз. Мына қаршығаның алғашқы ақша қардағы тұсау кесті, тырнақ алдысын байқайық деп шыққан бетіміз. “Бітер іс басына, жақсы келер қасына” демейтін бе еді. Көктен іздеген саяткер жерде кездескесін жол болар деп қуанышты боп тұрмыз.

– Е-е, жөн екен. “Бұйырған кетпес” деген. Құдай бұйыртса көрерміз оны. Бұл жарықтық қызыл түлек бапты қолдан шығып еді ғой басында. Сол бабы сақталған болса, жаман болмаса керек.

– Кім біледі, әлігі саяттан бейхабар Қарамолда қолында ыс жұтып іш құса боп көп тұрған нәрсе... – деп құсбегі жігіт күмілжіп күдік білдірді.

Бұлар мына жон сыртындағы Аралтау атырабын қыстайтын Таманың бір ірі байы Көкүдің сері баласы Бексұлтан бастап, саят-серуенге шыққан сол ауылдың жігіттері болатын.

Бексұлтан қолындағы қызыл қыран алдыңғы қыста ақ боранмен алысып қиян-түзде қаза тапқан Айғұлдікі. Жаназаға салғызып, Қарамолда қолында кетіп еді. Қыран қасиетінен бір сояр соғымын олжа көретін пайдакеш сарыаяқ молда өзінің ішкі есебімен оттай жайнаған жас қыранды арнайы барып бай баласының қолына қондырып, бір шобырын жетектеп қайтқан.

Қыран құс алғаш көргенде-ақ көзіне оттай басылып, жүрегі алаулап қалған жас бала өз үйінің төрінде, ата-бабадан қалған қасиетті тұғырда отыратын қызыл қаршығаның деміне нан піскен байбатшаның қолында жүргеніне ой-өрісі жетпей қайран қалды. Бейне бір астан-кестен дүниеде пәни себеппен адасқан жан бауырын қайта көргендей өзін-өзі өзгеріп ұстап тұр еді. Битастың: “Бұл жарықтық қызыл түлек бапты қолдан кетіп еді-ау, шіркін”, — дегенін естігенде, кебірсіген көмейі сөйлеуге келмей, екі көзде ыстық жас мөлт-мөлт етті. Қаршығаны көргенде Битастың да көңілі құйын соғып өткендей құлазып қалып еді. Алдыңғы жылдың осындай ақша қарында, осындай сонарлы таңда қызыл қыраны қолына қонған Айғұлмен бірге осы өңірдің ой-қырын армансыз бір шарлап еді-ау, шіркін! Енді, міне, бұлаң құйрық дүние біреудің мына тұрлаусыз өмірдегі аз күнгі көрген қызығын қызғаныш еткендей кесірлігі де, кесепаты да онсыз да бір басынан артып, тасып төгіліп жатқан басқа біреуге сыйлапты. Бір азамат, арыс кеуделі ер азамат, әркімнің басына дари бермейтін ерек өнерімен, таза өнерімен қаншама ұйқысыз таң кешіп, қол жетпес қияннан алып тауқымет татып жүріп баулып өсірген қыраны енді, міне, еш нәрсе білмегендей, еш нәрсе сезбегендей былқ-сылқ еткен майбөксе сылқым жігіт, байбатша — Байсұлтанның қолында тұр.

— Жарайды, жігіттер. Биеке деп келіп қалсаңдар, білген ақыл, жол-жобаның несін аяйын сендерден. Дәл қазір кекіліктің мына күнге сай қойнауындағы қатпайтын жылы бұлаққа таңғы суатына түскен шағы. Сонда қаршығаны қалыңға бір сілтеп, бұйыртқанын көрелік, — деді Битас.

— Табылған ақыл, е, аға-еке, сөз жөні солай ғой, — деп Байсұлтан Битасты қолпаштай түсіп қарқ-қарқ күлді.

Осының ізінше қоналқы қостан дүрмегімен көтеріліп жай-жағдайды іштей ұғып тұрған шаруа ауылдың сонар қуған үлкен-кішісі басы Сеңкібай, Үлкенбайлар боп, бай баласы “бірге жүріндер” деп сыпайы ниет көрсетпеген соң, “жарайды, жолдарың болсын” деп аңғардағы ескі соқпақпен ауылға тартты. Байтасты мінгестірген Битас көкжендеттің кәзіргі бабын байқамақ боп Байсұлтан тобын бастап, оң қанатта қарауытты көрінген қалың бұта, жақпар тасы мол, бұлақ суы таң аязымен бусанып жатқан күңгей сайға бұрылды.

Олар ұлтандағы ұлпа қарды таспадай тіліп, шомбал тасты арнада бусанып, мөлт-мөлт ағып жатқан жылы бұлақты өрлеп біршама жүрді. Енді қара жартасты кемерді айналып, өрлей бергенде, долана бұтасы түбінде үй орнындай қара көңдесінде шуақтап бықып отырған бір үлкен қора кекілік табан астынан шыға келген жүргіншіге мойындарын созып таңдана қарасып қалды да, дүр етіп ұша берді. Осы бір ұрымтал сәтті аңдып алда келе жатқан Битас оң қолда оңтайлы отырған қызыл қаршығаны “Әуп-пірім” деп сілтеп кеп жіберді.

Таңғы аязда тұла бойы сергіп, қызылсырап жұтынып келе жатқан қаршыға шірей тартқан садақтың жебесіндей зып беріп кетті де, ө дегенше қалың кекілік тобына ұйқы-тұйқы араласып кетті. Сілтеген семсердей көз ілеспей жалт ете түсті де, жартастың жақпарына қарай жан ұшыра ұйтқыған топтың бірін бауырдан іліп түсті. Өзгесі сол жақпардың қазан аузындай ұңғыш-қуысына сүңгіп жоқ болды.

— Е, болды, келе беріңдер енді, тынды бәрі де, — деп Битас жайланып аттан түсе берді. Сығымға түскен ыстық жүректей болып, әлсіз бұлқынған құрбандығын қанды шеңгелімен мытып қойып, оны құрыш қанатымен жабулап қомдана түсіп отырған қаршыға қасына жайлап басып келді де: “А, көкжендет, осылай болушы едің ғой”, — деп жан қалтасынан жез шақшасын суырды. Байсұлтан бастаған саятшы серілер де аптыға жетіп, аттан құлай түсіп жатыр.

Қызыл қаршығаның ілгені жалғыз кекілік болғанымен, енді ана тас кенердегі тар қуысқа тығылған бейшара кекіліктің бірі де құтыла алмасын Битас жақсы біледі. Әлгінде: “Болды енді, бәрі де тынды”, — деп кесіп айтуының мәнісі де сонда. Кекілік дейтін байғұс құс қанша сұлу, оққа да, таяққа да мықты жансебіл, өзі сауысқаннан да сақ болғанымен, мына ата жауы қызылкөз қаршығаның алдында ешбір шарасыз.

Қаршыға, түйғын, лашын, шәулі атаулы оның тажалы. Солай болғасын құс қуған кекілікте ес қалмайды. Бас сұғар қуыс тапса сонда барып паналайды. Қандыкөз қыран құс атаулыға жем болып жаралған кекіліктің осы бейшара халін туасы білетін қаршыға “көне, енді шығып көр” дегендей, топты кекілік пана тапқан қуыстың дәл қарсы алдына барып қасқайып отырады. Саяткер құсбегінің сағанағы сарқ, қағанағы қарқ болар кезі де дәл осы сәт. Әншейінде адамның әр қимылын қалт жібермей алыстан бағып табан астынан пыр етіп ұша жөнтейтін қу құс енді ана қызылкөз пәле отырған жерде адамның қойнына өзі кеп кіруге әзір.

– Келіндер, қоржындарыңды ала келіндер, – деді Битас сүрініп-қабынып ентіге түсіп келе жатқан аңшы жігіттерге, көңілі жайлана тіл қатып. Сөйтті де, саптама етігін күрткі қарға нықтай басып, әлгі топты кекілік тобымен пана тапқан гар қуыстың жанына келді. Оң қолын тоң жеңінен шығарып гар қуысқа сүңгітіп жіберді де, бірінен соң бірін тілерсегінен қысып шығара бастады. Өне-міне дегенше он шақтысы бауыздалып, ақша қардың бетінде қып-қызыл қанға боянып тыпыр-тыпыр бұлқынып жатты.

Алғашқы сонар-саятта айызы қанып құмары басылған олжалы бай аулының жігіттері Битасқа: “Рақмет ағасы, ауылға келіңіз, сый көріп қайтыңыз”, – деп ризалы бейіл көрсетіп атқа қонды. Күн көзіне жалт-жұлт етіп шағылған әшекей-күміс жабдықтары былдыр-былдыр, шылдыр-шылдыр етіп, гайпалта жөнөп кетті. Желөкпе біреулердің бір күндік сейілсеруені үшін табиғат тандап берген өнерімен қызмет көрсеткен Битас төрт аяғы тағалы көнбіс торысына қонып, бақыр басты Байтасын мінгестіріп, жүрегі әлденеге сырқырай сыздап, күпті көңілі сан-саққа бөлінген енжар халде алыстағы ауылға қарай аяндады.

6

Дүниеде тағдыр тағылыммен ерте есейген бала көңілінен түтқыр да ұшқыр нәрсе болмайтын шығар. Дария толқынына түскен жаңқа сияқтанып, қалың дүрмекке қарғадай шағында қосылып, елсіз-күнсіз меніреу шетте, құзар қойнында аңшылар қосында өткен бір күн, бір түннің өзі Байтастың жүрегіне мөр басқандай өмір бақи өшпейтін таңба тастап кеткен-ді.

Әкесі марқұм, кейде бір арқын-жарқын шағында айтып отырар еді, өмір бақи насыбайшы боп өту үшін уылжыған шағында елтіп жыққан бір атым насыбай жетеді деп. Сол айтқандай, ол алғашқы сонар сиқырынан елітіп, мұрттай ұшты. Сонан кейінгі тауға деген құштарлық мұның тіршілігінің тынысына айналды.

Түн баласына төсегіне жатып көз жұмса болды, ол өзін тау ішінде көрді. Қасиетті қара тұғырдан әлдеқалай рақымсыз қол айырған қызыл балақ қаршыға ғайыптан түсіп, мұның қолына қонды. Сол асыл қыранымен бірге ол қиянға қанат қақты. Мына жапан тұз, құзар тауларды ол сонау бір қол жетпес, аспан заңғарынан шарлады. Құралай, құлжа, ақмарал, көкала, үйрек, кекілік, алтын айдарлы жұмбақ құс ес пен елес шегінде әрдайым мұның көз алдынан кетпеді.

Қапылыста қолдан шығып шығанға кеткен қанды балақ қаршыға өз тұғырына қайта оралар күн бар ма. Қайда, қайда сондай қыран құс! Бар ма екен мына кереметі көп дүниеде? Құмарлық, құштарлық қысқан бала көңілі ондай кездерде торға түскен торғайдай боп тыным таппай, тыпыршып кетер еді.

* * *

Осылай бірнеше жыл өтті. Тай мініп тасырлата шауып жүрген бала жігіт Байтас бір күні, суық күздің шағында күзекіде мал қайырып жүріп, қатар көшіп, қанаттас қонып жүретін Байтуалыдан тараған алты ата шақшамның сөз сөйлер тәуір кісісі Ыбырай аулынан шыққан атақты шабандоз Келтебайдың баласы Сағымбекке кез болды.

— Әй, құсбегінің баласы, сен өзің өз болып, қыран құс ұстағанды көрдің бе? — деді Сағымбек салған жерден Байтасты сөзге тартып.

— Жоқ.

— О, мұрныңды ұрайын жалпайған. Онда несіне құсбегінің баласы атанып жүрсің. Көрмесең ер соңымнан, қаршыға, шәулі дейтіннің қолға қалай түсетінін көрсетейін.

— Ойбай-ау, рас па? Көрсет, көкежан.

— Сен бірақ менімен құсқонарға барғаныңды жан адамға айтпайсың, жарай ма?

— Жарайды.

— Онда кеттік.

Бұлтандаған тай құнан мініп ентелеген екі желөкпе жігіт

екіндінің шағында тастақ жолда тасырлатып, Серек айрығын бетке алып тартып кетті.

— Мынау көрінген, — деді Сағымбек алдағы қоспа шатқалына төніп тұрған шомбал шоқыны қамшысымен нұсқап, — Тәжінің қара тасы. Шатқал іші зәулім тал, сыңсыған бөйтеректер. Қыркүйек салқынында осында кеш өлетінде қаршыға қонақтайды. Арғымақ ат, атан түйе орнына жүрген нелер қыл қимастар осы құсқонардан алынған. Кеше ана қаратас биігіне Итемген ағам тор жайып еді. Соны көрелік. Құдай бұйыртса әжеп емес, — деп, кер құнанның тізгінін солай бұрды.

Бөктерге шыға беріп, Сағымбек аттан түсті. Әлденеге қобалжып толқығандай кеудесін кере дем алып, сәл кідіріп тұрды да, аяғын егтеп басып өрлей берді. Міне, мынау әлгі айтқан шоқының шоң желкесі де көрінді. Кішкене алаңқай тақыр. Сол алаңқай ортасында кәдімгі әжелердің жүн сабауындай төрт ырғай шырпыға кере тартылып жіңішке пәрен жіппен тоқылған тор құрылыпты. Тор астында кішкене қазыққа байлаулы бір көкмойын ұзақ отыр. Бар болғаны осы.

Қаршыға дейтін кереметті ұстау өзінше бір ақыл жетпес айла деп ойлайтын Байтасқа мына тұрған соншалық қарапайым да қызық, әрі күлкілі болып көрінді.

— Көзі үйренбеген асау құс торға бірден түсе қоймайды. Айнала бөтен қатер жоғын білгесін сорғып кеп, соғып жібергенін өзі де білмей қалады. Әлі көреміз оны, — деп Сағымбек ендігі үміт жүгін алғы күнге аударды.

— Тор құру дейтін осы ма?

— Осы.

— Ал мына байғұс не ғып отыр бүйтіп?

— Ұзақты айтасың ба? Шақыртқы жем ғой бұл. Осыған түсем деп ұрынады емес пе?

— Сонда құс осыны жеп қоя ма?

— Әлбетте жейді.

“Бірді-бірге жем қылып, аңдытып қойған өмір-ай!” — деп ойлады Байтас. Көк жүзін еркін шарлап, қиын қияннан тоят іздейтін қандыкөз қыранның мынадай түкке тұрғысыз күйкі тірліктің тұтқыны болатынын көргенде күлкісі келді. Жер тағысы емес, көк тағысын бір сығым тор, төрт шыбық, жетім ұзақпен қолға түсіріп, алақанда ойнатқан атам қазақтың ісі қанша қарапайым болғанымен, соның өзі қаншама ғасырлармен үндес өмір академиясы екенін ол қайдан білсін.

Сағымбек жан қалтасынан бір уыс дән алып ұзақ алдына төкті де:

— Уа, көкжендет, көкжендет,
Қонағыңа тездеп жет.
Тебінгімнен тер төккіз,
Қанжығамнан қан төккіз,
Береріңді жеделдет, —
деп орнынан тұрды.

* * *

Қияндағы осы кездейсоқ кездсеуден кейін санаулы күн өткенде Байтас алғаш рет қаншама жыл шыжым бауы шешілмей бұғатта ілулі тұрған әкеден қалған құс торын алып, алғаш рет оңаша-оқшау жортып, осынау Қызбел асуына гартып жатқан жіңішке соқпақ жолға түсті. Содан бері, міне, алпыс жылдай өтіп кетіпті-ау, тәйірі. Өмір озса да осынау қиян тауға, қиял тауына жетелейтін кәрі соқпақ тозбай сол күнгідей қазір де сайрап жатыр. Сол күндерден бастап тау мұның үлкен үйі, арылмас арманы, көз қуанышы, жүрек жұбанышы болды. Тау ішіне барса-ақ құлазыған сезімі сергіп, қанаттанып қалады. Бармаса, көрмесе сағынады.

Қанатын кір шалмаған қаяусыз жастық дәурен қуанышына тең келген нәрсе бар ма. Осынау бір алыс тартқан сары құз қыркүйекте, қыран тауына өз қолымен алғаш рет тор құрып, алғаш рет бір түлек қызыл қаршыға алып қайтып, алғаш рет ата рәсімімен “біссімлдә” деп, Арғымбай атадан қалған қасиетті қара тұғырға әкеп қондырғанда, бұл он тоғыз жаста еді. Баласының қолына құс қондырып, салауатты кісі болған қуанышына балажан байғұс бір ауылды түгел жиып, барын шашу шашып, қариялар батасын алып еді-ау. Сол күндерден ол “бала қыран”, “жас пері”, кейін саятшы Байтас, құсбегі Байтас атанды. Оның аңшылық, саятшылық өнері ауыздан-ауыз, ауылдан-ауыл тарап, мұның шағын шеңбердегі атағын күллі Қаратаудың ой-қыры, алыс-жақынына дабырайтты.

Сол өнері мұны мына осынау күншығыстағы Күркіреуден аяғы Айғыржал тауына ұласқан ұлан-өңір Қаратаудың теріскей-күнгейінде өз заманында осындай атақ-даңқы бар атақты мерген, шебер ұста, құсбегі саятшылармен сырлас дос, сыйлас серік етті. Соларды ойлағанда қарауылға шырыш ататын атақты мылтықшы ұста Мырзағұлмен, ақиық

қырандарды алақанда ойнатқан атақты бапкер-бүркітші Итемгенмен, атқан оғы жерге түспейтін сұр мерген Бекпенбетпен бірге болған күндер тәтті түс елесі сияқтанып қазір де көз алдынан кетпейді.

Осынау отызыншы жылдардың соңы — соғыс алдындағы шуақты мезгіл қарт жүрегіне тағы бір ғажайып сырлы дүниенің сөнбес шамын тұтатып еді. Сол шам мұның тіршілік тынысын әлі де нұрландырып, бір жақсылыққа жебеп тұрғандай болады. Сол отызыншы жылдары ол жасы өрлеп қалса да, қолына тұңғыш рет қағаз, қалам ұстап, маңдайында қызыл жалау желбіреген ауыл мектебінің есігін ашты. Сол ашылған есікпен бірге мұның көзі де, көңілі де ашылды. Екі жыл ұдайы күн-түн демей кітап бетіне үңіле жүріп, ақыры ауылдық сауат ашу мектебінен әжептәуір сауаттанып шықты.

Мұның өзі қол қусырып бір сәтке де отыра алмайтын Байтасқа қуанышты таусылмас бір қымбат олжа болып кездесті. Ұста дүкенінде күні бойы тер төгіп, темір соғып келгеннен кейін ол кешкі шам жарығында Абай өлеңдері деген бір қара мұқабалы қалың кітапқа үңіледі. Сол кітаптың әр жолын, әр сөзін оқыған сайын өмір күдіретін, сөз күдіретін бұрынғыдан әлдеқайда анық, айқын аңғарғандай болады. “Шіркін-ай”, қыран бейнесін тек сонар-саятта емес, мынандай күдіретті сөз иесі жазған кітап беттерінен де көруге болады екен-ау”, — дейді ол атақты “Қансонарданы” оқып шыққанда бір сәт көзін жұмып, ойға қалып.

Сол бір жылы көктемге салым сонау Аякөз, Семей жағындағы ағайын-тумалары арасында бір қыстап, осы ауылдың сөзуар әңгімешіл адамы Пәшеннің Сүлеймені оралды. Енді ол отырған жер ағып тұрған нақыл, ағып жатқан әңгіме. Көбіне Абай айтыпты, Абай былай депті деп сөйлейді. Төңірегіне осы Байтаспен бірге Орымбай, Оспан, Бейсе, Бектай, Әділай, Әмзе сияқты сөз қадірін білетін дос-жарандары жиыла қалғанда, Абайдың өз өлеңдерін қат-қабат келтіре отырып, дастарқан басында түн ұзағына танбай жорғалайды.

Осылай Сүлейменнің майлы тілімен нәр-нақышын жоғалтпай көңілге ұя салған Абай аты, Абай сөзі, Абай өндері өнеу бір жылы халықтың бір асыл перзенті Мұхтар жазған Абай туралы қат-қат кітаптармен ел жүрегінің ыстық

махаббатына айналды. Енді ол Абай заманы, Абай жыры, Абай өмірімен осы Мұхтар кітаптарында тілдесті. Мұхтар қаламы берген сол өшпес дүние арқылы сырласты. Сол күндері Байтас:

– Шіркін-ай, қандай азамат болды екен өзі?! Бір кездесіп, қол беріп сәлемдесіп: “Рақмет інім, ризамын саған”, – деген жалғыз ауыз жан сөзімді жеткізер ме едім, – деп қиялдар еді.

Енді, міне, тағдыр рақым етіп, көруге жазса, сол тек қиял ғана сияқтанатын тәтті үміт құсы қарт саятшы қолына өзі кеп қонатын сияқтанады. Әнеу бір күні сонау ылдидағы ауданға барған ауыл кеңес ағасы – осынау алыс тартқан жастық шағынан қаншама сонар соқпағын бірге кешкен, құла дүзді бірге шарлаған әріптесі жақында ғана дүниеден өткен Дүйсебайдың өзіндей тауқұмар боп өскен Досанбегі оған аудан басшысының арнайы айтқан сәлемін жеткізіп еді.

– Қарияға бізден арнайы барып айт, – депті райком секретары Ысмайылов Нұртазаның өзі. – Жазушы Мұхтар ағамыз біздің ауданға алдағы жазда келетін болып келісті. Дәл тамылжыған жаз ортасында шопан елінің тойына келмек. Сонда маған Шаян өзенінің саздауыт жағасына қаз-қатар киіз үйлер тігіліп, бәйге жүйріктер құйрығын сүзіп, қыран құсын әкелген тау мен ойдың қалың азаматын өз көзімен көрмек. Қарияның көңіл күйі дұрыс болса, сол бір сәтті күні қуаныш үстінде кездесейік.

“Япыр-ай, – деп ойға қалып еді қария. – Қыдыр әліксәлем адам шылауына үш оралып, үш кетер деуші еді ғой. Бәлкім, бұл соңғысы шығар. Тәуекел деп, тағы да шығанды шарлап көрем де. Қазір, міне, баяғы айта беретін қыркүйек-қарашаның күні де туып келеді. Жақсылығы таусылмайтын табиғат өзінің ұлы перзентіне арнаған бір қызыл балақ қыранын нәсіп қыла көрсін де. Не де болса, белді бекем буып, тағы бір бағымды сынап көрейін”.

Енді, міне, таң шолпаны да туып, шығыс жақ құлан иектеніп келеді екен. Құлқын сәріде қылқылдап балашағаның мазасын алмайын деп, күн барда керек-жарағын буып-түйіп бас жаққа қойып еді. Енді Байтас жүріске икем шолақ күпісін, көнетоз сусары бөркін киіп, қоржынын иыққа сап тысқа беттеді. Бастырмада көк жоңышқаны күрт-күрт

шайнап тұрған көк бестіге ер салды. Таң мұнарында карауытып қалғыған қара дөң — Қызбел асуын бетке алып аяндап тарта берді.

Қызбел асуы арқылы үлкен Боралдай ішіне өтетін көрі соқпақ оны Ақтау биігіне алып шыққанда, жамбасқа ауған күз күні кіші сәскелікке ілініп қалған еді. Сонау бір қиырда көгілдір мұнар басып Алатау асқары бұлдырайды.

Шыжымдай бұлаңдаған тас соқпақтан оңға қарай бұрылған Байтас ежелден тұрған тас оба түбіндегі тақырға келіп аттан түсті. Бәрі де бөз-баяғы орнында екен. Тек мына күректей боп омырауын жапқан аппақ сақалы болмаса, қашанғы қалған бала жігіт шағының аяулы бір таңына қайта оралған сияқты.

Ол қоржын түбінде қозы қарнындай ғана томпиған ақ перен торды алып жанына қойды. Мана жол бойы қырқып алған төрт ырғай шырпысын сүмбідей ғып түзеп, үшкір жағын там-түмдап ырғап отырып қатқыл жерге шанышты. Осыған тор шыжымын тартып бекітті де, қу ағаштан тор астына сүйемдей қазық қағып, кіші немересінен қолқалап сұрап алған көк кептерді соған әкеп байлады. “Я, пірім, бере көр!” — деп бетін сипап, орнынан тұрды.

Байтас қарт ол күні сол бетте күнгеі Бұғамал арқылы Боралдай асып, Байқалмақтың байырғы орманшысы — Сағынтай кардонына келіп еру боп жатты. Сағынтай өзінің бір замандағы асыл ұстазы Битас мергеннің немере інісі Байқоңырдан қалған жалғыз тұяқ болатын. Өзі ата жолын қуып бүгінгі бұл атыраптың аты шыққан мергені көне тарланның жұрнағы. Ата көзін көрген сыйлы қария келгесін барды алдына жайып, түнемеге әңгімені сорғытты. Өткен-кеткенді еске алып, бір жасағандай боп қалысты. Ертеңіне екіндінің кезінде Байтас қарт ескіден қалған бір тұяқ Сағынтайға алғысын айтып, батасын берді де, қайтар жолына шықты.

“Сабақты ине сәтімен” деуші еді ғой, сәтін берсе, көп госқан да, аз тосқан да бар. Осыны ойлап, қарт күсбегі Бұғамал биігіне өрлеп, мезетті жерге де кеп қалды. “Япырай, мынау не, шынымен-ақ тілеуді бергені ме, таяныш шырпылар құлап, тор жиылып қапты ғой. Е, жаратқан, жақсылығыңа жаза көр!”.

Үміт алдамапты. Көрі тарлан саятшы аттан құлай түсе

ғап, ентелей келе жатып тор шырмауына шатылып, шар-шар етіп шапшыған бір ерен қызыл түлек қаршығаны көрді. Қашанғы әдетінше: “Уа, Ғайып ерен Қырық шілтен”, – деп қаршығаны топшыдан қамти ұстап, бір-бірлеп босатып, ақ кенеп орамалмен тұмшап орады да, алдына алып атқа қонды.

Қаршығасын қашанғы қара тұғырына қондырған Байтас ата енді сол қара күз, қарлы қыс бойы оны делбеге ауыстырып, боз ет жегізіп әбден бабына келтірді де, әр апта, әр күнін саусақпен санап, мезетті мезгілді күтті. Енді бар арман-тілек осы көкбесті бөйге жүйрікті аудан тойына келетін асыл азамат Мұхтарға мінгізіп, мына қызыл балақ қаршығаны соның қолына қондырсам дейді. “Рақмет, аға, мен ризамын!” – десе, ұзақ өмір мақсаты осыменен тынатуғын сияқты. Ақыры жарқын жаздың жақсы бір күні ауданда бұл әдетте бұрын-соңды болмаған ұлы думан той болады деген хабармен қаракөк бөйге жүйрігіне өсем жабдығын жауып, қызыл қаршығасын қолына қондырып, таң салқынымен суыт тартып кетті. Жолай Көктеректің жасыл алқабында сыйлас ағайындарға бір қонып, келесі күні ертелеп, көше боп тігілген ақ үйлер қып-қызыл жалын-жалауларға безенген той аулына келсе, ең шеткі алты қанат ақбоз үйдің алдында топтанған жұрт әлденеге абыржи үн қатып, қапаланып тұр екен.

– Уа, қария... аттан түсіңіз... Кеше Мәскеуде... халықтың ұлы перзенті Мұхтар Әуезов... дүниеден қайтыпты...

Қарт үндемеді. Сең соққан балықтай боп көкбестінің басын өз жайына жіберіп, қызыл қыран қондырған оң қолын әнтек жазып жіберген күйде бет алған жағына дел-сал аяндай берді. “Қараңдар, анау шал бүркіт, күе қондырып жүр қолына”, – десіп жапа-тармағай жүтірген балалар шуы құлақ тұндырды. Әлдеқайдан жанай жүгірісе шыға кеп, камерасының, аппараттарының жылтыраған көзін бұған оқыс оқталып, қарбаласа түсіріп жүрген кинооператордың, фототілшілердің әнтек әрекетін бұл сезген жоқ. Білгісі де, сезгісі де келмеді.

Ол сол күні ұлан даланы кешкі ымырт жапқанда қашанғы қара жолмен тау өлкесіне бет алып сылбыр аяңмен келе жатты.

– Жетейін, ертерек жетейін. Жібереің сені, көкбесті. Жазығы жоқ жарықтық, қызыл балақ қаршыға, сен де кетесің жайыңа...

Алыстан саң беріп, толықсыған ай шапағы білінді.

МӘҢГІЛІК САРЫН

Әдебиет пен өнердің шың тұлғалы екі алыбы — Мұхтар мен Құрманбектің өмірінен әңгіме

1. Болыстың қыстауы

Темірқанат қауырсыны бекімей, аласапыранды заман толқынына кез болған біздің ерте бала шағымыз алыста, тау елінде өтіп жатты.

Аспан-жер, Шығыс-батыс, қайда қарасақ таңғажайып сырлы дүниеге көкпен тілдесіп сыңсыған сиқырлы тау тұрпатын көрерсіз. Соның шырқау биігінде көктемнің барша ғаламды балқытқан шаңқай түсінде көгілдір аспан жүзіне мұз таулардай ақшоғыр мақпал бұлттар осынау зеңгірде қиян шетке баяу көшіп жатар еді.

Сол таудың бізге айнала төнген қырат-қырқаларын еркін кезіп сыландаған сылдыр бұлағына қараған шағын тепсеңнің биігінде, қыстау үйдің алдында шуақта шүйке созған көрі әжеміздің біздің сан қилы қияли сұрағымызға айтары:

— Ее-у, балам-ай. Бұл дүниенің беті кең. Оның ат арытып атан белін талдырған қиыр шетіне кім жеткен дейсің. Бізге ең жақын ел — Алакүшік, одан әрі Есқара, Күңгей, Қарабұлақ, Төшкен, одан әрі Құжант, Қоқан, Марғұлан...

— Ойпырым-ай, ала күшігі несі?! Күшік болғанда көдімгі күшік атты адам ба, әлде...

— Еее, шырағым, жарықтық бабаларым кезінде солай атап кеткен ғой, әйтпесе бөтендігі жоқ, тіптен жақын, өзіңнің атаңнан тараған нағашы жұртың.

— Ее, солай деңіз.

Сонымен әжемнің киіз кітабы, жаңылмайтын жағырапиясы бойынша бізге іргелес-жақын ел ала күшіктер болып шықты. Одан әрі қарай дүние сарайының құпия қақпасы ашық тұрған сияқтанатын.

Енді міне, адамға өлшеп берген Тәңірдің бір сәтті күні Талдының биік жағасында алыстан ақ ордадай айқын көрінетін көк мектептен жолға шыққан қос жеткіншек алыста мұнартқан тау сеңгірін бетке алып, жалғыз аяқ сұрлеумен келе жатырмыз. Бет алысымыз Боралдай тауы

ішіндегі көрші ел — Алакүшік ауылы. Сондағы біз естімеген Алтынбек атты мұғалімнің үйі.

Қасымдағы жолбасшым менен едәуір ересек, жасы он төртке келіп қалған қалың қыртысты маңдайын қас-қабағына шейін тарпаңның жалындай қап-қара түрпі шашы жапқан, түрік ерінді, таңқы танау, келте мұрынды Тұяқ дейтін шойқара. Өзі ұрыншақ-тентек. Ала жаздай қара жерді қарашаның боз қырауы жапқанша аяқ киім атаулыдан бейхабар, күс басқан домбық аяқ быт-шыт, өкшесінің ырсиған жарығына қарамай шөгір-шөңге тікен атаулыны түйе табанымен күйрете басып, таңқы танауын биік ұстап қасқайып тұрар еді.

Жок-жұқана ауылда ел іші жаңа ес жиған ерте жазда су жағалап, көк қарынға жұбаныш-талғажу іздеп шұбайтын кішкене қарасирақ жәутіктерге сол Тұяқ пір сияқты көрінетін. Бірде оның біздің сылдыр сулы әдемі Талдының көк иіріміне сүңгіп, балық іздеп қол сұққан ін ішінен сала құлаш қара жыланды қыл мойнынан қылқындырып алып шығып, бұлғап-бұлғап құлаш жерге лақтырып жібергенін өз көзіммен көргем.

Тұяқтың өрме-бауын кіндіктен қыса байлаған шашақ балақты өрмек шалбарының жапсырма-жамау қалтасында мұғалім ағайымыз Жиенбаев Өмірбайдың хаты бар. Ондағы сөз: “Жолдас Алтынбек Аманқұлов! Қолы»дағы пірөгрәмманы мына балалардан тоқтаусыз беріп жібер...”

Әлгінде үлкен үзілісте мектеп алдындағы тақыр алаңқайда асыр салып жатқан қалыңның ішінен мұғалім ағай Тұяқ екеуімізді таңдап еді. Бізді қара күзде түздің қара соқпағына салып, ел арасы жыраққа алып шыққан бізге тірі құдайдай қадірлі сол Өмірбай ағайымыздың бұйрығы.

Талды мен Күшік ауылы тұрған Боралдайдың арасы төте сүрлеумен он шақырымдай жер. Бірақ, аралықта қаншама аңырайған терең сай, қойын-қойнаулар жатыр. Бұл жердің сыры осы тарапта Қостөбе баурайы — Төлесайда туған Тұяққа мәлім. Сенерім, арқа сүйерім Тұяқ. Тек Тұяқ аман болса өзімнің де сау болатынымды білем.

Былай шыққасын Қозыке бастауының маңында менің өкше сіңірімді жалаң киген көн бөтеңкем қажап, ақсай бастадым. Қисақтап қала бастаған маған адырая қраған Тұяқ

мені шалқамнан салып, бөтенкемді жүлқи тартып суырды да, бауын байластырып мойыныма асып берді. — “Бас аяғыңды” деп тарта берді.

Қырқаның асуында кідірген Тұяқтың шүңірейген шоқты көзі бір кезде менің иыққа асқан кішкене кітап дорбама түсті. Кітап парталасым Асқарбекте қалған. Дорба түбінде жүгері ұнынан пісірген жарты күлше жатқан-ды. Соған шүңгіл көзімен шаншылған Тұяқ бірер тамсанып:

— Шығар нанды — деді. Мен жалма-жан күлшені Тұяққа ұсындым. Тазақұл апам табаға сартап етіп пісірген кішкене ақсары күлше тым сүйкімді еді.

Тұяқ қарға тұяқтанған қап-қара кірлеш қолымен күлшені салмақтап ортасынан аударып сындырды да, шағын үзімін маған ұсынып, мол жағын кідіртпей ауызға жөнелтті. Бірер қарпып, түйіле қылғып, жаланып, “пай-пай тәттісін-ай” — деп басын шайқады.

Айдалада шұрқыраған аш қарын тілеп тұрған сол күнгі бір үзім жүгері күлшенің таңдайда май татыған әдемі кермек дәмі шынында дүниедегі ас атаулының алтыны сияқты еді. Сол дәм бүткіл ғұмырда сол таңдайда тұрғандай көрінетін.

Бұралаң сүрлеу жолмен бел асып тау басып айтулы Күшік ауылы Боралдайға да жеттік-ау. Айнала қалың жыныс, долана бұталары, шатасып батысқан жал-қиялар. Одан өрі көгілдір көкпен тілдескен сеңгір таулар, тас ұлтанда сарқырап асау өзен Боралдай ағып жатыр. Енді әр түмсық, әр қойнауада үркердей топтанып қоныс тепкен шағын ауылдың көк аспанға шаншылып көлеңдеген түтіні де көрінді.

Тар қойнауадан айналып шыға бергенде алдыңғы жақтан шулаған күлкі, шырқала салған ән естілді бір кезде. Біз кілт тоқтап тыңдап тұрдық. Енді сол әнші топтың өздері де көрінді. Бір топ өзіміздей өндіріс жас қыз-балалар топтана шырқап, әлдеқалай бұрын-сонды біз естімеген асқақ әнді өлеңге қосып айтып келе жатты. Тау тастарына жаңғырыға шырқалған көп дауыс барынша әрлі де әсерлі.

“Аққұмның бір қызы-ай бар Іңкөр атты,

Сөзі-ай бар, алуан-шекер, балдан тәтті.

Адамның өзім көрген абзалы еді,

Айтайын өлең қылып перизатты”...

Бұлар осы Боралдайда, “Ақбастау” ауыл мектебінде оқитын осы күшік ауылының оқушы - жастары еді.

– Еее, білем деді Тұяқ, өзінің көп нәрседен хабардар екенін танытып. Бұлардың Долбақ дейтін әнші көкесі бар. Ол жақында алысқа Алматы дейтін үлкен қалаға барып, бір ай тұрып қайтқан. Сол қалада бұл елдің ірі әртісі тұрады. – Аты Құрманбек Жандарбеков. Өзі теңдесі жоқ өнерпаз-әртіс. Өзі атағы жер жүзіне тараған әнші.

Төлегенді Қособада өлтірген Бекежан болып ойнап, жақында Мәскеуде, Қыз Жібектің тұсында қарқылдай күліп тұрып ән саланда, оның өнеріне таң-тамаша қалған Сталин өзі орнынан тұрып, қол соғыпты.

– Сталин?!

– Сен білмейсің бе, Сталинның кім екенін?! Дүние жүзі Пүрел – тариатының ұлы көсемін?

– Білемін.

– Білсең сол, мұрның бұзылып кетпей тұрғанда, сөзді жөндеп тыңда!

– Ммм... ойпырм-ай, ө!

– Солай, бұл Ақбастауға бүгінде дүние жүзі тамсана қарап тұр - Құрманбектің ауылы, – деп.

Мен мынадай жабайы, жалаңаш-жалпы іші аш қасқырдай ұлып, өндірішегі кесіліп келе жатқан жаман Тұяқтың түріне қарамай көз көріп, құлақ есітпеген Мәскеуден хабардар екеніне қайран қалдым. Мұғалім ағайымыздың нағыз Ленин ісіне берілген ақжүрек – адал оқушымыздың бірі осы Құмарбеков Тұяқ деп мақтайтыны осы екен-ау, деп ойладым. Оның құдырет - беделі менің көз алдымда биіктей түсті. Әр сөзін аузымды аша тыңдап, қалт жібермеуге тырыстым.

* * *

Енді, міне Алтынбек мұғалім мұстаккамдап, сыртын сарғыш қалың қағазбен орап, табыс еткен "программа" кітапшасы да Тұяқтың тамау қалтасына көшкен. Енді кідірмей қайтар жолға шығып, Талдыға бет алдық. Боралдайдың тас-тағанды соқтықпалы жолымен біршама ұзап, Тоспалының тұсына келгенде құлан құйрықты суық күздің сұр-ызғарлы күні кешке тартып, аңғардың іші қою көлеңкеге шомып та қалған еді.

Тұлғасы жарты әлемді жапқандай алып сенгірдің көк жал күз, шомбал биігінен асқан күннің батыс тарабына аңтарыла қарап, түнере- түксиген Тұяқ аз ойланып тұрды да:

– Кеш болып қалды, бала. Ай болса қараңғы. Қостөбенің арғы-бергі аңғал сайларын бей уақытта қасқыр ториды, қалай етеміз – деді.

– Қасқыр! Ойбай, көке, айтпашы ондай бәлеңді, – деп мен жан-жүрегім үрке-шошып, жылап жібердім. Мен үшін ол кез әлгі Тұяқ айтқан қасқыр мен жемтігін аңдып торғай ұясында жататын алашұбар жылннан асқан сұмдық болмайтын.

– Ойбай көке, түн болып қалды ғой? Кәйттік енді?!

– Әй, сен сораңды ағызба бүйтіп. Мен тұрмын ғой қасыңда, – өлмейсің!

Тұяқтың аузынан “қасқыр” шыққанда менің көз алдымда бұдан төрт жыл бұрынғы сұмдық оқиғаның өмір бақи өшпейтін жан шошырлық суреті тұрды.

Ол бұдан не бары төрт жыл бұрынғы ел ішін аштықтың азабы жайлаған, сандалып-қаңғыған жұрт сай-сала, жылуан жылғаларда жеткен жерінде қалып жатқан отыз үшінші жылдың ала қарлы ақпанының соңғы күндері еді. Басқа амалы таусылған шығар, сол ала көктемнің басында бір күні әлжуаз халге жеткен мені бірде жетелеп, бірде арқалап, қыр асып, Бала күңгейдегі төркін ауылына, немере інісі Қазанғапқа апарып, жер-аяғы босап, көк шығып, күн жылынғанша сендерде болсын, деп тапсырып кеткен еді.

Бір кездегі әкесі Райымбектен қалған ескі диірменді ұстаған Қазанғап үйінің дән-қуырмашы таусылмаған екен. Сол нағашы үйінің өзім тұрғалас майда ұл-қыздары Күмісбек, Ұлбосын, Оразқұл және көрші ағасы Әліпбайдың бізден сәл ересек баласы Татубаймен бірге жалбандасып, бір мезгіл қардан арылған шуақты беткейге шығып, сондағы биік жақпар тастың бауырында қира тастардан үйшік соғып ойнап жүрдік.

Қазанғап пен Нұрлығыз жеңешем өрдегі Есті ауылына жолаушы кеткен бір күні ойынға беріліп, күн бесіндікке еңкейіп, кеш ызғары ілінген сәт еді. Қатарда отырған Күмісбектің шегір көзі әлденеге үрке қарап қалды да:

– Ойбай, анау не?! – деп еді.

Ол көрсеткен жаққа қарасак, жақпар тасты жағалап, жалғыз бұтаны паналап, бізге қарай атылғалы зор көкжал жақындап келеді екен.

Осыны көзі шалған, бізді бастап жүрген қылқимойын Татубай:

– Ойбай қасқыр деп, үй жақты бетке алып ата жөнелді.

Біз шулап оның соңынан жүгірдік. Ашық тұрған есіктен соңғы боп ірген Күмісбек, есікті жауып қалғанда сырт жақтан қасқыр талап жатқан Оразғұлдың есікті тырмалап жанұшыра шыңғырған дауысы естілді.

Есікті тұтқасынан шірей тартып, сірескен Күмісбекті Ұлбосын бар бар пәрменімен итеріп тастап, Оразғұлды ішке сүйреп кіргізді. Өкпесі өшіп, жүрегі ұша жаздаған Оразғұл сөйлесуге халі жоқ, ыңырысып етбеттеп жатыр. Борсаңдап киіп жүрген тері шалбарының бөксерлігі пәрше-пәрше. Май күйырықтан шылқыған қан көрінді. қасқырдың ақсиган тістері бұлтиған күйырықтың бір жағын жұлып әкеткен сияқты. Оны ашып көруге үрей билеген бізде дәрмен жоқ.

Біздің шулаған айқай-сүреңімізді құлағы шалса керек, көрші үй – Әліпбайдың кәрі шешесі Бұлданай әже келді ақ таяғын сүйретіп. Ол кісі Оразғұлдың шалбарын сыпырып, жараны көріп, ескі киіздің жалбыраған бұрышын жұлып алып, жалма-жан ошаққа үмтылды. Киізді оты сөнбеген қарағаш шоғына күйдіріп, күйелеш ыстық киізді Оразғұлдың қаны шылқыған күйырығына быжылдата жапсырды.

– Қорықпа айналайын, жараң тым үлкен емес. Әлі-ақ жазылып кетесің – деп жұбатты қайырымды қарт әже. Айтқандай Оразғұлдың жарасы тым қауіпті емес көрінді. Тері шалбарымен қоса тістеп жұлқи тартқан көкжалдың өткір тісі май күйырықтың алақандай жерін майымен қосып, тері-перісімен жұлып әкетіпті.

Сол жарақатынан байғұс Оразғұлдың өзіне көрінбейтін күйырығы тыртық болып біткен ғой. Жаз күндері бала біткен Галды мен Қошқардың мөлдіреген ирім суларына күмпілдеп шомылғанда Оразғұл байғұс екі көзі жәутендеп шешінбей жағалауда отырар еді.

– Әй, шеш шалбарынды, күйырығыңды көрейік дейтін ересек-тентек балалардың мазағынан өлердей қорланып-қорғанар еді.

Енді мына қара кеште айнала тау қоршаған терең сай, жыңғыл- жыныста, әрбір тас, әр бұтаның түбінде қасқыр күтіп тұрған сияқтанды.

– Көкетай кәйттік енді. Түн болып қалды ғой, дедім мен гүксие-гүнеріп үнсіз тұрған Тұяққа жалбарына жақындап.

– Қорықпа! Бір ақыл таптым мен. Қазір мына Тоспалыға

барамыз. Сонда менің Сұлтан дейтін досым бар. Жандарбектің баласы. Соның үйіне қонамыз.

Тұяқ айтқан Сұлтанның үйі Тоспалыдағы үркердей шағын ауылдың күнбатысына қараған ең шеткісі екен. Бейуақыт қара кеште қия беткей етегіне алдыңғы жағы еңселі биік қазақы қоржын үйдің алдында бізді өзіміздей бірі кіші, бірі Тұяқ құрбылас қылқиған екі қара бала қарсы алды. Олар Тұяқты тани кетті. — О, Тұяқ, қайдан жүрсіңей, деп көңілді қауышып, шұрқырасып жатыр. — Көне, келіндер, үйге кіріндер.

Ия, осылай мен өзімнің көз ашқалы көрген әуелгі жол сапарымда өмір дейтін шексіз дарияның толассыз толқыны айдап анау-мынау емес, өз заманында жақсы атағы күллі Алатау, Қаратау атырабына дүрілдеген Ақсу, Майлықенттің атақты шешен болысы Тазабекұлы Жандарбектің үйіне тап болған екенмін.

Ол күні әрине, менің болыста шаруам жоқ. Мынадай қоңыр салқын күңгірт үйде жайдары сөз, көңілді күлкімен алдымыздан шығып, күндей жайнап тұрған өздерінен басқа жан иесі жоқ өзіміздей екі балаға кез болғаным, құдай құтқарып, жол аңдыйтын, әлгі Тұяқ айтқан аш қасқырдың аузынан аман қалғанымға қуандым.

Әлгі екі баланың үлкені Тұяқтың досы Сұлтан екен де, кішісі менімен бойы құрдас, әрі ойы құрдас он бір жасар Әлібек екен. Бұлардан сәл ересек, он алты он жетілерге келген естияр екі баласы Мұхтарбек пен Тұрлыбек осы Тоспалыда өндірген жаңа өнімнен бір қап тарысын арқалап, шешесі Күндей апамен бірге қыс қамы киім-кешек іздеп жаяу-жалпы гау асып, Балықшыға, нағашы жағына кетіпті. Енді үйдің бар сөйлесері осы екеуі боп шықты.

Ала көлеңкелі үй ішінің көрінісі барынша жүдеу, көңілсіз. Бір кездегі бар-бадамды тұрмыстың ізі қалған өзі жоқ. Төр жақта әсем өрнекті жүкаяқ, оның үстінде әшекей оймышты ескі қаңсыған қара кебеже. Жапсырма өрнегі тозып, сыны қалған қашаңғы қара сандық. Бұрышта ашасы бұғы мүйізденіп бос, арбиған адал бақан. Босаға жақта бос ілінген әсем шашақты аяққап. Үйдің бар жабдығы осы. Не төсеніш, не жамылғы атаулыдан іліп алар тұлдыр жоқ. Төр жақ тақыр жерге көлденең тасталған белдей бөрене ағашпен көмкеріліп, қалың етіп шөп төселген де, үстіне тозығы

кеткен қара текеметті жайып салған. Біз сол текемет үстіне төредей боп жайғастық. Әйтеуір бір жақсысы — жатар жамбасқа жайлы.

Құдай ондағанда үлкен үйдің егелігін ұстап қалған екеуі сіңірі шыққан кедейлікке қарамай ашық қолды, ақпейіл қонақжай болып шықты. Әсіресе Әлібек кішкене қыр мұрынды, қарақас қуақы отты көзі шоқтай жайнап гүл бұтадағы бұлбұл құстай сайрайды.

Бұрышта тік мұржаға жанай орнаған үлкен мұғал ошақта асулы қара қазан астына қақ ағаштар қақсалынан от жағылып, Сұлтан мен Тұяқ қоналқы ас қамына кірісті. Нән қара табақпен өлшеп құйған қара суға жүгері мен тары галқанын мол салып, бөкпен пісірмек. Аш қарынға ол күнде ондай ас, қою ғып бөктірген қара бөкпеннен асқан тамақ жоқ. Арада сүт қайнамадай уақыт өткенде әлгі нән қара табақты ортаға алып, екеу ара салысқан жырық ернеулі екі қара қасықпен қою бөкпенді ортасынан опыра қарпып, бас көтермей сылқыта соғып жаттық.

Бөкпенге кеңірдіктен тойынып, көңілі жайланған Тұяқ, енді қансоқтыға тояттап, дүр сілкінген жас бүркіттей қырланып төрге таман шегінді. Насаттана кеуде көтерді. Даусы бұрынғыдан қомақты. Басынан бұлт аунағандай ашық сөзге көшіп, жарқылдай бастады.

— Өй Сұлтан. Былтырғы қалың кітабың қайда сенің? Іші толған хисса еді ғой. Оқы соны!

— Хиссаның көкесі мынада — деп, Әлібекті иегімен нұсқалы Сұлтан. Алпамыс пен Бөгембайды жатқа соғады. Нанбасан тыңдап көр, — деп Сұлтан оңайына көшкен сыңай білдірді.

Әлібекке керегі сол екен. Көкпар тиген асау кердей көзді шарт жұмып, басты қақшитып алып, сырғып берсін.

— Е-е-е-у! баяғы өткен заманда

Дін — мұсылман аманда,

Жиделі-Байсын жерінде,

Қоңырат деген елінде,

Байбөрі деген бар еді,

Төрт түлігі сай еді...

— У-у-у-уй, деген екен!

— Ой, мынауың сынаптай сырғып тұрған сүмдық кой-ей! деп Тұяқ оқшия көтеріліп, Сұлтанға қарады.

— Ее, бұл солай. Таң атқанша соға береді, сөйтіп.

Расы да солай боп шықты. Бір теңге бермей тегін жырлатып, Әлібекті әлде бір шақта әзер тоқтаттық.

— Жырыңды қоя түр. Біраз "хан-алшым" ойнап гастайық, деді Тұяқ, Әлібектің біркелкі қоңыраудай сылдыраған төкпе жырынан зеріккен пейіл көрсетіп.

Еріккенге ермек көп. Әр қилы ойын, қысыр сөздің аяғы "Кейкуат" дейтін бір қайғылы ертегіге ұласып түн ортасы гаянған шақта, желкеге жекен жастап жалаң киіз үстіне тасталған баяғы бір кезде қара барқыт қиюымен құлпырған, бүгінде әрі кетіп, жарғағы қалған ескі сеңсең тонның астына да кірдік-ау.

Ия, енді айтқан жөн шығар. Түн төсегіне жатар алдында, ескі қыстау ішінде жайлауында түлеген тай- құлындай төрт бала үркердей үрпиіп тысқа шыққанбыз.

Шағыр жұлдыздар шашқан жауһар шоқтай жайнаған аспан жүзі айнадай ашық. Арқан бойы Ылдида буған теңдей теңкиген қой тастар маңына барып, сондағы бір зор шомбалға сүйеніп Боралдайдың түнгі әуеніне құлақ түрдік. Қасиетті Боралдай айнала тас құзарлар қоршаған тар аңғарында сол түні де мың жылғы ұлы сарынынан жаңылмай, ешбір жерде, еш нәрсеге ұқсамас, тек өзіне гән асқақ күйін тербетіп, бурқана түсіп ағып жатты. Қаншама таңдар атып, қаншама заман дүние өткенмен уақыт, еш бір ғаламат тоқтата алмас мәңгілік сарын еді ол!

Үйге келіп, енді жатқалы тұрғанымызда қуақы Әлібек жақын келіп, мені үнсіз иықтан түртті.

— Не, - дедім мен.

— Бері жүр, деді ол, әлде не, құпия — сыр айтқысы келгендей жай сыбырлап. Мен оған еріксіз ілесе бердім.

Ол мені сыртқы терезеге қарсы қабырғаға тақау әкелді де, қол жетер биікте, қабырғада бетке шыққан мең сияқтанып, қарайған бармақ басындай шұңғыл тесікті көрсетті. Мен оны бір кезде қаққан темір шегенің орны болар деп ойладым.

— Сұқшы қолыңды осыған.

— Не ол? Мен әлде неден секем алып, үрке-үркіп тұрмын.

— Сұқ қолыңды. Бірнәрсе көресің!

Мен Әлібектің айтқанын істеп, сұқ саусағымды әлгі тесікке сұғып ем, суық тесікте ұлпа боп үгітілген қыш-

кесектің ұнтағынан өзге нәрсе сезбедім. — Сүк, тереңірек сүк — деді Әлібек тағы да, қатқыл үн қатып.

Мен енді батылданып саусағымды барынша тереңдетіп көріп ем, тырнақ ұшы әлде не, сүп-суық қатты нәрсеге тірелді.

— Көрдің бе? — деді Әлібек, сәл ызғарлы- қатқыл үнмен әр сөзін шегелеп, — ол оқ! Алты атар тапанша, нағанның оғы. Әкемді атқан Гіпудің оғы!

— Ойпырым-ай! Мен тұла денем дір етіп, әлгі тесік ішінде оқ емес, ор жылан жатқандай, сол жылан енді басын қақшитып, ысылдап-ысқырып шыға келетіндей шошып кеттім.

— Кел енді, жатайық — деді Әлібек жай ғана.

— Жатқаны құрысын бүйтіп. Әр түрлі жаман, сұрқай көрініс көз алдымда қаптап қоя берді. Ал Тұяқ болса, жастыққа бас қойған сәттен қорылға басқан.

Қойындасып-қабысып жатқанда Әлібек түн саңы түскен бір көзіне сабан толы дорба тыққан терезе жаққа қарап қойып, біршама сөйлеп жатты.

— Әкемді Гіпу адамы анау терезе сыртынан атқан.

Мұхтарбек үйде жоқ еді. Күнгейге, Балықшыға көрі нағашымыз Байғоныстың ауылына кеткен тұғын. Біз Тұрлыбек үшеуіміз үрей боп шулап жылап, ана бұрышта тұрдық. Дәлдеп атқан-ақ екен, Құдай сақтап оқ әкеме тимей, құлақ түбінен зу етіп ана дуалға барып кірген.

Әкем саспады. Осы тұрған жерінде түйе жүні шекпенін, ескі түлкі тымағын киіп, жерге түскен кісіелі қайыс белдігімен белін асықпай буып, анталаған ұстаушыларға нұрлы жүзімен тік қарап тұрды да: — көне, мен дайынмын, — деген.

Бірі Гіпу, екеуі өзіміздің ел белсенділері әкемнің екі қолын артына қайырып, қыл шылбырмен тас қып байлап, үй алдына алып шыққан. Көлденең тартылған бір шобыр горыға мінгізіп, екі аяғын таралғыға таңып ортаға ала айдап кете барған. Бұл менің әкемді ақырғы рет көргенім.

Қыс таяу, көмпіскіге ұшыраған азалы үй ішінде азан-қазан дауыс сап жылап, шешеміз байғұс қала берді. Ол отыз екінші жыл еді ғой. Содан бері міне төрт жыл өтті... Әлібек терең күрсініп аз үнсіз жаты да, көне енді ұйықтайық, — деді.

Буын бекіп, бұғана қатпаған әлсіз-талғажу шақта тау асып, тас басып талып жеткен кішкене жаман-жәутік жолаушыға кеш қорегін алғаннан кейін, ұйқыдан өткен жан ләззаты болатын ба еді. Бірақ мен ол түні балаң жүрек тар кеудеде тұрағын таппай, шарықтап, жарытып ұйықтай алмадым. Көзімді ашсам да, жұмсам да дәл өзіміз тырайып жатқан үй ішінде құлындай құрақ ұшқан үш ұлының дидарын кимай егілген ер, оған ысқыра атылған оқ, оны байлап жатқан рақымсыз әлде кімдердің суық кейпі тұрды. Өзінің алдағы беймәлім тағдырына бет алып, туған жерден ақырғы жол- сапарына аттанып, ұзап бара жатқан еңсесі биік адам бейнесі тұрды.

Неге олай, неге атылды, неге байланды, не себепті айдалды? Мен үшін оның бәрі жұмбақ, бәрі бағдар баянсызды. Оны біліп жату да шарт емес-ті. Иә, ол оқиға, ол көрген хал, сол бір күн мен мұң басқан өз заманында дәуірлі өмір сүрген Ақсу-Майлықенттің әйгілі шешен болысы Жандарбек қыстауында өткен қара түннің бейнесі менің бекімеген кеудемде құпия сыр құшағында қала берген еді.

2. Ұлылармен жүздесу

39-шы жылы бетке ұстар алдымдағы жалғыз аға, институт студенті Сауқымбек әскерге алынды. Енді қайтып оралар деп жолына қарап, күн санап жүргенде соғыс басталды. Еңбектің құтқармас құрығы мойынға түсті. 44-ші жылғы қара күзде майданнан қаралы хабар жетті. Жалынды жас азамат, гвардия лейтенанты жиырма беске енді толғанда жорық жолында алыс ел, жат жерде – батыс Қарпат, Трансильвания тауында мәңгі тұрағын тауыпты. Ауылда аудан өкілі өткізген қаралы жиын, қаралы хат...

Араға сары таңмен сарғайып төрт жыл салып күткен жеңіс күнімізге де жеттік. Ел желпініп жатқанда тағы да соғыс. Енді Жапония! Мені әскерге алмақ. Шешемнің шыбын жаны шырқырап кетті. Бұдан да айрыламыз ба, енді! Әке үнсіз, қатулы. Колхоз бастығы аз болса да, бір ауылды басқаратын адам ғой, амал тауыпты. Уәкіл боп келген досы, аудандағы НКВД бастығы айтқаны екі болмайтын ер көңілді жігіт Қоштаевпен аңға шығып, тауда арқар атқан көңілді бір шағында оңаша кеңес құрыпты.

– Есентай-ау, не амал бар, мына қалған жалғызым тағы жардан ұша ма, – десе керек.

– Үшпайды. Қайда ол, бізге келсін, депті.

Солай он сегізге толғанда, үш айлық күрс бітіріп ауданда, комсомолда, жүрген жерде иыққа пагон тағылды. – Саяси қызметкер! ”Шешенің көз жасының емі” деп қалаған шүйкебасын алдына апардык. Үй болдык. Енді бала-шаға, көнеки, бәрін тастап оқып көр.

Бірақ ол айтуға ғана сөз екен. Іздегенге амал көп. Сол амалдың үлкені сырттан оқу. 54-тің көктемінде аға лейтенант шенінде Шымкентте мұғалімдер институтын сырттай бітіріп, органның саяси бөлімінде қызметте жүргенде Алматыдан:” Сіз КазПИ-дің тарих факультетіне сырттай оқуға қабылдандыңыз, келіңіз” – деген хабар келді. Асығыс жинала бастадым.

Құдайдың құдіреті, әлде реті солай ма, бұл сапар мені, бір күнде есімі ел аузында аңыз болған қазақтың марғасқа көсемдері мен шешендеріне дидарлас дәм- тұздас етті.

Жолға шыққалы отырғанда таудағы туған елден еңбегімен абырой-атағына жеткен әйел болса да өмір бақи ер-азамат санатында салт ат, сабау қамшылы өмір кешкен мінез парасаты келбетіне жарасқан Бозжігітова Қанзада апамыз келді. Ол кісі шешемнің сіңлісі-нағашы әпке, колхозда жылқы фермасын басқаратын, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты еді.

Ауданда айтыс. Бір жағы бірінші хатшы, екінші жақта исполком болып ашық тартысқа шыққан. Депутат апа қалың жиналыста ”Қойыңдар” деп қиянаты көп исполком жағына ақыл айтып, тәртіпке шақырған екен. Енді онысы өзіне бәле боп жабысыпты – ”Байдың қызы, сиқымның атақты шонжары Ырысбек, Батырбек, Төребектің ұрпағы. Іштей партияға, Советке қарсы” деп жоғарыға арыз үстіне арыз кетіп жатқан көрінеді. Енді әпке мән-жайды ұлықтар алдында айтпақ.

– Сен, Еркін, хатқа жүйрік баласың. Маған бір күніңді бөл, Үлкендерге барғанда қасымда бол. Әңгімені тыңда. Ақ- қараның не екенін біл, – деді жолға шығып жатқанда.

Жоғарғы Кеңестің төрағасы Керімбаев Даниял орнынан табылмады. Мәскеуге кетіпті. Төраға көмекшісі арғы беттегі

сарыала кілем төселген кең бөлменің есігін ашты да, сізді Жангелдин жолдас күтеді – деді.

-Жангелдин! Жүрегім дір ете түсті. – Япыр-ау, Лениннің шәкірті, берілген төңкерісшіл большевик, Амангелді майданының саяси көсемі, әйгілі Әліби Жангелдин ғой ол, қатесіз соның өзі.

Бардық, көрдік. Аты аңыз болған заман тұлғасы әйгілі Жангелдин, сексеннен асқан жасында тұрымтайдай қалжасы, басында кестелі тақия, ақ күмістей жарқыраған сұлу мұрт, кішкене торғай құйрық шоқша сақалы жарасып, төрдегі айбарлы жұмыс орнынан шығып, терезелерге тақау қойылған қосалқы стол жанында жеңіл креслода отыр.

– Кел, қарағым, жайғасыңыздар, – деді жай ғана.

Жас әйел пәтінуспен шай келтірді. Әпке қазақ әйеліне тән аса биязы әдеппен қарт көсемнің есен-саулығын сұрап, өңгімесін баяу бастап, бәсеңдеу ашық-айқын үн қатып сөйлеп отыр. Қарт кісі сонау бір алыстағы ауылдан келген қарапайым қазақ қызының елдік пен бірліктің, адамдық, азаматтықтың жайын қозғап, тебірене айтып отырған өңгіме ырғасына ризалы бейіл көрсетіп, аппақ басын изеп қойып, беріле тындайды. – Шіркін-ай, деймін мен іштей қазақтың Әлібидей әйдік тұлғасымен тең дәрежелі сұхбат құрған әпкеме іштей риза, мақтаныш сезім билеп, оның үш кластық біліміне, білім-ғылымның тағы бір биік шоқысын қосса ғой, шіркін!

– Сендердегі жай-жағдайдан аздап хабарым бар, Қанзада, деді қарт көсем, – әпкені өз атымен атап. – Комиссия барып қайтқан. Білеміз – қашанда жақсының жауы көп. Бақастық пен өмірі өткен қазақ қой, кәдімгі. Жұмысыңды істей бер, – деді Әлекең.

Жангелдиннен қанаттанып, нұрланып шыққан әпкені енді кездесуге Керімбаевпен көрші кең бөлмеде жоғарғы Кеңес орынбасары есімі елге аян қайраткер, қазақ қызы Ермағанбетова Шекер апай шақырды. Қап-қара қолаң шашын тоқпақтай ғып желкеге түйген, жүзінен ізгілік нұры тамылжыған келбетті Шекер апай өзі тұрғылас, өзі бейнелес замандасы Қанзаданы бейне бірге өскен жақынындай жайдары жүзбен қарсы алды.

– Әлгі ауданыңда не болып жатыр. Тынды ма, көбік сөзі. Әй, құдай-ай, ішінен жау, басынан дау кетпеген сорлы

қазақтың жігіттері-ай. Құрысын, өз жайынды айтшы – деп Шекер апай сөз арнасын жеңіл, мүлде басқа жаққа бұрып әкетті. Бірі биікте, билік басында, бірі ауылда шаруа баққан қазақтың екі қызы бейне сырлас та мұңдас жан, сөздері де өздері де үйлесті, қандай жарасты еді.

– Қарағым, бір күнін ді қи. Енді анау, үлкен үйдегі Қүрекең ағамызға барайық, – деді әпке. Оның Қүрекең дегені аталас ағасы, сахна өнерінің саңлағы Жандарбеков Құрманбек қой, кәдімгі.

Жоғарғы Кеңестен шығып, Мұхтар аға Құрмаш деп еркелеткен жайсаң жанды ағамызға бардық. Құрманбектің ол кез опера театрын басқарып, ер жасы елуге толған қынаптан суырған алмас қылыштай қылшылдап тұрған шағы. Қолында сөнге ұстайтын жіңішке бамбуг таяғы, жүрген-тұрғаны, әр қимылы тек сахна үшін ән мен сөнге арнап құйып жаратқан сияқты шырайлы келбеті, қою шашы, ашық ажарын айқындай түскен қырлы мұрын, қара қас, ел аузында аңыз болған қайта келмей “кездеспей кеткен бір бейне” қайран Сәкенді еске салғандай.

Құрманбек тек сахнада емес, жаратылысында асығыс, шапшаң, нажағай отындай жалт-жүлт еткен жіті қимыл, өткір тілдің адамы.

– Уа, келіп қалдыңдар ма, айналайын, жаным-деп операның арғы бетіндегі, астыңғы қабатта кең бөлменің төріндегі үлкен жұмыс столының сыртынан атып тұрып, бізді құшағына ала үйіріп, диванға отырғызып, амандық сұрап алды да:

– Ал кеттік, кәнеки, Шолпанның шайын ішейік – деп сыртта күткен құла сары “Победасына” мінгізіп, Мир көшесі 101 үйдің астыңғы қабатындағы пәтеріне тартты.

Бас-аяғы сағаттың ішінде бәріне үлгеріп, сызылған кербез Шолпанның жеңіл шайынан кейін:

Кәне, айтшы қарағым. Ел жайы, өз жайың қалай? Әне бір айтыс-тартыстары тынды ма? – деп әпкемді тындап, нұрлы жүзін бұлт шалғандай құбылып, сұрғылт тартып аз отырды да, өткен бір өмір өткелін қайта кешкендей өріден, біз бейхабар тым өріден бастап сөйлеп кетті.

– Еей, қарағым-ай! Абайды сойылға жаққан, Мұхтарды түрмеге тыққан қазақ кімді аяған еді. Қырық жыл, дәл қырық жыл болды ғой, ел бетін көрмей, бәрін тәрк қып

жүргеніме. Ана тоспалдағы үйді көрдіндер ғой. Нақ төрде, қабырғада қадалған оқ бар. Әкемді атқан Гіпу-дің оғы. Әкем беріліп, қолын көтерсе де, "тисе өлсін, тимесе қалсын" деп нағанымен маңдай тұстан атқан ғой. Оқ әкемнің басын жанап өтіп, кесек дуалға тиіп, сонда қалған. Сонда Гіпу-дің алдына түсіп, бастап барған "алатын жауың анау отыр" деп терезеден көрсетіп, сырттан қол шошайтқан өзге емес, өз ағайынымыз емес пе еді...

Сендер білмессіңдер. Әкем түрмеде емес, ел бетін көрмей қашып жүріп далада, кең дүние, ашық аспан астында, жұлдызды түні анау Шұқырбұлақта Сарыбай нағашысы ауылына барып өлген ғой. Қызылордада едім. Хабар қайдан жетсін. Бір уыс топырағым да бұйырмады оған. Заман бұйыртпады. Елден Сарман, Кәшке, Маймыштар барып жерлепті.

Сол заманның сазында әкем жарық дүние сарайында емес, қараңғы түрме қапасында өліп, не жендеттің оғына ұшуы керек екен. Тергеу, астында отырғанда жалпы кәмереде ақтау қағазын алған қасиетіңнен айналайын, бір қазақ — "сен Жандарбексің, халықтың адамысын, сенің қасыңда мен кім едім. Жол сенікі. Өлсем мен өлейін, аз тағдырыма ризамын" — деп қоярда-қоймай жалынып, шоқпыт киімдерін әкеме кигізіп, әлгі ақтау қағазын әкемнің қолына ұстатып, шығарып жіберген ғой.

Шіркін дүние, жақсылығы арылмаған өмір-ай! Сол беймәлім жұмбақ жан маған өмірбақи шешілмеген жұмбақ боп қала берді. Жер басып жарық дүниеде жүрген болса, іздеп, із-табанын жүрегіме баспас па едім.

Маған қайсыбір қатарластарым: Қандай қатыгезсің, еліңе неге бармайсың" — деп кінәлайды. Ал менің ішімде қандай жылан өліп жатқанын олар қайдан білсін. Бұрқыраған Боралдай, Тұраның биік шыңдарын өмір бақи, түсімде көрем. Туған ел, өскен жерімді қиялмен шарлап, майсаң саздарына аунаймын. Бала кезімде:

Тоспаның қыстау салдым бұлағына,

Жоңышқа ат семірттім құрағына.

Жығылса құлан жортып құла дүзде,

Құзғын күс барып қонар құлағына —

деп әнге қосқан Тоспалым да өмір бақи көз алдымда. Сағынамын, қайтейін. "Елу жылда ел жаңа" деген. Тірі

жүрсем елу жыл өткесін, жаңарған елді де, туған жерді де қайта айналып бір көрермін...

Мұхтар ұсталып қамалғанда отызыншы жылы мен де Тәшкентте едім. Мұхтар САГУ-де аспирант, Нұртас Оңдасынов лестехникумде, біз Өтебай Тұрманжанов, Пірімхан Жұмабаев, Жақыпбек Молдатаев тағы басқа Оңтүстіктің өнер-білім қуған бір топ жастары "Казинпрос" "КомВУЗ" сияқты оқу орындарын жағалап жүрген кезіміз. Жолбасшымыз комсомол қайраткері Фани Мұратбаев еді.

Фани сөзіне қарағанда Мұхтарды "Алаш ордашыл" деп ұстапты. Ол кезде "Алаш" сөзін айтудың өзі бір сұмдық.

Алаш туы астында,

Күн сөнгенше сөнбейміз.

Енді алашты ешкімнің,

Қорлығына бермейміз —

деп, ұрандатып, жыр жазған Сұлтанмахмұт Торайғыр ұлы құдайы оңдап, оқтан емес, ажалынан өлді. Сол алаштың көк байрағы астында еліміздің еңсе көтерген ер ұлдарының бірі Мұхтардың басына тағдырдың қара бұлты төнген екен, енді ескіден қалған жалғыздың күні не болмақ?!

Оңаша кеңесіп, "Қазинпростың" курсында жүрген Өтебай екеуіміз Мұхтардың Ленинград университетінде бірге оқыған досы Әлкейге бардық. — Ойымыз, шыбын жанға сауға болудың амалы қайсы?

— Мұхтар өзін-өзі қорғайтын жазушы. Оның еңбектері халықтық еңбек. Оның ісіне араласпай, аулақ жүргеніміз жөн, — деді Әлкей. — Тек бір аянышты жай, — оның ана орыс келіншегі нәресте қызымен Мәскеуге, тәркініне келіпті де, әлгі бұрынғы Райханнан туған қаршадай қызы қаңғып көшеде қапты. Көрі өзбек отбасы паналатып отырған жерден тауып, Алматыға Мұхтардың жақын бір туысына жіберіп келіп отырмын, — деді.

Сол Мұхтар дүниеге "Абай жолындай" ғасырдың ұлы дастанын берген кең жолды — кеменгерімізге не қылмады, не көрсетпеді, бұл қазақ. Тіптен кешегі жылы қазақ атын, халқының даңқын әлемге аян еткеннен кейін де, оның атақ-абыройын тәркілеп анау "ұлтшылдар тобы" Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Әділгереевтер тобына тіркеп, етектен тартып, жағасына жармасты емес пе, бұл қазақ.

Мен еріксіз ойға қалдым.

Қиял мен шындық, ақиқат пен аңыз біртұтас туысып, айтары түгесілмеген өмір-ай. Осынау сары ауыз, балапан шақта өзіме тау күдіретінің иесіндей көрінетін тентек Тұяққа ілесіп, тас тағанда ақ көбігін аспанға атып толассыз сарнап жатқан Боралдайға барғанда алғаш рет сол қаратабан жаман Тұяқтан есіткенім айны-қатесіз ақиқат екенін өмір уақыттың өзі көрсетті. Арада жылдар өтіп, есейіп, ел қатарына енгенде, шебер-өмірдің өзі айдап алдына барып сәлемдесіп-табысқан жаз дидарлы жақсы аға енді Мұхтар түскен, Ұлы кемеңгер аялдап- аялаған інімнің ақ отауын арнайы барып көрем деп келе жатыр. Ұлының жолын ұлыдан асып кім білген. Жай келіс емес, қаншама жылдар, ұзақ өмірде кеудеде сарғая тұнып сақталған, сан мыңдар ішінде өткен жалғыздық мұңын, айтылмаған сағыныштың сыры мен жырын әкеле жатыр, әрине.

Өткен шақпен сырласып ой күзеткен адамда санадан биік, қиялдан жүйрік нәрсе жоқ. Пәни дүниенің сарқылмайтын соқпағы бастап Алматыға оқуға сапар шеккенде Құрманбек ағамен алғаш кездескен 54-тің көктемнен бері сынаптай сырғып он бір жыл өте шығыпты.

Құрманбек аға жолымды ашып бергендей, сол сапарда Алматыда оқудың бастапқы кезеңі, бір тәңірдің өзі бастап, қалың қазақ жұртын Абаймен қайта табыстырған, өзі де бүгінгі Абайымыз болып заманының биігінен көрінген аймаңдайлы ағасымен жүзбе-жүз кездесудің, оның өмір бақилық есте қалған бейнесі мен ақылнама әңгімесін есте сақтаудың да ретін келтіріп еді.

КазПИ-дің сонау кеңес дәуірінің алғашқы қаһарман қолбасшысы Фрунзе заманынан тұрған ескі мекен-жайы көрікті көк үйде жазғы семестрде жүргенімізге аптадан асқан. Үлкен үзіліске шығып, биік бәйтеректер саясында тұрғанбыз. Келесі жұп лекция саяси экономия. Бір ғылым кандидаты оқымақ. Тақырыбы: "Тауар және ақша" бадырайта жазылып, кең каридор жақтауында ілулі тұрған. Жаным сүймейтін тақырып, – "Ақша" – сол да сөз болып па? Адамды жолдан тайдыратын өзөзіл ғой – ол. Пәленің басы, бірді-бірге қырқыстырып, атыстырып-шабыстырып, тонатып, қаматып жататын да, сол жәдігі ғой емес пе?

Осыны сөз етіп тұрмыз. Қасымда елден келіп, филфакта семестрде, соғысқа дейінгі орта білімді енді институтта жалғап

жүрген кешегі майдангер, бүгінгі мұғалім, жасы үлкен жерлес ағаларым Көбеев Орынтай, Орманов Садық, Дүмшебаев Ыбырайымдар тұрған. Көше жақтан елгезек аға Оспанов Өксінбай келді аптығып:

– Ағайындар, сендерге бір жаңалық айтайын. ҚазГУ-дің кең залында, филфак пен журфак студенттеріне Әуезов Абайтанудан лекция оқиды екен. Дәл 14³⁰ -да басталмақ. Студент біткен жиналып жатыр.

– Әуезов! ҚазГУ-де. Мына сәтті жіберуге болмайды. Анау "Тауар мен ақшасы" құрысын, кеттік, – десіп, Өкенді бастатып жөнеп кеттік.

Келдік. Зал толы. Сыртта көреміз, сәлемдесеміз, – деп күтіп жүргендер одан көп. Залдың терезеге жақтауына, шеткі орындарға жайғасып, ыбыр-сыбырға мән бермей, бұғып, сілтідей тынып отырмыз. Кенет зал іші ду көтерілді. Қанша жылдар көрмей, білмей, осындай болар-ау деп, көкірек көзіне ұялаған адам, сол бейне – суретімен таныс ай маңдайы жарқырап, сәл езу тарта жымып, ғибрат ізетпен сәлем бере кіріп келеді екен.

Сәл шалқақтау біткен кең кеуде, мол тұлғасына үйлескен баяу, байсалды мінсіз де маңғаз қозғалыс. Аз кем шайқала теңселе басып арнаулы қойылған стол жанына келіп тоқтады. Бар тұлғасымен залға бұрылып, сол қолын жай көтере бірер желпіп отыруға белгі етті де, қолтықтай келген қоңыр папкесін стол үстіне қойып, өзі стол жанына орындыққа баппен жайғасты. Сілтідей тұнған зал толы тыңдаушысын барлай бір шолып:

– Бүгінгі Абайтанудан етер әңгімеміз: Абай, оның философиялық өлеңдері. Абай барша әлем жұртының, бірінші кезекте қазақ елінің Абайы. Абайды бүгінде барша жұртымыз, кәрі-жас, халқымыз оқиды. Ендеше, алдымен сендерден сөз тыңдайық. Кәне, кімнің айтары бар, кім дайын, – деп зал ішіне барлай көз жіберді.

Сәл үнсіздік. Мұнша жұрттан бір зерек, бір пысықтың табылуы керек қой. Шіркін-ай, дәл қазір мына қалыңды жарып шығып, Абайдың жүректе жатталған ғажап жырларының бірін тамылжыға төгіп айтар ма еді. Риза етсең жақсы. Ал бәрінен хабардар. Бәрін білетін бұл ұлы ғұлама "Әй, бұл ҚазГУ ғой". Сен өзі қайдан келген кірмесің" – десе не бетінді айтарсың. Қап, әттең дүние-ай! Мына ҚазГУ-

ге түсіп, ұлы кемеңгерден дәріс алып, онымен әркез жүздесіп, тілдесер мыналар неткен бақытты еді!

Осы сәт зал іші дүр қозғалды. Орта тұстан қап-қара мөлдір шашын келтелеу қиған, ашаң, қараторы қазақ қызы: "Ағай мен", — деп қол көтере тұрып алға жылжып келеді екен.

— Ал көне, сөйлеңіз, тыңдалық!

Ұстаз жанына жақын келіп, залға қарай бұрылған қара қыз, тебірене толқыған ішкі дүниесін ширақ меңгеріп, сәл діріл аралас ашық дауысын көтере сөйлеп кетті.

"... Қарашада өмір тұр". — Бұл өлеңін Абай жасы елуге толып, өмірде ізгілік, жастық махаббатымен бірге зұлымдық, қулық, сұмдықты атты адам ұлқының құбылысын көп көріп, ой-санасы биік көтерілген шағында жазған. Сондықтан да Абай жастықтың бейкүнә, таза мезгілін өтіп, егде тартып, өмірдің өр-биігіне шыққан адамның көңіл күйі арқылы өз заманының шындығын, жеңіл ойлы жалғаншы тіршілігін бар қырынан, тереңінен қозғап, ашып көрсетеді.

Қарашада өмір тұр,
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме?

Қараша — күздің айы. Өмір күзі адам санасының биіктеп, кейінге, өткеніне көз жіберер шағы. Сол биікте қалсам, — деген құштарлық. Бірақ табиғат заңы көнбейді. — Алда қарлы тоқсан, — қарттық тұр. Әйтсе де өмір озғанмен көңіл, адам жүрегі тозбайды. Өзінің алыста қалған шешек жарған жастық шағын ойлайды. — Қайтып келер ме, — деп армандайды.

Абай өмір сүрген кеселі көп қиянатшыл, өз заманының тек үлкенді емес, жас өспірім ұрпағын да әнтек бұзып, қайырсыз-қатыгездікке баулып жатқанын, бұл сұрқай дүние тұманын серпіп тастап, адамдық өмірдің кең өрісті жарық жайлауына тек жігері жалын, талабы биік, от жүректі жастар ғана шыға алатынын былай бейнелейді:

Майдағы жұрттың іші қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да сөнер ме?

Осы өлең жолдары арқылы Абай тәлімсіз жастық жемісі — қатыгездік. Қатыгез жүректе ізгілікке орын жоқ. Дүниедегі барлық қатыгез зұлымдықты ізгі жолдағы табандылық,

батылдыкқа бастайтын жүрегінің отымен ғана жеңуге болатынын аса терең философиялық оймен, кеменгерлікпен мезгейді.

Әуелгі үлкен кісі алдындағы жас әйел затына тән ұяндық, әлсіздікпен сөзін майда жүріспен бастап, біркелкі мәнерде өрлей түскен қыз әңгімесін ұстаздың қалай бағып, қалай бағдарлап, өзгеріп, тыным таппайтын қас-қабағынан айқын байқалып тұрды.

Қыз сөзін аяқтап, ұстаз ағаға бір қырындай бұрылып ізет көрсеткен сәтте қас-қабақ алыс ұшар қыранның қанатындай жарқ ете ашылды да, Мұхаң іле жауап қатты:

— О, пәлі, сөзің жөн. Абайды білу, ол туасы өмірді білу. Сол өмірдің мәні Абай сөзінде. Жарайды, кәне, тағы кімнің айтары бар... ендеше, тынышталып, тыңдандар — деп, Мұхаң стол жағына қырындай бұрылып, сондағы Абай томдығын ашып, кітапқа қиялай көз тастады. Зал іші сатыр-сұтыр. қағаз-қаламдарын сайлап, ұстаз сөзін хат қағазға құйғалы құлшынып жатты. Ол әрекет менде жоқ. Маған бұл сәт оның сөзі де, өзі де қымбат. Әр сөзін жүректе жаттап, әр қимылын санада сақтап қалуға бекіндім.

Солай, тек өзіне тән жұмсақ мәнермен тамағын бірер кенеп, жай екпінсіз бастап сөйлеп кетті ол.

Бір ерекшелігі, ғұлама ғалым сөз тізгінін алған соң бірбеткей шешендікпен көсілте сілтеп кетпейді екен. Абай сырын, Абай жұмбағын ашуда әрбір күрделі, астарлы сөзге арнайы тоқтап, залға сауал салып, тыңдаушысымен тілдесе, кеңесе отырады екен.

“... Ауырмай тәнім,

Ауырды жаным.

Қаңғыртты, қысты, басымды...”

Ал, ойланып көрейік. Тән жарасынан өзгеше бөліп, жан жарасын неге айтады, Абай?!

Тән мен жан! — Тәні ауырмаған Абайды жан ауруына салған не құбылыс, қандай сыр? “Қаңғыртты, қысты, басымды”, — деп күйзелуінің сыры не?

Бұл жұмбақтың шешімін біріншіден, өзгеден емес, Абай өмірінің өзінен іздегеніміз жөн болар.

Абай бұл өлеңін сексенінші жылдардың соңы, ел іші қырқыс бақастығы асқынған, болыс сайлауының арғы-бергі тұсынан алып жазған ғой.

Елім деп сенген ағайын, ар-ожданды арзанға сатып, Ұлы ақынның жүрегін аяусыз езген күндері, тәні сау, жаны жаралы Абай:

”Тарылды көкірек,

Ағызды сығып жасымды” — деп налаға толы көңіл-күйін ақ қағазға жүрек қанымен төккен ғой.

Осыны айтқан Абай, сондағы тіршілік сиқын:

”Сүйеніп күлкі тоқтыққа,

Тартыпты өнер жоқтыққа”, — деп мына тоғышар-топас дүниенің көлеңкесінде азып-тозып бара жатқан өнер-білімнің аянышты халін ашына айқындайды.

Осыны көріп-біліп отырған ақын алдамшы, опасыз жалған дүние жарасын кімге айтып, қайда барып шағынбақ?

”Жартасқа бардым,

Күнде айқай салдым,

Одан да шықты жаңғырық.

Естісем үнін,

Білсем деп жөнін,

Көп іздедім қаңғырып“.

Жартас не? Абайдың іздеп жүргені қай жартас, меңіреу габиғат па, заман ба, әлде адам ба? Қалай қабылдап, қалайша ұғамыз мұны? Көне, айтыңдаршы, талабы бар жас шәкірт?!

Зал үнсіз. Қалың орта, артқы жақтан бірер бас қылтиды.

— Ол жартас емес, адам ғой, ағай! Сөз ұқпайтын, Абай ақындығын сезбейтін, жуан бай, топас билер ғой, ол...

— Ол заман, ағай! Абайдың айқайына жартас боп жаңғырыға үн қататын, көзсіз мылқау, Абай заманы...

Сол қылқ мойын, сопақ бастардың әрбіріне өзі иек көтере, еркіндік беріп, сөйлетіп, мына жетіле өсіп, жарқырай өріп келе жатқан шәкірттері талабына балаша мәз болып, жарқырай бір күліп Мұхан:

— Жә жетер! Талпыныс-талаптарың бар екен. Ойларың түзу, талпыныс бар жерде ғибратты іске орын бар. — Көне, мына бір тұсты дәптерлеріңе жазыңдар, — деп Мұхан, Ұлы Абайдан қалған мәңгілік қалған тұңғыық толы ғажайып жырдың әр сөз, әр бағамына тоқтап, шиыршық атқан құлан жүйріктей, жал-құйрықты түзеп, сөз атты кереметтің алысқа тартар айқын даңғылына шықты.

Зал іші тылсым-тыныштық. Дем тоқтап қалғандай. Сытырлаған қағаз, сусылдаған қалам, пысылдаған көп

мұрыннан өзге дыбыс жоқ. Барша шәкірт атаулы мұрындарымен жер тіреп сусыта жазып жатыр. Осы қалың қарғаның ішінде қалам-қағазсыз, қыбыр-қимылсыз сөз аулап мен отырмын. “Ақ қарға” боп көзге түсіп қалмайын деп, бұға түсемін. Бұға отырып, алдыңғы жақтағы екі желке, екі бастың ортасынан сығалап, мына өзімнен не бары алты қадамдай жерде арқаның майда қоңыр самалындай желпінте, жетілдірте түсіп сөйлеп отырған жұмсақ жүзді, тұңғыық жанары нұр мен мұңға толы жұмбақ жанның бейнесіне үрлана-барлап қараймын. Тұтас бір заман тұлғасын анау жарқыраған қасқа маңдайға сыйғызған алыптың жай ғана баяу қимылды қыр қазағы екеніне қайран қаламын.

Сырттан қоңырау зырылдады. Ұстаз сөзі аяқталды. Тоғыз секунд сияқтанған тоқсан минут өте шығыпты. Қандай ізетпен келген болса, дәл солай, Мұхтар аға дүрк көтерілген залға ишаратпен қош айтып, баяу қозғалып, кетіп барады.

— Құдайға шүкір, қанағат! Көрдік қой, кездестік қой, деймін қаншама жылдар қол жетпей, қиялдан кетпей, санада жүрген бұл адамға деймін іштей көңіл-күйімді жұбатып.

Көшеге шықтық. Әркім өз күй, өз әсерінде. Гу-гу, ду-ду әңгіме. Мадақтау, таңырқау, табыну...мен де сол көптің бірі, Университет үйінен ұзай түсіп КазПи-іме келемін. Басымда қаптаған ой. — Бес жыл мен тоқсан минут. Аналар, деймін іштей, бес жыл, бақандай бес жыл оқиды. Бес жыл бойы Ұлы кеменгерді көреді. Бес жыл көзбе-көз алдында отырып дәріс алады. Госқа барады, диплом қорғайды.

Ал мен сол бес жылды тағдыр еншілеген тоқсан минутта тауысып, тоқсан минуттық Әуезов университетін бітіріп, Ұлы ұстаздан бір өмірге жетерлік жолдамамды алып келе жатқандаймын. Рухани дипломым тозбайтын, сарқылмайтын өмір дипломым қойнымда емес, жүрегімде.

Көңіл құсы биікке, тым алысқа шырқайды. Енді мен КазГУ-ге түспей, КазПи-де жүргеніме өкінбеймін. Көрдім ғой, тындадым ғой, оны. Бес жыл мен тоқсан минут— айырмасы қайсы. Тәттіге адам тоймайды. Көбінен азы жақсы!

Қайсыбір замандасың, кейде КазГУ-де оқыдыңыз ба?— деп сұрайтыны бар. — Иә, оқығанмын деймін. КазПи-мен бір мезгілде оқып, бірге бітіргенмін деймін күліп. Япыр-ай, деп таңданады олар. Ондай да болады, өмірде.

3.Қайта келмес Бекежан

Алпыс бесінші — ұлу жылы қазақтың ел өмірінде айта қаларлық ірі оқиғалармен басталды. Бұдан үш жыл бұрын опасыз патша Хрушевтің тұсында біртұтас елдік, ұйымдық белгісінен айырылып, бірі-біріне телініп, мидай араластырылған облыстар мен аудандар билік басына Брежневтің келуімен қайта жаңарып, шайқалған өмір арнасына қайта түсті. Сол ретте бір басы төртке бөлініп елу мың халқы шұбырынды күйге түскен бұрынғы Шаян ауданы Алғабас атанып, баяғы көне шаңырағын қайта көтерді.

Жаңарған аудан басшылығына көп жылдардан өзімізге етене жақын Ысмайлов Нұртаза, Жылқышиев Әбжапар, Жансейітов Әбдіраштар тобымен қайта оралды. Думанды ел, шуласа табысқан. Думанды ел мәре-сәре күй кешіп жатқан тұста жаңарап жасанған ел-жұртына тарту тартқандай өмірдің өзі де сол бір жазда бар жақсылық-жасауын көлдей шалқытты.

Ортамыздан өзі кетсе де өлмейтін сөзі, өшпейтін ізі қалған Мұхтар ағаның жүрген жер, өткен жолына іздеу салушы оның замандас, қаламдас достары мен өнер қайраткерлерінің қатары молайды. Мәскеуден Мұханның әйгілі әдебиетші достары В.Иванов, И.Падерин. Алматыдан Сәбит Мұқанов, Ғабдол Сланов, Жәрдем Тілеков, қаһарман Қасым Қайсенов, Рахманкүл Бердібаев, Асқар Токмағанбетов, бұлардың ізімен көптеген жас қаламгерлер ақын-жазушылар ұлы жазушының сапары сазынан әңгімелер тыңдап аттанып жатушы еді.

Бұлардың арасында Мұхтар ағаның Шаянның өнерлі жастары жайында әңгімесін тыңдап, аманат сөзін арқалаған саз өнерінің саңлағы, көп жылдарғы арадан қыл өтпейтін жақын дос Нұрғисаның келуі өзінше бір оқиға болды. Нұрғиса жай сөйіл-серуен емес, жоғарының жолдамасымен жаңа іргесі қаланған Шаянның халық театрын Мәскеу Кремлі сарайында М.Әуезовтің әйгілі “Еңлік — Кебек” трагедиясын сахналауды қолға алды. Ерен талант иесі алыстағы аудан жастарының өнер өрісін өмір-тағдырының шырқау биігіне көтерді.

Міне, осылай Мұхтар ағадан қалған ізгіліктің ізін суытпай

мархабатты күн кешулі ел-жұртының ортасына енді оның төл перзенті, тумалы талант иесі — Қазақтың ұлттық сахна өнеріне тыңнан жол салушы сонау бір қилы күндерде он алтыға енді толған бозбала шағында өнер мен білімнің жолын қуып алысқа қанат қаққан Құрманбегі келе жатыр.

Алдын-пала жеткен хабармен тамылжыған тамыздың талма түсі мезгілінде аудан басшысы әдебиет пен өнерге ақ пейілмен берілген азамат ағамыз Әбжапар Жылқышиевтің өзі бастап Қүрекең қасына ілестірген бір топ нөкерлерімен бүгінде ел назарындағы қара шаңыраққа айналған отбасымызға келді.

Ол жылы Құрмаш ағаның алымды қыран сипатты алпысқа толған шағы. Бұдан он жыл бұрынғы алғаш көргендегі мойылдай қою қара шашын аз-аздап қылау шалғаны болмаса, нұрлы жүзі, отты жанары жайнаған бөз-баяғы қалпында. Көктемнің күніндей жарқ-жүрқ еткен жайсаң бейне өзі күнде көріп, араласып жүргендей: Уа, айналайын, қанаттарым менің, — деп кең құшағын айқара ашып жадырай-жарқырап келе жатты, жарықтық. Сол жарқылдаған қалпында күн жарығы мол түсетін кең бөлмеге өтіп, сонда төр қабырғада әсем өрнекті айналы рамада жарқыраған Мұхтар ағаның кішкене бала Мұхтарды алдына алып мейір-шуағын төгіп отырған үлкен фото-портреті алдына келіп, бір сәт басын ие тоқтап:

— Уа, қасиетіммен айналайын, жан-ағам! Бөз-баяғы дарқан қалпында отырғаның қандай келісті еді, — деп тебірене толқып тұрды.

... Біз алғаш Тәшкентте кездескенде жиырманың ішіндегі жастар едік. Ол САГУ-де аспирант, біз бір топ ел жастары қазақтың алғашқы ең жоғарғы оқу орны — ағарту институтының (Казинпрос) студенттері едік. Мұхтар бізге сол кездің өзінде қазақтың ілік алды сахна шымылдығын Шыңғыстау баурайында, Ойқұдық жайлауында он жетінші жылы жиырма жасында “Еңлік — Кебек” атты кереметімен керегесі керілген қазақы киіз үйінде ашқан заманының озық азаматы, шындағы шынардай ерек көрінуші еді. Сол зәулім биіктігімін, телегей тереңдігімен өтті бұл өмірден, жарықтық! ...Қашанда достары қауымында уақытының бір минутінде бос шығын етпейтін ағып тұрған әңгіменің адамы, осылай ұлы ұстаз жайында сөз тиегін ағыта келіп төрдегі өз орнына жайғасты.

Тамыздың таңы атқалы тағатсыз күттірген талай мезгіл

өтсе де, Қүрекенді ел-жұрты кездесуге күткен кештің қоңыр салқынына шейін алты сағаттан астам уақыт бар. Құдайға шүкір ағаны армансыз тыңдаудың бізге еншілеген сәті жетіп-ақ жатыр. Әйтсе де қызулы сөз, қызық думанды ортада сол уақыт шіркіннің сынаптай сырғитыны бар.

Алыстан аңызға күнде шалдығып келгенде жайлы орын, достары ортасында асықпай шайланып, бейне бәйге жүйріктей ширап, шиыршық атқан сәтінде оған иықтас отырған Әбжапар аға:

— Ал енді Қүреке, отыз алтыншы жылғы Мәскеуде үлкен театр сахнасында Төлегенді өлтіріп, Қыз Жібектің тұсына келіп көрсеткен кереметіңіз жайында ел ішінде аңыз көп. Ал, ақиқаттың көкесі өзіңізде. Сол оқиға қалай болып еді өзі?—деп шындалуы алмас қылыштай қылшылдап, шиыршық атқан от жүректі ағаның жан сезімін түртіп, от алдырып жіберді.

Ол сұрақ қойылғанда бұған шейін жайма-шуақ әңгімесін жалғай түсіп:

— Ол өзі ойға мың ойлағанда бір келмейтін, қиналып - қысылған сәтте бір құдайдың берген қуатымен өзінен-өзі туған ішкі жан сезімнің сыртқа атылып шыққан жарқылы еді...

Төлегенді Қосабада өлтіргесін Бекежанның қырық жігіт қосынымен “шоқпар биін” билейтіні бар ғой. Сол биді билеп болғасын қарақшылардың сахнадан кетіп, Қыз Жібектің шатыры тігілгенге шейін Алматы театрында шымылдық жабулы, он минуттық үзіліс болушы еді.

Ал, мына үлкен театр сахнасы одан мүлде өзгеше — айналмалы. Біз қырық жігіт аянбай, жан сала ойнақтап “шоқпар биін” билеп жатқанда сахнаның көрінбейтін екінші жартысында Жібектің жібек шатыры тігіліп, менің “Жібек—жаным” Бекежанын күтіп отырыпты.

Енді міне санаулы секундте жабылып қайта ашылған сахнада Бекежан жарқырай шығып, өз өнерін көрсетуге тиіс. Ал мен болсам, қырық жігіттің ортасында бөрінен ерек, бөрінен биік ойнақ салып билеген, өкпе өрекіп, алқынған жүрек жан алқымда от болып лүпіл қаққан жайдамын. Кідіріп—мүдіруге уақыт қалмаған. Режиссердің көзі шатынап берген белгісімен бір құдайға сыйынып, Жібектің айдай жарқыраған ақ шатырына беттеп, бар даусыммен шырқап өлеңдете жөнелдім...

Осыны айтып Қүрекен бейнебір жайбар ортада емес, өзін

күткен сахнасына келгендей екі қолын ысқылап, ортаға ытып шықты. Бұдан көп жыл бұрынғы жастығының жалынды шағына қайта бір оралғандай қос жанары үшқын шашып, шарт-шұрт, жалт-жұлт қимылдап баяғы Бекежанды аңыратсын келіп:

... Көп болды көрмегелі ар ма Жібек,
Отырсың кімді күтіп жадап-жүдеп.
Шын сүйсе келер кезі болмады ма,
Жездейден хабар-ошар бар ма, Жібек.

Баса алмай ішімдегі жанған өртті,
Кеп тұрмын шығаруға сыртқа дертті.
Жалынам, жалбарынам кешу сұрап,
Ерегіс кешпейтін бір іс – істетті.

Айттым ғой ерегіс бір іс – істетті
Түбіне Төлегеннің намыс жетті.
Алыста ай далада жекпе-жекте,
Төлеген қайтпайтуғын сапар шекті.

Қапыда қыбын тауып атқаным жоқ,
Түсірдім бергенінде ол кезекті.
Өзі өлді Төлегеннің аты анау,
Бекежан аударып ап, Ақ ооу мініп кетті!

Осы жерде: "Бекежан аударып ап, -ақ о-о-у" дегенге келгенде алқынған асау жүрек барлығып, арияны айқын көтеріп шырқап кетуге шарқым жетпей, тұтылатын болғансын қысылған кеудеге ауа жиып, тыныс алудың жалғыз амалы осы деп, бар қуатымды ішке жиып-ап, сақылықтап кеп күлейін. Күліп алып: "Сапар шекті-уай, хай, халалукм ләй-ләй, – деп, екпіндетіп, биік шырқап жіберіппін.

Сол сәтте жалт етіп бір қарағанда үлкен залды жарып жіберердей дуылдата соғылған қол, күлақ тұндырған гуіл ішінен сахнада есік пен төрдей ғана жерде лоджада бір топ нөкерлері ортасында үстінде өзгермейтін баяғы қайырма жағалы сүр френші жарасқан сол жағында маршал формалы Ворошиловқа қиялай бұрыла күліп, қол соғып тұрған ұлы көсемді көрдім.

Қалың көрерменнің соншалық қолпаштап қол соққанынан қанаттанып, рухым биіктеп, өз рөлімді аяқтап аяқты алшаң басып тыныс бөлмеге өткенім сол еді, бір жағы бас режиссер Жұмат аға, екінші жақтан Нарком Жүргенов Темкеңнің өзі ақырзаманды төндіріп қыспаққа алып берсін.

— Ей, есің дұрыс па, өзіңнің?! — күрттың ғой, бәрін. Сценариде жоқ қайдағы бөлені қайдан шығардың? — Адам өлтірген адам да ару қыздың алдына келіп, мәз болып күле ме екен? — Бұндай сұмдықты саған ешкім де кешпейді, — жазаңды аласын деп жекісін келіп.

— Әу, ағатай-ау, күлейін деп күлген жоқпын ғой, мен. Әлгі биден соң тыныс алуға бір минут та уақыт болмады. Дауыс көтеруге дем жетпей қалғасын ауа жұтқалы күлкімен "Пауза" жасаудан басқа амалым қалмады деп ақталып жаттым. Енді "болары-болды" деп алдағы күннің сый-сыбағасын күттік.

Бірақ біз күткен сый-сыбаға кеше кеште Темкең мен Жұмат аға орнатқан "ақырзаманнан" мүлде өзгеше жасалып жатыпты. Мәскеудің ол таңы біздің кірбең шалған көңіл-күйімізді көкке көтерген нұр шұғыласымен жарқырап атты. Күннің шығуымен қолдарында дестелеп газет ұстап сүйінші сұраған достарымыз төгіліп келе бастады. "Правда", "Известия", "Ком Правда", "Труд" атты ең ірі күдіретті газеттер бірінші беттерінде мен орындап берген "Бекежанды" көкке көтеріп, шыңға шығарыпты. — "Тек нағыз қарақшы (настоящий разбойник) құрбандығы үстінде, сұлу қалыңдық алдында осылай масайрап, осылай өз жеңісінің салтанатын көрсетпек" — деп мадақтапты.

Тіптен Үлкен театрдың бас режиссер-директоры Москвиннің кербез келіншегі әйгілі сахна сараптамашысы Полина Петровна газет тілшісіне айтқан сұхбатында:

"Жибек мила, но она дура, я бы на ее месте пошла бы за Бекежаном. — Он истинный герой! Искренний, мужественный" деп бағалапты, дегенді де есіттік.

Өзге жатса да өрелі сөздің қайранда қалар жері жоқ. Сол мадақтаулардың шын шапағаты анығында өзге емес, Кремль төрінде отырған ұлы адамнан шыққаны да там- тұмдап бізге де жетіп қалған еді. Шапағаты сол, өнер жұлдыздарын марапаттаудың жарлығының жобасы алдына барғанда жарықтық әйгілі темекі трубкасын түтіндете отырып ұзын тізімнен" нағыз, таза қарақшы Бекежанды" іздепті дейді. Оны тізімінің ең соңында "Еңбектегі ерлігі үшін" медалін алатындар тобынан көріп: — "Это не справедливо" деп, "медаль" деген сөзді қызыл қаламмен сызып тастап "Орденом трудового Красного знамени" деп өзгертіп қолын қойған екен.

Бұдан біршама жылдар өткенде Ұлы Отан соғысынан кейінгі қазақ өнерінің шырқау шыңы – “Біржан-Сара” операсы Мәскеуде үлкен театрда қойылды. Осы операны гер төгіп, сахнаға шығарған Жандарбековке бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлық берілді. Бұл жұлдызы биік жарқыраған өнер мерейін қалың қазақ тойлады.

Ел еркесі халықтың Құрманбегі, міне, енді сағынышы сарғайып елу жыл күткен туған жер, өскен ортасына оралды. Жай қыдырма емес, елу жылғы өмірде жүрегінен сарқылмаған сағыныш, өшпеген сүйіспендігінің от-жалынымен оралады.

Өзі балалық, жастық шағының өшпейтін ізі қалған Қаратау мен дарқан даласын, онда жаңа өмір жайлауында ел-жұртын армансыз шарлады.

Ардағын, азаматын көреміз, сәлемдесеміз деп, ауыл орталығына ағылған қалың жұртты ол кез шағын клубтарға сыйғызу мүмкін емес. Ол дарқан дала ашық алаңдарда жұлдызды аспан астында әр тұста жарқыраған от алауы астында тұрып ел-жұртына жалынды жүрек, кең кеудесін кернеген сағыныш сазымен асқақтаған әнімен сәлем-шашуын шашты.

Сағынып туған елім, аспаныңды,
Алдыңа әншің келді асқақ үнді.
Барыңша қалың жұртым, басымды ием,
Қабыл ал, әнмен амандасқанымды.
Ақ ооу, туған елім, еркең едім,
Келіп түр есейсем де, еркелігім.
Шарықтап өзіңде өтті, бала шағым
Өткіздік талай күнін тамашаның,
Орнапты көркем ауыл, сәнді қала
Алдыңда жарқын өмір, болашағың.
Ақ оооу тұңғыш елім, еркең едім
Келеді қартайсам да еркелігім!

Сол сапарда, сол бір ұмытылмас күндерде Қошқар мен Талдының жасыл жағасы, буырқанған Боралдайдың биігінде айлы кеш, айдыналада тұрып шырқаған Құрманбек ағаның асқақ дауысы қырдан қыр, белден бел асып, Сенгірдің баурайында ұлы дәуір жырын жырлап, толассыз сарнап жатқан тау өзенінің сарынына ұласты. Қаншама замандар таңын өткеріп ағындаған мәңгілік өмірдің өзгермес, өшпес.

Балабөген, қазан, 2005 ж.

ЕЛ ПЕРЗЕНТТЕРІ

ҚАБЕКЕҢ АЙТЫПТЫ...

1. Сиқымның бір атасы алакүшік

Сиқымның бір атасы — Алакүшік төңірегінде ел ішіне тараған әңгіме көп. Қайсыбір намысқой ұрпақтары атасының “Құдайдың өзі берген” күлкілі Алакүшік атынан қашып, сұрағанға сиқымбыз, — дейтін көрінеді.

Бірде үлкен жолда ат үстінде келе жатқан көрие жол-жөнекей жолы кездесіп, сәлем берген жігіттен:

— Қай туғансың, балам, — депті.

— Сиқым боламыз, ата, депті жігіт.

— Сиқым көп ел ғой, оның қайсысынан едің?

— Сол көп елдің біреуімін, ата.

— Біреуі болғанда, әлгі, Боралдай күнгейінде аз үйлі Асан болушы еді...

— Асып кеттіңіз, сол жақта қалды, ата.

— Жоғары Ақсу бойын көп шуылдақ жайлаушы еді...

— Ол емес, өрлеп кеттіңіз, ата.

— Оу, қалай болғаны, әлгі көмешті қыстайтын қалың тоғатайдан шығарсың?

— Сәл төмен, бөріде қалды, ата.

— Еее, енді білдім, әлгі, Теспедегі Алакүшіктен екенсің ғой, балам.

Жігіт жауап орнына күлімсіреп басын изепті. Сол жарықтық атамыздың аты жел сөзге желі болғыштығы сонша, Баукең аға (Бауыржан Момышұлы) сөз арасында:

Сиқымның бір атасы Алакүшік,

Аулындағы үлкені Қара пұшық.

Қатындар қазанына әзір болғын,

Кетпесін Алакүшік жалап ішіп — деп, әндете гүрілдеп отырар еді.

Ағайынның өзгеге айтар өкпе-назы жоқ. — Атамыздың Алакүшік атының өзі өзіл-әжуа, күлкіні “мен мұңдалап” өзі шақырып тұрғасын, сол көңілдің көркін ашатын зілсіз, таза күлкілі жайды одан әрі көркемдеп, әрлендіре түсетін атаның шын ұлдары шүкір, әулетінде баршылық. Солардың бірі де, бірегейі атасының Алакүшік атын дәріптеп, ұшпаққа шығарып

жүрген белгілі ел азаматы Қамбар Аманқұловты бүгінде кім білмейді. Сонымен Қабекең айтыпты.

2. Космосқа бірінші болып жол салған (Космонавтар ауылы)

Қамбар билік қызметіне тым жас, комсомол кезінен ілінді. Жиырманың ішінде ауданның екі ұстыны дейтін екі шаңыраққа алма-кезек ауысып, екеуінің де төр жағында отырды. Ол кезде күн құрқатпай исполкомде мәжіліс, аупарткомде бюро. Онда жайбар сөз, жайлы кеңесу кейде қызыл кеңірдек, көк кеңірдекке жалғасып жатпайтын ба еді. Бұдан мезі болған жұртқа күлкі керек. Оның нәрі де, дәні де қашанда дайын тұрар Қамбардың сөзі.

Ол күнгі бюро ұзаққа созылып, совет елі космосқа Гагаринді ұшырып, даңқы жер жүзінде дүрілдеп тұрған 61-дің жазы болса керек. Ыстық бөлмеде қамалған жұрт, таза ауа жұтқалы тысқа шығыпты. Біреулер темекі шегіп, енді біреулер өзара әлденелерді сөз етіп, күңкілдесіп тұрғанда, бір шеттен. “Бұл өзі әділдік қайда!” деген Қамбардың биік даусы естіліпті. Жұрттың бәрі жалт бұрылып, не айтады деп, сөзді доғарып, соған қарапты.

— Бұл өзі, жігіттер, мен білсем, жақын арада коммунизм болмайды. — Өйткені бізде әділдік жоқ! Жоғарыда арқа сүйер бір туысың болмағасын, көрген күн осы ғой. — Елдің бәрі Гагарин, Гагарин деп шулап жатыр. Ал, шындығында космосқа бірінші болып жол салған — “Алакүшік емес пе еді...”

Алғашқыда әңгіменің не екенін аңдамай аңтарылған жұрт бұдан жыл бұрын арнайы космикалық корабльмен ғарышқа жол тартқан әйгілі “Лайка” атты ала күшік есіне түсіп, ішектері үзілгенше күліпті.

Сол күндері түскі шайда “Огонек” журналының “Лайканың” суретін басқан соңғы бір номерін оқып отырып Қабекең, өзінің алты жасар қызы Әлияға: — Қызым, мына суретті жерге тастама, ләжі болса рамаға салып, биік жерге іліп қой. Бұл біздің туысымыз, — депті.

“Сағанақтан шыққан сөз, қас қаққанша сары белден асады” — деген ғой. Қанатты сөз қалықтап талай елге тараған. Содан бері алыста, тау ішіндегі Сиқымның бір атасы — Алакүшік ауылын, көршілері Космонавтар ауылы деп атап кетіпті.

3. Тырнағы бар, тісі бар

Қамбар Шаянда қызмет етіп тұрған 58-ші жылдың көктемі аласапыран жаңбыр, қызыл тасқынмен елге көп әбігер әкелді. Аупартком бюросы жүріп жатқанда тау елінен колхоз бастығы Төребек телефон соғышты. Хабары жайсыз, өткен түні тау өзенінің суы кенет тасып, біраз үйдің мал-мүлкі суға кеткен. Тек құдай ондағанда, адамдары аман қалыпты.

Бұл хабарды естіген бірінші хатшы Ысмайылов Нүрекең (Нұртаза) сол ауылдан өскен азаматтар ғой, елге көмекке алдымен осылар барсын, — деп бюро үстінде екінші хатшы Қабекен мен осында отырған облыстық газет тілшісін жұмсапты.

Бұлар асығыс жолға жиналып тілшінің үйіне келсе, таудан жеткен жайсыз хабарды естіп қалған осы үйдегі сол таудағы Шоқай аулының қызы Шырынкүл:

— Ойпыр-ай, Қамбар-ай, біздің атамыздың үйі өзенге таяу еді. Аман ба екен, таудағы елдің не хабарын білдіңдер, — деп сұрапты. Оған Қабекен:

— Ой, Шырынкүл, бүгінде әркім өз басын қамтып жатқан заман ғой. Біздің ағайындар құдайға шүкір, тырнағы бар, тісі бар. Талға жармасып, тасқа жармасып қалып жатқан көрінеді. Амал-айласыз, суға бөгіп қалған сендердің шоқайларың екен ғой, — депті.

4. Борлысайға берілісін

Ысмайылов Нүрекең ауданды билеп тұрғанда, жоғарыға мәселе қоя жүріп, ауданда бір сегіз жылдық мектепті орта мектеп дәрежесіне көтеруге рұқсат алдырған екен. Оқу министрлігінен мектеп Алмалы ауылына берілісін деп келсе де, исполком мен аупарткомда әрқилы пікір туып, ол бюроның шешуіне салынса керек.

— Мектеп Алмалы ауылына деп атап берілген ғой. — Неге бермейміз, — деп шырылдапты бюро мүшесі сол ауылдың қызы Тоқтамысова.

— Жоқ, ол болмайды. Елдің ең көбі Глинкода, мектепті Глинкоға беріңдер, — дейді сонда тұратын аймақтық хатшы Тәукеев.

— Шалдар совхозы қаладан келетін үлкен жолдың бойында.

Жоғарыдан келетін басшы кісілер соқпай өтпейді. Осы жағын ескеріп, шалдарға беру керек қой, — депті бұл ауылмен ілікшатысты Әлжанов.

Осының бәрін үнсіз тындап отырған Қабекең қол көтеріпті.

— Иә, Қамбар не айтатын едің, — депті Нүрекең.

— Меніңше, депті сонда Қамбар, дауысын созып, көтере сөйлеп, бұл мектеп Борлысайға берілсін! Қабекеңнің сол ауылда туып-өскенін білетін олар, бөлмені басына көтеріп, шуласа кеп күліпті.

— Жарайды, бәрі түсінікті, — Мектепті арнайы келген орны Алмалы ауылына қалдырайық, — деп қорытыпты Нүрекең.

5. Оңай шешіледі

Әйгілі оңтүстік сапарының тұсында ардақты Мұқан (М.Әуезов) Шаян еліне ат басын талай бұрған ғой.

Соның бірінде Мұхаң тоқтаған Қамбардың үйінде ұлы жазушыны ортаға алып әңгіме-дүкені қызып, аралықта өн шырқалып жатыпты.

Ұлы адамның елге келгенін кім білмейді.

— Осында кітаптарын өзім сүйіп оқитын ең сүйікті жазушым Әуезов келген екен, — Көруге бола ма, — депті бір әйел.

— Болады, келіңіз, — депті Қамбар.

Келген әйел — ауданға тың игерушілер қауымында, соңоу Грузиядан келген, өзі қазақша жатық сөйлейтін, екі сөздің бірін “айналайын” дейтін бір ақкөңіл жан, дәрігерлік сестра София Сихарулидзе екенін естіген Мұхаң, — оған ілтипат көрсетіп қасына шақырыпты.

Әңгіме барысында бұл әйелдің ел десе ішкен асын жерге қоятын, күн-түн демей, үй аралап, сырқауларға шипа жасап жүретінін естіп, Мұхаң Қамбардан:

— Осында қанша грузин тұрады деп сұрапты.

— Осы бір кісі ғой, Мұха депті Қамбар.

— Ауылдық кеңестеріңе қанша депутат сайланған?

— Елу алты ғой, Мұха.

— Осынша орынның біріне осы кісіні сайлатсаңдар болмас па еді?

— Ол оңай шешіледі ғой, Мұха. Ол үшін мені ауданға бірінші етіп сайлатып қойсаңызшы, — депті Қамбар.

6. Қолды бір-ақ сілтепті

Қабекең Созақта хатшы болып тұрғанда Құмкент пен Жарты төбе совхоздары арасындағы бір жер дауы бітпей-ақ қойыпты. Өзара келісе алмай жерді бірі адымдап, екінші жағы метрлеп өлшеп, текетіреспен бітісе алмай жатқан екі ауылдың ортасына “Сен бармасаң болмайды” деп бірінші хатшы Қабекеңді жіберіпті.

Қабекең келсе екі жақтың бетке ұстар мықтылары жиылып, бір төбенің басында көкезу ерегісте үжгілдесіп тұр екен. Қабекең олармен амандасып, төбе басынан айналаға қарап біраз тұрыпты да:

— Сонау көрінген қай төбе, — депті.

— Ол ма, ол Жарты төбе, Қабеке.

— Ал, анау көрінген ше?

— Ол Құм төбе, Қабеке.

— Ал мына жатқан сай ше?

— Ол ма, ол Шилі өзектің сайы ғой...

— Ендеше Жарты төбе — Жарты төбенікі. Құм төбе — Құмкенттікі. Орта шекара — ортада жатқан сай болсын, — деп Қабекең қолды бір-ақ сілтепті.

Осының бәрін көз алмай бағып тұрған Құмкенттен келген даубасының бірі (ауыл кеңесінің төрағасы) Берденов Кенжекең қария:

— Ойпыр-ой! Не қылсаң да, баланды секретар ғып туғызу керек екен ғой. — Бұлар қолды бір-ақ сілтейді екен ғой, — депті.

7. Қор болған жіліктер-ай

Облыстың бір үлкен кісісі келіп, аудан басындағы бетке ұстарлар кешкі шайда оны ортаға алып аузына қарап отырған көрінеді.

Қайда жүрсе сыйлы, дастарқан дайын, қарын тоқ басшы шайды самарқау алып, ұзақ әңгіме шертіпті. Үлкен кісі сөйлеп отырғанда ауыз жалпылдап ас жеу де қиын. Әдеп сақтап, сызылған жұрттың алдында табақтар толы сом-сом мүшелер ұзақ тұрып қалыпты.

— Қап, депті сонда Қабекең, — қасында отырған бір жолдасына күңкілдеп. — Қор болған жіліктер-ай! Біреуін көлденең тістеп, далаға шығып кетсем бе екен. Күресінге апарып азуға салғанға не жетсін, — депті.

8. Аласына тиме

Бір жылы көшеде бұралқы иттер көбейіп, арнайы шыққан бригада тор тастап, мылтық алып, ит аулап жүрген көрінеді. Соларға кездесе кеткен Қабекен:

— Ей, ағайындар. Әркімнің ағайыны өзіне қымбат, аласына тимеңдер! — депті.

9. Құйрығын көрмедің бе?...

Алматыда оқу бітірген Қабекен өнеу бір жылы аудандағы ең іргелі шаруашылық — “Партсъезге” партком хатшысы болып сайланды. Өзі сонда, үй ауданда, іс кеңседе. Қалың қағаз үстінде отырғанда оған ауданнан бір журналист жерлес жолдасы кепті.

— Біраз шаруа көріп, ауыл аралап қайтсақ қайтеді, — депті жолдасы.

— Мақұл барсақ-барайық, жарты сағат көшеде жүре тұрсайшы, мына қағаздарды бітіріп тастайын, — дейді Қабекен.

Жолдасы көше бойы — сауда дүкеніне кірсе, сөренің арғы жағынан бір шырайлы жігіт жүгіре шығып елпілдей сәлемдесіп. — Көке, қашан келдіңіз. Мұнда қанша боласыз? Үйге шайға жүріңіз, — деп бәйек бопты.

— Рақмет қарағым. Жаңа келдім. Елге шығамыз, уақыт гар ғой, тағы бірде реті келер, — депті, Қабекеннің жолдасы өзін жыға танымаған жас жігітке “сәбеңшелеп” сыр бермей.

— Өнеу бір магазинге кіріп ем, бір жас жігіт “көкелеп” тұр ғой, Қамбар-ау. Кім еді өзі депті Қабекеннің жолдасы.

— Соны да білмедің бе, құйрығын көрмедің бе? Жайтандап бұлғап тұрған жоқ па, — депті.

10. Арызды жазда жазыңдар...

Қызылқұмды басқарып жүрген қос басшыны қосақтап, обком бір бюрода орындарынан алыпты. Жазып қалғаны — “Экономика гөмен” ал, Қабекен болса, жомарттық жасап бір жолдасына кезексіз жеңіл машина алуға рұқсат қағаз беріпті.

Жағдай солай болғасын сары аязы сықырлаған желтоқсанның ішінде бұлар көш-көлігін артып жатқан көрінеді. Шығарып салуға көп жұрт, көршілері жиылып, жол болсын айтып жатқанда, қашанда жанашырлықпен жалбырап жүретін Ақбол апай келіп:

— Шырағым, Қамбар-ай, сендерді қойшы, өкімет қызмет

береді ғой. Бәрінен мына қыстың іші қырауда оқып жүрген балаларыңа қиын болды ғой. Мектептерін де бітірмеп еді, — депті. Сонда Қабекен:

— Оныңыз дұрыс қой, апай. — Оны аналарға айтпадыңыз ба? Әй, балалардан обал болады, арызды каникулдың кезінде, жазда жазындар! — деп...

11. Енді ешкімнен сұрамайтын болдық...

Ауданнан алынған Қабекенді обком “Тәжірибең бар, жөндейсің” — деп сары дала салқарында жатқан астығы мол “Дарбаза” совхозына жолдапты. Қайда барса бір жұмыс, қағажу жоқ — қайғы жоқ, көңілі сергек Қабекен, — бәзбаяғы қалпы кідірмей іске кірісіп жатса керек. Сонда жаңа орынға құтты болсын айтқан бірер достарына Қабекен:

— Мұның өзі бір жағынан дұрыс та болды. Бұрын алақан жайып әлдекімнен сұрап жеуші едік. Енді бәрі қолда, алып жей беретін болдық қой, — депті.

12. Сізге енді, осы да жетеді

Қабекен қызылқұмдықтармен қош айтысып, “Дарбазаны” басқарып тұрған күндер екен. Бұрын облыста үлкен үштіктің бірі боп, елге айтқаны жүріп дүрілдеген, бүгінде шағын бір шаруа мекемесін басқаратын қарқыны мықты жұрт “Төке” дейтін көкеміз хабар айтпай, талма түстің кезінде төбеден түскендей келе қойыпты.

Айттырмай келген қонаққа анау айтқандай әзірлік қайдан болсын. Түскі шайдың кезінде Айназым жайған дастарқаннан самарқау дәм татып, салқындау отырған көкеміз:

— Ай, шіркін күндер-ай, кешегі дәуірлеп тұрған кезде кімсің, Төкең келе жатыр, деп қойын сойып, қоғадай жапырылатын жұрт, бүгінде сұйыла бастағаны осы да, емесе Қамбардың үйі сондай үлкен ағасын дәл мынадай қуырдақ-суырдақпен сыйлайды деп кім ойлапты, — деп дүрдиген екен.

Сонда Қабекен ойланбастан:

— Ол Төке, сіздің дүрілдеп тұрған кезіңізде болған. Мен мәселен сіздің мына қазіргі дәреже-жағдайыңызға осы да жетеді — вполне нормальный деп есептеймін, — деп, қонағының бетіне бадырая қарап, әзілі жарасқан ағайынды екі дос үйді басына көтере кеп күлген екен.

13. Машинаны көрнекті жерге қой...

Қабекен Созақта хатшы болып тұрғанда қалаға өтер жол үсті Шаянға, осындағы бір жақын жолдасына сәлем бере бұрылған екен. Үйдегілер тысқа шығып, жапырласа амандасып жатқанда Қабекен шоферына бұрылып:

– Машинаны тасаға тықпа, ел көретін көрнекі – көше жаққа қой. Мына үйде Созақтың басшысы отыр деген сөздің өзі не тұрады. Мыналар бедел алып қалсын, – депті.

14. Елдің өсегіне қалмайық

Қамбар жол-жөнекей Темірланда тұратын бір сыйлас інісіне тоқтаған екен. Сәлем берейік деп інісінің біраз дос-жарандары қатарына қаздай тізіліп, көлденең көбік сөзді көбейткен көрінеді. Сонда шай үсті әңгімеде әлгілердің қауымында біршама отырып қалған Қабекен, шоферына:

– Әй, машинаны от алдыр. Арыстандай Аманқұлов өңшей арзымайтын майда-шүйделердің ортасында бақандай бір күнін өткізіпті деген елдің өсегіне қалмайық, – деп жөнелген екен.

15. Радио неге керек

Қызылқұмда аудан басқарып тұрғанда Қабекен осы жақта өне бір жылдары совхозда партком болған, аузынан әңгімесі ағып тұрған бір жолдасымен ел аралауға шығыпты.

– Қап, магнитофонды кеше жөндеуге беріп ем. Радио тындай алмайтын болдық-ау деп қынжылған шоферына:

– Бұл сапарда радио не керек. – Отыр ғой, міне, деп қасындағы досын көрсетіпті.

РАЙЫМБЕК АҒА

Сол бір қызуы мен қызығы мол күндерде өркенді өмірдің жолын бірге кешкен сыйлас та сырлас алдағы аға, жақын достар бейнесі өшпес қалпы әрдайым көз алдымызда. “Өмір озғанмен, көңіл тозбайды”, – деген сол, қаншама жылдар өтсе де, жүректің шыңы, көңілдің төрінде қалған сол қымбат жандар бүгін де қанаттас, қатар жүргендей күй кешеміз. Сағыныш сазымен естен кетпес аға-достарымыздың қатарында мына кең дүниеде бәйтеректей алыстан көрінетін ер көңілді, нар тұлғалы Райымбек Әпсейітов ағаның орны ерекше еді.

Ойлап көрсем, сол бір ұмытылмас кездесіп-табысқан күндерден бері аз-кемі жоқ елу жылға аяқ басыпты. Елу алтыншы жылдың тамылжыған тамыз айының басы еді. Облыстық газеттің Әдебиет-мәдениет бөлімінің жайлы орындығына отырғанымда бас редактор Байтұрсынов Мәди ағайға шақырылдым. Кейінгі жастарды “Қалқам” деп ішке тарта сөйлейтін жайлы-жұмсақ мінезді парасатты кісі күнелкі тапсырма емес, әлденені кеңескісі келгендей, мені жарқыраған алтын жиекті көзілдірігі үстінен барлай бір шолып: “Отыр, қалқам, өзіңе айтар сөзім бар еді”, – деді.

– Өмір тану, ой-өрісін кеңейтер, айтары, жазары бар жастарға ел ішінен, халық арасынан артық мектеп жоқ. Бір жыл барысында бөлімде біраз істі атқардың. Өз тарапыннан тәуір нәрселер берерінді аз да болса көрсеттің. Алтын кеніш ел ішіне шығып, тұрақтап, теріскей аудандар тобында қызмет етуге қалайсың? – деді. – Егер қарсы болмасаң, өз қалауыңша Созақ, Шаян, Темірланның біріне алып барып табыстырып қайтамын.

Тауда туып, аңыраған ашық далада өсіп, қаланың қапасында қамауда отырғандай хал кешулі маған ағаның мына сөзі қанат беріп, алыс биіктерге шарықтатып жібергендей, көңіл-күйімді дариядай толқытты.

– Жарайды, аға, солай деп сенім артсаңыз, елге көшуге дайынмын. Қатар жатқан үш ауданның ортасы Шаянда тұрғаным оңтайлы болар...

– Бәрекелді. Жағдайды жақсы түсіндің, қалқам. Бүгін іс қағаздарыңды, игерілмеген хаттарды анау Мәтжанға өткіз. Ертең ертелеп жолға шығып кетеміз.

Міне, біз Шаянда, аудан басшысында отырмыз. Бірінші хатшы бұл ауданға облаткомдағы басшы қызметтен келген, бұрын Көкшетауда облыстық партия комитетін басқарған Темірболат Сәрсенов тік мінезді, кесіп айтар сөздің адамы. Мәкеңмен кеңесіп, түсініп алғасын қоңырауын басып, қол астындағы бюро мен испокомның мүшелерін шақырды.

Хатшы бөлмесіне өзіме бұрыннан таныс атком төреғасы Нұртаза Ысмайылов, оның орынбасарлары, Сәни Әлжанов, Әубәкір Әбентаев пен бірге аяғын алшаң басып сымға тартқандай тіп-тік, жеке бөйтеректей биік тұлғалы, айналаға қияндағы қырандай шаншыла, барлай қарап, өткір жанарлы

жігіт ағасы келіп кірді. Бұл аудандық комитеттің екінші хатшысы Райымбек Әпсейітов аға еді.

Мені таныстыра бастаған Мәкеңнің сөзі табан асты жан-жағынан килігіп, жамырай сөйлеген желестердің қоштап-қолпаштауына жалғасып, соңғы жағы қалың көңілді күлкіге ұласты. Олардың бірі:

— Сізге көп рахмет, Мәке! Өз баламызды өзімізге алып келіпсіз. Тек тауға кіріп, атбегі, құсбегі, аңшы әке-көкелеріне араласып, таптырмай кетпесе болғаны, — десе, екіншісі:

— Тіптен жақсы, тауға қарап өсетін тауда туған тастүлек ұрпағының өз жері, өз ортасына табысқаны онды болды. Ит жүгіртіп, құс салып, аластырып кетеді, деп босқа дүрлікпендер. Еркінбекті маған тапсырыңыз, Мәке, мыналарға қырда көрген шын сөзімді өткізе алмай қор болып жүр едім. Енді, құдай қаласа, екеу болдық. Мұны қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмаймын, — деп жаңа көрген Райымбек аға мені өз жағына үйіріп алды.

Солай, қатарынан алты жалды алған қаладағы жіпсіз байлаулы мезгілден соң ел ішінде еркін шарықтайтын “қаңғыбас” қаламгерліктің шетсіз-шексіз еркіндігіне шығып алғасын, бергі жағы ежелгі Сейхун, бүгінгі Сырдың суынан арынды Арыстан бастап, қалың қатпарлы Қаратау, құм мен Шудың бойы, Бетбақтың бетін шарлап, Арқаның Жетіқоңыр — Сарыарқасына ұласқан ұлан өлкені армансыз шарлаудың күндері туды. Енді сол Қаратаудың күнгей-теріскейін тұтастай алып жатқан ел мен жердің өткені мен бүгінін көзбен көріп, ой сарабынан өткізудің сапар жолында мені өзіне тұтастай баурап, жолбасшы, кеңесші, ең жақын жанашыр кісі ер көңілді, сері аға Райымбек болды.

Дариядан Арқаға ұласқан бұл ұлан өлкеде қалың елдің ол кездегі үлкен кәсібі — тау мен даланы кернеп ызғып жатқан төрт түлік мал. Қазақтың жаны мен малы бірге екені, қадімнен қанға сіңген ата кәсібі болғасын темірқанат-сарыауыз қара қарғатайынан бір мүшесін соғыста оққа шалдырған, қантөгіс майданның жолын өткен ардагер, ағалар, қырдың катал ыстық-суығында шыңдалып, өмір өрін еңсерген селеу сақалды аталарға дейінгі елдің барша қажыр-қайраты, бетке ұстары осы ұлан-ғайыр ұлы істің басында.

Солай болғасын аудандағы үлкен үйдің қос қанаты райком мен исполкомның ала таңнан көз ұйқыға кеткенде шейінгі

айтар жыры, тербетер күйі де өріс, жайлау, қыстау, мал мен малшының жайы. Өзі от жалынның қалың ортасынан шыққан кешегі жас майдангер азамат бұндай қалың істен қалайша тыс қалсын?! Райымбек аға қашан да сол қалың қан-доданың қақ ортасында еді. Өзі іске, жолға, саяхат-сапарға жаралған адам райкомдағы күн ағымында таусылмайтын мәселе мен мәжілістен “бұйда үзіп” шыққан бетте телефон тұтқасын көтеріп:

— А, Еркінжан! Әлгі жеке-ауыз сармойынды сайлап, дайындала бер. Етектегі елден Майбұлақ тау тарабындағы отарларды шолып, Мойынқұм, Үшкөкшедегі қыстауларға дейін барып қайтамыз. Құдай қаласа жазарға да, атарға да бір кенеліп қайтасың, — деп, онсыз да сапар жолды сағынып, құстай түлеп отыратын мені ағаның ашық-айқын көтеріңкі даусы тұтастай баурап, ерекше бір күйге салар еді.

Сол сапар жолымызда Райымбек ағаның ұлы табиғатқа, елге, елдің әрбір аяғын тік басқан адамына деген шексіз сүйіспеншілігі, жарқыраған жан тазалығы, бауырмалдығы мені риясыз көңілден өзіне ерекше жақындата түсетін.

Қашан, қайда жүрсе де бірінші кезекте адамның, еңбеккер жандардың, әсіресе, бала мен үй тірлігінің таусылмайтын тауқыметін көтеретін әйел затына деген ыстық ықыласы ерекше жарқырап тұратын еді. Шопандар отбасына барғанда сол үйдің отын-су, ас-ауқат, киер киіміне дейінгі, әсіресе, қыраулы қыс күндеріне сайлығы Рекеңнің қырағы көз қарағынан өсте шеткері қалмайтын еді.

Елге шыққан саяхат-сапардың жолы адам тағдырына қатысты сан алуан оқиғалы жайлар, көз-көңілді толқытып қолға қалам алдырары — жазбагер өмірінің өз заңы. Райымбек ағамен бірге жүрген күндерде көп жайларға кенелген, аса бай материалдар желісінде жазылған, ерен еңбегімен кеуделері орден, медальға толған әйгілі Әмірбек, Жұпарбек, Дөнбай, Адырбек, Айдынбай, Патсахан, Керімбек, Мыңбай сынды мейталмандар жайындағы көркем очерктер дүниеге келген еді. Бұл шағырмалар жетпісінші жылы “Қазақстан” баспасында басылған алғашқы “Келіншеқтау” атты кітаптың өзегі болды.

Осындай қым-қуыт науқандық аттаныстың қалың ортасында жүрсе де, арасынан саңлау тауып, түз жыртқышы көкжал бөрілердің ізін кесіп, маң далада маңғаз өрістеп жататын қыр дуадағын торуды өсте естен шығармайтын еді, Рекең.

Мұндай кезде аңшылықтың жүрген жері қашан да айтушы мен тыңдаушысы арасында қым-қуыт қайшылықтар тудыратын күлкілі жайларға толы. Аңда жүргенде көз көрген, өзін бастан кешкен небір қызықты жайлар қайсыбір қызбалықпен қызықтырып, көпіртіп, қосып айтатын бөспелердің қырсығынан нағыз таза аңшы-мергеннің шын сөзі зая кететіні бар.

Сондай бір күні Шолақ адыр-Сорбұлақтың қырқасында шын мергендікпен кіші калибрлі винтовкамен түсірген дуадақтың бір зор ата қоразын әдемі әңгімелеп:

— Япыр-ай, шалқасынан түсіп, екі аяғы серендеп құлап жатқан дуадақтың бір зор көкмойын қоразын алып қарасам, тұла денесінде оқ тиген жарақаттың ізі жоқ, дін аман екен. Шопыр екеуміз таңданып, табанынан тақыр төбесіне дейін ерінбей-екшеп көрсек, мына қызыққа қараңыз, мелкаштың оғы қораздың тақыр төбе сүйегінің иненің жасуындай жерін қырнап, рикешетпен тайып кеткен екен. Оның себебі, о бста қораздың етін бүлдірмейін деп, оны бастан көздеп едім, — десе, Рекеңнің тыңдаушысы, мергеннің әр сөзін аңдып, қалай да ши шығаруды ойлап отырған қылжақпас Қасымбеков:

— О, қойсаңызшы, Реке, сіздің оғыңыз далаға кеткен. дуадақтың “қояншығы” ұстап қалған есалаң біріне кездескенсіз ғой, — деп ежіктепті.

— Шын сөзде ақы-пұлы кетіп бара жатқандай алқымнан ала түсетін осындай көкезу шатаққорды көргендерің бар ма? — деп рахаттана күлер еді ағамыз.

Түз бен үйде әзіл-күлкіге, әсерлі әңгімеге шек қоймай өмірдің өрісін думандатып жүретін Рекең партияның шегендеулі-шектеулі ресми ортасында барынша айқын, талапкер, қатал тәртіптің адамы еді.

Бірде, райкомда бір кездескенде Райымбек аға алдына шақырды. Бардым. Рекең ашулы, қатулы.

— Бізге газеттің білгір маманы деп мадақтап, обком жіберген мына Оспанұлы, Сарыбаев дейтіндер барып тұрған сыңар езу эгоист болып шықты. “Партияның тілі” деп бетке ұстап отырған алақандай газеттің бірінші бетіне Москвада кешегі өткен ЦК Пленумының хабарын бермей, бірі “Нағашыма”, екіншісі “Анама” деген өлеңін басыпты. Нағашысына газетпен өлеңдетіп хат жазатын партияның газеті оның ата мұрасы емес қой. “Бұларың қалай?” деп нұсқаушыны жіберіп сұратсақ:

“Бұлай сұрақ қою, “дарынсыздардың талантқа қарсы авантюрасы”, ондай авантюраға біз көне алмаймыз”, – депті. Мен бұл мәселені РК-ның кезекті бюросына қойғалы отырмын, – деді.

Мен шартылдап ұшқын атқан шым болатқа шақпақ тастың кез болғанын сездім.

– Оспаулы сынып кетуге бар, иікпейтін мінездің адамы, байқаңыздар, – дедім.

Иә, осыдан кейін секретарь мен редактор арасының сызаты қайта желімдеуге келмеді. Қайтпайтын, асау редактордың орнын оған мүлде кереғар “жалпақ табан, топай торы Нияз шері” атанған Шернияз Серімбетов алмастырды.

Өзі райкомда екінші, ал үйдегі Жансейітова Алтын апай да (жұбайы) исполкомда мәдениет, ағарту, сауда саласын басқаратын төраға орынбасары, осал емес, екінші тұлға.

Көп жағдайда сөз иесі партия болғандықтан Рекең:

– Ауданда оқу, медицина саласының материалдық жайы ақсап жатыр. Мына Жансейітова жолдасқа талапты қатайтпаса болмайды, – деп мәселені тікесінен қоюшы еді. Райымбек ағаның орынды көтерген қатаң талабынан бюро, мәжіліс атты ресми жиындарда талқыға түсіп, теперіш көрсе де Алтын апай ағысқа қарсы келмей, істі жедел ширатуға кірісіп жатушы еді.

Сол аумалы-төкпелі толқымалы заманда “партия солдаттары” азамат атаулының “ұшарын жел, қонарын сай білген” кез. Алтын апай аудандағы ірі “Шалдар” совхозының партком хатшысы, Райымбек аға сол елдегі Абай орта мектебінің директоры болып аудан ішінде қоныс аударды. Шалдар ауылы Түркістанға өтетін ежелгі күре жолдың үстінде тұрғандықтан елге келген қонақтар көбіне осында аялдап аттанар еді.

Сол ретте, алпыс бірінші жылдың көкмайсалы көктемінде өйгілі оңтүстік сапары тұсында Түркістаннан Алматыға аттанып бара жатқан жолында қалың қазақтың бетке ұстаған Мұхтар ағасы Әуезовті қарсы алып, ауылдың жас өскін өнерпаз жастарымен кезесуінің қалың қарбаласты әзірлігі жүріп жатты.

Ұлы қаламгермен кездесу қалың қазақ арасында қашан да шат-шадыман мереке, ол күн дәл кешегідей көз алдымызда. Даланы жаңа гүл жарған дермене, жусанның жұпар иісі кернеген, қыр жақтан салқын самал жібек желі баяу желпіген

келісті бір шақ еді. Жазғы кеш таяу. Екіндіге еңкейген күнді арқаға салып, шығысты бетке алып, тұтас көш-керуенін бастап ағындап келе жатқан Мұқанның алдында алыста көгілдір мұнар күшқан Қаратауға қарай көсіліп, ел жайлауы жатты. Алдағы алқаптан ақшағала жайлауға жақында көшіп-қонған ауыл үйлері көрінді. Сол тараптан даланың алқызыл қырмызы гүліндей сән-салтанатымен бейнебір ағаның өзі жырлаған Шыңғыстаудың бөктерінде өткен Абай заманын көзге елестетіп, өн толқынында ырғалып, Алтын апай мен Райымбек ағасы бастаған жастар тобы жақындап келе жатты.

Бұл көрініс, мынадай табиғат төсіндегі табысу ұлт қасиетін кастерлеумен ғұмыр кешкен ағаны қатты толқытты.

– Бөлі, мынадай кең дүниедегі келісті өмірдің көркі ғой бұлар. Аз аялдап, көңілдің хошын тарқатпасақ болмас, – деп көлігінен түсіп, сұр шляпасын қолға алып, бәз-баяғы кең кеудесін сәл шалқақ ұстап, шайқала басып, соңынан ілескен сапарлас достарын бастап, өзін қарсы алар қалың жастарға қарай жаяулай тартқан-ды. Қуанышты қауышу, жастардың жайлау кешін түрлендірген өн мен сәнге толы өнер кеші алдын-ала белгіленген уақыт өлшемінен асып, айлы түннің бір мезгіліне ұласты.

Қаншама қимастық болса да, шексіз нәрсе жоқ. Аға Рекең мен Алтын қарындасы бастап өзін айнала қоршап алған жас желеңге ыстық ризалығын айтып, алыс сапарына аттанды. Алыс сапар ұлы дәуірге мәңгілік өшпес ізін қалдырып бара жатқан ұлы адамның оңтүстік өлкемізде өткен соңғы кеші, соңғы сапары екенінен біз бейхабар едік.

* * *

Толассыз ағындап жатар өмір дариясы – адам тағдырың, азамат басын қайда бастамаған күндер еді ол. Жетпісінші жылдар басында Райымбек аға ойламаған жерден облыстық атқару комитеті аппаратына қызметке шақырылды. Осында ол көп жағдайда мінез құбылысы, өткір-кескірлігі өзіне үйлесімді бұл ортаға сонау жұлдызы биік Мәскеу Кремлінің ызғарынан ығысып “жер ауып” келген қазақтың қайсар азаматы Тәшенов Жұмабектің кеңесші-көмекшісі болып біршама жыл қызмет атқарды. Одан облыстық мемлекеттік мұрағаттар орталығын басқаруға жіберілді.

Қайда барып, қайда жүрсе де ол тек бір ғана қырынан,

әділеттің ақ жолын биік ұстанған адалдығымен, тек өз басы емес, өзгелердің өмір-тағдыры үшін, қажымас күрескерлігімен көрінді. Өмірінің соңғы кезеңінде ғаламдағы аса қасиетті заман ағымына үн қосып, “адам құқын қорғаудың Хелсиньки қозғалысының” облыстағы қоғамдық ұйымын басқарды.

Ол замандастары жүрегінде осындай қымбат қадір-қасиетімен, қырдың биік бәйтерегі сипатты дауылды, дабылды жылдар ызғарынан ығыспаған әйдік тұлғасымен қалды.

ҮМБЕТ ӘУЛИЕ

Сырда туып, құмда өсіп, Алматыда оқып, Қаратау елінде қатар өркендеген қос совхозды отыз жылдай басқарып өткен Үмекеңді (Аралбеков Үмбетті) оның қадір-қасиетін білетін қалың жұрт Үмбет әулие атайды. Халық айтса, қалыс айтпайды, әрине. Ел дегенде емешегі езіліп, адам дегенде алақанын жайып салатын ашық көңіл әпенді мінезіне сәйкес ол жөніндегі аңыздай тараған әңгімені аузынан тастамайды. Сонымен Үмекең былай депті:

1. Бәррекелдее, қыс әзірлігіне ерте-ақ кіріскен екенсің...

Орталыққа баратын үлкен даңғылға салмай, қырдағы егінжайға өтетін төте жолмен тартқан директор, Ұзынбұлақтың қия жолымен өрлеп келе жатып, тар жерде Орақтағы танаптан “самосвал” қорабын жемдік арпаға тоқсыба-сықап алып, шофермен қатар шөниіп келе жатқан ауыл мектебінің жас мұғаліміне кездесіп қапты. Күтпеген тар жерде карама-қарсы тоқтаған машинадан Үмекеңді көріп қалған жас жігіт шикандай қызарып кабинадан ұшып түсіп, Үмекеңе қол беріп, сәлемдесіп жатса керек. Сонда Үмекең әлгі жігітке:

— Бәррекелдее, биыл қыс әзірлігіне ерте бастан кіріскен-ақ, екенсің. Көмірді қаладан алдың ба, келін риза болсын, ертерек жеткізіп бер, айналайын, деп жөнеле беріпті.

2. Құдайға шүкір дегін, Ореке

Бір жылы қыс қатты болып, мал шығыны көбейіп, шаруалар көп қиналып, әбіржіп жатқан кез екен. Кезекті бір бюрода қатты қыспаққа түсіп, қатаң сөздер естіп, мәжіліс залынан қапалы шыққан тау жағындағы ірі совхоздың директоры Мәмеков Орекең:

– Атасына нәлет, осы бір мал маманы дейтінге қай құдай айдап барып оқыдым екен. Жаннан бұрын малдың сұрауын сұраумен бар өміріміз өтіп барады. Ақ қойдың соңында жүріп, мына шаш аппақ құдай болды, – деп кеіс білдіріпті. Сонда кезегін күтіп, қабылдау бөлмеде қасында тұрған әріптесі Үмекең:

– Құдайға шүкір, деңіз Ореке, ағарып кетсе де орнында бар ғой, сіздікі, – деп бір кездегі қою шаштан қылтанақ та қалмаған, шыбын тайып жығылардай жып-жылтыр айтақыр басын алақанымен сипай беріпті.

3. Совхозға да қалсын да...

Совхоз шаруасы ұшан-теңіз. Бірі бітсе, екіншісі аузын ашатын қора-қопсы, қоғамдық құрылыстардың түгесілер күні жоқ. Шаруа қажетіне деп қасқалдақтың қанындай ғып, соңооу алыс Сібірден сатылып әкелінетін азын-аулақ тақтай, бірсалар бөрене, гарбіл дейтін ағаш өнімдері біріне тартса біріне жетпейді. Оның үстіне ауыл іші ағайынның сұрайтыны, көзді ала-бере шетпұшпақтап жымқыратыны тағы бар.

Бірде күзге салым қора-қопсыларды жөндеу ісі басталып, әлгі ағашы түскір жетпей жатқанда “қойманың жайын білейін” деп айдың жарығында строй-цехқа келе жатқан Үмекең аула қорғанына іргелес жиылған бір үйме гарбіл ағашты біреулердің қорған сыртына тақай қойылған машинаға аптыға асырып артып жатқаны үстінен шығыпты. Әлгі ұрылар қызу қимыл үстінде артқы жақтан жайлап келіп қалған Үмекеңді тіптен байқамапты.

Кезекті бір гарбілді сыртқа асырып жатқан әлгінің бірі, ағаштың екінші басынан ұстап кері тартып жатқан біреуге жалт бұрылып қараған екен. Оған Үмекең:

– Ей, жететін шығар енді, совхозға да қалсын да депті.

4. Аямайды-ау, жетімді

Сол бір жылы жаз қуаң, қыс қатаң болып қоғамдық шаруамен қатар ел іші де азық-түлік, жемшөптен қатты тапшылық көріп қиналып шықты. Осыған орай аудан басында отырған Ойшыбайдың да талабы қатая түскен. Тексерістер мен бақылау барынша күшейген. Сол қыстың соңы ашөзекті ақпанның аяғында өзі жақында әскерден оралып қатардағы милиционер болып жұмысқа тұрған әке жоқ, жесір әйелдің

бетке ұстар ұлы жас жігіт таңдай жібітер жалғыз сиыры бұзаулап Үмекең басқаратын совхоздың шеткі бір ауылындағы қойшы нағашысына барып, жағдай айтып, “Есек жүгі” дерлік бір шөмеле шөпті елбіретіп әкеле жатқан жолында екі кеш арасында Ойшекене ұсталып қапты.

Әлгінің көлігін шөбімен милиция ауласына көрмеге қойғызып Ойшыбай, түн ішінде “дабыл қағып” жексенбінің таңында төтен бюро шақырып, “ұрыны” жұмыстан қуып, жауапқа тартуды тапсырып, Үмекең бастаған совхоздың бетке ұстарын ауданға келтіріп қатаң кетіпті.

Жағдайдың не екенін, әлгі жігіттің жетімнен енді жетіліп келе жатқан жағдайына жаны ашыған Үмекең бюроға кірер сәтте:

— Япыр-ай, әлгі бала байғұс жас жетім екен. Ойшекен жастығын ескерсе жарар еді. — Әй қайдам-ай, Ойшекеннің қарқыны қатты, беті қатал-ау. Аямайды-ау, аямайды-ау, жетімді — деп тыпыршып қатты әбіржіпті.

5. Тұра қашыпты

Үмекеңнің тұсында “Прогрестің” шаруасы сонау бір жылдары дариядай тасып, көлдей шалқыпты. Орталықта, аудандағы ең ірі, ең үлгілі ет-сүт құрамасы орнап, фермадағы “Әулиеата” асыл тұқымды ала сиырдың қарасы мыңнан асты. Ақ халатты сауыншы қыз-келіндер штабында күндіз-түні кезектесіп вахтаға тұрып ақ сүттің бұлағын толассыз ағызып жатыпты. Сүт фермасы берекенің ордасы. Совхоздың қуатымен тау боп үйілген құнарлы азық — сүрлем, жарма жем дейсіз бе, жыл бойы таусылып көрген емес. Қойма, дүкен қазына деген сонда іс басқаратын жастардың бір үлкені бұларға көше көршілес, бар өмірін осы совхоздың азығын өндіріп, трактірін айдаумен өткізген зейнеткер қария келе қалғанда мырзалық көрсетіп:

— Ата, келіп тұрыңыз, аздап жем алып тұрыңыз, сіздің бір сиырыңызды аш қалдырмаспыз, — дегесін, арбалап емес, дорбалап, әлсін-әлі жем алып тұрады екен.

Сондай күннің бірінде әлгі атай кемпірінің, әй мақтанғандай тал түсте бүкшектеп қап арқалағаның ұят болар. Ел аяғы басылғанда бар, — деген ақылымен айдың жарығында бума қапшық жемді арқалап келе жатса, машинкасын көше жаққа қойып, келе жатқан Үмекең, қарияны алыстан байқап

қалып, қалт тоқтап қасындағы шоферына:

– Ойбай Мақан, ана кісіден ұят болмасын, бой тасалай тұрайық, деп ала-көлеңкелі тасаға тұра қашыпты.

ӘБИ КӨКЕДЕН ҚАЛҒАН СӨЗ

Бұл өңірде елге аға болған еңселі кісілер ішінде Момбаев Әбекеңнің (Әбидің) алатын орны ерекше. Тауып айтар тапқырлығы ақкөңіл, адал, ашық мінезіне үйлесіп, көп жиылған жерді көңілді әзіл-күлкіге бөлеп отырар еді, жарықтық. “Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді” деген. Өзі кетсе де Әбекең айтыпты дейтін сөзі қалды артында.

Өзі болмысында аз – кем сақаулығы бар. “Ш” әрпін “С”, “Ж” әрпін “З”-ға ауыстырып, “Р” әрпін айтпай, аттатып жіберіп сөйлеуші еді. Онысының өзі, Әбекеңнің тек өзіне тән сөз мәнеріне үйлесіп, жарасым тауып тұрушы еді. Солай енді өз сөзімен, Әбекең сөйлесін.

1. Пейістре

Заң да, заман да қатаң сонау бір қасіретті жылдары Әбекең ауданда халық соты боп тұрыпты. Ол кезде “жаңылған жақ”. “жаза басқан аяқтың” баратын орны түрме. Жоғарғы Кеңестің мемлекеттік еңбек тәртібі жөнінде жақында шыққан жаңа указы бойынша аудандық прокуратурадан келіп түскен бір қылмысты істі қарауға, айдаушы, қорғаушысы бар бір топ нөкерін алып, тау атырабындағы үлкен ауылға тартыпты.

Мезгіл сраы-ала жапырағы төгілген, әдемі де, шуақты алтын күз екен. Осында орта мектеп ауласына қызыл жабылған столдар қойып, екі жағына екі кеңесшісін жайғастырып Әбекең: “Көне, айыпкерлерді келтіріңдер” – депті.

Сол сәтте, “жол беріңдер!” деген мұздай қарулы екі милиционердің өктем бұйрығы шыққан жаққа қараса, мектептің бір бөлмесінен қамауда отырған жастары 19-20-ға енді шыққан өрімталдай сұлу, екі орыс қызын, жалаң қылыш, кезенген тапаншасы астында сызылтып айдап келеді екен.

Сот алдына келіп, торға түскен тотыдай құралай көзі жәудіреп мөлдіреген екі аруды көрген Әбекең, екі көзі шарасынан шыға аңтарылып:

– һай, ойбай-ау, қылмыскеріміз осы ма? деп оқыс дауыстап, айыпкерлерге аңтарыла қарапты.

– Осы Әбеке.

– Ойбууый, ойбай-ай! – кәйттім енді. – Мынауың, қылмыске емес, пейісте ғой, – депті.

Бұл екі қыз, – бұдан бір айдай ғана бұрын, Жамбылдағы педагогикалық техникумды тәмамдап, осында мұғалімдік жұмысқа келген, өмір жолын енді бастаған қос Мәрия – Мәрия Дмитриовна Добрякова мен Мария Ивановна Сазоновалар еді. Жеке басты екі қыз өздеріндей бойжеткені бар, диірменші Шаповалов Федор атайдың үйінде тұрып жатқан. Жастықтың жүрген жері мереке. Өткен бір жексенбіде осы селода өткен келін түсіру тойында ұзақ билеп, үйге таң алдында шаршап келген екеуі – тәтті ұйқыға кетіп, мектептегі алғашқы сабағына 29 минуттан кешігіп барған. Бар қылмысы осы. Сол тұстағы қатаң тәртіп бойынша 25 минутқа шейінгі әкімшілік жаза, одан асқан “ЧП” – тікелей қылмыс, акт жасалынып, ауданға хабарлануға тиіс. Солай, сол бір құдайдың қырсығына алған күні әлгі актіні алып, Құдайберген шабарман, көк шолағын тебініп, ауданға шапқан, – нәтижесі анау.

Бір жағы жаңа шыққан қатаң заң, екінші жағы үрдің қызындай-үлбіреген бейкүнә екі қыз. Не істерін білмей, Әбекең қатты қиналыпты. Ақыры екі көзінен жасы сорағытып, ақ орамалы қолында, Әбекең еңкілдеп, жылап тұрып үкім оқыпты. Екеуіне берген жазасы – указ талабының ең жеңілі – екі жылдан бас бостандығынан айыру. Басқа амалы жоқ. Соттамаса, кеспесе өз басына төбеден төніп, партия мен чекистің құрығы тұр.

Сол күні кеш әлетінде, кесілген қыздар, алыстағы ауылдан жаңа табысқан ел-жұртпен шырқырай қоштасып, көк арба, көк жағалы айдаушы құзырының астында, алдағы беймәлім тағдырына жол тартып шыққан, өзі де айдалып бара жатқандай Әбекең – ұзаған айдаушылар соңынан ұзын бел күрең төбелін ауыр аяңға салып, мына қатыгез, кара дүниеге іштей налып, дәрмен-шарасыз халде келе жатыпты.

2. Қажымұқанға Әбекеңнің сұрағы

Кара шоқыдай шомбал тұлғасына құдай құдіретімен дарыған дүлей күшпен төрткүл әлемді дүркіреткен атақты Қажымұқан палуан, кең дүниені кезіп болғасын, айдынды Арыстың жағасына келіп туын тіккені мәлім. Бір ауылдың аймағы емес, ұшан-теңіз қазақ жеріне сыймаған жиһангез,

жасы сексенге шеру тартқанда ұлан даланың жібек желінен тыныс алғалы, төрт доңғалақты ұзынбел арбасына көк биесін жектіріп, тізгінді ұя басар Айдарханға ұстатып, Қаратау баурайы мен Сыр бойының қалың еліне мезгіл-мезгіл жол тартып тұрушы еді. Сондай жол сапарының бірінде, Қажекен ат басын Шаянға бұрған. Мезгіл 46-ның көктемі, төрт жылғы қиян-кескі соғыста арып-шаршаған ел, жеңіске қолы жеткесін, жаңа ес жиып жатқан кез. Шаруа күйі жоқ-жұтаңды болса да, Қажекен келіп түскен Бақбергенев Жаппардың үйі қыстай бағып шыққан семіз қошқарын сойып, майлы құйқа, білем-білем құйрығын бастырған нән сырлы шараны Қажекеннің алдына тартқан.

Бұл сияпаттың мұндағылар бір жағы Қажымұқанның атақ-даңқы, екінші жағы оның шөккен нардай алып тұлғасына лайықты деп отырғанын Қажекен бірден түсінген. Жел кезген аңыздан, көз көрген ақиқат қашанда артық. Сол ақиқатты жұрт білсін десе керек, Қажекен өзінің күндей күркіреген күңгірттеу даусымен сөзге көшіпті.

— Осы жұрт менің мына түр-тұрпатыма қарап, көп жейтін, оңай тоймайтын мешкей дейтін көрінеді. Тамақты үйіп-төгіп көп тартады. Шикі бағланның тұтас құйрығын қылғыған мешкейлерді де көргемін. Бірақ мен ондайлардан емеспін. Жай бір кісінің тамағы маған қанағат, — депті жарықтық.

Дабырайған атақ-даңқы жер жарған алыпты көрсек деп, сөзін есітіп қалсақ — деп оны маңайлайтын жұрт аз болмайды ғой, әрине. Бірақ ондайлардың бәрі қазақы қоржын үйдің бір бөлмесіне қайдан сыйсын. Әйтсе де Жаппар таңдап, шертіп шақырған ауданның бетке шығарының дені осында еді.

Манадан нақ төрге қара атандай болып шөккен ұлы атаның мысы басып, сөз бастап, тіл қатуға еркі жетпей үнсіз отырғандар, енді қимылға кіріп жан-жақтан жамырай бастапты. Ол палуанның дүниені дүбірлеткен жеңістерін сұрап, сөзді көбейе бергенде, Қажекене тізе түйістіріп ең жақын отырған, мұндағылардың үлкені Әбекең, сөзге килігіпті:

— Ей, дабырамай, тоқтаңдар. Қазкеңнің зеңіске зеткенін кім білмейді. Зазусылар қансама зазған ғой. Ол зағы зұртқа мәлім. Қазкеңнен мынаны сұралық, — деп Әбекең сөз тізгінін өзіне алыпты.

— Қазеке, — депті сонда Әбекең, — Біздің қазақ “батырғада зән керек” — деген ғой. — Қансама зерді, елді көргенде,

қансама зеңіске зетіп зүргенде, адамзатынан қорыққан зеріңіз болды ма? — депті Әбекеннің оңай ойға келмейтін мына төтен сұрағына не десем екен дегендей Қажекен өткен күндерін еске алғандай біраз ойға шомыпты. Жартысын баяғыда бір жекпе-жекте жапон палуаны Сара ки-ки жұлып алған, салбыраңқы үлкен ернінен аз-кем күлкі нышанын көрсетіп, палуан сөйлеп кетіпті.

— hha, Әби! — депті сонда Қажекен. — Адамнан қорықпайтын құдай деп пе едің, мені. Мен де сүйек-еттен жаралған құдайдың пендесімін. Қорку дейтін әр пенденің басында болатын нәрсе. Сұрап қалдың ғой, Әби, әлде қашанғыны түрткілеп. Ендеше тыңда, айтайын:

— Баяғы, жиырмасыншы жылдары, аркада Ақмола, Қараөткелдің жағында, Қоянды деген жерде үлкен жәрмеңке өтіп тұрды емес пе. Сол жәрмеңкеге ісі қазақтың бетке ұстар егей мен сығай бай-бағылан, өнер адамдары жиылатын еді. Ортамызда әнші Әміре, Әскияшыл, Қалыбек, Төкпе ақын Иса тентек Байзақов сияқты аузына ел қараған талай жүйріктер бар, үлкен қауым, жиылған жұртқа өнер көрсетер едік.

Сонда әлгі тақылдаған тентек Иса, жұрт алдына шықса тіл-жағын безеп, безілдеп, көп уақытымызды алып қояр еді. — Бір күні шыдам таусылды. Оңаша үйде өзді-өзіміз шай ішіп отырғанда:

— Ей, Иса, сөз менікі деп жар басындағы байғыздай шықшылықтай бергенінді қашан қоясың, — демеймін бе. Айтқаным сол еді анадай жерде сайрап отырған Иса, құдай салмасын, оқтай атылып, жайбар отырған менің тіземе қарғып мінсін.

— Кәне, не дедің сен! Кім байғыз. — Осы отырған жерінде өлтірейін бе, — деп жағыма кеп жармассын. Қос өңірімді қосып ұстап, қылғындырып барады. Мынаның шыны ма деп көзіне қарасам, жан шошырлық. От шашып, шатынап тұр.

Иса жаратылысында ақындығын айтпағанда күйкентайдай қалжасы бар, бет-жүзің демейтін өткір де кеспір сөзді адам еді. Алқымға күзенше жармасып, тобықтай бұлтиған оны қос саусақпен езіп, тастай салу әрине қиын іс емес еді. Бірақ олай ете алмадым. Қолым көтерілмеді. Екі қолыммен жер тіреп отырған күйде:

— Ей ағайындар, құтқарсандаршы, өлтіретін болды ғой, мынау, — деппін.

Бірақ маған құтқарушы келген жоқ. Әлгі сөзді естіген Иса,

жағаны жіберіп, маған қарсы қарап танауы желбірей, таңқылдап кеп күлсін. Жұртқа қызық керек, үй ішінде отырған ылғи жайсаңдар оған қосыла күліп үйдің ішін басқа көтерсін. Сөйтіп мен жер жүзін аралап жүргенде иінімен көк тіреген әлпетім дәулерден емес, қарғадай ғана қалжалы-өзіміздің Исадан қатты сасып, қорыққан едім, — депті, дүниені дүрілдеткен күш атасы.

3. Сұбалған саң болса...

Әбекең қайсыбір жылдары ылдидағы Төрткүлде, ел ағасы боп тұрған кез екен. жазғы күндердің бірінде кеңестегі көп колхоздың біріне жаңа бастық боп, аудан жолдамасымен есептегі ел азаматының бірі — Жолдасбеков Шабдан келген. Берекелі ауыл әзірше сыбай-салтаң өз басы жүрген бастыққа сый-сияпат көрсетіп, кезектесіп шайға шақырған ғой, әрине. Ал шай дастарқаны Әбекеңсіз болмайды.

Сол күні түскі шайға шақырған Күреңбайдың үйіне Кеңес мекемесінен шығып Әбекең келсе, семіз бағлан қазанда, сары самауыр қайнап тұр. Бас қонақ — жаңа бастық тал түсте келем деп шаруа аралап кетіпті.

Уақыт озған сайын ішегі шұрқырап, қазан жаққа көз салып, қарны ашып отырған Әбекең, жас жігіттің бірін шақыртып:

— Мына Сабдан кесікті ғой. — Сыртқа сығып қараңдарсы, — депті.

Сыртқа шығып жол қараған жігіт:

— Әбеке, өр жақтағы қара жолда шұбалған шаң көрінеді, — депті.

— Ее, сұбалған саң болса Сабдан болғаны. Келінді сақыр.

— Қамырын қазанына сала берсін, — депті.

4. Ғышығы кетіп, дәні қалды

Ілгері бір жылдары жоғартының жолдауымен бұл жаққа ылдида Арыс, Сыр бойын мекендейтін қалың Қоңырат елінің оқыған жастары қызмет бабында бірі келіп, енді бірі кері көшіп жатады екен. Солардың ішінен осы Әбекең мен ауданда дайындау мекемесінің өкілі (уполминзаг) қызметіне келген Қабылбеков Арыстанбек қана ұзақ жыл тапжылмай тұрып қалған-ды.

Бірер күн бұрын бірінші хатшы Шораев Мырзаханды, оның ізінше байланыс бастығы Исаев Сейітжанды көшіріп салысқан Арекең көшеде Әбекеңе кездесіп:

– Әбеке, ағайындар көшті көбейтті ғой, – депті. Сонда Әбекең:

– Астанбек-ау, көскендер көсе берсін. Астандының зеліне сыдамаған қоңы-аттың ғыпығы ұсып, дәні қалдық қой. Құдай зеткізсе, осы екеуміз де зетеміз, – депті.

5. Сайға барайық

Әбекең сонау бір жылдары ылдидағы қалың елдің ортасы – Төрткүлде ауылдық Кеңестің төрағасы боп тұрды. Айнала он колхоздың басын құрайтын бұл кеңеске берісі аудан, арысы облыстан келіп-кетер уәкіл көп. Уәкіл түскен жер болса да қолпашты қошамет, жаюлы дастарқан ғой.

Бір күні жылы жаздың ішінде іссапармен аудандық Комитетте әйелдер бөлімін басқаратын ер мінезді, әзілі өткір Жұмағыз апай келіпті. Апайдың түскен жері кеңсе, Әбекеңді ел жайы шаруа жайынан әңгімеге тартып, біраз уақыт алған көрінеді.

Әңгіме ұзап, қарын ашқан шаң түстің шағында, бұлай отыра бергенді қолайсыз көрген Әбекең “ш”-ны, “с”-әрпіне алмастырып айтатын аңқылдақ-ашық сөзімен:

– Қоос, Зұмағыз, зұмыс болса бітті, енді сайға баралық, – депті.

Әбекеңе әр кез әзілмен тиісіп, сөйлеткенді қызық көретін Жұмағыз; табын асты түсін суытып:

– Тал түсте сізбен сайға баратын, мені кім деп тұрсыз, Әбеке, – депті. Сонда сасып қалған әпенді мінезді Әбекең:

– Ойбай, айналайын Зұмағыз-ау, менің айтып отырғаным кәдімгі ісетін сай, – депті.

6. Мәсинелер тасбақаса соғыссын

Әбекеңжасы сексеннен асып, әл-қуаты сарқылып, өзін кесел меңзеп төсек тартып жатқанын естіп ауданнан көңілін сұрап бірінші хатшы Ысмайылов Нұртаза кепті.

Әбекеңнің қыстауы ол кезде баяғы ата қоныс – бір жағы үлкен канал, арқалығы ашық дала Төрткүлдің төскейінде еді. Қалың іс, қат-қабат науқан ішінен арнайы уақыт бөліп хатшының келгеніне разы болған Әбекең, арқалыққа жастықты биік қойғызып, шыны аяқтан шай жұта отырып, өзі жақсы көрген ел ағасына соңғы аманат сөзін айтыпты:

– Сыйағым, Нұртаза, депті, сонда Әбекең, – зақсылы-

заман Сәбітке қырық жыл қызмет қылдым. Қы-ық жыл Лилин заңына адал болдым. Мені е-тең көп салдың упит-сүпитіне бе-е салмай, әзептеуі ғып, зөнелтіндер. Кәзі елде, құдайға сүкі—, не көп, мәсине көп. Сол күні мына үйдің сы-тындағы зазықта мәсинелер тасбақаса соғыссын, — депті.

СЫҚАҢНЫҢ СЫРБАЗ БЕЙНЕСІ

Сықаң (Сыздық Ақмолдаев) жүрген-тұрғаны бапты, әр сөзді орнына қойып, тауып айтатын, нық айтатын, аса пайымды Қалпын бұзбай хатқа түсірсе өшпейтін де көшпейтін саралы сөзді салмақтап айтады да тастайды. Жұрт не дейді, онымен ісі болмайды. Солай болғасын да ел ішінде, “Сықаң айтыпты, Сықаң бүй депті” дейтін езу жидырмас әспетті әңгіме, ұтқыр сөз қойдай қоздап жатқаны. Иә, сонымен Сықаң айтыпты:

1, “Пол оборот” жетеді

Ауыз да, құлақ та райкомға қарап қалған соңу бір жылдары Сықаң сол аупарткомдегі ең маңызды бөлім — “Оргәдделді” басқарып тұрыпты. Жеке көбинет, оқшау бұрыштан қиғаштата қойылған қос томбалы үлкен жазу столы, хатшылармен қатар, тек Сықана ғана жарасқан.

Осы мән-мағынасына қарай, Сықаңның алды көбіне шыбын ұшпас тыныштық. Аяғын ептеп басып, көбіне тапсырма ала батылдау кіріп-шығар нұсқаушысы Қаратай ғана.

Бірде сол Қаратай, Сықаң кабинетіне аптыға кіріп келіпті.

— Ия.

— Сықа, рұқсат етіңіз. Телефоныңыз арқылы Шымкентпен жалғасайын, тораптағы қыздар бізді тындауды қойды.

— Жалғас.

Қаратай аппарат құлақшасын қолға алып, зыр айналдыра бұрай бастапты.

— Тоқта, депті Сықаң.

— Неге.

— Сендер дәл осылай! “Ғыр-ғыр” бұрай беріп, телефон әптеритетін мүлде құртып алғансыңдар! Райкомның нұсқаушысы үшін “пол оборот” жетіп жатыр, — депті.

2. Сындырмасам ба екен...

Бірде нұсқаушы Қаратай кіріп келсе, Сықаң алдындағы қағазын столдың бір жағына жылжытып, ақ көйлектің жеңін саусағымен баппен ысырып, қол сағатына қарапты. Соғыстан кейін, жоқ-жұтаң тұстағы жаналықтың алды, әзірше жұрттың қолы жетпей жатқан “Победа” қол сағатын алғашқылардың бірі боп Сықаң алғанын Қаратай білетін-ді.

– Уақыт қанша бопты Сықа, – депті Қаратай. Сықаң жауап орнына сәл көңілдене қозғалып, қолсағатын қабырғада шынжыр бауы салбырап тынымсыз тықылдаған қабырға сағатына салыстыра бір қарап:

– Бұл иттің точныйын қарасайшы, Қаратай. Минут-секунты Кремльдің курантымен бірдей ғой. – Сындырсам ба екен, – депті.

3. Мына жағына қараңыз

Бұл каракөк диагональ дейтін асыл кездемеге биік жердегі билік иелері болмаса қаймана қазақтың қолы қайдан жетсін. Содан қайырма жаға, қос қалталы су жаңа китель тіктіріп киген Сықаң қоңыржай жайлы бөлме төрінде төредей болып отырса керек. Кіріп келген Қаратай:

– Оу, Сықа құтты болсын. – Мынау бір өзіңізге құйып қойғандай тым жарасып қапты.

– Шырағым Қаратай, бұл жағын қойшы. Мына жағын кара, – деп кительдің етек шалғайын аударыпты.

Сөйтсе, кительдің астарының өзі келіншектер біркиер көйлекке таппай жүрген, жалт-жұлт еткен Қытай саржасынан тігілген екен.

4. Бала салмақты жатыр

Балаға әке сыншы. Сықаң (Сыздық) аудан қызметіне кеткелі бері оны сырттай барлап, іштей қуанышты жүрген ауылдағы әкесі Ақаң (Ақмолда) баласының қатар құрбы-достарынан ол жайлы сұрау салып жүреді екен. Бір күні ауданнан уәкіл боп келе қалған осы елдің бір балас Есбайдан:

– Осы, шырағым, қатар жүрсіндер ғой, әлгі біздің Сыздықтың аудандағы беделі қандай? – депті.

– О, не дегеніңіз Ақа, Сыздық райкомдегі ең үлкен әдделді басқарады. Онсыз, Сықаң араласпай бірде-бір мәселе шешілмейді, – депті.

– Ай, бәррекедді, дұрыс айтасың, шырағым. Өзім де солай ойлап жүр едім. Өйткені бала сәлмақты жатыр ғой, – депті.

5. Ауданда не жаңалық?...

Бірде балаларыма барам деп, ауданға кеткен Ақаң, ауылға кештетіп оралыпты. Ауыл кеңсесінің сыртында топтанып тұрған белсенділер оған жамырай сәлем беріп:

– Оу, Ақа, ат-ылауыңыз аман ба? Ауданда не жаңалық бар, бір үлкен бюро бар, деп еді?...

– Әй қайдам-ай! депті сонда Ақаң. Сол бұйроларың болмай қалған-ау. Өйткені, біздің Сыздық ауданда жоқ қой. Райкөмге адамдардың кіріп-шығысы нашар, – депті.

6. Міне, осы ғой...

Жастық шағын соғыс пен еңбекке берген Сықаң ұзақ жыл қызмет ете жүріп алар білімін кештеу алды. Алматыдағы СХИ-ды сырттай оқып бітірді.

“Сықаң бітіріп қайтыпты, көңілді қайтыпты” дегесін Тұтқабаев, Қасымбеков, Нұрымбетов сияқты бір топ жолдастары құтты болсын айта барыпты.

– О, Сықа көп жылғы еңбегіңіз жаныпты. Үздік бітіріпсіз. Үлкен абырой бопты десіп, көтермелеп, дуылдасып жатқан екен әлгі достары. Ал Сықаң болса, е мақұл, демепті. Сырт беріп, үнсіз жақтаудағы шифоньерді ашып, одан әлденелерді алып, су жаңа қаракөк кәстөмін “ромба” знашөгі тағылған жағасын бетке келтіре бүктеп, үстіне гербалы қаракөк дипломын қойып, аяғын баппен басып келіп, әлгілерді нақ төрде отырған Қасымбеков Әбекеңнің алдына бейне құда алдына кит қойғандай көлденең тартып, дипломды шертіп көрсетіп:

– Нәтиже міне, осы, – депті.

7. Мә, шырағым, Әміреш...

Үй іші толы қонақ. Бір топ беделді жігіттер дәрежесіне қарай жағалай жайғасқан. Ортасында Сықаң, оған иықтас жақын достарының бірі – қашанда әбжіл, сөзге келгенде сынаптай сырғитын Әміреш (Қасымбеков) отырған екен.

Табак тартылар сәтте сырттан бас табакпен бірге арнайы

табақпен бас алып кірген даяшы жігіт, ылғи егей мен сығай мықтыларды барлай қарап, кімнің алдына тартарын білмей, аңтарылып қапты. Сонда әлгі Әміреш, мына ұрымтал сәтті әдемі пайдаланып:

– Әй, жігітім, әкел мұнда, мына Алатаудай Сықаң тұрғанда бас ұстауға кімнің батыллы баратын еді, – деп марғасқа-маңғаз отырған Сыздық ағаны нұсқапты.

Мына мадаққа мәз болып, миығынан күлімдеп, шоқтығы көтеріліп недәуір биіктеп қалған Сықаң, әлгі басты қолына баппен алып, оның қалың майлы құйқасын тұмсығынан желкесіне қарай тұтас сыдырып, үйме-төбе құйқаны Әмірештің алдына қойыпты да:

– Мә, шырағым Әмір-еш! Сен ал, маған мұның осы әптеритеті де жетеді, – депті.

8. Жолдастар, бұл такси емес қой...

Бірде Сықаң сүр “Победасын” аңғытып, қалаға тартыпты. Темірланды қақ жарып өте бергенде, аялдамада жол тосқан топырлаған жолаушы, жабырласа ұмтылып, машинасы бос Сықаңа қол көтеріпті. Сықаң болса, тормозын басып тоқтапты. Ала кетер – деп таласа жүгіріп жетіп келген оларға, Сықаң машинадан шығып:

– Ей, жолдастар, бұл такси емес қой, жеке машина; номеріне қарасаңдаршы, деп біраз “нотация” оқыпты да, есігін тарс жауып тарта беріпті.

9. Мотордың күші қойсын ба

Бір күні сүр “Победасын” сырғытып, Сықаң Шаянның орталық көшесімен келе жатса, машинасы жоқ жерде мінез шығарып, оқалақ тиген өгіздей мөңкісін келіп.

– Ойпырмай, – деп таңдана үріккен жұрттың көз алдында сол машина мөңкіген күйі ойқастап, жаяулар жолын жағалай өскен қалың ағаш ішіне шатыр-пұтыр қойсын да кетсін.

Көрген жұрт жапа-тармағай жүгіріп келсе, машинасынан шығып, өң-жүзі сүп-сүр аңтарылып Сықаң тұр:

– Түп-тура келе жатқан машина еді, бұрылды да жүре берді, бұған не айтасың? – Жақында жаңа мотор салынған еді, жатқан күш. Сол күш ойнақтатпай қойсын ба, депті Сықаң, мән-жайды түсіндіріп.

10. Теңдей ғып бөліп алды

Соңу бір жылдары Сықаң аудандық потребсоюзды басқарды. Сауда жүйесіне жұрттың айтар сөзі көп. Күзге салым, ішінде Сықаң бар, байланыс бастығы Шабдан ағай, аупарткомның бөлім бастығы Амангелдиев Бекен бар, бір топ белсендіні бірінші хатшы Қарабасов шақырып, жұмысшы табымен кездесуге барыңдар деп Байжансай кенішіне жұмсапты. Келесі күні хатшы солар не тындырып жатыр, тексерші, – деп, олардың ізімен үгіт бөлімінің бастығы Қамбар Аманкұловты жіберіпті.

Бұлардың қайда екенін сұрастырып, түс мезгілінде өзіл сөздің айтулы шебері Қамбар, шағын қонақжайдың бір ұядай бөлмесіне кіріп келсе, өлгілер ортаға поссовет Шымырәлиев Әуезханды қосып алып, кәдімгі преферансты соғып отыр. Тек Сықаң ғана сырттап қалған жүзі сынық, иіні салбыраңқы, көңілсіз. Еңсесін төмен салып, ке реуітінде отыр.

– Оу Сықа, бұл не, шеттеп қалғаныңыз. Сызу дейтінді білмейтін бе едіңіз – депті Қамбар.

Сонда Сықаң:

– Қарағым Қамбар, ауылдан шығарда бала-шағаның езуінен жырып қалтаға салып келген елу сомым бар еді... Мыналар теңдей ғып бөліп алды. Бұған не дейсіз, – деп қос алақанын жайыпты.

11. Жолдан шығып тұршы...

Бірде Сықаң кішкентай “Фургоншасын” Бақыт дейтін жас шоферіне айдатып, қалаға тартыпты. Шаяннан ат шаптырым ұзай бергенде, соңу көз ұшынан, бір машинаның қарасы көрініпті.

– Япыр-ай, Бақыт байқайсың ба, соңу келе жатқанның жүрісі жайсыз. Сау емес-ау, өзі. Ол итіңнің түгі кетпес, сорласақ машинамыз әлсіз, біз сорлаймыз. Жолдан шығып тұршы, – депті.

12. Шалқамнан түсіп ұйықтағаным-ай...

Сонау бір жылдары Сәрсенов дейтін шатырлаған шатақ хатшының тұсында Сықаң жалалы бопты. Болмысында адалдықты жақтайтын ол (өзі аймақтық хатшы) кезекті бір бюрода көзді бояп, жалған ақпармен жақсы көрініп жүрген

аймағындағы бір колхоз бастығын қатаң сынап, турасын айтып, туғанына жақпапты.

Өзі әлгі бастықпен ыбыр-сыбыры бір бірінші, сынықсыз жерде сылтау тауып, Сықаңа қадалып берсін. Аймақтағы ахуалды білмейтін керітартпа, сабатажник – деп шаңғытып, обкоммен келісіп, кезексіз бюро шақыртып, оны партиядан өшіріп, қызметінен алып, айдап шықсын.

Мұндай пәлені күтпеген жазықсыз жазалы Сықаң, мына озбырлықты көтере алмай, ескі бір сырқаты ашылып, бірнеше ай, бауырлап жатып қалсын.

Бірақ дүние кезек, “ақ иіледі, сынбайды”, – деген, – арада екі жылдай өткенде, ес жиып, еңсе көтерген Сықаң бәрі қалпына келіп, қызметі өсіп, Түркістанда жүргенде, әлгі жалақор, жаңа келген хатшының тұсында көп қылмысы ашылып, істі бопты.

Соны бір Түркістанға барған ел адамынан естіген Сықаң достарына:

– Әлгі сұмды партиядан шығарып, абақтыға қамап, айдап кетіпті дегенді естіген күні, аяқ-қолдарым төрт жаққа кетіп, шалқамнан түсіп, рақаттанып ұйықтағаным-ай!

Ол итінде (сұқ саусағының ұшын өлшеп көрсетіп) құрттай да ақ ет жоқ, қап-қара ғой, – депті.

13. Мына жел кімге керек

Азынаған Арыстандының желі дес бермей заулап тұрғанына он күндей болған. Мезгіл қыстың басы желтоқсанның қалың ортасы – шаруагер елді әбіржітіп-ақ тастаған. Жаңа түскен ақша қар аз күнде ұйқы-тұйқы таусылып, енді шаң көтеріліп, аспан жүзі қан жылап, қошқыл түске ауысқан. Сұрқай дүние жан жаралап, көңіл құлазытып тұрған кез.

Сондай жабырқаулы-жайсыз күннің бірінде, ауданда экономика штабын басқаратын Сықаң, дүние бетін көргелі жылы кабинеттен қара онды қымтай киіп сыртқа шығыпты.

Үлкен көше үстінде кездесе кеткен бірер достары:

– Оу, Сықа, мына дүние не боп кетті. “Жексенбіден жел өтпес” дейтіні қайда? Сұмдық болды ғой, – дейді. Сонда қабағы қатулы, жүзі сабырлы, айналаға аңтарыла қарап тұрған Сықаң:

– Осы мен түсінбеймін. – Осы жел кімге керек екен. Мәселен, маған көк тиынға керегі жоқ қой, бұл желдің, – депті.

14. Қайда қоямыз

Соноу бір жылдары аудандар тарап, бір-біріне қосылып, үргін-сүргін болып жатқанда, Сықан қызмет бабында ауысып Түркістанда істеп тұрыпты. Лауазымы недәуір биік, өндіріс басқармасында, экономика ісін басқаратын орынбасар. Алар айлық та недәуір өскен. Әйтсе де үй-жай Шаянда, өзі қалада болғасын жаңа орындағы жағдайын білгісі келсе керек, бірде тікелей бастығы Төкең (Назарбеков):

— О, Сықа! Халіңіз қалай, қиналып жүрген жоқсыз ба, — депті. Сонда Сықан:

— О, Төке, не дегеніңіз. Айлық көп, көңіл тоқ. Мына қолда мың сом, мына қолда мың сом. Мұнша ақшаны қайда қоямыз, — депті.

ЕСТЕН КЕТПЕС ҮШ ТҮЛҒА

Өз жөні, өз заңымен көшетін уақыт шіркін, адам ырқына көнген бе?! Күндер өтіп, мезгіл керуені алыс тартқан сайын, өлшеулі өмірдің қымбат-қимас күндерін бірге өткізген, бірде үй, бірде түзде дәм-тұзды бірге татқан жан бауыр, жақын достардың бейіл-бейнесі өзінің қадір-қасиеті, табиғи болмысымен көз алдында тұрады. Сондай асыл жан, ардақты достарым қатарында Жылқышиев Әбекең, Малқаров Омекен, Досымбеков Зұханның орны өзгеше еді.

ЖЫЛҚЫШИЕВ Әбекең:

1. “Мұхаңнан әулие емеспін”...

Ойда жоқта тау жаққа жүретін болдық. Тау болғанда ел іші, малы мыңғырған, арғы шеті қиясында кекілігі сайраған, арқар-киіктің өрісі, даласында қасқыр, қарсағы жортқан берекелі Майбұлақ жағы. Әлгінде Әбекең телефон соққан:

— Мына күйкі тірліктен бас қатты ғой, Еркін. Әлгі қисық таяғың дайын ба, — деген. Әбекеңнің “қисық таяқ” дегені алыста тиер бесатар ғой, кәдімгі.

— О, дайын Әбеке.

— Е, ендеше баптай бер, оныңды. Кідірмей жүріп кетейік.

— Мақұл, Әбеке.

— Айтпақшы, — деп сөз жалғады, Әбекең, — машина менен, шофер сенен болсын. Біздің Ноқаң (шоферінің аты)

Шырынкүл жеңешенді төркініне әкетіп еді, “Волгасымен”. Ал, тауға мінер жеңіл “Газик” дайын тұр.

— Құп болады, Әбеке.

Сонымен жолға шығып барамыз.

— Шкала ширегі кем толаны көрсетіп тұр, бензиніміз жетер ме екен ағай, — деді, ауыл сыртында, рульде отырған Жолдасбек.

— Оны сенің айдасың, мына Ер-екеңнің бастасы біледі, — деді Әбекең.

— Онда тәуекел, — деп тарта берді, Жолдасбек.

Аудан басқаратын адамның екі көзі шаруада. Жол-жәнекей күзекі қоныстағы отар-отарларды аралап, қойшы, қосшыларға тоқтай жүріп, қоңыр күздің қысқа күні екіндіге ауғанда тау қызығы, аңшылық желігімен көк жонға көтеріліп, алыста қарауытқан Қарашатқа асып кеткен едік.

Қарашатта біраз кекілік қағып, олжа түсірген көңіл көтеріңкі, қайтар жолға шығып, келе жатқан бетіміз. Көкжонның жон арқасына шыққанда желдей өскен жеңіл газиктің үні өшті де, сорғып барып тоқтады.

— Бү, не болды, Жолдасбек?

Үн-түнсіз копот ашып, машинаның о-жер, бү-жерін шұқып көрген ол:

— Жеткен жер осы болды, бензин таусылыпты, — деді, мұрны астынан міңгірлеп.

— Оһо, енді қайттік, деп Әбекең ауыр қозғалып, тысқа шықты. Таяу жердегі төбенің басына шығып, ұясына еңкейген күн астында, сонау алыс ылдида бұлдыраған алыс өңірге көз жіберіп, біршама тұрды.

— Мана, біз тоқтап өткен шеткі ауылға қанша жер, — деді Әбекең, маған оқыс бұрылып.

— Бұл арадан түп-тура жиырма шақырым, Әбеке.

— Жиырма! — ой боой, недәуір жер екен-ау, деп состиып, біраз тұрды да:

— Осы, Еркін, баяғы Мұхаңды (М.Әуезовті) бір түн қай тұста адастырып едіңдер?

— О, ол сонау көріңген Бүркітті тауы, Изендінің жон-жотасы еді ғой, Әбеке. Күн батқаннан түн ортасынан ауғанша жол таппай, сандалы. Ұлы ағаны әбден қинағанбыз, Әбеке.

— Сонда Мұхаң не айтып еді, сендерге?

— Саспаңдар. Адассақ, алтын бесік туған жерде жүрміз.

Аспаны ашық, жер қара. Жөн көрсететін Темір қазық анау түр. Ел табамыз, — деген.

— Ее, ендеше мен сол Мұхаңнан әулие емеспін, кеттік Еркін, ертерек елге жетейік, мына шоферге жәрдем жіберейік, — деп Әбекең қосауызы мен жылы күртесін Жолдасбекке ұстатып, ойқастай басып, жолға түсіп, тарта берген.

2. Оқ қаңғымайды

Бірде “Айуан төбе” жайлауына бара жатып Әбекең:

— Осы, Еркін, Құлжаның жасын қалай санайсыңдар, — деді.

— Мүйіз қатпарынан, Әбеке.

— Ал, енді тұқым бермейтін кәрі құлжа атайық — дейсің, мүйіз қатпарын сендерге санатып қойып, қарап тұратын құлжа қайда?

— Атқан соң санаймыз ғой, Әбеке.

— Ее, түсіндім. Мәселе қайда жатыр...

— Тісі кетіп, қартайып, бөріге жем болатынын осындай семіз кезінде алып-алғанға не жетсін.

— Жарайды, таудағы құлжаның аузын ашып, тісін санап көретін көріпкелің болса, еркің білсін.

— Оу, Әбеке, Сіз де аңшының сөзіне сене береді екенсіз. Аңшының қай айтқаны рас болатын еді, — деп әр кез тиісіп, қиғаш сөйлеуге құмар артқы орында қатарында отырған партком Қасымбеков Әмірәш сөзге килікті.

— Несі бар айтса, көрген-білгенін айтад-та.

Парткомның мына сөзін құдай есітіп қойды ма, әлде, реті солай болды ма, бұйраттарда бұлдырап зулаған машинасын тормыз беріп тоқтатты да, шофер Ноқан:

— Ағай анау не, — деді, арғы беттегі бір түп тобылғыны нұсқап:

Қарап жіберсек, нән құлжа, қауіп-қатерден бейхабар, дағара мүйізін қайырып, жел жаққа иек көтеріп, маңқайып жатыр, жануар.

— Тісі кеткен кәрі құлжаң осы шығар, — деп жай ғана сыбырлады, Әбекең.

Аңшылық құмарлығы қойсын ба, бесатарды бетке алып, татыр қолтық түсы осы, — деп тартып жіберейін.

Тайдай құлжа атырыла жөнеп, аман-сау өрлей тартып барады.

– Міне, Әбеке, мақтаған, сенген мергеніңіз осы, – деді Әмірәш, келеке ете кіжініп.

– Ой, Әбеке, тоқтаныз, жатыр ғой, әне, – деп Ноқан әлгінде құлжа жатқан тобылғыны нұсқады.

Ноқан жаңылмапты. Барсақ, құлжамен қабат жатқан арқардың жетімек еркек қозысы қалып қойыпты.

– Болды. Осы да жетеді, – деді көңілі жайланған Әбекең.

– Осы да мергендік болып па, өгіздей құлжаға тимей, қаңғыған оғы, қозысына барып тиген де, – дейді Әмірәш тағы да шымши сөйлеп.

– Есінде болсын, Әмірәш, – деді Әбекең, Ерекең дұрыс жасады, біліп атқан. Жетім қозы бәрібір қасқырға жем болатын еді. – Басқа қаңғыса қаңғыр, оқ қаңғымайды, – деп, темекісін тұтатты.

МАЛҚАРОВ Омекең:

1. “Музейіме не қоям”...

Қайсыбір сөзі Әпендіге ұқсайтын, жаны жомарт, бала мінезді Омекеңе інілері үйірсек. Сәлем беріп, сөз тыңдап, еркелеп, аунап-қунап, келіп-кетіп жатқаны.

“Оңтүстікте” кезекті топтамасы шығып, Омекең жағасы жайдауында, Зейнеш жеңешемнің күрең шайын келтіріп, шалқар көңілі шалқып отырған шағында, газеттің жаңа бір санын қолтығына қысып, жақсы көрер інісі, Әбутәліп келіп, әдеппен есік ашыпты.

Әбутәліп болса да әдебиетке жақын, ақын жанды журналист. Өзі анау-мынау емес, “Қырғи тілді” Асекеңнің (А.Тоқмағанбетов) назарына, қадамына ілінген еңбек жігіт. Тіптен Асекең оған өлең арнап:

Жазыпты бір мақала Текебаев,
Жазғанын қарап жүрмей жұртқа жайып,
Нәмет дейтін бір досы мінгесіпті,
Текебаев кетпесін деп жеке байып, –
деген ғой.

Міне сол, Әбутәліп Текебаев келіп тұр.

– О не, Әбутәліп-ау.

– “Лениншіл жас” Сізді, күллі оңтүстік ақындарының ағасы, – депті.

– Ее, ол жалғыз “Лениншіл жас” емес, одан жоғары гәзиттердің де жазып жүрген сөзі ғой.

— “Күллі” — деген сөзі болмаса, байқаймын. Омеке жастар газеті сәл кемсін жатыр. Әділін айтсақ, “Оңтүстіктің” орнына “Қазақ” деп жіберсе де жарасып жатыр емес пе?

— Әй, бүтәліп-ай, оның жөнін білетін жұрттың бәрі Малқаров, Текебаев емес қой. Малқаровты жазатындар өздері іздеп жаза жатар. Ал сен, аз сауық болсын, анау домбыраны қолға алып шертіп жібер.

Әбүтәліп қаламға жүйрік болса да, домбыраға шорқақтау. Сонда да шегінудің жөні жоқ. Төрдегі домбыраны қолға алып, тыңқылдатып, шанақтағы әшекей-өрнегін қызыға сипай отырып бір кезде:

— Осы Омеке, Сіздің де бір затыңыз теберік боп менде жүрсін, мына домбыраны маған берсеңіз қайтеді, — депті.

Сонда Әбүтәліп інісіне шақшия қарап, шарт ете түскен Омекең:

— Әй, бәтшағар. Сен қызықсың. — Бұл домбыраны саған берсем, кейін ашылатын музейіме не қоям, — депті.

2. “Есімде болсаң”...

Ел аралап, сапарда жүрген Омекең, сонау дала шалқарында, Жиенқұмдағы атакты шопан Жұпарбектің кара шаңырағына ат басын тірепті. Қасында аудан мен ауылдың бір топ беделді белсендісі бар Омекең келгесін Жүпекең барды базарлап, мол дастарқанын алдына айқара жайып тастапты.

Дастарқан басы болса да, көңілді күлкі, арқын-жарқын әңгіме. Айтылар сөз көбіне Омекең поэзиясы, Омекең таланты, газет, журналдарда шығып жататын өлеңдері жайлы.

— Осы, Омеке, — депті бір кезде, мұндайда әлдекімге әжуалап, тиісіп, қарап отырмайтын совхоз парткомы Қасымбеков Әмірәш. — Жақында газеттен, сіздің “Нұртазаға” деген өлеңізді оқыдым. Былайша өлең жаман емес, бірақ... сол өлеңде “Нұртаза” деген бір ауыз сөз жоқ. — Сондай да арнау бола ма? — депті.

Сонда шет жақта, самауырдаң шай құйып отырған бір жас жігіт сөзге килігіп:

— Әу, Әбеке. Ол өлеңді мен де оқыдым. Тамаша! Өлең, сіз бен біздің өреміз жете бермейтін, өте терең, философиялық, әрі биік пафоста жазылған. Оны түсіну үшін сіз бен бізге басқа емес, дәл мына Омекеңнің басындай бас керек, — депті.

Бейтаныс жас жігіттің биік бағасына риза боп, толқып кеткен Омекен:

— Міні, поэзияның нағыз жанашыр досы осы! Көне айтшы, атың кім еді сенің, не қызмет істейсің, — дейді.

— Осында ауыл мектебінде мұғаліммін, ағасы... есімім, — деп өзінің аты-жөнін айтыпты.

— Болды-болды. Сен өсетін бала екенсің. Сен енді менің есімде боласың, — депті.

ДОСЫМБЕКОВ Зұлпыхар:

1. “Төрт цифр тапшы”...

Шіркін Зұхаң! Азамат еді, паң еді. Сәл ыңырына тұрып шығатын айтқын да биік дауысы, сылқ-сылқ күлкісі, маңғаз-майпаң жүрісі, бар бейне болмысы, өз қалпы, табиғи тұрғысымен көз алдымызда.

Керуен өмір. Енді міне, қыркын беріп жатырмыз! Замандастар, қаламдастар, қатарластар толғана-толқи тұрып сөйлейді. Көсем еді, шешен еді, қарадан туған хан еді, — дейді. Бәрі шындық, бәрі рас. Жұрт сөйлеп жатты, менің көз алдымда бәз-баяғы өзгермес-өшпес бейнесімен Зұхаң тұр.

Ол күндерге, япыр-ай, аз-кемі жоқ дәл қырық жыл болыпты. Ол кездегі Сталин, Шмидт (бүгінгі Тәукехан мен Шмидт) көшелері қиылысында бір қабатты қызыл үй — қаламгер қауымның киелі ордасы “Оңтүстік Қазақстан” газеті редакциясының іші жастарға толы. Көбі университет бітіріп жақында астанадан келген. Әлімбаев Әбдешім, Баятанов Жолдасбек, Кәдірбергенов Байділда, Сапаев Алпыс, Мұсаев Амантүр, Досымбеков Зұлпыхар — түлеп ұшқан, тілеп ұшқан түлектер. Осы қылшылдаған қырмызы топтың ішінде құдай берген талабыма сүйеніп, тыңнан қосылған мен жүрмін.

Зұлпыхар екеуіміз бір бөлме, бір бөлімдеміз. Оны “партия тұрмысы” дейді. Оны газет өмірінің өзегі, — дейді. Зұхаң бастық, мен әдеби қызметкермін. Талап бар жерде талпынысқа қамшы бар. Бір жақсыны көрсең ұқсап бағуға, тіптен алға шығуға тырысасың.

Сырт көз сыншы, қатарлас, қанаттас қаламдастың қимыл-қабілетіне сынай де мінеі қарайсың. “Алуан жүйрік әліне қарай шабады” демей ме халық, қаламдастың қайсы бірі

сырғыта жазып, машинкада сорғыта айтып бастырса, кейбіреулер ұзақ қидалаған қағазын жөнді айта алмай, мүдіріп, не мінгірлеп жатқаны.

Сондайда тар бөлмеде қатар отырған төрт машинкаға “нөмірге” енді деп таласа барып, қатарласа тұрып, бөлмені басқа көтеріп, “миды шағып” жатқан төртеудің ішінде бәрінен биік, бәрінен айқын жаңғырығып жатқан бір дауыс болушы еді. Ол біздің Зұлпыхардың дауысы.

“Жаңа жолдан” деп бастайтын сол дауыс бөлмедегі барлық даңғаза шу, шатыр-шұтырды көміп, көкше құстай саңқылдап, қызыл үйдің шаңырағын көтеріп тастардай кернеп тұрушы еді.

Бөлімдегі ең жауапты шаруа, облысты тіреп тұрған күдіретті орын — обкомда өтіп тұратын пленум, конференциялардың тұтас бір беті, кейде қыяметтей қиын істің көп салмағын Зұхаң өз мойнына алушы еді. Ондайда ол, пәлендей көп қоқыс қағазы жоқ, қолында сөйлеген шешендердің аты-жөні, сан, есептері түртілген шағын дәптерін алып, түп-тура “машбюроға” баратын. Ең шапшағ басатын Рәпия апайға:

— Көне бастайық, — деп, қағазын түзеп, баяғы бір ашық сүреңді даусымен бөлмені басқа көтеріп, бір күн түгесуге жетерлік істі бірер сағатта тындырып тастаушы еді.

Бас мақала жазу дайындығы аз, қабілеті тайызға қиынның-қиыны. Қайсыбір дос оған әр жақтан мағлұмат іздеп, әр қағазға, өткендегі газет тігінділеріне шүкшиып, тұтас бір күнін беріп, жан терге түсіп жатқанда, біздің Зұхаң жүре тұра іс арасында оңай тындырып тастайтын.

Сондай күндердің бірінде Зұхаң маған:

— Еркінбек, сен, мағлұматқа ұқыпты едің ғой. Мына бір тақырыпқа төрт цифр тапшы. — Соның екеуі мақаланың бас жағына яғни, мақтауға, екеуі “алайда” дан кейінге, яғни сынауға керек. Жарай ма, деді.

— Жарайды, Зұха, іздеп көрейін.

Арада аз-кем минуттар өткенде Зұхаңның сұрағаны табылды. Бар-жоғы төрт цифр, төрт сөйлем түскен алақандай қағазды алып, көз жүгірте бір қарап кідірмей машбюроға жөнелді. Ізінше ми қайнатар қалың шудың ішінен бәрінен өктем, бәрінен биік жаңғырыққан диктовкадағы Зұхаңның қыран даусы естілді. Арада жарты сағаттай ғана өткенде нартай

қызарып, аяғын маң-маң басқан Зұхаң көрінді. Тершіген кейкі ганауы көтеріңкі, көңілді.

— Шаруа бітті Еркінбек, басмақала дайын, деп қаттаулы қағазын жайып тастап, столында шірене түсіп отырды.

2. “Әр қозықұйрықтың түбінде”...

Көктем келіп, сәуір кіре Зұхаңның бір сұрау салып іздейтіні Қаратауда қалың өсетін қозықұйрық еді. Құдай күнін беріп, ақ жауыны төгіп өтсе, обкомда отырған Зұхаңнан телефон шалынатын. Кейде өзі, кейде қасына ұл-қыздарын алып, машинасын қуақы шофері Генькасына айдатып, мерейтойда жүргендей бәз-баяғы кеудесі шалқақ қалпы айналаға қасқая қарап, Шаяндағы үйімізге келер еді.

Тауға шығып саяттап, аз ба, көп пе бұйырғанын алып, кейде қозықұйрығы табылмаса, қыр биігінен қызғалдақ үзгеніне мәз, өркештеніп, марқайып қалушы еді.

Сондай көктемнің бірінде ақ жауыннан кейін телефон соғылды. Зұхаңның даусы:

— Қалай, қозықұйрық бар ма, Ер-еке?

— Бар, Зұха. Бірақ, жаңа көрінген әр қозықұйрықтың түбінде шатырын тігіп екі орыстан отырған көрінеді. Өскесін қырқып аламыз, — деп...

— Ее, ендеше жақсы, деді Зұхаң. — Олардың қасына үшінші боп, біз де шатырымызды тігейік.

ӘПЕНДІНІҢ ШЫН ҰЛЫ

Қазақ жұрты ықылым заманнан ауыздан тастамай айтып жүрген Қожанасыр (әпенді) көкеміз көктен түспеген, елден шыққан адам ғой. Ол баяғы бір заманда өтіп кетсе де туа біткен аңқылдақ, адал, аңқаулығымен елді күлкі рақатына қорық қып қазір де арамызда жүргендей. Олай болатыны әпенді әкенің топырағынан жаралған, өзі боп туа қалған ұрпақтары қай жерде де, құдайға шүкір, баршылық. Атадан аумай туған мұрагері кешегі Сапар аға Битасов еді.

1. Сапекең ашқан жаңалық

Сапекең елде өскен, соғысты көрген, тіпті әйгілі Сталинградтан Берлинге шейін жеткен, көкіректі медалға толтырып, ұзақ жылдар ұстаздық еткен, Мұхтасардан бергі

ғалай нәрсені тауысқан көдімгі бастауыштың мұғалімі еді. Елу дейтін еңселі жасты еңсергенге шейін жарықтық, білім толтырып, сырттан оқыды.

Бірде жазғы каникулдың тұсында, Сапекең аз күн “ікзәм беріп” қалада болып қайтыпты. Жай қайтпапты, “биылғы ікзәмге” деп ала көктемде бақташыға қосқан қотыр танасын пұлдап, артылғанына оқуға жеңіл балалар әдебиетінің біраз кітабын ала қайтыпты. Солардың бірін өзі рақаттана оқып алғасын, мынаны елге айтпай болмас, — деп ауылдас көршілерін шайға шақырыпты.

— Япыр-ай, жұртым-ау, мынаған қараңыз: Мына Алдар көсе дегенің бір пәле екен ғой, өзі. Шығайбай дейтін бір байға қонақ болыпты да, атын сойдырып, бермесін жеп, тіпті сұлу қызын да олжалап кетіпті, — деп, “Алдар көсе мен Шығайбай” атты әңгімені өзі қарқылдай күле отырып, дауыстап оқып беріпті.

2. Жаңа жыл шыршасы

Жаңа жылдық шыршаның бала атаулыға базарлы қызық екенін Сапекең көкейге мықтап түйген. Бірақ өзі ұстаздық еткен алыстағы шағын ауылдағы бастауышта оны жасайтын он сайманның бірі жоқ. Әттең, сонау жылдары күркіреген майданда от пен оқ астында жүргенде кереметті орыс орманында өзіне қаншама пана да, сая да болған сыңсыған қалың шыршаның бірі мына Төсбастауда өссеіші. Қайтпек керек?

Ниеті түзу, ықыласты адамға шешілмейтін жұмбақ бар ма, тәйірі. Сапекең қатты қиналып, ақыры оның да есебін тауыпты. Түн ұзағы ойланып шыққан Сапекең сол күні ертелеп, ұлпа қарда омбылап, бір топ шәкірттерін шұбатып, ауыл сыртындағы Төсбастау биігіне шығыпты. Сонда бастау басында қашанғы бір заманнан бері, жаз бен күзде жеміс-жапырағы жайқалып жалғыз түп долана ағашы тұрушы еді. Сапекең соның бір салалы бұтағын өткір балтамен қиып түсірген. Оны жабыла сүйрей кеп, кең класс бөлмесінің қақ ортасына орнатқан.

Жапырақ — жемісінен әлдеқашан айырылған қара бұтаны өшекейлеп-әспеттеу Сапекендей тапқыр жанға сөз болып па?! Шынаркүл апайдың көрпе қабуға арнаған бір құшақ ақ мақтасы, сол замат бұтаның-бұтағына көшкен. Текеметке деген жүн бояулармен боялған қызыл қағаз, ақ қағаз, көк қағаздар

әлем-жәлем ілінген қара бұта, енді көрер көзге кәдімгідей көркем.

Енді міне, жаңа жыл кеші. Бала біткен мектепте. Класс бөлмесі көңілді у-шуға толған. Ортада ақ қардай ақ мақтаға оранған көркем “шырша” жанында мойнына Төшен атасының ат дорбасын іліп, атасының ескі сеңсең тонын айналдырып киіп, ескі түлкі бөркін төбесіне қонжытып, иегіне ақ мақтаның бір уысын жапсырып төртіншінің оқу озаты Біртай тұр. Оның мойнындағы ат дорбаның іші оқушылар жиып келген күлше, малта, бауырсақ пен түрлі қуырмашқа толы.

Шыршаны қол ұстаса қоршаған балалар қуанышы қойынға сыймай мұғалім ағайының қас-қабағын бағып тұр. Көне, бастандар! – Айт-два, Айт-Два!..

Балалар тақтай еденді екі аяқпен тарс-түрс теп кілей кеп шырқайды:

...Заманның сайраған бұлбұлы,

Ал қызыл жайнаған біз гүлі!

Әніміз, сәніміз жарасқан,

Біз гүлі, біз гүлі, біз гүлі!

Көтер!

Шырқа солай! Айт-два, Айт-два, Айт-два!..

Сол күні мектепте мына қызық думанды көруге келген жасы үлкен көкелер мен апалар, әжелер мен аталар: – Ойпыр-ай, мына Сапар мұғалімнің білмейтіні жоқ. – О, тоба! деп жағаларын ұстапты.

3. Жүгері жорығы

Бірде Сапекеңе Жолдығұл бригад келіп:

– Сапеке, ел қатарлы Сіз де егін егіп алыңыз, – деп Талдының тоғайындағы мөлтекке қос өгіз жегінді соқамен жыртып, біраз жүгері сеуіп беріпті.

Оқушы балалар жабыла жәрдемдесіп, тың тоғайда бабы келген жүгері собықтары сотадай болып, қайыса өсіп бітіп қалыпты. Дәні толып, сабағы сарғайған қыркүйектің басында жүгері тұтастай орылып, оны тасып алуға Жолдығұл бригад тағы да биік сатылы өгіз арбасын беріпті.

Мұндайда іске шулай кірісетін оқушы балаларға қызық керек. Жүгері бауларын арбаға толтыра тиіп, көбісі биік артылған жүгері үстіне құмырсқадай құжынап, сыймағаны

оқтық пен өгіз арқасына жабысып Сапекеңнің мектеп маңындағы мекенжайына тартыпты.

Бөріні өзі басқарып, жол нұсқап, аптығып жүрген Сапекең арбаны олай тарт, бұлай тарт, — деп үй сыртындағы түйетайды қияға алып келгенде салмағы ауған арба жүк-мүгімен бір қырындай аударылып кетіпті. Төбе боп төңкеріле шашылған жүгері үйіндісі астынан айқай-сүрең салып, бірі жылап, енді біреулері күліп шуласа шығып жатқан балаларды көріп есі шыққан Сапекең:

— Ойбай, Біртай, ұмтыл! Класс журналын әкел, — депті. Сол журналдың бетін жалма-жан ашып жіберіп:

— Аққулиев бар ма?

— Әбітаев бар ма?

— Оразалиев бар ма, — деп, әр баланың атын атап шақырып, түгендеп тұрыпты.

Екі-үш бала “мен мұндамын” деп шыға қоймапты. Сонда Сапекең: Ойпыр-ай, сұмдық! Бұлардың қаншасын қырып алдық! — деп жан даусы шығып кетіпті.

Сөйтсе, әлгі жауап бермегендер жүгері жорығына қатыспай бұғып қалғандар екен.

4. Табылған ақын

Біріне тартсаң екіншісіне жетпейтін шолақ дүние тауқыметі таусылған ба. Әнеу бір жылдары көбіктей көпірген жоғарының жоспарын орындаймыз — деп алақандай ауданда қойдың саны жарты миллионнан асып, малды ауылдар көп қойға қыстайтын қора, ұстайтын пана жетпей алыстағы Үшкөкшенің құмына үдере көшіп жатушы еді.

Сондай күндердің бірінде аудандық партия комитетінің хатшысы Ысмайылов Нұртазаға сонау шеткері ауылдан ат арытып Сапекең келіпті. Қолтығында пәпкі, пәпкіде бетіне ақ сызық, көк сызықтар айқыш-ұйқыш сызылған кәртон қағаз.

— О, Сапеке, жол болсын, жайшылық па, депті Нүрекең.

— Қайдан жайшылық болсын, Нүреке. Малын сыйғызу мұң болып, аудан қиналып жатқанда, тыныш жатар күн қайдан болсын. Мал сақтаудың мынадай бір табылмайтын жоспарын жасап келіп ем, — деп әлгі картонын хатшы алдына жайыпты.

— Мына тұрған үлкен тұра, мынасы кіші тұра. Екі тұра дегенің қос босаға. Арасы бар болғаны тай шаптырым жер. Қазіргі заманның техникасы күшті ғой. Сол қос тұраның

арасын жалғап, маңдайша қойғыз. Қос тұраның сырты — Садырдың құзы мен Үшқаттының биігіне мықты темірден пәуаз тарттыр. Төбесін тұғас, жауын-шашын өшпейтін қып жаптыр. — Бұл дүниеде жоқ әйдік қораң дайын. Қатар жатқан үш совхозыңның барлық қойы сыйып кетпесе маған кел, — депті.

Сапекеңнің картонға сызған жобасынан көз алмай үнсіз тыңдап отырған Нүрекен:

— Мынауың Сапеке, онша-мұншаның басына сыймайтын аса үлкен ақыл екен. Табан астында шешу оңай болмас. Ойланайық, ойласайық, — депті.

ҚАЗАҚТЫҢ ТАПҚЫР — ҚАСҚА ЖАМБАЕВЫ

1. Кировты қарсы алу

Қазақ Галошокиннен құтылып, Мырзажанмен (Мирзоян) габысып, ашыққан қарын талқанға тойып, құдайы жасап қалған 34-тің жазында Сталин “Сен барып қайтшы, қазақтар не күйде екен” деп, Қазақстанға Кировты жұмсаған ғой.

Өзі шешен, өзі сері Сергей Миронович Мәскеуден алыстағы Алматыға тіке бармай-ақ, қазақтарды көруді жол аузындағы Орал жағынан бастапты. Ауданнан-аудан, ауылдан-ауыл асқан Киров “Сендерге бара жатыр, қарсы алыңдар” деген хабар Ақтөбеден Ырғызға жетіпті. Мұндайда “Жаппарқұл” қазекенде жан қалар ма, райком, исполком, райзо басындағы бетке шығарлар аудандағы үсті ашық жалғыз “Пикапка” тола мініп, Киров келетін сахараның сары даласында жосып жатқан қасқа жолды шаңғытып, жосыта келе жатыпты. Құлазыған қу медиен далада белден-бел асып, бір белеске жеткенде зулаған машина моторы пысқырып, қақала-шашала барып тоқтапты.

— Ой, не болды-ей, депті, аудан басшысы сасқалақтаған шопырға кейіс көрсетіп.

— Ойбай, сұмдық болды. Радиатырда тамшы су қалмапты...

— Запасың жоқ па?!

— Жоқ.

— Ой, әттеген-ай, енді кәйттік, депті үрейленген исполком төрағасы.

— Е, ағалар саспаңдар, мен ақыл таптым, депті райзоны басқаратын бұлардан жасы кіші Жамбаев.

— Ал, кәне деп, басқалары соның аузына қарапты.

– Мен білсем, судан-судың айырмасы жоқ. Қуықтағы бар суды қор қылып жерге төкпей, радиатырға құю керек.

– Әй, не дейсің, деп үлкендер шопырға қараған екен.

Ол:

– Аздап тұзы бар демесек, о да су ғой, деп миңгірлепті.

Қырсық шалғанда төрт қуықтағы бар суды жиып, құйып алатын ыдыс та болмай қапты. Ендеше қарап тұрмайық:

– Кәне, кезектесіп, радиатыр тесігіне дәлдеп қуықтарыңды босатыңдар, – депті бірінші басшы.

Осылай, кезегі келген исполком төрағасы радиатырға шығып, қарақұсша төбеден төніп, қуық босатып жатқанда, құдайдың құдіретіне амал қанша, жақын белестен жалтылдаған су жаңа “МК” зу етіп шыға кепті. Өзі туысы өзілқой, көңілді жүретін өткір сөздің адамы, бір қызықтың болып жатқанын байқап қалған Киров, қатарласа тоқтаған машинасынан жарқырап шыға келіп:

– Что тут происходит, – что за суматоха? депті машина биігінен құлай секіріп, жалма-жан ышқырлығын түзеп жатқан исполком төрағасын сұқ саусағымен көрсетіп.

Бет-жүзі шикандай қызарып, ұяттан өлердей әбіржіген гоптан жағдайдың не екенін білген Сергей Миронович:

– Ох вы, надо-же, додуматься да такой мудрости, – деп қос қолымен шертиген қарнын тіреп тұрып кең даланы басына көтеріп, шек-сілесі қатқанша, рақаттана бір күлген екен.

2. Обойдемся без товарища Сталина...

Жамбаев Қостанайды басқарып тұрған бір жылы егін бітік өсіп, астық жинау науқанына көршілес Орал өңірінен бір үлкен генералы бастап көп әскер жәрдемге келген екен. Әскери катал гәртіп, белгілі мерзім өткенде әскерді қайтаруға команда беріп, өлпі генерал (ұлты еврей болса керек) қоштасқалы обком төрінде отырған Жамбаевқа келіпті.

– Солай да, солай, аттанып барамыз, сау-саламат болыңыз, Жамбаев жолдас, – депті генерал.

– А, вы, хлеб полностью убрали, генерал, деп сұрапты Жамбаев.

– А это нам не касается. Мы люди военные, отработали установленный срок, – депті генерал.

Сол сәтте жалма-жан кнопканың тетігін басып, қоңыраумен көмекшісін шақырып алған Жамбаев.

– Срочно соедините мне Сталина, — депті.

Осы сәт зәре-қуты қашып, дірілдеп, орнынан ұшып тұрған генерал, тілі кекештеніп, сөйлеуге әзер келіп:

– Т-т-ооварищ Жамбаев, да-авайте, об-ойдомся без то-оварища Сталина. С-ско-олько дней вам по-отребуется депті.

– Вызов товарищу Сталину, отмените деп, көмекшісің қайтарған Жамбаев генералға бұрылып:

– Хлеб первым долгом нужна солдатам. Так что, надо убрат до конца. Вы генерал не войне генерал, а на хлебном фронте партия генерал. Идите работайте деп генералды арқадан қағып шығарып салған екен.

3. Когда хлеб надо...Жамбаев надо

Үлкен облыстың тізгінін қолда мықтап ұстаған Жамбаев саяси білімін көтермек болып, жоғарғы партия мектебіне сырттан оқуға қабылдауды сұрап Мәскеуге “Цекаға” хат жазыпты. Мектеп басшылары жалпы білімі кемшін Жамбаевты “не перспективный” деп қабылдаудан бас тартыпты. Бұған шамданған Жамбаев қайсарлықпен сол кездегі ең биік партия тұғырында отырған Маленковтың алдына жетіпті.

– Присаживайтесь, я вас слушаю товарищ Жамбаев, — депті, Маленков.

– Большой спасибо товарищ Маленков, я хотел заочно учиться в партшколе. Но, мне отказывает. Вообще, когда хлеб надо, Жамбаев надо. Когда мясо надо. Жамбаев надо, когда молоко надо, Жамбаев надо. А, когда учиться надо Жамбаев не надо, это разве справедливо? товарищ Маленков, — деп Сақаң мәселені қабырғасынан қойыпты.

Қайсар қазақтың еңбегіне сәйкес қойған талабына қарсы қояр уәжі жоқ Маленков телефонын көтеріпті де, мәселені “зачислить” деген жалғыз сөзбен шешіпті.

4. Извините, я ищущу товарища Жамбаева

Мәскеудің зәулім қонақжайының пәленбайыншы қабатына жайғасқан Жамбаев бір шаруамен шығып кетіп, өз номерінен адасып қапты. Біркелкі әр есікті ашқан сайын ішінде бөтен адамдарды көріп:

– Извините, где живет Жамбаев, я ищущу товарища Жамбаева деп, номерден-номерге өтіп, ақыры өз киім-кешегі ілулі өз номеріне табысыпты.

5. Ах чорту, несчастный... тринадцатый билет...

Төрт жыл Мәскеулетіп, келіп-кетіп жүріп, Жамбаев Сағалбай көкеміз сол елуінші жылдар басында, оқуды тәмамдап, “Гос экзамға” да жетіпті. Қарсаңда жарияланған голып жатқан сынақ билеттерін көріп, ондағы ұшы-қиырсыз сұрақтардың үдесінен шыға алмасын білгесін, аз ойланыпты да, ақыл тауыпты. Көп билеттер ішінен он үшінші “бақытсыз” номерді таңдап, соған мықтап дайындалуға бел байлапты.

Міне, енді шешуші сәт. Шақырылып Госкомиссия алдына келген Сақаң жалтыр үстел бетіне төңкеріліп жайып тасталған көп билеттің бірін көтеріп, сұрақтарын шаншыла оқып тұрыпты да:

— Ах, чорту, попался несчастный тринадцатый билет деп, қолындағы билетті столға, көп билетке тастап, араластырып жіберіпті.

Мына жөнсіздікке ашуланған госкомиссия бастығы:

— Вы что, товарищ Жамбаев, как мальчик, так негодиться, найдите, и верните ему, тот самый тринадцатый, деп столдан он үшінші билетті тапқызып беріпті де, — не спешите, подумайте и готовьтесь, — депті.

Құдай берді деген осы. Орынға жайғасып, қатты ойланған болып, қағазға шаншылып, біршама отырған Сақаң госкомиссия алдына шығып, жорғалата сөйлеп, жосып беріпті.

— Япыр-ай, білмейтін билетіне жауабы күшті, бұл өзі аса терең білімдар қазақ екен-ау, деп ойласа керек, — молодец, деп бес қойып, шығарып салған екен.

ЕЛ АУЗЫНДА ЕРКІН СӨЗ

1. Ақшама неге тиесің...

Түстік жақтың үлкен қаласында бір саудагер сарттың азаматтық ісі парақор соттың қарауына түсіп қалған екен.

— Е, айнала қалайын оғлым, шу, айтқаныңды бераман, шу ішімде иондап берің, — деп жалбарыныпты.

— Жарайды ісің үлкен, мың доллар әкелсің, депті сот.

— Хоп, майлі, деп жөнеліпті байғұс сарт.

Айтылған күні сарт тоғыз жүз доллар әкеліп сот қолына ұстатқан екен.

— Ей, мынауың кем ғой, жүз доллары қайда? — депті сот.

— Е, айнала қалайын оғлым, шу мұқтаж болуб, кеше

жекшамбі базарыда бир кирагима таратиб ибериб едім, — десе:

— Ей, есің дұрыс па, — менің ақшама неге тиесің, — бар тауып кел, — деп қуып жіберіпті.

2. Әкел мұнда, сейпте тұрсын...

Кепілде жүрген бір кембағал жігіттің қылмыстық ісі сондай бір нысапсыз соттың қарауына берілген екен.

— Ісің шатақ, жеңілдік алам десең, жерден қазсаң да, тоқсан мың теңге әкелесің, — депті сот.

“Баспақшыға бас қайғы” деген, “мақұл” деп кетіп, кешіккен жауапкерді сот іздетіп шақыртса, әлгі байғұс:

— Е, ағай, түгендей алмай жатырмын. Мүмкін болса, тағы біраз күн мәулет беріңіз, деп жалынып, кеткелі жатқан оған:

— Ей, тоқта, депті сот, — табылғаны қанша?

— Қырық бес мың, ағай.

— Ей, әкел мұнда, жаратып, құртып қоярсың, сейпте тұрсын, қалғанын ертең әкелесің...

3. Ішу конференциясы

Алпысыншы жылдары қалалық, аудандық газет редакторларының Алматыда ВПШ жанында жылма-жылғы айлық семинар-кеңесі өтіп тұрған ғой. Жексенбіде қол бос, еріккен жігіттерге ермек керек. Арқа мен оңтүстіктің бір топ газетшілері жатынжайдың бір жайлы бөлмесіне жиылып, тамадалықты жеке-дара қолға алған Қызылқұмның редакторы Қысмұратовтың алдында ақ шөлмек, көк шөлмектерді бірінен соң бірін ашқызып, сөз думаны дуылдап жатса керек.

Көк езулі көбік сөз шарықтап қызған шақта, Жуалының Айтақовынан сөз көкпарын жұлып ап, тақымға мықтап басқан Қаратау сырты — Асадан келген өйгілі шешен Арынов қайқайып ортаға шығып, өңгіменің тиегін ағытсын келіп.

— Ағайындар, бауырлар, депті ол, кеңірдегін қысқан галстугінің түйінін аз-кем босатып, — Біз жері де кең, пейілі де кең, көңілі дарқан, жаны жайсаң, еншісі бір, жаны бір, қайран қазақтың ұлымыз. Міне, сол қасиетіміздің арқасында...

— Әй бауырым, тоқта, депті шыдамы таусылған Көкшетаудың ағыны қатты Азнабаевы. — Ойпыр-ай, оңтүстіктің жігіттері сендердің арақ ішкендерің целый конференция екен! Одан да “За ваше здоровье” деп алып

жібермейміз бе, – деп, бокалын төңкеріп тастапты да, Қазалылық Сейіл ағасының сөмкесінен шығып, бағаналы бері ортада қозғаусыз жатқан майы шылқыған семіз қазыға қол созыпты.

ДАЛА МИНХАУЗЕНДЕРІ

1. Құсбегілер сайысы

Тау Боралдайы мен қатар жатқан Орта Сүңгі ауылдарының қыстың күні ақша қарлы ақ сонарда қиқулап құс қайырып, саят құру ескі заманнан үзілмеген үрдісі еді. Әсіресе алғашқы мамық қарда қара күздің қара тепкінінде әбден семіріп, жұп-жұмыр боп дөңгеленіп қалатын құс біткеннің құралай көз сұлуы кекілікке құс салғызып, қызықтау, бұ дүниенің рақаты болушы еді.

Тары бозасын таң қараңғыда сүзгізіп, ерте тояттап, нарттай қызып алғасын жас-желең атаулының көңіл-көкірегінен жел есіп, қиқулы қызық дүниенің таң-тамашасын қызықтаудан асқан жан айызы болған емес.

Аңшының көргенінен – көреміні, алғанынан – аламыны қызық. Бір көрінбес сиқыр бастаған құштарлық-құмары тарқамай тынбайды. Саят біткесін оның көпшілік жиылған жердегі гулеген, шулаған көбік сөз, қиып түсер қыран құсын, итін, мылтығын, астындағы атын, ең бастысы – құсбегі ата, мергенші көкелерінің өнерін біріне-бірін жарыстырасалыстырып, мадақтап-мақтаудың талай жерге жетіп, талай күндерге созылар әңгімесі қаншама.

Осылай боза үстінде отырған екі ауылдың екі ұдай саятқұмар, құсқұмар бозөкпе-бөспелері қысқы сонар, саяттың бір күні бәс тігіп Боралдай мен Қос Сүңгі екі ауылдың түкірігі жерге түспейтін әйдік құсбегісі Дүйсебай мен Көпестің қаршыға салудағы асқан өнерін, бастан кешкен қызығын тіл жеткенше баяндап, сөз сайысына, өнер жарысына салмаққа келісіпті.

Айтулы күні Долаланы бұлақтағы алты атасынан құсбегілік өнерін “езіп ішкен” Итемген атайдың қыстауына жиылып, сонда Боралдайлықтар (қалайда жеңеміз, деп) Дүйсебайдай сайыпқыран көкесінің өнерін ортаға салса, мына Қос Сүңгінің “шымалдай кекілігін шыбындай тоздырды” деп даңқы жер-көкке сыйдырмайтын көпес көкесінің соңынан ілескен жандай

шаптары алақандарын ысқылап, келсең-кел, — деп жұтына түсіп отырған екен.

Сонда сары алтындай көбігі кете қарыс зерен толы тары бозаны толғай тартысып, шекелері қызарған сәтте сөз басы қонақтарға тиіп, төргі Боралдай — Күшік ауылының аузымен құс ұстайтын қызба шешені Шөпшекбай сайрай жөнеліпті.

— Әй, мына қараның сайының қара суының балығын сүзіп, қыс бойы асқабаққа бөгетін жарықтық Байтулы ата өулетінен қайбір құс пен құсбегі шығатын еді. Бұлардікі гәп қой, құс қыраны, құсбегінің сұлтаны деп, шіркін, біздің Дүйсекеңді айтса болады. Дүйсекеңнің былтырғы қара тарланының ешбір құс тең келмейтін өнерін Бұғамалдың қалың кекілігіне сілтегенде көрдік.

Шіркін-ай, қалыңға сілтеп кеп жібергенде, ұйқы-тұйқы араласып кеткен құс көз ілестірмей, нажағайдай жарқ-жүркі етіп ілген олжасын Дүйсекеңнің алдына атып ұрғанда келіп қарасак, қара тарлан оң аяғымен біреуін, сол аяғымен біреуін, екі бірдей кекілікті ұмар-жұмар ұстап қалған екен. Бұндай құс бұл өңірде болған емес, — деп насаттанып, жан қалтадан жез шақшасын суыра бергенде, манадан бері Шөкеңнің сөзін мізбақпай аңдып отырған Итемген өулетінің әйгілі құсқұмар шабандозы Келтебайдың Сағымбегі:

— Қап, өттеген-аай, деп жамбасын алақанымен сарт еткізіп салып кеп жіберіпті.

— Ее, десіп бір сәт аңтарылған қалың тыңдаушыға Сақаң биіктен шаншыла қарап, — қап өттегені-ай, Дүйсебайдың қолына түскен қыран бір қайыруы жетпей, қор болған екен. Қор болғаны сол, шын бабы келген қыранға екі кекілік те сөз болып па? — Дәл сондай тастүлек қаратарлан қаршығаның бірін біздің Көпес те баптаған. Шіркін шын қыран деп соны айт. Дәл әлгіндей мына өрдегі Қарасай, Қылшалының қалың кекілігіне сілтеп кеп жібергенде, топтың астын кеулей, шалқалай ұшып, жай оғындай жалт-жұлт еткен жарықтық екі шеңгелімен екеуін, оған қоса тұмсығымен тағы бірін ұстап қалушы еді.

— Ой, бөрекелде, міне нағыз қыран осы. Бапкер Көпестің өзіне де, мына айтушының сөзіне де қолқа жоқ. — Жарайсың, Сақа, деп оны көкке көтеріп, дуылдапты айызы қанған тыңдаушы жұрт.

Сөзден ұтылып, найшасы пәсейіп, жүнжіп қалған Шөпшекбайды қолпаштап алып келген туыстары:

– Өй, құрттың ғой, сен, елпілдеп алдымен сөйлеп нең бар еді, деп кіжінгенде:

“Жығылғанның сөзі құрсын” деген, басқа уәжі қалмаған Шөкең:

– Қап, құстың екі аяқ, екі шеңгеліне қосымша тұмсығы бар екені есіме түспегенін қарашы, – деп өкініпті.

2. Шын мерген, мәрт-жомарт деп осыны айт...

Сұр мергендік, серілік ерлік пен тең саналған қазақ арасында аңшылық, сонар- саят тұсындағы бастан кешетін өмірдің әдемі өз шындығын тыңдаушысын қызықтыра-қыздыра түсу үшін айтқыштардың қолдан қосып, жолдан әспеттеп жіберетін күлкілі жайлардың талайын көрдік емес пе?

Шебер өмір ретін өзі келтіріп, сонау бір жылдары ауданды “атқан оғы жерге түспейтін” сұр мерген Қарабасов Жүмекең бірінші хатшы болып бақарып тұрған кезде, осында Исполком жағын басқаруға “аң дегенде ішкен асын жерге қоятын” Кәкілбаев Әлихан келген екен.

Райком мен Исполком, – бір шатыр, бір түндіктің астындағы ауданды тіреп тұрған екі ұстын. Өрбірінің басшысының аузын баққан өз топ, өз қауымы бар. Басқасы басқа, ал мергендік, саяткерлік-аңшылық жағынан келгенде әр жақ бейне аламанға арғымағын қосқан бапкер-тапкер, қалың думан тілеулестері сияқты “бақ салыстырып” артықшылығын аспандатуға күштар-ақ!

– Жақында, деп мақтаныпты Райком жағының жағына пышақ жанығандай бір су жорға мақтаншағы:

– Біздің Жүмекеңнің көз көрім алыстан дәлдеп атқан оғы дуадақ қоразының дәл көзіне тиіпті, – деген екен.

Осыған қыжылы келіп отырған Исполкомның тыңдаушысы:

– Өй, сен де айтады екенсің сықпыртып. Дуадақтың көзі емес, өзі әрең көрінетін көз ұшынан көзді қалай көздесін. Қанғырып барып тиген оқты да сөз деп отырсың. Айтсаң сері, мәрт-жомарт деп біздің Әлекеңді айт: өткен аптадағы көк тайғақ мұздақта срочный облыстағы мәжіліске шақырылып, ертелеп жолға шыққан ғой, біздің Әлекең. Түнімеге жауған суық мұздақ таңғы аязбен жердің жүзін көк сауытқа құрсап тастаған екен. Телеграф сымдарына қатқан мұз кетпеннің сабындай екен. Осыны көрген Әлекең: Япыр-

ай, қыстаудағы мал мен, малшылар қиналатын болды-ау, деп келе жатыр. Кенет, қарауыл төбе тұсындағы жазық далада жусап жатқан үлкен отар қой көріпті.

— Әй, мынасы несі, осындай көк мұзда отарды өріске шығарған қандай бассыз!

— Әй Есенәлі, бұр мәшинені, барып көрейік, деп келсе, Әлекеңнің бір отар қой дегені қалың дуадақ екен. Әр қайсысының арқасында қалпақтай болып қатқан көксауыт мұзы бар. Ұшарға дәрмені жоқ, бұларды көріп, қара көздері жаудіреп, ботадай боздапты.

Алғашыда есі шыға қызығып: ұмтыл Есенәлі, мәшинеге сиғанша алайық, деп екеулеп, әлгі көп дуадақты шетінен қыл мойыннан қалқындырып, дедектете жетелеп, мәшинаға жаппай сүңгіте берген екен. Сонда бір шақта Әлекең шопырына: әй тоқта депті.

— Құстың да арық, семізі бар. Іріктеп- таңдап семізін алайық.

— Оны қалай білеміз, Әлеке, деген екен шопыры.

Әлекең:

— Сен әкеле бер. Семізін мен таңдаймын, депті. Шопыр әкелген ата қораздардың бауыр түбітін үрлеп, төс-қолтығындағы бір елі сап-сары майын көріп, салмақтап, ең ірілерін мәшинаға сүңгіте беріпті. Арығын арқасындағы мұзын қағып түсіріп, аспандата сілтеп, ұшырып жібере беріпті.

Солай дуадақтарды сорттап, әбден шаршап, жүрер кезде қараса, әлгі таңдап алған ата қораздар арқалаған мұзынан ажырап, көздері жәудіреп тұр екен. Сонда Әлекең бұларды аяп кетіп:

— Әй Есенәлі, дуадақты сақтау керек, деген өкіметтің заңы бар. Қызығын көрдік қой, бұларды да өз жөніне жіберейік, деп, мәшинасының есігін ашып қалғанда, Әлекеңнің мына достығына дән риза дуадақтар бірінен соң бірі аспанға көтеріліп, биіктеп кете барыпты. Соның есесіне құдай сәтін келтіріп, Әлекең сол маңдағы Құрсайдың қырқасынаң қуып жүріп, картеш пен көк желкеден атып, зор көкжалды олжалап қайтыпты.

— Бәлі, қасқырды қуып жүріп атқан да мергендік болып па? — деп сөзге килігіпті, Жүмекең жақтың жігіті.

— Біздің Жүмекеңе Сарабаның биігінде дәл сондай, бір көкжал кездескен екен. Қасқырлар Жүмекең мергенді қиырдан

таниды емес пе? Құтылудың амалы — асуға қарай өрлеп, жөнөп берсін. Тоқтамай, ұзап кеткен көкжал көз ұшындағы асудың биігіне жеткенде баяғы әдетімен қасқыр сәл мойнын бұрып, қараған екен. Сол сәтті күтіп, кезеніп отырған Жүмекең снайперлік винтовкасын басып кеп жіберіпті. Зулаған оқ пен бірге көкжал мұрттай ұшып, ет-бетінен сұлапты.

Келіп көрсе, оқтың мойын түптен шыққан тесігі бар да тиген тесігі жоқ. Сол тесікті таба алмай аң-таң болған шопырына Жүмекең: өй, байқашы Амалбек, мен оны дәл құйыршықтан дәлдеген едім, бәлкім оқ...

— О, Жүмеке, таптым, депті Амалбек. Қараса, мергеннің оғы қасқыр құйрығын бұлғай бергенде, дәл құмалақ тастар артқы тесігенен ұрған екен.

КЕЗДЕСУЛЕР. СЫРЛАСУЛАР. СҰХБАТТАР

ЕЛДІҢ ЕРЕН ЖЫРШЫСЫ

Белгілі жазушы, халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер Еркінбек Тұрысовпен “Оңтүстік Қазақстан” газетінің арнаулы тілшісі Бәйділда Қонысбектің сұхбаты.

* * *

— Ер-аға, жазушы болу, оның ішінде, тарихтың терең қойнауларында жатқан құпия сырлар мен ата-бабаларымыздың өмір жолдары, сондай-ақ қазіргі замандастар жайлары оқырмандардың көңілінен шығатын келісті, келісімді шығармалар жазу — үлкен жауапкершілікті, суреткерлікті, білімді қажет егері даусыз. Талдыбұлақтың қара домалақ баласының еліміздің елеулі ұлдарының қатарына қосылып, тамаша шығармашылық биіктерге көтерілуіне нендей жайттар себепкер болды?

— Әдебиет пен өнер әлемінде келісті бір шығарманы жасау — сан алуан объективті жайлардан құралатын, бір сөзбен жеткізуге болмайтын аса күрделі құбылыс. Оның түпкі, кайнар бастауында мына шебер күдіреттің өзі адамның жүрегіне,

каны мен жанына күйып жаратқан туған жер, өскен ортаға, бірге өскен ел-жұртына, жалпы өмір атты ұлы кеңістікке деген шексіз сүйіспендік жатыр. Бұған өзінді дүниеге әкелген, аялап өсірген, ұшырған ұяның қадір-қасиет мен ерте, бала күндерінен қиял-қанатыңды шыңдап, арман көкжиегін қиырдан-қиырға бастайтын өмір атты күдіреттің ұлы мектебін қосыңыз.

Өмірдің маған деген өз сыйлығы болар, мен қасиетті Қаратаудың қойнында, айнала тұнып тұрған сұлу табиғат, мөлдір сулы Қошқар мен Талдының сағасында келісті мекен-жайда туған екенмін. Атам Әжібек өсіп-өнген үлкен шаңырақ иесі, аталы елдің ақыл айтары, сөз сөйлері болған екен. Үлкен ұлы — менің әкем Түрекең де ескіше, жаңаша сауатты, көрші орыс селениесімен қалың аралас өскен көзі ашық, көргенді, үлкен колхозды ауыл елін ұзақ жыл басқарған Кеңестік дәуірдің берілген бәлшебегі еді.

Бастықтың үйі, ол кез — шығыс тарапта Жуалыға қарайтын ауыл қашанда келген уәкіл қонақтардан арылмайды. Жайлау, қыстаудағы ерулік кештер ән мен әңгімелерге толы. Үлкендер сөзі, аса инабатты кәрі әжеміздің қыстың ұзақ түндерінде сарқылмайтын керемет ертегілері біздің балауса қиялымызды тым биікке шарықтатар еді. Осындай ортада әкенің кітаптарына үңіліп, төрт жаста қара танып, мектепке дейінгі алты жасарымда алыстағы қалада оқуынан (Шымкенттен) жазғы демалысқа сағындырып келетін сүйікті ағамыз Сауқымбек әкелетін Майлы ұлы Бейімбеттің, Сәкеннің, Сәбиттің — “Байшұбар”, “Батырлар жыры”, “Сұлушаш” атты кітаптарын үлкендерге заулата оқып беруге жарап қалған едім.

Сондай ортада бес жасымда Борнайдан (қазіргі Б.Момышұлы ауылынан) ауылға келген жас уәкіл Бауыржанның атын суарып, он төртте (соғыс жылдары) елге келген қазақтың керемет дауылпаз-дүлдүл ақыны Иса Байзақовқа бір апта жолсерік болып бірге жүрген күндері, он алтымда Шымкентте “подкурста” оқуда жүргенде қаһарман атамыз Қажымұқанға кездесіп көргенім керемет метш керетм, 46-шы жыл көктемде кешкі қонағасы кезінде сол ұлы адамның шомбал тізесіне сүйене отырып керемет әңгімесін тыңдағаным өмірбақи естен кетер ме еді.

Қилы заман қиясында есейдік. Тағдырдың алысқа тартар соны соқпағында газет жұмысына келген алғашқы жылдарымда Мәди Байтұрсынов, Әділбай Омаров сынды жаны жайсаң аса парасатты ағалардың ұстаздық мектебінен өттім. Ой орнығып, көкжиек кеңейген өмірімнің ең бақытты жылдарында тағдырдың сыйлығы болып ортамызға келген ұлы кеменгер Мұхтар аға Әуезовпен сапарлас, бірге жүрген күндер, оның айтқан ақыл-кеңестері, көрсеткен ағалық, камқорлығы — туған ел, өскен ортаның кереметі ой ойлатпай, қиял тербетпей қояр ма?!

Көрген күн, кешкен өмір қайда жүрсең көз-көкірегіңнен кетпейтін ел мен жер бейнесі әркез қағаз айдынына бастайды. Сол бір сәт менің көз алдыма өзіме алғаш рет әдебиет әлемінің жол-жобасын елестеткен ақын Исаның жан тербеп, жүрек қылын шертетін:

Қоғалы айдын шалқар көл жырлайды,
Сарыарқа салқын-самал жел жырлайды.

Халықтың қасиетін жанмен ұққан,

Бұл жырды мен жырламай, кім жырлайды —

дейтін өзгермейтін, өшпейтін мәңгілік жыр-сауалнамасы тұрады. Шынында, елін сыры мен жырын сол сұлу да, сырлы дүниенің төсінде аунап өскен өз перзенті — мен жырламай, кім жырлайтын еді.

— Бала Еркінбек пен ардагер Ер-ағаның арасын небір есте қаларлық оқиғалар, қиыншылықтар мен қуанышты сәттер бөліп тұр. Бозбала Еркінбектің алға қойған мақсаттары орындалды ма екен? Бәйдібек ауданының табиғаты айрықша мөлдіреп тұрған аймағында туып-өскен баланың қиялшыл болмауы мүмкін емес. Сол қиялдың шегіне жете алдыңыз ба?

— Қанатсыз құс, қиял-армансыз адам болмайтыны жаратылыстан белгілі. Ойлап қарасақ, қиялдың да, арманның да шегі жоқ. Бозбала — жастық шақта алып ұшқан асау жүректің биікке самғайтыны, қонар жері беймәлім көкте жүзген ақшоғыр бұлтпен ғана салыстырға болады. Аш-жалаңаш жүргендегі Ұлы Отаншылдық, алдағы бақытты заманына жетеміз дейтін құштарлықтың да шегі болмайтын. Соғыс дауылы оны астаң-кестең етті.

“Сыйлар ем әлемнің жарығын, сыйлар ем ай-күнді, қолыма түспеді” деп анасын жырымен жұбатқан ақын арманындай, — айдың алыста, күннің қиянда екенін көрдік. Өмірде өзіміз балаң жүрекпен имандай сенетін ізгіліктің жанына қоңсы

қонған — зұлымдық, опасыз — сатқындық атты өмір қасіретінің де бар екенін көрдік.

Бізді Отаншыл етіп темір тәртіпке баулыған Сталиннің тұсында оның ең сенімді ізбасары болған Хрущев ұлы ұстазы өлгесін оның әлемді табындырған атақ-даңқын қызғанып, оның аруағымен ашық айтысқа шығып, күн күрғатпай әсіре жаңашылдықпен қазақтың елі мен жерін судай сапырып, “әлсіз аудандарды” жаппай тарату, ел мен жерді бөлшектеудің тежеусіз шовинистік тәртібін енгізді.

Сол тұста төртке бөлініп, — теріскей тарабы Созаққа, батысы Түркістанға, түстігі Бөгенге, шығысы Сайрамға бөліп берілген ежелден біртұтас есіп-өнген бүгінгі Бөйдібек ауданы, менің аяулы жерлестерім көз алдымызда (ел аман, жұрт тынышта) «ақтабан шұбырынды” күйге тускенін көрдік. Қалың қыс ортасында Қаратау асып, Созаққа жиналысқа кеткен 34 адам ер-әйелдері аралас елдің бетке ұстар азаматтары қайтар жолында асуда ақ боранда адасып, төрт тәулік қар астына көміліп қалған жерде тауып алынды. Қыстың қызылшұнақ аязында, жаздың ми қайнатар аптап ыстығында күнкөрістің жолы — жәрдемақы, зейнетақы, еңбекақысын іздеп сонау шығыс шеттен ары-берісі 300-400 шақырым жол шегіп, жан азабын тартқан жас балалы әйел, қарт аталардың жанына сая таппай сандалған күндерін көрдік.

“Жер киесіз, ел иесіз болмас” деген сол тұста, сонау Мәскеуде, Кремльдің ақ сарайында қазақтың қайсар ұлы Төшенов Жұмабек елінің сөзін сөйлеп, қасқайып қарсы шықпағанда, ұзамай Хрущев тағынан таймағанда, “Мың өліп, мың тірілген” қазақтың алдағы күні не болар еді.

Құдай ондап, араға үргін-сүргінді үш жыл салып орынсыз жойылған аудандар қатарға қайта қосылды. Өмір арнасына қайта түсті. Ел есін жинады, шүкір, дедік. Бірақ, талассыз заман ағысына тоқтам жоқ. Жаңа заман, жаңа кезеңде — кешегі Қажыгелдин үкіметі тұсында Қазақстанның басқа аудандарға телініп-косылатын “өлеуметтік-экономикалық артта қалған” 32 ауданының көшін бастап, “Алғабас” ауданының тұрғанын көрдік.

Ол кез менің қазақ әдебиетінде Әмір Темір жөніндегі ілік-алды шығарма деп танылған “Темірлан” романын аяқтап, тәуелсіздік таңында ел-жұртымыздың өзінің ұлы атасы, өз

өзі салған соны соқпағы да әрқилы. Қайсыбір тәуекелшіл мықтылар “жығылсаң нардан” деп, әу дегеннен романға кұрық тастайды. “Асығыстан туғанның арты қуыс” — сапасыздық, жасандылық осындайдан шығады. Ал, анығында “ақырын жүріп, анық басуды” ғибрат тұтқан, әдебиетке оның жеңіл-шолғыншы жанры — әңгіме, эссе, новелладан бастаған, әлдеқайда тиімді екенін де сол өмірдің өзінен көрдік. Мен баспасөзде қызметте жүріп әдебиетті, оның төменгі баспалдағы — өзіме етене таныс туған жер, өскен орта — Қаратауда өткен жастық шақтың романтикаға толы қызықты хикаяларынан бастағанмын. Осы жолды таңдауыма ерте жастық шақтан көз-көкейге өшпейтін ұя салған ұлы ұстаз М.Әуезовтің “Қыр суреттері, “Бүркітші”, “Көксерек”, “Қаралы сұлудай” сырлы да мөлдір дүниелері және ғұлама қаламгердің сапарда бірге жүрген күндерде кейбір сәті келген шақта Шыңғыстауда өткен жастық шағынан айтатын ағыл-тегіл әңгімелері — біздерге қайта келмес өмірдің кереметі көп, сарқылмас сырлы өлкесін осы кемеңгер ағамен бірге кешкендей әсер қалдырар еді. Өмірге, ел мен жер, тағдырлы тарихымызға деген сарқылмайтын күштарлық — біртіндеп іргелі, ірі туындыларға бастайтыны ақиқат. Ол өзге емес, өмірдің өз заңдылығы болса керек-ті.

— **Көркем шығармалар мен өнер, сахна туындыларында адам тағдыры, махаббат, бақыт жайлы көп жырланды. Шың мәтіндегі адамның арман-бақыты жайында не ойлайсыз. Өзіңіздің бақытты күндеріңіз жайында не айтар едіңіз?**

— “Үйің (пәтерің) бар. Көйлегің көк, қарның тоқ болсын. Одан әрі не болады” депті кемеңгер Достоевский. Әлбетте, бұл арғы ғасыр ақылманының сөзі. Оған енді қалтаң тоқ, астыңда тайпалған “иномарқаң” болсынды қосайық. Иә, арғы жағы не болуға тиіс. Өмір мерейі, алдыңдағы арман асқарың, қол жеткізер бақытың осында ма екен?

Сол Достоевский қарын қайғысы мен көк көйлекті төркітп, өмірбақи кенепті-кебінек етіп, кара нан кара суды талшық қып, өзі емес, өзгелердің ғибраты, жан тазалығы үшін тау-теңіз асыл мұрасын беріп кеткен ғой. Бұған сол ұлы Ресейдің Лев Толстой мен Лермонтовын, өзіміздің қазақтың Шоқаны мен Абайын, кешегі өткен ер Бауыржаны мен Саттарын, Мақатаевы мен Қалдаяқовын қосайық. Бұлардың өмірінен бақыт дейтін ерттеулі ат, басқа келер бақ, даяр тұрған так

еместігін көреміз. Ол жанкешті күрестің жолы. Осы арманды — айқын жолда ел-жұртының баянды бақытын көрген, адалдықтың, әдептің ақ жолын кешіп өткен күрескерліктен асқан арман да, бақыт та болмаса керек. Өз басым сондай ұлы күрескерлер маңында өткен қымбат күндерімнен, соның арғы жағында, сонау бір алыста қалған, өмірге жаңа көз ашқан қилы-қилы кезеңде бізді ажалдан алып қалған Нұржаудың нұрлы түндері мен шапағатты күндерінен таза бақытты шақты кездестірген емеспін.

— Сіз, Ер-аға, өмірді көрген адамсыз. Қаймағы бұзылмаған қазақ тұрмысының қалың ортасында өстіңіз. Қазақтың сіз білетін ең биік қадір-қасиеті мен оған кереғар жан жаралайтын, сүйексізді жаман әдеттері жайында не айтар едіңіз?

— Бұл бүгінгі әлеуметті, бүкіл қазақ қауымын терең толғандырып отырған аса үлкен өзекті әңгіме. Арғы аталар заманын айтпағанда, бүгінгі аға буын шет жағын көрген бір ғасыр бұрынғы қазақтың ұлттық қасиеті көп жағдайда оның бүгінгі ұрпағымен салыстыруға келмейді. Өткен бір заманда шалқар дала, биік тауларында жер қайысқан малын айдап көшкен елдің, ақ үйлерін алшысынан тігіп, көл жағалап, бел жағалай қонған елдің бейіл-бейнесі бүгінгі ұрпаққа ертегі сияқты елестеледі. Сол кезеңдегі қазақ тұрмысының салт-санасының қандай екенін Шыңғыс тауын бөктерлеп көшкен Құнанбай мен Бөжей көштерін өзінің ұлы туындысы — “Абай жолында” ұлы суреткер Әуезов қалай келістіре жазған еді. Дарқан дала, келісті-кербез дүниеде өскен елдің көрі-жас, үлкен-кішісі сан алуан мінездің адамдары қандай бір қақтығыс-соғыстықтың, талапай-тартыстың тұсында да өрлікпен шайқасып, бірлікпен қайта табысып жатар — аталы сөз, айқын жолдағы тек қазаққа тән мәрттік пен бауырластықты биік ұстанған түз перзенттері. Ауыл арасының майдагер қулық-сұмдығы оларға жат. Дарқан көңіл кең дастарқаны досқа да, дұшпанға да бірдей ашық. Құдайы қонақ, оның құдайдай құрметгісі. Қазақтың осы дарқан жан жомарттығын біздің халық қасиетінің асқан суреткері Ғабит Мүсірепов ағамыз, өзінің кейінгіге аманатқа қалдырған өсиетнама дәптерінде:

“Алтайдан салт атпен шыққан қазақ, Астраханға жеткенше қалтасына бір түйір құрт салмаған” деп жазған екен. Бұдан біз өткен заман қазағының қазаны бірге, қаны бір еншісі бөлінбеген қайран жұрттың ұшан даласында жұлдыздай

пашылып жатқан елдің бізге жеткен айна-қатесіз өз суретін көреміз.

Содан бергі құбылмалы дүниеде адамды заман билейтін — заманына қарай адамын көрудің қаншама қилы кезеңін бастан кешкен екенбіз. “Бәрі Отан үшін, ел үшін жан пида” ұранымен өткен кеңестік дәуірдің соңы — бақ, дәулеті баянсыз, тиянақсыз-тұрлаусыз “Тоқырау” атты бөтуасыз бір кезеңге ұласты. Ол шіріген “Бәйтерек империяны” түп-тамырымен құлатып тынды. Енді міне, тәуелсіздік таңында ғасырлар армандаған азаттыққа қолы жеткен жаңа қазақ барар бағытын айқындап, әлемдік өркениеттің айдынына бет түзеген, кімнің-кім екенін, адам мен азаматтың қадір-қасиетін айқындайтын айтулы кезеңге кез келдік. “Бәрі — бірі үшін, бірі — бәрі үшін” дейтін кешегі коммунизм моралі — жалаң, қияли утопия болып, далада қалды. Бүгін нарық әлемінің ағымында қазақтың көп заман қалыптасқан ұлттық дарқан қасиетінен алабөтен ел танымас өзімшіл мінез бой көрсетіп, өрістей түсті. Есігі бір қатар қонған ауылдас бірін-бірі танымайтын, темір есік құрсаған жөн сұрамас, жан танымас бір ұрпақтың тұрпатына таңдана, қайран қалып отырмыз. Бұндай ахуалда Алтайдан қалтасын қалындап, қосқалағын қамдап шықпаған аттылы қазақ Ертіс пен Есілдің біріне жетпей, сандалып, далада қалуы таңданарлық іс емес. Өзімшілдік жайлаған жер қашанда қызылкөз қызғаныштың бақталас-бақастықтың өрісі. Бүгінгі қазақ қоғамын жегідей жейтін қатерлі дерттің ең қатерлісі осы!

— Сіз ауылда өстіңіз, барша өмірде ауыл елін, туған өлкені жырлаумен келесіз. Бүгінгі ауылдың ең көкейтесті мұрат-мұқтажы не деп ойлайсыз?

— Ауыл қазақ жұртының мәңгі-бақи толассыз соққан жүрегі. Шексіз өмір, тынымсыз тіршілігінің тірегі. Күс ұядан ұшса, қазақ өмірі ауылдан басталады. Қазақ өмірін ауылсыз елестете алмайсыз. Сондықтан да бұл дүниеде туған жер, өскен орта — ауылы өр қазаққа қашанда ақ сүт беріп өсірген, ақ бесікте тербеткен анасындай қымбат.

Толассыз қозғалыс, даму, өсу, өзгеру үстіндегі ел өмірі қазақ ауылының бейнесін әлденеше танығысыз өзгертті. Бұдан жарты ғасыр бұрын — елуінші жылдары басталған ірілену, бірігу барысында шалғайдағы қаншама шағын ауылдар көшіп, тек есте қалған елесі, өзгермес, өшпес орны жатыр бүгінде.

Іріленген ауыл белгілі бір кезеңде әлеуметтік өркендеу,

өрлеу, қуаттану жолынан өтті. Алайда, тоқсаныншы жылдары басталған жаңа нарық қатынасы арнасына бағыт алған даму процесі қаладан алыс, шеттері ауылдарда мәдени-экономикалық жағынан недәуір әлсіретіп тастады. Осы зардаптан, әсіресе, жол қатынасы, оқу, мәдениет, медицина саласы, жер өңдеу, егіншілік, мал өсіруге аса зәру техника тапшылығы, жанармайдың шектен тыс қымбаттауы ауыл арқасына аяздай батқан, әлі де шешімі табылмаған проблема болып отыр бүгінде. Осындай жағдайда суға тапшы, қуан аймақтарда бұрын техника, тыңайтқыш қуатымен тау-тау астық, жем, азық өндірілген сан мыңдаған гектар тәлімі егіншілік жерлері игерусіз бос жатыр. “Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз” дейтін өмірдің сұлу қағидасын сөзден іске көшіретін күнді жеделтету — жұрт тыныш болса, арманшыл ауыл қазағының ақ тілеуі алыста қалмасына сенейік.

— Сізді халық “Шаянның Шолоховы” дейді. Бұл енді артық болса да, кем болса да халық берген атақ. Алайда соңғы кезде ауылды тастап, қалаға келдіңіз. Бұл қалай? Жайлы жер іздегеніңіз бе, жоқ әлде қаланың қайнаған ортасында жүріп қалалықтар туралы да қалам тарту ойыңызда бар ма?

Жалпы ақын-жазушыны, жай қарапайым жұрт кейде түсіне де бермейді. Ел ортасында елу жыл халықтың жырын жырлап, қоныс аударудың мәнісі неде?

— Иә, бұдан аттай елу жыл бұрын 56-шы жыл көктемінде мен қаладағы жылы орын, жайлы қызметімді қалдырып, өз тілегіммен Шаянға көштім. Сол жерде бір кездегі тәлімді ауыл қызы Шырынкүлмен бірлесіп көтерген жас отау жылдар өте өскен-өнген үлкен шаңыраққа айналды. Шаянның биік, жарлауыт жағасына орнаған келісті мекен-жайымыздан айнала кең дүние, алыстағы биік таулар айқын көрінеді. Бір жағы газет жұмысын басқарып, одан тыс ел өмірінен жүздеген шығармалар жазып, істен қол босағанда, ат мініп, иыққа мылтық асып, Қаратаудың күз-қия, сай-саласын, баурайында көсілген кең даласын шолып, серпіліп-сергіп қайтарымды білетін қайран қазақ — менің қымбатты жерлестерім, сонау бір қиырда Дон казағы мен Шаян қазағын үйлестіріп, әзіл-шыны аралас солай атайды. Тіпті, Астанада шығатын үлкен ел газетінің қарымды қаламгері Әділбек іні сапарнама кітабының үлкен бір тарауын “Шаянның Шолоховы” деп келістіре сілтепті. Түстік өлкенің талантты бір жазушысы Серік

Жанәбiлдiң осы атты көлемдi әңгiмесi де газеттерде, кiтаптарда солай басылды. Не десе де сөзге тапқыр, сезiмi ұшқыр қазақтың өзiнiң еркi. Айтпағым, ұлы есiмiн жерлестерiм маған телiген әлемнiң әйдiк қаламгерi Михаил Александрович Шолоховпен “құдай айдап” бұдан отыз жыл бұрын, 75-шi жылы 8 май, Ұлы Жеңiстiң күнi Кавказда өткен демалыстан қайтар жолда, Мәскеулiк iрi жазушы — (Шолоховтың майдандас досы) И.Г.Падеринмен бiрге Тынық Донның биiгiнде келiстi жерде қоныс тепкен әлемге әйгiлi мекен-жайында кездестiм. Қуаты қайтқан, шаршаулы ұлы адам Мәскеудегi пәтерiнен қарсаңда оралған екен. (бұл кездесудi мен “Тынық Донға саяхат” атты әңгiмемде жазғанмын).

Солай, қос мекендi ұлы жазушының қыстауы Мәскеуде, жайлауы Дон жағасында... Мәскеу мен Донның арасы 700 шақырым — ұшқыр көлiкке он сағаттық жол. Ел еркесi ұлы адамға қалай тұрса да жарасады.

Ал өз басым, мына таңғы түгiнi көрiнiп, күшiк даусы естiлiп тұрған Шаянымнан түбегейлi кеткенiм жоқ. Елу жыл от жағып, күл шығарған үлкен үй орнында тұр. Жастар қалаға жылысты. Елу бес жыл шайымды берiп, жанымда болған ел қызы (ол кiсiге артар өкпе жоқ) бәрiмiздi қалдырып, өз жөнiне аттанды. Қарсаңда болған бiр кездесуде менiң хал-жайымды түсiнген облыстың әкiмi пайымды азамат iнi Болат Әбжапарұлы ойда-жоқта жаңа үйден жайлы пәтер сыйлады. Арқадағы ауыр жүгiм жеңiлдеп, жаз жайлауым Бөген-Шаянның жағасы, қыс қыстауым шырайлы Шымкент қаласы, құдайдың құтты күнiн құр жібермей, кейiнгiге айтар сөздi ақ қағазға төгiп жатқан жайым бар.

* * *

— Еркiнбек аға, бiрқатар әңгiменiң басын бастап, тиянақты жауап алдым. Сiздiң терең мағыналы әңгiмеңiздiң оқырман қауым үшiн пайдасы мол болар деген үмiттемiн. Заманымыздың ерекшелiгi, жақсылығы мен қиындығы кейiнгi ұрпақтарға сiздер сияқты зергер-суреткерлердiң шығармалары арқылы көркемделiп жететiн болса, бiздiң сол ұрпақтар алдындағы парызымызды өтегенiмiз болар. Сiзге зор денсаулық, қажыр-қайрат, шығармашылық табыс тiлеймiн. Баршамызға Алланың нұры жаусын!

— Рақмет, қарағым!

1. ТЕБЕРІК КЕЛІН

Ертеде ел ішінде “көргенді келін”, “сабырлы ене”, “саликалы бәйбіше” деген сөздер жиі айтылушы еді. Олардың кім екенін өзгелер көзімен көргенше тағатсызданып жататын. Шіркін-ай, кім болды екен деп әлдекімге аңсары ауатын. Неге екені белгісіз, соңғы кездері осындай асыл сөздер қазіргі қолданыстан шығып қалғандай. Неге?! Шынымен-ақ ғасырлар бойы ұлтымыздың ұйтқысындай болған осынау сөздердің жаңа ғасырда қадірінің қаша бастағаны ма, қалай? Әлде біз маңайымызда жүрген бар дүниені байқамай жүрміз бе?

Көптен көкейде жүрген осы сұрақтың жауабын қоғам қайраткері, белгілі жазушы Еркінбек Тұрысовпен әңгімелескен кезімізде тапқандай болдық.

— Мен өз шығармаларымдағы қазақ әйелдерінің бойындағы кереметтей қайрат пен өмірге деген құштарлықты, сұлулықты ауыл әйелдерінің, кешегі соғыс кезіндегі желегі желбіреген күйі жесір қалған жеңге-апаларымның тағдырынан алғанмын. Мықтылыққа сұлулық жалғасып жатса, кереметтей аңызға бергісіз өмір пайда болғанына куә болғанмын, — деп сыр шертті қаламгер, — басқа қазақтың қыз-келіншектерін термiштеп жатпай-ақ, өзім елу жылдан астам бірге өмір кешкен кешегі дүниеден өткен Шырынкүл апаларың жайлы-ақ айтайын.

Шырынкүлдің адами жоғары қасиетін мен ғана емес, марқұмды білетін алыс-жақынның бәрі де оның жақсылыққа шөлдеген шаңырақтың теберік келіні атанғанынан хабардар. Яғни халқымыздың екiнiң бiрiне тағыла бермейтiн “теберiк” деген атауды иеленуiнiң өзi оның тегiн еместiгiнен хабар берсе керек.

Мен Шырынкүлді алғаш көргенде ол 17-де, мен 18 жаста едім. Соғыстың енді аяқталып, елдің есеңгіреген халден әлі айыға қоймаған кезі. Талайдың боздағы соғыстан қайтпай, қалық жұрт қайғыға шаршаған шақ. Менің де өзімнен он жас үлкен жалғыз ағам 18 жасында әскерге алынып, содан өне-міне елге қайтамын деп тұрғанда, 1941 жылы соғыс басталып кетті. Жалғыз ағайым төрт жыл жаумен алысып жүріп, майданда ерлікпен қаза болды. Қарт әжем мен ата-анама бұл өте ауыр соқты. Жанға батқан жараны қайтсем

емдеймін деп аласұрумен мен қалдым. Ол кезде Шырынның да әкесі мен ағасы майданнан оралмаған. Содан мені баяғы ата-баба салтымен қыз көрсету мақсатында қалың таудың арасында тұратын шағын ауылға жақын жездем алып барды. Ол кезде өз бетінше қыз қалау деген сирек заман болатын. Оның үстіне қаралы әке-шеше көкірегіндегі жараны жазу үшін сол кісілердің айтқан, қалаған жерінен қыз алу деген де міндет бар еді. Сонымен аяқ астынан ауыр бейнетке мүлгіген шағын ауылға күйеу ұрын келді болып қалды. Мал сойылды. Жүдеу ауылдың тіршілігіндегі сұрықсыз қуаныштың түрлі жол-жоралғысы жасалды. Ең соңында жігіт отырған үйге қыз жеңгелері Шырынкүлді алып келді. Екеуміз оңаша қалдық. Ол мені танымайды, мен оны танымаймын. Бір-бірімізді алғаш көруіміз. Көз астынан қиғаш сығалап, барлай қарап үнсіз отырмыз. Уақыт сырғып барады. Бір кезде:

— Иә, сізді біздің ауылға барады десіп жатыр. Бұған қалай қарайсыз? — дедім. Қыз:

— Мен сізді білмеймін. Атам мен әжемді білемін. Барсам екі үй, екі ауылда тілек тілеп отырған екі ананы жұбату үшін барамын, — деп, дауысы қалтырап сыбырлай үн қатты.

Аяныш сезім бе, не екенін түсіне алмадым. Ішім езіліп, жұтқыншағым кептеліп, бір сәт үнсіз қалдым. “Япырау” деймін іштей, бармай жатып менің әке-шешемді “атам мен әжем” деп өзіне меншіктеп алғанын қарашы мына қыздың. Солардың қуанышы, жұбанышы болып баратын қызға, жылдар сарыла күткен алдағы теберік келінге көзімнің астынан ұрлана қараймын. Іштей табысып, үнсіз егіліп бас изегеннен басқа сөз қалмаған еді менде. Қыз жауабына көңілім толғаны ма, әлде сынағаным ба, не екенін өзім де түсінбеймін. Әлден соң “сонда жақсы келін бола аламын деп ойлайсың ба?” деймін. Ол: “қолдан келгеннің бәрін жасаймын” дейді даусы дірілдеп.

— Жарайды, Шырын. Күт онда, атаң мен әжеңе барасың дедім әлдебір шақта ширап, шашыраған ойымды жиып.

Көп ұзамай қоңыр күз — қыркүйектің соңында қыз ауылында той болды. Үлкен атамыз Қоршабайдың киіз үйінде үш бірдей азамат ұлы соғыстан қайтпаған, көңілі жаралы ата, жарықтық аспақ сакалы жапқан кең кеудесіне басып, ілікалды немере қызына алақанын жайып батасын берді. Ауыл тілегі қабыл болып, біз жұбайлық өмірге осылай аттанып кеттік.

Обалы не керек, Шырын марқұм сөзінде тұрды. Келін

болып түскен соң өзімнің туған анамды қолға алып, аудан орталығы – Шаянда біраз уақыт тұрдық. Одан Шымкентке көшіп келіп, “Оңтүстікте” қызмет атқардым. Осының бәрінде Шырынкүл жаз болса сонау ауылға барып, кемпір-шалдың шай-суын реттеп, азық-түлігін, бар жағдайын қамдап қайтатын.

Жүрген ортасында өте сиымды, үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білетін.

Қалада тұрған кезімізде сол өңірдің оқуға келген баласының бәрі біздің аядай екі бөлмеізге тығылатын. Ол кезде Шырынкүлдің өзі де жас балалы. Соған қарамастан, оқушы балаларға білген ақылын айтып, олардың сабақтан қалмауына, ұқыпты болуына, жақсы болып өсуіне көп жәрдемдесіп, ақыл-кеңесін айтып отыратын. Тапқаны болса дастарқанға салатын. Әйтеуір, бәрімізді де домаландап жүріп аш қоймайтын. Көрі ата-енесімен бірге ауыл-аймақ жақсы көрген келін – Шырынкүл осылайша “теберік келін” атанды.

Кейін елге қайта көштік. Балалар өсті, оқыды, үйленді, қыз ұзатылды. Жекжаттың басы көбейді. Оның үстіне қазақтың айтулы қаламгері Мұқаннның (Мұхтар Әуезовты айтамын) Оңтүстік өңіріне келіп, менің ол кісімен сапарлас болуым, қайтар жолда біздің үйге түсіп Шырынкүлдің қолынан дәм татуы бәрі де бір-біріне сабақтасқан тіршіліктің біздің шаңыраққа сыйлаған үлкен сыйы болды. Мұқан өмірден өткен соң ұлы жазушының Қаратау өңірінде болған жерлерін өз көзімізбен көреміз деп келген қаншама қазақтың зиялыларын айтсаңызшы. Үйден қонақ үзілмейтін, қазан оттан түспейтін небір күндер өтті. Соның бәрінде мен Шырынкүлдің шаршап, қабақ шытқанын, еңсесі түскенін көрген емеспін. Соның жылы шуақты жүзін көргенде кімнің де болса бар дүниесі түгелденгендей болып жүре беретін. Барлық уақытта марқұм менің жоқ-барымды білдірмей, өзімді төрге шығарып, төредей күткен пейілінен бір танған емес. Соның арқасында атадан қалған жалғыз қазір бәйтеректей өсіп-өнген әулетке айналдым.

Сондықтан, айналайындар, өз тарихында мың өліп, мың тірілген қазақтың әдет-ғұрпы, ата-салтының ұмыт қалуы, сабырлы ене, саликалы бәйбіше деген атаулардың өшуі мүмкін емес. Себебі, олар өмірдің өз көрігінде қайнап, шындалған ұлттық атаулар, қасиеттер. Тек соны ерінбей, ұрпақ бойына бесіктен сіңіріп өсіруіміз керек, — деді жазушы.

2. ЖАЗУШЫҒА ЖАР БОЛУ ОҢАЙ МА?

Әдетте қарапайым адамдарға тумысында бөлектеу жаратылған өнер адамдарының, оның ішінде ақын-жазушылардың тыныс-тіршілігі басқашалау болып көрінетіні табиғи шындық. Көп жағдайда елдің көкірек түкпірінде “осылардың жеке басының өмірі немесе ішкі “кухнясы” қандай екен?” деген сұрақтар ауызекі айқайлап айтылмағанымен, іштей сан қайталанып, олардың әлгі адамға деген қызығушылығы одан сайын от үрлегендей маздап жататыны да бар. Сол пенденің бірі өзіміз.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алтын қорына “Шаянның Шолоховы” деген атпен кірген Еркінбек Тұрысов ағамыздың ішкі “кухнясына” кіру үшін жазушының жұбайы Шырынкүл апамызға жолықтық. Сауалымызды қойдық.

Алғашында қамсыз отырған жазушының жары өзінің жарқын ашық мінезіне басып:

— Әй, қу қыздар-ай, киелі өнердің шалығы шалған адамдармен бірге отан кұру оңай деймісіндер, — дей отырып, өздерінің тұрмыс кұрған сәттерінен біраз сыр шертті.

Менің пікірімше жазумен айналысатын адам бір нәрсеге реңжісе қиялындағы өрмекшінің нәзік өрнегіндей болып кестеленген ойының желісі үзіліп қалатындай болып көрінетін. Ол жазу жазғанда бала-шағамызбен үнімізді шығармай жай-жай сыбырласып сөйлесетінбіз. Өзіне жасалған сондай жағдайлардың арқасында болар деп ойлаймын, ағаларыңның қай шығармасын алсаң да мазмұны жанға жайлы, шуақты оқиғаларға кұрылған, тілі шұрайлы, сөз тіркестері көркем болып келеді. Жалпы, Ерекең сұлу дүниені, айналасында сұлу ойлы адамдардың болғанын ұнатады. Өзі соны үнемі іздеп жүреді. Мен оның ол мінезін жақсы түсінемін. Сондықтан да оған ылғи жағдай жасауға ұмтыламын.

Ерекең бір шығарма жазар кезде үйде отырмайды. Қатты мазасызданып даланы көп кезеді. Тау-тасты, елді аралап кетеді. Әсіресе соңғы “Бәйдібек”, “Темірлан” атты романдарын жазған тұста көп еңбектенді, ізденді. Ол сондай кездері үйде болса Қостұраның басына ұзақ-ұзақ қарап, өзінің кейде қайда отырғанын ұмытып, ойымен сөйлесіп, қабағын бірде түйіп, бірде жазып, көзінен ұшқын ұшып отыратын

сәттері жиі болатын. Ондайда тірлік өртеніп бара жатса да біз оны мазаламаймыз. Бала-шағаның тауқыметін айтпаймыз. Күн ұзақ солай толғатқан Ерекең қағазға тек ел ұйқыға кеткен соң отырады. Жазуды көбінесе түнде жазады. Таңертең біз орнымыздан тұрғанда оның көзі қып-қызыл болып төбелестен тұрғандай сал-сал болып шаршап отырғанын көп көремін. Кейде шынымды айтсам, оған жаным ашиды. Бірақ ол маған азап болып көрінгенмен, өзіне қаламгер адамға айтып тіл жеткізгісіз рақат өмір, жан рақаты. Мен соны түсінемін де үндемеймін.

Әрине, жан қатпары сан қырлы жазушының ойынан шығу оңай емес. Дегенмен, мен әйел ретінде бағымның сол құдай қосқан қосағым Ерекеңнің қаламы арқылы жанғанына сенемін. Ол жазуға ынтық болмаса, ұлыларға жақын, жаны жақсыға ғашық болмаса, шалғайдағы бір ауылдағы кішкентай ғана қазақтың қараша үйіне ұлы Мұхтар Әуезов келер ме еді.

Сөздің шыны керек, барлық ырыс-несібе сол ұлы Мұхтардың біздің шаңыраққа келуінен басталды, ол жайында ағаларың өз шығармасында талай айтып та, жазып та жүрді. Ол кісі үйге келіп кетісімен біздің үйді айналадағы ағайын, аяқ жетер жердегі игі жақсылар басып қалатын. Әрбірден соң сонау Мәскеуден келетін оқымыстылар мен әдеби зерттеушілерді айтсайшы. Оған қоса қазақ әдебиетінің Сәбит Мұқанов бастаған талай мүйізі қарағайдай майталмандары, өнерпаз, әртіс, ақын, атақты елі сүйген батырлары келіп-кетіп жататын. Сондағы олардың айтатыны да, сұрайтыны да “Мұхтар болған, Мұхаң жүрген жерлері қайсы? Не деді? Қалай отырды деген сияқты қызығуы мол әңгімелер болатын. Қазір көбісі есімде жоқ, бірақ солардың ішінде басқаларға қарағанда көбірек келгені марқұм Нұрғиса, Роза Бағланова, Қасым Қайсенов, Тәкен ағай, Шерхан, Тұманбай, Қалдарбек, Сабырхан, Дулат Исабеков сияқты ел танитын азаматтар еді. Ол күндер бір қызық еді ғой. Шаршауды білмеуші едік.

ҰЛАҒАТ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Шырынкүл апайды жұрт “Мұхаңның келіні” деп атайды. Өйткені кезінде ол кісі өз қолымен Мұхтар Әуезовке шай құйып берген, батасын алған кісі. Ұлы ағаның батасы, оң болып бүгінде ол үбірлі шүбірлі ұрпақ өсіріп отырған аяулы ана. Өмірдің ащысын да, тұщысын да көрген. Шырынкүл апамыздың бүгінгі жастарға айтары да аз емес.

Бойжетіп, тұрмыс құрар кезде апам:

— Бір ауылдың ел сыйлаған үлкен үйіне, біреудің бетке ұстаған жалғызына кетіп барасын. Жас келінге өмірдің артар жүгі аз болмайды. Соған шыдасаң ғана ортаңа балдай батып, судай сіңесің. Біздің атымызға кір келтірме. Не көрсең де барған ортаңмен көр — деген еді. Сол қайран ана ақылымен мен жасаған тәңірден барған жер, аттап басқан босағаның жақсылығын тіледім.

Ауыл-аймағы Түреке деп құрметтейтін менің атам кешегі колхоз дәуірінің қайраткері, көпті көрген салауатты кісі еді. Сол кісі мағанәрдайым қамқор болып, хал-жағдайымды сұрап отырса, Қантай әжем де бар мейірін төгіп, бауырына тартты. Олардың жақсылығын ұмыту мүмкін емес.

Кейіннен атам атүсті, ел қызметінде жүргенде бір жақ қол-аяғын ауыр кеселге беріп, төсек тартып қалды. Содан сегіз жыл жатты. Сол кісіге бар пейіліммен қызмет еттім. Жарықтық о дүниеге маған риза болып атанды.

Елуінші жалдардың орта тұсы біздің жас отауымыз үшін аса ауыр сын кезеңі болып есте қалды. Ашық мәшине үстінде алыс Қаратау ішіндегі Байжансай кенішіне іс-сапармен аттанған Ерағаң (ерім) жол үсті ақборанға кез болып, әскери жеңіл киіммен суық тиіп, кесел жүрегіне шауып, айлап госпитальда жатты.

Сол тұста шыбын жан шүберекте жүрген өзіме суық тиіп, өкпемді сарысу қаптап, құладым. Екі жас сәби әжемнің бауырында қалды.

Екі айдан астам уақыт ішіндеатақты дәрігер Романычевтің кеңірдекті тесіп, тікелей құйған дәрі-дәрмегі арқасында өмір жарығына қайта оралдым.

Ал Ерағаңның кеселіне Қаратаудың көусар ауасы шипа болды. Сауыққасын жұлдызды пагон таққан қатаң қызметпен

біржола қоштасып, қаруын, қаламға алмастырды. Содан бергі өткен елу жылдай өмірде қасиетті Қаратау мен ұшан даланың ол шықпаған биігі, бармаған ел, кезбеген кеңістігі, сусын ішпеген бұлағы қалмаған шығар. Қолы қаламнанбосаса дала кезіп кетеді. Сол жазуының арқасында үйімізден ұлы адамдар да дәм татты. Әсіресе Мұхтар ағаның ортамызға келіп түскен әр сәті әлі күнге көз алдымда.

Ерім Мұхтар ағамен бірге сапарда жүргенде дүниеге келген сәбидің атын аға құрметіне Мұхтар қойғанбыз. Енді талпына бастаған кішкене сәбидің өсіп жатқанын есіткен қайран аға сонау Алматыдан Шымкентке келген сапарында сол батырға арнайы келіп құтты болсын айтатыны жөнінде хабар жіберген екен.

Түн баласы ұйықтамай, ақ дастарқанды жайып, кішкентай Мұхтарды үкідей қып таза киіндіріп күтіп отырғанбыз. Сәске мезгілінде қасында облыс, ауданның бір топ басшыларымен мен жазушы Төкен Әлімқұлов ағамыз бар, жарқырап үйге келіп түсті. Төр алдына жайғасып, ақмаңдайы жарқырап отырған ол кішкене сәбиді алдына алып, емірене бауырына басқаны да естен кетпейді.

Сол қымбат сәт, қимас бейнені мәңгіге сақтап қалған өшпес белгі дана Мұхтар мен бала Мұхтардың үлкен фотосуреті бүгінгі үлкен үй мен Мұхтар аға мұражайының төрінде. Ағадан қалған қымбат сый — өзінің қолтаңбалы кітаптары, шай ішкен дастархан, шыны ыдыстары бәрі қастерленіп сақтаулы.

Отау үй жылдар өте ұлы аға түскен, өшпес белгісі қалған үлкен шаңыраққа айналды. Бұл аралықта өткен жылдарда Мұхтар жолы, Мұхтар ізі бізді оның қаншама дос-жаран, қаламдас, замандастарымен табыстырды. Аға жолымен алыстан ат басын бұрған кешегі өткен С. Мұқанов, Қ. Жандарбеков, А.Тоқмағанбетов, Ж. Тілеков, Н. Тілендиев, С. Қожықов сынды саңлақтар, ұлы ағаның ақ жолын қуған, бүгінгі Шерхан, Сайын, Мұхтар (Шаханов), Оралхан, Қалдарбек, Қалаубек, Дүкенбай, Дулат, Фариза сынды талантты адамдардың үйімізге келуі біз үшін нағыз мереке еді.

Бүгінде ағайын біздің шаңырақты Әуезовтің үйі десе, ұлы адамның алдына дастархан жайған мені Мұханның келіні дейді. Бұл төрт қыз ұзатып, орнына төрт келін түсіріп, немерешөбере сүйіп отырған мен үшін зор құрмет деп білемін.

*Оңтүстік Қазақстан облысы,
Бөйдібек ауданы, Шаян ауылы.*

ҰМЫТЫЛМАС ҰЛЫ БЕЙНЕ

дана Мұхтар мен бала Мұхтардың кездесуі

Кітап мұқабасы сыртындағы алдына кішкене сәбиді алып, жүзінен нұр шуағы төгілген ұлы ағаның бұл бейне суреті жазушының 1961 жылы соңғы оңтүстік сапарында Шаяндағы үлкен үйімізде түсірілген еді.

Бұдан он ай бұрын, алпысыншы жылғы жазғы сапары кезінде дүниеге келген кішкене балақайдың есімін, аға сапарының құрметіне бала Мұхтар деп қойған едік.

Енді Шымкенттен қуанышты хабар жетті, Алматыдан жаңа сапарға шыққан ұлы атасы осы жолы арнайы ат басын бұрып, кішкене сәби Мұхтарға келмек. Ұйқысыз түн өткізіп, дайындалып, күтіп отырдық. Жайсаң көктемнің шуақ-шұғыласы төгілген үлкен сәске шағында жанында жазушы Әлімқұлов Төкен аға бар, бір топ облыс, аудан басшыларын ілестіріп келе жатқан Мұхтар ағаны көрдік. Қуанышымыз қойынға сыймай кішкене балақайды үкідей үлпілдетіп алдынан алып шықтық.

Келісті кездесу, әсерлі әңгіме, жайдары жақсы сөздер кішкене отау үйімізді гүл жайнатып жіберді. Шай дастарқаны кезінде кісілер бір сәт тысқа, таза ауаға шыққан кезде, Мұхтар балақайды алдына алып, төрдегі орнында қалып қойды. Осы тиімді сәтті пайдаланған фототілші Елеубеков Үркімбек әбжел қимылдап қайталанбас қымбат бейнені жан-жағынан бірнеше түсіріп үлгірді. Бұл 1961 жыл, 25 сәуір күні еді.

Мұхтар елден аттанғасын, ізінше 1-ші Май мерекесімен құттықтап, поштамен жіберілген суретті алып, елден жеткен ең соңғы хат, соңғы сәлемдемені жазу столында қалдырып, өзі Мәскеуге емделуге аттанып бара жатып, қызы Ләйлә арқылы ризалы сәлем жолдапты. Тағдыр бізді ұлы ағаны қайта көруге жазбады.

Мұхтардың көзі тірісінде түсірілген осы ең соңғы бейнесі — Дана Мұхтар мен бала Мұхтардың суретінен бүгінде үлкен портрет жасалып, Алматыда М.Әуезов мұражайында, көрнекті орын, көгілдір қабырғада ұрпақтарға ұлағатқа қалдырған мәңгілік аманат сөзі: “Ел боламын десең, бесігінді түзе” деген алтынды жазу астында тұр. Сол ұмытылмас ұлы бейне мәңгі бақи көз алдымызда!

“Егемен Қазақстан” 28 қыркүйек, 2002 ж.

МАЗМҰНЫ

Қаратауды даламның.....	4
Құралай жолы.....	5
Тау Тәңірісі.....	12
Күншайым мен Мәрия.....	15
Қисық мәшке.....	26
Сұлу Бөрте.....	45
Алғашқы Ақсонар.....	54
Қылшалыдағы қырғын.....	62
Қасқырдың шабуы.....	66
Мәуе тере барғанда.....	70
Тау аңызы.....	75
Сырлы Алтай.....	90
Тылсым дүние тағдыры –	
Күз астындағы тұңғыйық.....	108
Қызыл Қаршыға (<i>Повесть</i>).....	114
Мәңгілік сарын (<i>Повесть</i>).....	151

Ел перзенттері, ауыл әпенділері

Қабекең айтыпты.....	179
Райымбек аға.....	186
Үмбет әулие.....	193
Әби көкеден қалған сөз.....	196
Сықанның сарбаз бейнесі.....	202
Естен кетпес үш тұлға.....	208
Әпендінің шын ұлы.....	215
Қазақтың тапқыр қасқа Жамбаевы.....	219
Ел аузында еркін сөз.....	222

Дала минхаузіндері

Құсбегілер сайысы.....	224
Шын мерген мен мәрт жомарт.....	226

Кездесулер, сырласулар, сұхбаттар

Елдің ерен жаршысы.....	228
Теберік келін.....	239
Жазушыға жар болу оңай ма?.....	242
Ұлағат отбасынан басталады.....	244
Ұмытылмас ұлы бейне.....	246

Еркінбек ТҰРЫСОВ

ҚҰРАЛАЙ ЖОЛЫ

90
50
—
40

40
17
—
23

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасы
Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ

Редакторы – Ж. Жүнісбекұлы
Корректоры – Гүлнәр Молдабекова
Көркемдеуші редакторы – Раушан Өскенқызы
Компьютерде терген – Айнагүл Намазбекқызы

Теруге 25. 06. 2005 ж. жіберілді. Басуға 07. 03. 2006 ж. қол қойылды. Қалпы 84 x108 1/16. Қағазы офсет N1. Қаріп түрі “Times Kaz”. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 15. Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс N 15

“Нұрлы Әлем” баспасының өз баспаханасында басылды.
481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ
ауылы, Ерлепесов көшесі, 1 үй.

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефоны:

Алматы 8-(327-2) 76 30 10

Шымкент 8-(3252) 50 06 27